Figure 2 shows the program code designed in the LabVIEW environment. This program allows you to read data from files, write them to files of another format, select the necessary data array, carry out certain mathematical operations with them, etc.

When building the program, we chose the data on the kinetics of attenuation of chrysenes molecules, stored in a file under the extension “\*\*\*. dat. LabVIEW has a number of flexible input and output functions along with simple functions that provide virtually all input and output operations (File I / O).


To perform data input from a file, you must enter the path to the location of the file that looks like a string. The path is a special kind of data for working with the file system, indicating the

location of the file. When called, the function opens the file, reads the data, and then closes the file. The file created by the virtual device is an ordinary text file. One of the most common ways to store data in a file is to format a text file. This is convenient because you can open it in any program that works with tables.

As you can see from the description, functions are used here just as in traditional programming languages:

-The “Read Lines From File” function reads a certain number of lines from a file, starting at a given offset.

“Record to file in tabular format” function converts a two-dimensional or one-dimensional array of single-precision numbers into a text string, and then writes the string to a new file or adds it to an existing one.



1 - indicates the path to the directory with the experimental data (to the file), 2-block data reader, 3-block filtering data leaving the data block, 4-selects the initial and final interval of the array, 5-block output data array in the table, 6-block logarithmic time arrays, 7 graphic indicator, 8-block input formulas, 9-digit indicator.

Figure 2

The block diagram window shown in Figure 2 contains the source graphic code of the developed program. The LabVIEW block diagram corresponds to lines of text in ordinary programming languages like C or Basic - this is the same really executable code. The construction of the block diagram was carried out by connecting objects that perform certain functions. The block diagram consists of various components: terminals, nodes and data conductors (wires). A detailed review of the functional values of these components is beyond the scope of this work, so we will limit ourselves to briefly describing the sequence of the program.

When the program is started (the “Run” button), the file reading unit (2) reads data from the directories (1). It should be noted here that the number of files with which it is necessary to work

may be different, i.e. depends on the task. It should be noted that for clarity, all program codes and results in the work are numbered and for simplicity of presentation we call them blocks.

Then the data comes to the block “Read LabVIEW measurement File”, here the data is read,




then the command “Signal” in block 3 generates the data into a graphic signal. To display two signals in one graphic, the Merge Signals function was used (the icon is shown on the left).

As a result of this function, a graphical representation of the signal is displayed on the screen, in Figure 3, a graphical indicator 1.

At the same time, the program performs mathematical data processing according to a given command (formula). That is, the processed data comes in block 8 “Formula” in Figure 2. The final result of the program in Figure 2 corresponds to the execution of blocks 7. The curves obtained in Figure 3 reflect the same physical process, but we have slightly complicated the task and as a result calculate data for two different time ranges (Figure 3, indicators 3 and 5).

The outer shell of the developed program is presented in Figure 3.



- 1- graph of attenuation kinetics obtained immediately after the end of the experiment;
- 2- initial data of attenuation curves in 1; 3 - curve processed in the percolation model in the range of 0–200  $\mu$ s;
- 4 - data corresponding to schedule 3; 5- curve processed according to the percolation model in the range of 0-2 ms;
- 6 - data corresponding to schedule 5; 7 - the value of the parameter being defined h.

Figure 3 The outer shell of the program.

**Research results.** When the program starts, the main menu appears. The control buttons are located on the upper left side of the front panel. The program is launched by clicking on the arrow button. To run the program in continuous mode, you must use the button with two oppositely directed arrows. A button with a red color inside is used when an emergency program is required. Below are the table and graphical indicators.

The file handling process is performed in the following order:

- after turning on the program, the file being processed is selected
- then by pressing the “run” button or “Ctrl + R” hot key, you can start processing the data

of the selected file.

The first graphical indicator shows the chrysenes kinetics curves obtained immediately after registration. The second graphical indicator contains the dependence of radiation quenching in double logarithmic representations  $\ln(I_{az} / I_{2fos})$  on  $\ln(t)$ . The value of the determined non-uniformity parameter is automatically displayed in the corresponding window, in this case its value is  $h = 0.48$ . In [4], this parameter was calculated in the graphic editor "Slyde" by selecting the linear portion of the attenuation curve, and the value  $h = 0.49$  was obtained. It should be noted that the value of the parameter depends on the temperature of the sample. At temperatures close to nitrogen, the degree of heterogeneity corresponds to  $h > 0.33$ , as the temperature increases, the energy structure of the medium becomes more homogeneous, which manifests itself in changes in the value of the parameter  $h$ . The data we used correspond to measurements carried out at a temperature of 183 K.

The graphical indicator at the top right represents a double logarithmic dependence for the range from 0 to 200  $\mu\text{s}$ , the lower indicator shows the result of data processing corresponding to the time from the start of registration until the signal is completely extinguished 0 - 2 ms.

One of the great qualities of LabVIEW is the ability to "painlessly" reprogram an existing program for other tasks. At the same time there is no need for routine processing, rewriting the text and carrying out step by step debugging work.

In traditional programming languages, debugging a finished product takes no less time than writing the program itself. In the LabVIEW environment, information about errors in the program are displayed directly on the screen and are accompanied by recommendations for corrections.

**Findings.** Advantages of Laboratory Method:

1. Students learn by doing and come in contact with raw data or materials in teaching learning process.
2. Develops the power of observation and reasoning.
3. Develops the scientific attitudes
4. Gives an understanding of what research is and how to apply the scientific method
5. Gives training in organizing data gathered from real materials object and how these objects are manipulated to attain the objectives.
6. Since students come in contact with real life situations, it can be a preparation for solving real life problems

An analysis of the literature data showed that considerable interest in the capabilities of LabVIEW has greatly increased over the last five to ten years. The number of publications, manuals and books devoted to the technology of building a virtual enterprise has increased. LabVIEW technology seminars and conferences are held annually, modules with new features are updated and supplemented.

LabVIEW finds more and more widespread use in the educational process, in university laboratory workshops - especially in the subjects of electrical engineering, mechanics and physics.

After measuring and analyzing any value, the next logical step is often management, that is, changing certain parameters depending on the results obtained. For example, by measuring the temperature of an object, you can turn on the device for cooling or heating it. Once again, LabVIEW makes it much easier to solve this problem: monitoring and managing processes are the main functions of this software.

The result obtained in the work showed practically 100% coincidence of the determined value. This fact testifies to the quality of the program and the reliability of the results obtained.

One of the advantages of the program, in our opinion, is the possibility of simultaneous processing of data on different time ranges, followed by recording in the source file. If necessary, the program code can, without any particular difficulties, be changed or converted to other tasks.

Role of physics education research: investigate learning difficulties, develop and assess more effective curricular materials, implement new instructional methods that make use of improved curricula.

As a result, Features/Characteristics:

- Utilizes raw data or material things to promote better understanding of the subject matter or lesson.

- To promote information acquisition through observation, experimental solutions to problems guided by reflective thinking and acquisition of skill in manipulation.

- Learning by doing.

- Provides students opportunities to conductor participate in original research.

- Develops skill in using laboratory equipment and instruments.

- Enhances higher order thinking skills

### References

1. Peych L.I., Tochilin D.A, Pollack B.N., LabView for beginners and professionals. M.: Hotline – Telecom, 2004.-142 p.
2. Kopelman P., Energy transfer in mixed molecular crystals. Spectroscopy and dynamics of excitations in condensed molecular systems / Ed. Agranovich V.M. and Hochstrasser R.M. M .: The science in 1987.-765 p.
- 3.Klementyev E.K., The basics of graphical programming in the LabView environment .Tutorial. Samar. State Aerospace University, 2002.- 462 p.

4.Ibraev N.Kh., Makhanov K.M., Migration of triplet excitations in thin films of organic phosphors // Vestnik KazNU №2 (15) Almaty, 2003.- 62-67 p.

**FTAMP 27.35**

## **ЭКОЛОГИЯ ПӘНІНІҢ АЯСЫНДАҒЫ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛЬДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ ТУРАЛЫ**

**С.С. ДАУЛЕТБАЕВА, А.Т. БАЙБАКТИНА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Ұсынылған жұмыста классикалық экологиядағы негізгі математикалық модельдер қарастырылған. Популяциялар мен қоғамдастықтардың кейбір модельдері зерттелді, оларды шешу барысындағы математикалық және компьютерлік аппараттардың қолданысы туралы айтылады. Бұл жұмыстың міндеті экологияда бар модельдерді қарастыру және талдау, және оларды визуалды бағдарламалау құралдарын пайдалана отырып, бағдарламалық жүзеге асыру болып табылады.

Берілген жұмыста ұсынылған математикалық модельдер есептің қойылымына толық сәйкес келеді. Алгоритмді әзірлеуде тиісті математикалық әдістер сауатты қолданылды. Модельдерді бағдарламалық жүзеге асыру ыңғайлы пайдаланушы интерфейсі ұйымдастыруға мүмкіндік беретін визуалды бағдарламалау құралдарын пайдалана отырып, Microsoft Visual Studio интеграцияланған ортасында орындалған.

**Кілттік сөздер:** модельдеу, популяциялар динамикасы, модель, динамикалық жүйе.

**Аннотация.** В представленной работе рассмотрены основные математические модели, используемые в классической экологии. Изучены некоторые модели популяций и сообществ, рассказывается об использовании математических и компьютерных аппаратов при их решении. Задачей данной работы являлось рассмотрение и анализ существующих моделей в экологии и их программная реализация, с использованием средств визуального программирования.

Математические модели, представленные в данной работе, полностью соответствуют постановке задачи. В разработке алгоритма грамотно применены соответствующие математические методы. Программная реализация моделей выполнена в интегрированной среде Microsoft Visual Studio с использованием средств визуального программирования, что позволило организовать удобный пользовательский интерфейс.

**Ключевые слова:** моделирование, динамика популяций, модель, динамическая система.

**Annotation.** In the present work the basic mathematical models used in classical ecology are considered. Some models of populations and communities are studied, the use of mathematical and computer devices for their solution is described. The aim of this work was to review and analyze existing models in the environment and their software implementation, using visual programming.

Mathematical models presented in this work are fully consistent with the formulation of the problem. In the development of the algorithm, appropriate mathematical methods are competently applied. The software implementation of the models is made in the integrated environment of Microsoft Visual Studio using visual programming tools, which allowed to organize a convenient user interface.

**Key words:** modeling, population dynamics, model, dynamic system.



*Популяциялар мен қоғамдастықтардың модельдері.* Тірі материяның әртүрлі даму деңгейлерінде өнімдік үрдістер әртүрлі көрініс береді, бірақ олардың феноменологиялық сипаттамасы әрқашан туылу, өсу, сыртқы ортамен өзара әрекеттесу, оның ішінде өз түрінің немесе басқа да түрлерінің басқа дарақтармен өзара әрекеттесуі, дарақтардың өлімін қамтиды. Дәл осы жағдай жасушалық популяция және экожүйедегі түрлердің қауымдастығы сияқты бір-бірінен тірі материяны ұйымдастыру деңгейлерінің сатысымен алыстатылған модельдердің өсу және дамуын сипаттау үшін ұқсас математикалық аппаратты қолдануға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта кездесетін кейбір ұғымдарға тоқталайық. Дара деп жеке индивид, жеке организм аталады. Популяция – бұл бір уақытта өмір сүретін және белгілі бір аумақты алып жатқан бір түрдегі даралардың жиынтығы. Қауымдастық – бұл бірге өмір сүретін популяциялардың жиынтығы.

Классикалық экологияда бірнеше түрлі өзара әрекеттестік қарастырылады:

- ағзаның және қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі;
- популяция ішіндегі дарақтардың өзара әрекеттесуі;
- әр түрлі дарақтардың арасындағы өзара әрекеттесу (популяциялар арасында).

Енді экология саласындағы негізгі математикалық модельдерге тоқталу маңызды деп ұйғардық:

*Бір шектелмеген популяция моделі.* Мальтуске сәйкес, популяцияның өсу жылдамдығы берілген уақыттағы оның санына тура пропорционал[3, с. 57-60]:

$$\frac{dx}{dt} = ax$$

Бұл дифференциалдық теңдеудің шешімі — экспонента.

Халық санының өсуінің дифференциалдық теңдеуі экспоненциалды тәуелділіктің басқа түріне келтіріледі:

$$x(t)=x(0)e^{at}$$

мұндағы:  $t$  – уақыт;  $x(0)$  –  $t = 0$  уақыт моментіндегі популяция саны;  $x(t)$  –  $t$  уақыт моментіндегі зерттеліп отырған популяция саны;  $e$  –Эйлера саны (иррационалды константа, шамамен 2.718281828459-ге тең);  $a$  – туу мен өлу коэффициенттері арасындағы айырмашылық.

$\alpha$  — үлестік туу (уақыт бірлігіндегі туғандар санының даралардың жалпы санына қатынасы), ал  $\beta$  — үлестік өлім-жітім (жыртқыштардан, аурулардан, қарттықтан және т.б. қайтыс болғандар санының уақыт бірлігіндегі дарақтардың жалпы санына қатынасы) болсын.  $a = \alpha - \beta$  – шексіз өсу кезіндегі шексіз көбеюдің қайсыбір тұрақты коэффициенті.

Мальтус заң деп санаған нәрсе популяцияның бәсекелестіксіз өсуіне алып келді. Мұнда қате жорамалдау негізінде қысқа  $t$  уақыт ішінде әрбір дарак  $a\Delta t$  жаңа дарактарын тудырады және көптеген нәрселер ескерілмейді. Сондықтан Мальтус заң емес, теория қорытып шығарды деп айту дұрысырақ болады. Оның заңдылықтарының қолданылуы индустрияға дейінгі қоғамның экономикалық-демографиялық динамикасының шынайылығына әлдеқайда жақынырақ болады.

Мальтус моделінде  $a > 0$  кезінде санның шексіз өсуі орын алады, бұл табиғатта өсуді қамтамасыз ететін ресурстарға шектеулер бар болғанда ешқашан орындалмайды.

*Шектелген өсу.* Ферхюльст логистикалық теңдеуінде (1838 ж.) одан әрі популяцияның өсуін шектеуді ескере отырып, неғұрлым күрделі формулалар ұсынылады [3, с. 15-18]. Теңдеуде популяция санының  $N$  аз шамаларында Мальтус теңдеуімен сәйкес келеді, ал үлкен шамалар кезінде  $N_{max}$  белгілі бір шекке жақындайды. Негізгі сипаттауыш өсу қарқыны болып табылатын халық санының өзгеруі көрсеткіштік функция арқылы сипатталады:

$$\frac{dx}{dt} = ax \left(1 - \frac{x}{K}\right)$$

мұндағы  $K$  – бұл жағдайда популяцияның сыйымдылығы деп аталады және әртүрлі түрлерге: азық-түлік ресурстары, ұя салатын орындар және т.б. ерекшеленуі мүмкін бірқатар факторлардың шектеулігімен анықталады.

Теңдеуді аналитикалық түрде шешуге болады. Шешім келеесі түрге келеді:

$$x(t) = \frac{x_0 K}{x_0 + (K - x_0)e^{-at}}$$

Бұл формула популяция санының уақытқа тәуелділігін сипаттайды.

$\frac{x}{K} = b$  десек, теңдеу мына түрге келеді:

$$\frac{dx}{dt} = x(a - bx)$$

мұндағы  $b - a$  өсу коэффициентінен әлдеқайда аз шамадан тыс қоныстану коэффициенті.


*Аулау есепке алынғандағы шектелген өсу моделі.* Бұл аулау есепке алынғандағы модельде кәсіпшілік балық және жануарлар популяцияларының санына жыл сайынғы аулау шамасы әсер ететіні ескеріледі. Модельде бұл шама тұрақты және ауланатын дарактардың (с) санына тең деп қабылданады, ал формула мына түрді қабылдайды:

$$\frac{dx}{dt} = (a - bx)x - c$$

*Лотка-Вольтерраның популяция динамикасының моделі.* Математикалық экологияның алғашқы жетістіктерінің бірі итальяндық математик Вито Вольтерра (1860-

1940) «Өмір сүру үшін күрестің математикалық теориясы» (1931 ж.) кітабында ұсынған модель болды.

Лотка өз жұмысында қайсыбір гипотетикалық химиялық реакцияны сипаттады[4, с. 16-19]. Оның детерминистік моделінің түрі:



Мұндағы:

$X, Y$  - аралық заттар;

$K_1, K_2, K_3$  - химиялық реакциялар жылдамдығының коэффициенттері

$A$  - бастапқы реагент;

$B$  – реакция өнімі.

Нәтижесінде мына түрдегі дифференциалдық теңдеулер жүйесі алынды:

$$\begin{cases} \dot{x} = k_1x - k_2xy \\ \dot{y} = k_2xy - k_3y \end{cases}$$

Бұл жүйе жыртқыш-жемтік типінің өзара әрекеттесуімен екі популяция санының өсу механизмін қарастыратын Вольтерра алған теңдеулер жүйесімен толық сәйкес келеді.

Қатаңдығы әсерінен оны шешу проблемасын туындататын екі дифференциалдық теңдеулер жүйесінің мысалы болып - жыртқыштар мен жемтіктердің қатар өмір сүруін сипаттайтын Лотка-Вольтерра сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі болып табылады.

Жыртқыш-жемтік популяциясының саны уақыт бойынша мына теңдеулер жүйесімен өзгереді:

$$\begin{cases} \frac{dx}{dt} = ax - fxy \\ \frac{dy}{dt} = -dy + gxy \end{cases}$$

Мұндағы:

$x$  - жемтік популяциясының саны (шөп қоректі дарактардың саны);

$y$  - жыртқыш популяциясының саны (етқоректі дарактардың саны);

$a$  - туылу есебінен жемтік популяциясының санының ұлғаю жылдамдығы;

$f$  - жыртқышпен кездескен кезде жемтіктің желіну ықтималдығы коэффициенті (жемтікке арналған жыртқыштық коэффициенті);

$d$  - жыртқыштың өлімі;

$g$  – жыртқыштық коэффициенті ;

Уақыт бірлігінде жемтік санының артуы ( $dx/dt$  өрнегі)  $dt$  уақыт бірлігінде  $dx$  санының өзгеруі болып табылады, ол популяцияның жаңа мүшелерінің  $a \cdot x$ -ға тең туылуы есебінен, ал азаю – жыртқыштардың жеуі есебінен  $f \cdot x \cdot y$  жүзеге асады.

Азаю жемтік санына пропорционалды шама болып табылады, өйткені  $x$  неғұрлым көп болған сайын, соғұрлым жыртқыш аңдардың саны  $y$  және осы кездесу кезінде жемтіктің желіну ықтималдығы  $-f$  болғанда, жыртқыш аңмен қандай да бір шөпқоректі дарақтың кездесу ықтималдығы жоғары болады.

Жыртқыш популяциясы саны уақыт бірлігінде өскен кезде өсуі азықтық базаға пропорционалды және тек қана қоректің жоқтығы жыртқыштың туылуын шектейді деп қабылданады. Жыртқыштар популяциясының азаюы тек табиғи өлім-жітім есебінен болады деп есептеледі.


$t=0$  кезінде бастапқы шарттарды қойғанда  $x(0) = x_0$ ,  $y(0) = y_0$ . қарапайым сызықты емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін Коши есебін болып табылады. Модельді ЭЕМ-де жуықтау әдістерімен шешуге болады.

Есеп 4-ретті Рунге–Кутта әдісімен Microsoft Visual Studio ортасында шешілді. Келтірілген бағдарламаны орындау нәтижесі жемтік және жыртқыш санының уақытқа тәуелділігі болып табылады. "Жыртқыш–жемтік" экологиялық жүйесінің периодтық динамикасы байқалады, ол фазалық жазықта тұйықталған қисықпен сызылады. Теңдеулер жүйесі басқа популяциялық процестерді есепке алатын жаңа мүшелермен толықтырылуы мүмкін. Шектен тыс қоныстануды және аулауды есепке алғанда теңдеулер жүйесі мына түрге келеді:


$$\begin{cases} \frac{dx}{dt} = (a - bx)x - c - fxy \\ \frac{dy}{dt} = -dy + gxy \end{cases}$$

Бұл факторларды есепке алу жемтік және жыртқыш популяциялары санының периодтық мінез-құлқын өзгертеді. Фазалық жазықтықта спирал тәрізді қисық болып табылатын өшетін тербелістер байқалады.

Microsoft Visual Studio интеграцияланған бағдарламалау ортасында орындалған осы модельді бағдарламалық іске асыруда қарастырылған мысалда жемтік пен жыртқыш санының ұштасқан ауытқуларын болжаймыз. Берілген параметрлерге байланысты жемтік пен жыртқыш санының тәуелділігі зерттеліп нәтижесінде популяция динамикасының графигі мен Фазалық портреті модельденеді(сурет 1-2).



Сурет 1. Шектелмеген өсу(күлгін), шектелген өсу(жасыл) және аулауды есепке алғандағы шектелген өсу(көк) модельдері



Сурет 2. Жыртқыш-жемтік моделі

Қорытындылай келе, компьютерлерді қолдану экологиялық процестерді моделдеудің шекарасын айтарлықтай кеңейтті деп айтуымызға болады. Бір жағынан, аналитикалық зерттеуге жол бермейтін күрделі математикалық модельдерді жан-жақты іске асыру мүмкіндігі пайда болды, екінші жағынан – принципті жаңа бағыттар, ең алдымен – имитациялық моделдеу пайда болды.

Жұмыс барысында зерттеу және бағдарламаны практикалық жүзеге асыру кезінде қолданбалы математика әдістері және практикалық есепті шешу үшін компьютерлік технологиялар қолданылды. Модельдеу тірі ағзалардың өзара әрекеттесуін сипаттайтын жүйеде тірі ағзалар санының өзгеруі бүкіл жүйеде апатты өзгерістер тудыруы мүмкін екенін көрсетті. Сонымен қатар, жануарлардың белгілі бір түрі популяциясының өте көп мөлшерде азаюы осы организмдердің, сондай-ақ олар жем-шөп базасы болып табылатын организмдердің толық жоғалуына әкелуі мүмкін.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Базыкин А.Д. Нелинейная динамика взаимодействующих популяций. - Москва-Ижевск: Институт компьютерных исследований, 2003, 368 стр. (кітап)
2. Ризниченко Г.Ю., Рубин А.Б. Математические модели биологических продукционных процессов. М.: Изд-во МГУ, 1993, 302 с. (кітап)

3. Ризниченко Г.Ю. Математические модели в биофизике и экологии. Иж.: ИКИ, 2003, 184 с. (кітап)
4. Зарипов Ш.Х., Абзалилов Д.Ф., Костерина Е.А. Задачи математической экологии и пакет Махіта: учебное пособие. Казань:Изд-во Казанского федерального университета, 2015. – 120 с. (оқу құралы)

## МРНТИ 20.01.45

### ВНЕДРЕНИЕ БЛОЧНОГО ПРОГРАММИРОВАНИЯ В ШКОЛЬНОЕ ОБУЧЕНИЕ

Ж.М. МАХСҰТ

*Международный университет Астана, Нур-Султан, Казахстан*

**Аннотация.** В данной статье говорится о блочном программировании как очередном этапе в школьном обучении. Автор указывает на преимущества блочного программирования перед другими программами, так как идея заключается во включении блоков в программирование. В работе также указывается о достаточно широком использовании блочного программирования. Использование принципов блочного программирования во многом облегчает решение задач, благодаря тому, что возможно использование стандартных готовых модулей, а также комбинация готовых модулей. Здесь представлены сведения о преимуществах изучения среды *Scratch* в школьной практике как основы информационного обучения. В статье даны сведения о таких ожидаемых результатах обучения данному виду программирования, как развитие творческого и логического мышления обучающихся, их визуального восприятия.

**Ключевые слова:** блочное программирование, средства программирования, построение блочной структуры, Scratch, школьное обучение.

**Annotation.** The article is about the studying of block programming at next period of school education. The author points out the advantages studying of block programming before other program, because the main idea is to insert the blocks into programming. Block programming can be used in wide spectrum. The use of main principles of block programming mainly simplify the process of solving tasks, thanks to the opportunity to use the standard ready modules and their combination of ready modules. The article describes data about the advantages of studying Scratch program at school as the basic of informational education. The outcomes described in the article are considered to develop such skill as creativity, logical thinking and visual perception in pupils.

The author provides the samples of construction of block structure and ready blocks of movement.

**Key words:** Block programming, programming devices, construction of block structure, Scratch, school education.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада блоктық программалауды мектепте оқытудың маңыздылығы туралы айтылған. Автор блокты бағдарламалаудың басқа бағдарламалардан артықшылықтарын және блокты бағдарламалаудың қолданылуы туралы көрсетеді. Блоктық бағдарламалау принциптерін қолдану көп жағдайда стандартты дайын модульдерді пайдалану, сондай-ақ дайын модульдерді қолдану мүмкіндігінің арқасында есептерді шешуді жеңілдетедігінде. Мұнда мектеп тәжірибесіндегі Scratch программалау ортасын программалауды оқытудың негізі ретінде зерттеудің артықшылықтары туралы мәліметтер берілген. Сонымен қатар программалауды

зерттеу барысында басты қиындықтардың бірі - көптеген сөздік командаларды, код құрылымын есте сақтау қажет, ал блоктық программалауда түрлі түсті блоктарды пайдалана отырып жасауға болжауға болатындығы айтылады.

**Кілттік сөздер:** блоктық программалау, программалалау ортасы, блок құрылымын құру, Скретч, оқу программасы

В последнее десятилетие происходит бурное развитие IT-индустрии. Это связано с тем, что повсеместно, в том числе и в Казахстане, вводятся новые электронные системы. К ним можно отнести электронное правительство e-gov, zakupki.kz и многие другие.

Это в свою очередь увеличивает потребность страны в специалистах сферы IT, а также к уровню их подготовки. Существующие методики обучения уже не в состоянии подготовить профессиональных специалистов, так как уровень развития IT-технологий опережает методику обучения и тем самым требует новых подходов.[1]

Одним из вариантов является блочное программирование, или визуальное программирование. Создание текстового программирования является достаточно сложным процессом и требует длительной подготовки специалиста. Идея обучения блочному программированию заключается в том, что решение той или иной задачи, вместо написания текста программы, представляет собой включение блоков в программирование. Таким образом, блочное программирование можно использовать как очередной этап в развитии текстовых языков. Одним из факторов, повлиявших на возросший интерес к блочному программированию, является развитие мобильных сенсорных устройств, таких как планшеты и КПК. представляет собой включение блоков в программирование, от разработки программ с графическим интерфейсом до написания Веб-приложений для браузеров. Также данная среда дает возможность создать консольное приложение для программирования микроконтроллеров и программируемых микросхем.

Говоря о графическом языке программирования, необходимо понимать в первую очередь язык, который имеет свой синтаксис. К визуальным средствам разработки относятся средства проектирования интерфейсов, а также системы SCADA и CASE.

Таким образом, блочное программирование необходимо понимать как процесс составления некоторого унифицированного набора, предназначенного для широкого круга задач [2].

Как показывает опыт, процесс обучения программированию занимает много времени, достаточно сложен и требует принципиальных изменений. Учитывая тот факт, что азы программирования школьники получают уже на уровне средней школы, появляется необходимость упрощения самого процесса обучения. Именно блочное программирование на данном этапе становится очень актуальным. Одним из первых языков является Scratch,

который изучается уже в начальных классах на факультативных занятиях, а в 5-6 классах предусмотрен школьной программой [3].

Ниже, на рисунке 1, представлен пример в программе Scratch




Рисунок 1. Пример в среде программирования Scratch

Следует отметить, что помимо среды программирования Scratch, учащиеся могут использовать другие онлайн ресурсы, такие как Construct2, Lego Mindstorm, [Blockly Games](#), [Code.org](#) и т.д. [4] Данный язык был создан для детей и подростков. В настоящее время этот язык применяется также для программирования микроконтроллеров.

В основе языка заложены графические блоки. В чем же преимущества этого языка?

1. Словарь. Одна из главных сложностей в обучении программированию — необходимость запоминать структуру кода и большое количество специфических слов, регламентирующих то или иное действие. Сокращение такого словаря не оказывает должного эффекта, а вот блоки-подсказки позволяют ученику в меньшей степени думать о конкретных словах и больше — о процессе программирования.

2. Когнитивная нагрузка. Программирование сложно для новичков: оно заставляет мозг работать одновременно в нескольких направлениях — от творчества до логики. Блоки минимизируют когнитивную нагрузку до восприятия считанного числа цветных элементов, которые необходимо расставить в определенном порядке. Формально цель остаётся той же самой, что и во взрослом программировании, а такой подход привлекает.

3. Ошибки. На начальных этапах освоения программирования у учеников возникают трудности из-за множества мелких ошибок. Их поиск и устранение снижает мотивацию. В блочном программировании ошибки очевидны благодаря набору и форме блоков, а результат, как правило, единичен.

Таким образом, можно смело утверждать, что блочное программирование идеально не только для детей, но и для тех, кто не готов мгновенно принять и впитать огромное количество информации по изучаемому языку и общим правилам программирования [5].

Ниже, на рисунке 2, представлен пример построения блочной структуры.






Рисунок 2. Пример построения блочной структуры

Ниже, на рисунке 3, представлен фрагмент программы блочной структуры.-




Рисунок 3. Фрагмент программы блочной структуры

Меню программной оболочки состоит из ряда функций, таких как: управление, порты, числа (константы), операторы, утилиты.

На рисунке 4 представлена платформа MRDS 4. Она запускается через среду VPL. Порядок работы достаточно простой. Выбираем Меню, Пуск – Все программы – Microsoft Robotics Developer Studio – Visual Programming Language. Данная среда позволяет разрабатывать приложения и проводить диагностику.

Кроме основного окна в панели мы можем видеть ещё 5 дополнительных окон:

1. Basic Activities. Содержит базовые блоки, которые реализуют операторы константа, переменная, условие.
2. Services. Содержит блоки, представляющие доступ к функционалу платформы MRDS, такие как блоки взаимодействия с какой-либо аппаратной составляющей робота, или блоки вызова диалогового окна.
3. Project – объединяет диаграммы входящие в проект, а также различные конфигурационные файлы.
4. Properties – содержит свойства выделенного блока.
5. Diagrams window – содержит непосредственно диаграмму (исходный код) приложения.

Как видим, использование принципов блочного программирования во многом облегчает решение задач, благодаря тому, что мы можем использовать стандартные готовые модули. Более того, можно комбинировать эти блоки, достигая при этом достаточно высокий

уровень в решении широкого круга задач, не прибегая к более сложным алгоритмическим языкам [6].




Рисунок 4. Платформа MRDS 4



Рисунок 5. Готовые блоки

В качестве готовых блоков можно использовать следующие блоки движения (рис.4): двигаться вперед, поворот вправо на 90, поворот влево на 90, двигаться назад, дуга вправо на 180, дуга влево на 180, скорость 10, бесконечная скорость, вернуться в начало координат, поворот на градусы, переместиться в точку с заданными координатами, переместиться в точку на заданные смещения по координатам, появиться в точке с заданными координатами, появиться в точке на заданные смещения по координатам.

Анализируя вышесказанное, можно отметить, что очень важно понимать то, что обучение программированию – это творческий процесс. Он требует последовательного и планомерного подхода, так как положительный результат возможен только в том случае, если процесс обучения будет сопровождаться личной заинтересованностью обучаемого. Данная программа развивает: визуальное восприятие обучающихся; логическое мышление; понимание языка программирования.

Важно соблюдать принцип от простого к сложному через увлеченность и желание познать больше. Необходим научный подход и анализ новых методов и методологий, которые могут повысить эффективность обучаемости и тем самым улучшить уровень подготовки специалистов в области IT-технологий.

### Список использованной литературы

1. Босова Л.Л., Сорокина Т.Е. Методика применения интерактивных сред для обучения младших школьников программированию // Информатика и образование (№ 7), 2014. – 207с.
2. Гусейнова Л.Н., Ефимова И.Ю. Методика обучения основам программирования учащихся начальных классов // VII Международная студенческая научная конференция Студенческий научный форум. – М: МГТУ им. Г.И. Носова, 2015 г. – 500с.
3. Об особенностях организации образовательного процесса в общеобразовательных

школах республики Казахстан в 2018-2019 учебном году // Инструктивно-методическое письмо 2018-2019 учебный год. – НС: Национальная академия образования, 2018 г. – 203с.

4. Хохлов В. Игровая разработка для детей: [сайт]. URL: <https://www.progamer.ru/dev/kids.htm>

5. Блочное программирование для новичков: [сайт]. URL: [https://geekbrains.ru/posts/graph\\_programming](https://geekbrains.ru/posts/graph_programming)

6. Программирование микрокомпьютера LEGO NXT Mindstorms 2.0: [сайт]. URL: <https://habr.com/ru/post/274519/>

## ҒТАМР 27.35

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІ ШЕШУГЕ MAPLE ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ

Р.У. ЖАХИНА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Жұмыста жалпыжүйелік қолданбалы экономикалық-математикалық модельдер – тиімділік модельдері, оның ішінде сызықтық программалау моделі қарастырылады. Сызықтық программалау есебінің математикалық моделі және оларды шешудің графиттік әдісі мен симплекс әдісі қарастырылып, аналитикалық тұрғыдағы шешімдер Maple 18 жүйесінде алынған сандық шешімдерімен салыстырылады. Есеп нәтижесіне экономикалық тұрғыда талдау жасалады. Жұмыс барысында Maple 18 жүйесінің мүмкіндіктері зерттеліп, жүйедегі Simplex және LinearAlgebra пакеттеріндегі функциялар кеңінен қолданылды.

**Түйінді сөздер:** математикалық модель, сызықтық программалау, симплекс әдісі, Maple жүйесі.

**Аннотация.** В работе рассматриваются общесистемные прикладные экономико-математические модели – оптимальные модели, в том числе рассматриваются модели линейного программирования. Изучаются математическая модель задачи линейного программирования, графический и симплекс метод их решения, а также аналитические решения сравниваются с численными решениями, полученными в системе Maple 18. В ходе работы исследуются возможности системы Maple 18, широко применяются функции пакетов Simplex и LinearAlgebra.

**Ключевые слова:** математическая модель, линейное программирование, симплекс метод, систем Maple.

**Annotation.** The paper considers system-wide applied economic and mathematical models – optimal models, including linear programming models. The mathematical model of the linear programming problem, graphical and simplex method of their solution are studied, as well as analytical solutions are compared with numerical solutions obtained in the Maple 18 system. In the course of the work, the capabilities of Maple 18 system are investigated, the functions of Simplex and LinearAlgebra packages are widely used.

**Key words:** mathematical model, linear programming, simplex method, Maple systems.

XX ғасырда өндіріс көлемі кең етек алып, Жер ресурстарының шектеулі екенін адамзат түсінген кезінде энергияны, материалдарды, жұмыс уақытын оңтайлы пайдалану міндеті бүкіл физиканың, техниканың, экономиканың және т. б. түрлі үдерістерін басқарудың қандай да бір жағдайларында ең өзекті мәселелерге айналды. Оған, мысалы, электр энергиясының ең көп мөлшерін алу мақсатында өндірісті ұйымдастыру есебі, кеңістіктің бір нүктесінен басқасына өте қарқынды жолмен немесе энергияның ең аз шығынымен ғарышқа ұшу мәселесі, берілген температуралық режимге дейін металды жылдам қыздыру немесе суыту мәселесі, вибрацияны ең оңтайлы өшіру (сөндіру) мәселесі және басқа да көптеген есептер жатады [1, 6-бет].

Осындай мәселелік есептерді шешуде ғылымдардың өзара байланысын, олардың түсініктері мен әдістерін өзара пайдалануды қарастыруға мүмкіндік беретін модельдеу үрдісі, математикалық модельдер ұғымы ерекше өзектілікке ие болады. Модельдеу үрдісі сондай-ақ, компьютерлік технологиялардың көмегімен, есептерді шешудің әртүрлі әдістерімен алынған нәтижелерді салыстыруға және оңтайлы таңдауға мүмкіндік береді.

Модельдеу әдісі ұқсастық принципіне негізделеді, яғни нақты объектіні тікелей емес, оған ұқсас және неғұрлым қолжетімді объектіні, оның моделін қарау арқылы зерттеу мүмкіндігі [2, 8-бет].

Жұмыста математикалық модельдердің экономикадағы қолданысы және келтірілген мысал есептердің қолданбалы бағдарламалық пакет Maple 18 жүйесінде шешілу жолы қарастырылады.

Maple – пайдаланушылардың кең аудиториясына есептелген компьютерлік математика жүйесі. Соңғы уақытқа дейін оны компьютерлік алгебра жүйесі деп атаған, бұлай аталуы жүйе жүзеге асыруға қабілетті символдық есептеулер мен түрлендірулердің ерекше рөлін көрсетті. Бірақ мұндай атау жүйені қолдану аясын тарылтады. Шын мәнінде, ол символдық есептерді ғана емес, сонымен қатар сандық есептерді де тез және тиімді орындауға қабілетті, сонымен қатар графикалық визуализация және электрондық құжаттарды дайындаудың тамаша құралдарымен де үйлесім табады [3, 34-бет].

Сызықтық программалау есебінің (СПЕ) жалпы түрі былай жазылады.

$$f(x)=c_1x_1+c_2x_2+\dots+c_nx_n$$

мақсат функциясына (сызықтық формаға) ең үлкен (ең кіші) мән әперетін және

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n \leq b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n \leq b_2, \\ \dots \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n \leq b_m, \end{cases} \quad \begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n \geq b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n \geq b_2, \\ \dots \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n \geq b_m, \end{cases}$$

$$x_j \geq 0 \quad (j = \overline{1, n})$$

теңсіздіктерін қанағаттандыратын  $X=(x_1, x_2, \dots, x_n)$  векторын табу.

Бұл жерде  $a_{ij}, b_j, c_i$  – берілген тұрақты сандар сонымен қатар  $m < n$ .

Егер сызықтық программалау есебі мына түрде берілсе:

$$f(x) = c_1x_1 + c_2x_2 + \dots + c_nx_n \rightarrow \max (\min)$$

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n = b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n = b_2, \\ \text{-----} \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n = b_m, \end{cases}$$

$$x_j \geq 0 \quad (j = \overline{1, n})$$

онда мұндай мысалды сызықтық программалау есебінің *канон түрі* деп атайды.

Егер сызықтық программалау есебі мына түрде берілсе:

$$f(x) = c_1x_1 + c_2x_2 + \dots + c_nx_n \rightarrow \max \quad (1)$$

$$\begin{cases} a_{11}x_1 + a_{12}x_2 + \dots + a_{1n}x_n \leq b_1, \\ a_{21}x_1 + a_{22}x_2 + \dots + a_{2n}x_n \leq b_2, \\ \text{-----} \\ a_{m1}x_1 + a_{m2}x_2 + \dots + a_{mn}x_n \leq b_m, \end{cases} \quad (2)$$

$$x_j \geq 0 \quad (j = \overline{1, n}) \quad (3)$$

онда оны сызықтық программалау есебінің *стандартты түрі* деп атайды.

Сызықтық программалау есептері әр түрде берілгенімен, олар бір-біріне эквивалентті, өйткені канон түрінде берілген есеп стандартты түрге оңай түрленеді, немесе керісінше стандартты түрде берілген есеп канон түріне оңай келтіріледі.

Сызықтық программалау есептерінің (СПЕ) ең қарапайым түрі, оның жазықтықта берілген немесе белгісіздерінің саны екеуден аспайтын болып саналады. Мұндай жағдайда СПЕ-нің графиктік интерпретациясын беріп, оларды графиктік тәсілдерді пайдаланып шығаруға болады.

**1-мысал:**  $f(x) = -3x_1 - 4x_2 \rightarrow \min$

$$\begin{cases} x_1 + x_2 \leq 20, \\ -x_1 + 4x_2 \leq 20, \\ x_1 \geq 10, \\ x_2 \geq 5, \end{cases}$$

$$x_1 \geq 0, x_2 \geq 0$$

есебін графиктік әдіспен шешіңіз.

*Шешуі:*

1-кезең.  $x_1 + x_2 = 20$  (I)       $-x_1 + 4x_2 = 20$  (II)


$x_1$	$x_2$
0	20
10	10

$x_1$	$x_2$
0	5
-4	4

$x_1=10$  (III)

$x_2=5$  (IV)

$$\nabla = \left( -\frac{\partial f}{\partial x_1}; -\frac{\partial f}{\partial x_2} \right) = (3; 4)$$



1 сурет. Мүмкін болатын PQRS – шешімдер облысы

2-кезең.  $-3x_1 - 4x_2 = 0$

$x_1$	$x_2$
0	0
4	-3

Осы түзуді  $\nabla$  бағытында жылжитсақ ең шеткі деңгейлік түзу  $R$  нүктесі арқылы өтеді, яғни минимум нүктесі  $R$  нүктесі болып табылады.

3-кезең.

$$\begin{cases} x_1 + x_2 = 20 \\ -x_1 + 4x_2 = 20 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} x_1 = 20 - x_2 \\ x_2 - 20 + 4x_2 = 20 \\ 5x_2 = 40 \\ x_2 = 8 \\ \text{Демек } x_1 = 20 - 8 = 12 \end{cases}$$


$R(12; 8)$

Сонда  $X^{opt} = (12; 8)$   $f(X^{opt}) = -3 \cdot 12 - 4 \cdot 8 = -68$


```

> with(simplex):
> F := -3*x - 4*y:
> ogr := {x + y <= 20, -x + 4*y <= 20, x >= 10, y >= 5}:
> s := minimize(F, ogr, NONNEGATIVE):
      s := {x = 12, y = 8}
> subs(s, F):
      -68
> with(plots):
> g1 := ineqnals({x + y <= 20, -x + 4*y <= 20, x >= 10, y >= 5, x >= 0, y >= 0}, x = 0..20, y = 0..20,
  optionsfeasible = (color = magenta), optionsexcluded = (color = white)):
> display(g1);
    
```

2 сурет. 1-мысалдағы есептің Maple 18 бағдарламасындағы жүзеге асырылуы  
 (программалық код)



3 сурет. 1-мысалдағы есептің шешімдер облысының Maple 18 бағдарламасындағы графигі



4 сурет. 1-мысалдағы есептің шешімдер облысының Maple 18 бағдарламасындағы масштабы үлкейтіліп алынған графигі

**2-мысал:**  $f(x) = -6x_1 - 2x_2 \rightarrow \min$

$$\begin{cases} 2x_1 + 4x_2 \leq 9, \\ 3x_1 + x_2 \leq 6, \end{cases}$$

$$x_1 \geq 0, \quad x_2 \geq 0$$

*Шешуі:*


1-кезең.  $2x_1 + 4x_2 = 9$  (I)

$3x_1 + x_2 = 6$  (II)

$$\begin{array}{c|c} x_1 & x_2 \\ \hline 0 & 2,25 \\ 4,5 & 0 \end{array}$$

$$\begin{array}{c|c} x_1 & x_2 \\ \hline 2 & 0 \\ 1 & 3 \end{array}$$

$$\Delta = \left( -\frac{\partial f}{\partial x_1}; -\frac{\partial f}{\partial x_2} \right) = (6; 2)$$



5 сурет. Мүмкін болатын OABC – шешімдер облысы

2-кезең:  $-6x_1 - 2x_2 = 0$

$x_1$	$x_2$
0	0
1	-3


Осы түзуді  $\nabla$  бағытында жылжитсақ, ол BC түзуіне параллель болады. Олай болса BC кесіндісінің кез-келген нүктесі ұтымды шешім болып табылады. Жеке жағдайда  $B(1,5; 1,5)$  және  $C(2; 0)$  нүктелерінде функцияның бір ғана минимал  $f(x) = -12$  мәніне сәйкес келетін ұтымды шешімдер жатыр. BC кесіндісінің кез-келген нүктесі

$$\alpha(1,5; 1,5) + (1 - \alpha)(2; 0) = (2 - 0,5\alpha; 1,5\alpha)$$

формуласымен сипатталады, мұнда  $0 \leq \alpha \leq 1$ . Мұндай әрбір нүкте үшін функция мәні


$$-6 \cdot (2 - 0,5\alpha) - 2 \cdot (1,5\alpha) = -12.$$

$f(x)$  функциясы жалғыз ғана минимал мән -12-ге ие.



6-сурет. 2 мысалдағы есептің Maple 18 бағдарламасындағы жүзеге асырылуы (программалық код)





7 сурет. 2-мысалдағы есептің шешімдер облысының Maple 18 бағдарламасындағы графигі

Американ ғалымы Дж.Данциг негізін салған симплекс әдісінің маңызы әуелі барлық шектеулерді қанағаттандыратын бір міндетті түрде ұтымды емес болатын мүмкін шешім (*бастапқы таяныш шешім*) алынады; ұтымдылыққа ағымды шешімді белгілі бір кезеңнен (итерациядан) кейін біртіндеп жақсарту арқылы жетеміз.

Бір таяныш шешімнен екінші шешімге өту берілген есептің ұтымдылық критеріі (мақсат функцияның) негізінде жасалады.

Симплекс әдісін қолдану үшін оның келесі *негізгі үш элементін* меңгеру қажет:

- есептің қандай да бір алғашқы базистік шешімін анықтау әдісі;
- жақсы (дәлірек айтсақ тиімсіз емес) шешімге көшу ережесі;
- табылған шешімді ұтымдылыққа тексеру критеріі.

**3-мысал:** Мекеме үш түрлі қорды ( $m=3$ ) пайдаланып төрт түрлі бұйым ( $n=4$ ) өндірсін дейік. Әрбір бұйымды өндіруге жұмсалатын кез-келген қор шығынының  $A$  матрицасы, қор көлемінің  $B$  векторы мен пайда мөлшері  $C$  векторы белгілі:

$$A = \begin{pmatrix} 3 & 2 & 6 & 0 \\ 4 & 2 & 3 & 5 \\ 4 & 3 & 2 & 4 \end{pmatrix}; \quad B = \begin{pmatrix} 150 \\ 130 \\ 124 \end{pmatrix}; \quad C = (30 \quad 11 \quad 45 \quad 6).$$

Мекемеге түсетін пайда өте жоғары болатындай бұйым өндіру жоспарын табыңыз.

*Шешуі:* Есептің математикалық моделі төмендегідей болады:

$$f(x) = 30x_1 + 11x_2 + 45x_3 + 6x_4 \rightarrow \max$$

$$\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 + 6x_3 \leq 150 \\ 4x_1 + 2x_2 + 3x_3 + 5x_4 \leq 130 \\ 4x_1 + 3x_2 + 2x_3 + 4x_4 \leq 124 \\ x_j \geq 0 \quad (j = \overline{1,4}) \end{cases}$$

Шектеулер жүйесіне қосымша теріс емес айнымалылар енгіземіз:

$x_5, x_6, x_7$  белгілі бір түрдегі қор қалдығы (әрбір қордың қолданылмаған мөлшері).

Онда келесі сызықтық алгебралық теңдеулер жүйесін аламыз

$$\begin{cases} 3x_1 + 2x_2 + 6x_3 + x_5 = 150 \\ 4x_1 + 2x_2 + 3x_3 + 5x_4 + x_6 = 130 \\ 4x_1 + 3x_2 + 2x_3 + 4x_4 + x_7 = 124 \end{cases}$$

$$x_j \geq 0 \quad (j = \overline{1,7})$$

Мұндағы  $x_1, x_2, x_3, x_4$  еркін айнымалыларын нөлге теңестіріп, теріс емес базистік шешім аламыз:  $x_1=0, x_2=0, x_3=0, x_4=0, x_5=150, x_6=130, x_7=124$ .

Бұл шешімнің алғашқы төрт компоненті  $X_0=(0, 0, 0, 0)$  әзір ешқандай бұйым шағарылмай жатырған өндірістік жоспарды береді.

$$f_{\min} = -30x_1 - 11x_2 - 45x_3 - 6x_4$$

Кесте 1. Есеп шешімінің симплекс кестесі

C	Базис	B	-30	-11	-45	-6	0	0	0
			$x_1$	$x_2$	$x_3$	$x_4$	$x_5$	$x_6$	$x_7$
0	← $x_5$	150	3	2	6	0	1	0	0
0	$x_6$	130	4	2	3	5	0	1	0
0	$x_7$	124	4	3	2	4	0	0	1
	$\Delta = f_j - c_j$	0	30	11	45	6	0	0	0
-45	$x_3$	25	1/2	1/3	1	0	1/6	0	0
0	← $x_6$	55	5/2	1	0	5	-1/2	1	0
0	$x_7$	74	3	7/3	0	4	-1/3	0	1
	$\Delta = f_j - c_j$	-1125	15/2	-4	0	6	-15/2	0	0
-45	$x_3$	14	0	-1/15	1	-1	1/5	-1/5	0
-30	$x_1$	22	1	2/5	0	2	-1/5	2/5	0
0	$x_7$	8	0	1/5	0	-2	-2/15	-6/5	1
	$\Delta = f_j - c_j$	-1290	0	-7	0	-9	-6	-3	0
	$f_{\max}$	1290	0	7	0	9	6	3	0

(Сонымен  $X_0=(0; 0; 0; 0; 150; 130; 124)$ ;  $X_1=(0; 0; 25; 0; 0; 55; 74)$ ;  $X_2=(22; 0; 14; 0; 0; 0; 8)$ )

Мұнда симплекс кестесінің әрбір элементі белгілі бір экономикалық мағынаға ие. Мысалы, симплекс кестесінде екінші итерацияда  $x_1$  бағанында: 1/2 бірінші түрдегі бір бұйымды өндіру жоспарланса, үшінші түрдегі бұйымды өндіруді қаншаға азайту керектігін көрсетеді.

5/2; 3 жоспарға бірінші түрдегі бір бұйымды қосу үшін екінші және үшінші түрдегі шикізаттың қаншалықты мөлшері қажеттігін көрсетеді.

$x_5$  бағанында: 1/6; -1/2; -1/3 бірінші түрдегі шикізат көлемін арттырсақ бұл үшінші түрдегі өнімді 1/6 мөлшерде арттыруға алып келетінін көрсетеді және бұл сонымен қатар сол мезетте 1/2 бірліктегі екінші түрдегі шикізат пен 1/3 бірліктегі үшінші түрдегі шикізатты қажет етеді.

Сонымен  $x_1=22, x_2=0, x_3=14, x_4=0$  жоспарын алдық. Бұл жоспар мекемеге ең көп пайда келтіреді:

$$f(x)=30 \cdot 22+11 \cdot 0+45 \cdot 14+6 \cdot 0=1290.$$

Мұнда бірінші және екінші шикізат толық қолданылады:  $x_5=0, x_6=0$ , ал үшінші ресурстан  $x_7=8$  мөлшерінде қалдық қалады. Сонымен

$$X^{\text{опт}} = (22; 0; 14; 0) \quad f(X^{\text{опт}}) = 1290$$

```


> with(simplex):
> F := 30·x1 + 11·x2 + 45·x3 + 6·x4:
> ogr := {3·x1 + 2·x2 + 6·x3 ≤ 150, 4·x1 + 2·x2 + 3·x3 + 5·x4 ≤ 130, 4·x1 + 3·x2 + 2·x3 + 4·x4 ≤ 124,
x1 ≥ 0, x2 ≥ 0}:
> s := maximize(F, ogr, NONNEGATIVE);
s := {x1 = 22, x2 = 0, x3 = 14, x4 = 0}
> subs(s, F):
1290
    
```

8 сурет. 3-мысалдағы есептің Maple 18 бағдарламасындағы Simplex пакетімен жүзеге асырылуы (программалық код)

```

> restart, with(LinearAlgebra):
> A := Matrix([[3, 2, 6, 0], [4, 2, 3, 5], [4, 3, 2, 4]]);
A :=
| 3 2 6 0 |
| 4 2 3 5 |
| 4 3 2 4 |
> A1 := Matrix([[3], [4], [4]]);
A1 :=
| 3 |
| 4 |
| 4 |
> A2 := Matrix([[2], [2], [3]]);
A2 :=
| 2 |
| 2 |
| 3 |
> A3 := Matrix([[6], [3], [2]]);
A3 :=
| 6 |
| 3 |
| 2 |
> A4 := Matrix([[0], [5], [4]]);
A4 :=
| 0 |
| 5 |
| 4 |
    
```

9 сурет. 3-мысалдағы есептің Maple 18 бағдарламасындағы LinearAlgebra пакетімен жүзеге асырылуы (программалық код)



10 сурет. 3-мысалдағы есептің Maple 18 бағдарламасындағы LinearAlgebra пакетімен жүзеге асырылуы (программалық код, 9-суреттің жалғасы)

Жұмыста қарастырылып отырған мысалдардың программалық коды Maple 18 жүйесінде жазылып, алынған шешімі аналитикалық жолмен табылған шешімдерімен сәйкес келеді.

Maple жүйесі Қазақстанда әзірге кең қолданыс таппаған компьютерлік алгебра жүйесі болып табылады. Бұл жүйе Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-де 2018-2019 оқу жылында 5В070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу мамандығының оқу бағдарламасына енгізілді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Васильев Ф.П. Методы оптимизации. – М.: «Факториал Пресс», 2002. – 824 с.
2. Федосеев В.В., Гармаш А.Н., Дайитбеков Д.М. и др. Экономико-математические методы и прикладные модели: Учебное пособие для вузов. / Под ред. В.В. Федосеева. – М.: Юнити, 1999. - 391 с.
3. Дяконов В.П. Maple 7. Учебный курс. – СПб.: Питер, 2002. – 672 с.
4. Кремер Н.Ш. и др. Исследование операций в экономике. /Под ред. Н.Ш. Кремера. – М.: Экономическое образование, 1997 г.

ГТАМР 20.01.45

## КОМПЬЮТЕРЛІК ГРАФИКАНЫ ОҚЫТУДА БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

Г.А. БАЙДРАХМАНОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Мақалада білім беруді цифрландыру жағдайында компьютерлік графиканы оқыту мәселелері қарастырылады. Цифрландыру еңбек нарығында қамтылған мамандықтар құрамына қойылатын өндірістік талаптардың қолданыстағы жүйесінен айтарлықтай алдыңғы орынға шығуда. Цифрлық экономика тұрғындардан цифрлық дағдылардың болуын және оның мүмкіндіктерін пайдалануды талап етеді. Сондықтан цифрлық экономика жағдайында мамандарды дайындауда цифрлық технологияның маңызды бағыттарына мән берілуі тиіс. Маңызды бағыттарының бірі – компьютерлік графика. Компьютерлік графика - бұл ғылымды, компьютерлік кескінді қалыптастыру және өңдеу жолдарын зерттейді. Компьютерлік графиканы пайдаланудың негізгі бағыттары: ғылыми графика, бизнес графика, дизайн графикасы, иллюстрациялық графика, көркем және жарнамалық графика, компьютерлік анимация, мультимедия. Сондықтан, компьютерлік графиканы оқытуда, осы салаларға назар аудару керек.

**Кілт сөздер:** ақпарат, цифрлық технологиялар, сандық экономика, компьютерлік графика, болашақ маман, цифрлау, ғылыми графика, дизайн графикасы.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль обучения компьютерной графике в условиях цифровизации образования. Цифровизация значительно опережает существующую систему требований производства к составу профессий, занятых на рынке труда. Цифровая экономика требует наличия у населения цифровых навыков, позволяющих пользоваться ее плодами. Поэтому, в подготовке специалистов для цифровой экономики необходимо делать акцент, прежде всего, на важных направлениях цифровых технологии. Один из существенных направлений – компьютерная графика. Компьютерная графика – это наука, один из разделов информатики, изучающая способы формирования и обработки изображений с помощью компьютера. Основные области использования компьютерной графики: научная графика, деловая графика, конструкторская графика, иллюстративная графика, художественная и рекламная графика, компьютерная анимация, мультимедиа. Поэтому при обучении компьютерной графике надо ориентироваться на эти отрасли.

**Ключевые слова:** информация, цифровые технологии, цифровая экономика, компьютерная графика, будущий специалист, цифровизация, научная графика, конструкторская графика.

**Annotation.** The article examines the role of computer graphics training in the conditions of digitalization of education. Digitalization is significantly ahead of the existing system of production requirements to the composition of occupations engaged in the labor market. The digital economy requires the population to have digital skills that allow the use of its fruits. Therefore, in the training of specialists for the digital economy, it is necessary to focus, first of all, on important areas of digital technology. One of the essential areas is computer graphics. Computer graphics is a science, one of the sections of computer science, which studies the ways of forming and processing images using a computer. The main areas of use of computer graphics: scientific graphics, business graphics, design graphics, illustrative graphics, artistic and advertising graphics, computer animation, multimedia. Therefore, when learning computer graphics, you need to focus on these industries.

**Key words:** information, digital technologies, digital economy, computer graphics, future specialist, digitalization, scientific graphics, design graphics.

Цифрландыру еңбек нарығында қамтылған мамандықтар құрамына қойылатын өндірістік талаптардың қолданыстағы жүйесінен айтарлықтай алдыңғы орынға шығуда. Бұл ретте, мемлекеттің экономикасында ақпараттық технология мамандықтары бойынша таңдалған кәсіпте кәсіби білімге, ептілікке және дағдыларға ие мамандардың жетіспеушілігі байқалып отыр. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауында: “...Жоғары білім беру ісінде жасанды интеллектпен және «үлкен деректермен» жұмыс істеу үшін ақпараттық технологиялар бойынша білім алған түлектер санын көбейту керек” деп, болашақ ақпараттық технология саласы бойынша мамандардың әлемдік стандарт бойынша цифрлық технологияны жеткілікті деңгейде меңгеруі қажеттігіне аса мән берген[1]. Сондықтан цифрландыру жағдайында білім берудің мазмұнын ақпараттық технология бойынша мамандардың цифрлық дағдыларын дамыту арқылы толығымен қайта қарау қажет.

Болашақ ақпараттық технология бойынша мамандарды дайындаудың маңызды бағыттарының бірі – компьютерлік графиканы оқыту. Компьютерлік графика саласы бойынша болашақ мамандарды дайындау мәселесі Н.А.Усова, И.И.Левченко, Т.В.Чернякова, Е.Ы.Бидайбеков, Л.Б.Рахимжанова және т.б. еңбектерінде ішінара қарастырылған [2-5]. Компьютерлік графика - бұл ғылымды, компьютерлік кескінді қалыптастыру және өңдеу жолдарын зерттейтін компьютерлік ғылым салаларының ең «жас» бағыттарының бірі. Компьютерлік графиканы кең мағынада қарасақ, компьютерлік графика арқылы шешілетін мәселелердің үш класын ажыратуға болады: кескінге сипаттама беру, кескінді сипаттамаға аудару (кескінді тану міндеті), кескінді редакциялау.

Компьютерлік графиканың ауқымы өте кең болса да, компьютерлік графика құралдары проблемаларды шешу үшін өте маңызды болатын бірнеше негізгі бағытты анықтауға болады:

1. *Көрнекілік*, деректерді визуализациядан анимациялық фильмдерді жасау тапсырмаларын қамтитын бағытының бірі.
2. *Өзін-өзі дамыту* - компьютерлік графика білім алушының өз мүмкіндіктерін кеңейтіп, дамытуға мүмкіндік береді.
3. *Зерттеу* - компьютерлік графика құралдары көмегімен физикалық аналогы жоқ ұғымдарды бейнелеу немесе үлгілерді құру.

Қазіргі цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін оқытуда компьютерлік графика бөлімін аталған қолдану салаларының мазмұны бойынша оқыту

қажеттігін көздейді. Атап айтқанда, компьютерлік графиканың үш түрі: растрлық графика, векторлық графика және фрактальды графиканы бөліп қарауды меңзейді.

*Растрлық әдіс* – бейне боялған нүктелердің жиынтығы ретінде көрінеді. Растрлық графиканы электронды және полиграфикалық басылымдарды дайындауда қолданады. Растрлық графика құралдарымен орындалған иллюстрациялар компьютерлік программалар көмегімен аз жасаланылады. Осы мақсатта суретшілер дайындаған сканерленген иллюстрацияларды немесе фотоларды қолданады. Соңғы уақытта растрлық суреттерді компьютерге енгізу үшін цифрлық фото және видеокамералар кеңінен қолданылуда.

*Векторлық әдіс* – бұл бейнелерді кесінділер мен доғалар жиынтығы түрінде көрсету әдісі. Бұл жағдайда вектор – бұл қандай да бір объектіні сипаттайтын мәліметтер жиынтығы. Векторлық графикамен жұмыс істеуге байланысты программалық құралдар ең бірінші суретті салуға арналған және оларды өңдеу аз деңгейде қамтылған. Мұндай құралдар жарнамалық агенттіктерде, дизайнер бюроларында, редакцияда және баспада кеңінен қолданылады. Шрифтілерді және қарапайым геометриялық элементтердің қолдануға негізделген безендіру жұмыстары, векторлық графика құралдарының көмегімен жылдам шешіледі.

Фрактальды графикамен жұмысқа арналған программалық құралдар математикалық есептеулер негізінде суреттерді автоматты генерациялауға арналған. Фракталды көркемдік композицияларды құру салу немесе безендіруден тұрмайды, программалаудан тұрады. Фрактальды графиканы баспа немесе электрондық құжаттарды құру үшін аз қолданады, оны көпшілік уақытта ойын-сауық программаларда пайдаланады. Фрактальды графика, векторлық тәрізді есептеледі, бірақ ешқандай элементтері компьютер жадында сақталмайтындығымен ерекшеленеді. Сурет теңдеу немесе теңдеу жүйелері бойынша құрылады, сондықтан формуладан басқаны сақтау қажет емес. Теңдеудегі коэффициенттерді өзгерту арқылы, мүлдем басқа картинаны алуға болады. Фрактальды графиканың қабілеттілігі тірі табиғаттың бейнесін есептеу жолымен модельдеу болғандықтан, оны ешнәрсеге ұқсамайтын иллюстрацияларды автоматты генерациялауда пайдаланылады.

Сондықтан компьютерлік графика курсы мазмұнында компьютерлік графиканың үш түрін жүзеге асыратын программаларды меңгеру қажет. Соның ішінде қазіргі таңда жаңартылған AdobePhotoShop CS, CorelDraw, 3D Studio Max, Maple, MatLab, GeoGebra, MathCAD программаларын ұсынамыз.

Растрлық графиканы меңгерту үшін *AdobePhotoShop CS* ұсынылады. Оның құрамына ImageReady, Illustrator, InDesign, Golive, Acribat программалары кірді. Photoshop CS өзінің жаңартылған өзгерістерімен графикалық кескіндер мен суреттерді жеңіл, ұтымды өзгертуге

және өңдеуге мүмкіндік береді. Бұл нағыз ақпаратты компьютерлік графика негізінде цифрлық өңдеу жүргізетін кәсіби қосымша пакет болып табылады.

Векторлық графиканы меңгерту үшін *CorelDraw* және *3d studio max* программасын ұсынуға болады. *CorelDraw* программасы жасалған сурет жеке пикселдердің мәндеріне емес, математикалық формулаларға негізделген. Ондағы векторлық файлдар геометриялық объектілерді - сызықтар, эллипс, полигондар, қисықтар және т.б. салу үшін формулалар жинағын қамтитындығымен ерекшеленетін пакет болып саналады. *3d studio max программасы* – кескіндерді моделдеу, визуализациялау және анимациялау программалық жиындарын қамтыған программа. Жалпы бұл программаны бүкіл дүние жүзіндегі мыңдаған дизайнерлер үшөлшемді ойындарды, телеарна мен кинофильмдерді шығару үшін шыншыл эффектілерді, сонымен бірге Web - парақтарының үшөлшемді графикалық элементтерін іске асыру үшін қолдану мүмкіндігімен айрықшаланатын пакет болып табылады.

Фракталды графикамен меңгерту үшін Maple, MatLab, GeoGebra, MathCAD программаларын ұсынуға болады. Maple – аналитикалық және сандық тәсілдермен күрделі есептеу жобаларын орындауға аналған қуатты есептеу жүйесі бар программа. Maple құрамында түрлі теңдеудің күрделі есептерін шығаруға мүмкіндік береді, сондай-ақ сенімді әрі тиімді символдық және сандық алгоритмдері бар.

MatLab жүйесінің теңдеудің күрделі есептерін шешуде қолданыс аясы өте кең. Теңдеуді шешуде матрицалық және векторлық операциялар үшін есептеу оңтайландырылған, сондықтан ол C және C++ сияқты төменгі деңгейлі тілдердің орнына қолданыла алады. Бұл жағдайда есептеу жылдамдығы бірдей болғанымен, бағдарламалау уақыты әлдеқайда ұтымды.

GeoGebra еркін таратылатын, баршаға қолжетімді, қарапайым интерфейске ие және әлемнің көптеген тілдеріне аударылған ортасын айтуға болады. GeoGebra – бұл геометрия, алгебра, кестелерді, графиктерді, статистика және математикалық анализді бір ортаға әкелетін, білім берудің барлық деңгейіне арналған интерактивті компьютерлік бағдарлама. Қазіргі кезде GeoGebra ғылым, технология, инженерия және математиканы (STEM) үйренуге арналған алдыңғы қатардағы интерактивті бағдарламаға айналды. Кіріктірілген тіл бұйрықтарының негізінде бағдарламаның функциялармен жұмыс істеу мүмкіндігі өте бай (графиктер салу, түбірлерін, экстремумдарын табу, интегралдарды есептеу, т.б.), олар геометриялық денелерді басқаруға да мүмкіндік береді.

MathCAD – кіріктірілген алгоритмдері бар, бағдарламалауға жүгінбей, көптеген математикалық есептерді аналитикалық және сандық жолдармен шешуге мүмкіндік беретін көпфункционалды интерактивті есептеу жүйесі бар программа. MathCAD-тың жұмыс істеу құжаты – формулалардан тұратын электронды кітап, онда өрнектердің жазылу реті бойынша



автоматты түрде есептеулер жүреді. Бұл жүйе қарапайым және ыңғайлы интерфейсмен, өрнектердің стандартты математикалық символдармен жазылуымен, жақсы екіөлшемді және үшөлшемді графикасымен, кеңінен таралған офистік, конструкторлық бағдарламаларға, Интернетке қосыла алу мүмкіндігімен ерекшеленеді.

Аталған фракталды графиканы жүзеге асыратын бағдарламалардың көмегімен декарттық координаттар жүйесінің екі өлшемді, үш өлшемді графиктерін анықтау және салуға болады. Сондықтан цифрлық экономика жағдайында мамандарды дайындауда цифрлық технологияның маңызды бағыттарына мән берілуі тиіс. Компьютерлік графика - бұл ғылымды, компьютерлік кескінді қалыптастыру мен өңдеу жолдарын зерттейді. Компьютерлік графиканы пайдаланудың негізгі бағыттары: ғылыми графика, бизнес графика, дизайн графикасы, иллюстрациялық графика, көркем және жарнамалық графика, компьютерлік анимация, мультимедия. Компьютерлік графиканы оқытуда, осы салаларға назар аудару керек.

Қорыта айтқанда, компьютерлік графика бойынша білім мазмұнын графиканың қолданылу салалары және негізгі үш түріне сәйкес программалық пакеттерін меңгерту арқылы оқыту – цифрландыру жағдайында болашақ мамандардың нәтижеге қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың “Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері” атты Жолдауы.
2. Усова Н.А. Формирование графической культуры будущего учителя в процессе обучения информатике. Дисс.канд.пед.наук. – Самара, Россия. – Самарский государственный экономический университет . - 2010.
3. Левченко И.И. Развитие системы методической подготовки учителей информатики в условиях фундаментализации образования. Дисс.канд.пед.наук. – М-2009.
4. Чернякова Т.В. Методика обучения компьютерной графике студентов вуза. Дисс.канд.пед.наук. – Е, 2010.
5. Бидайбеков Е.Ы., Гриншкун В.В., Конева С.Н., Байдрахманова Г.А. Особенности обучения педагогов компьютерной графике в условиях фундаментализации образования. <http://sitito.cs.msu.ru/index.php/SITITO/article/view/232>.
6. Шлыкова О. В. Культура мультимедиа: Учебное пособие для студентов / МГУКИ. М.: ФАИР-ПРЕСС, 2004. – 416 с.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**  
**NATURAL SCIENCES**

**GTAMP 87.19**

**ЖАЙЫҚ-КАСПИЙ АЛАБЫ ӨЗЕНДЕРІНДЕГІ БИОГЕНДІ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ  
ТАРАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**К.И. ИСЛАМОВА, С. ҚАДЫРХАН**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** «Жайық-Каспий алабы өзендеріндегі биогенді элементтердің таралу ерекшеліктері» деп аталатын бұл мақалада табиғи су көздерінің құрамында кездесетін биогенді элементтердің таралу ерекшеліктері, сонымен қатар Елек, Темір, Ембі өзендерінен сынама алынып, құрамындағы элементтерге талдау жасалынып, нәтижелері қарастырылған. Биогенді элементтер режимінің бірнеше факторлары анықталып, олардың әрқайсысына жеке-жеке сипаттама жасалған. Зерттеу барысында Ақтөбе облысындағы Жайық-Каспий алабына кіретін Елек, Темір, Ембі өзендерінен сынама алынып, құрамындағы элементтерге талдау жасалынды. Зерттеу қорытындысы бойынша Жайық-Каспий алабы өзен суларының химиялық құрамы бір маусым ішінде қаншалықты өзгергендігі туралы қорытынды жасалынды.

**Түйін сөздер:** Су ресурстары, судың эвтрофикациясы, су режимі, биогенді элементтер, химиялық құрам, сынама, қаттылық, қышқыл-сілтілік баланс.

**Аннотация.** В данной статье под названием «Особенности распространения биогенных элементов в реках входящих в водоемы Урало-Каспия» рассмотрена характеристика биогенных элементов встречающихся в природных водоемах, а также даны результаты исследования состава биогенных элементов на реках Илек, Темир и Эмба. Изучены факторы формирования режимов биогенных элементов и дана характеристика каждому из них. В процессе исследования бассейнов рек Илек, Темир и Эмба Актюбинской области, входящих в водоемы Урало-Каспия были получены пробы на предмет состава биогенных элементов. По результатам исследования было дано заключение об изменениях химического состава биогенных элементов в течении сезона.

**Ключевые слова:** Водные ресурсы, эвтрофикация воды, водный режим, биогенные элементы, химический состав, проба, твердость, кислотно-щелочной баланс.

**Annotation.** In this article, entitled "Features of the distribution of nutrients in the rivers included in the waters of the Ural-Caspian sea" the characteristics of nutrients found in natural waters, as well as the results of the study of the composition of nutrients on the rivers Ilek, Temir and Emba. The factors of formation of biogenic elements regimes are studied and the characteristics of each of them are given. In the process of studying the basins of the rivers Ilek, Temir and Emba of Aktobe region, included in the waters of the Ural-Caspian sea, samples were obtained for the composition of biogenic elements. According to the results of the study, a conclusion was given about changes in the chemical composition of biogenic elements during the season.

**Key words:** Water resources, eutrophication of water, water regime, nutrients, chemical composition, sample, hardness, acid-base balance.

Су жердегі ең көп таралған заттардың бірі, жер шарының төрттен үш бөлігі сумен (мұхиттар, теңіздер, көлдер, мұздар) қоршалған. Ол атмосфера мен жер ауаның, ылғал мен заттардың айналу, түрлену құбылыстарында тірі организмде маңызды роль атқарады. Шамамен алғанда жануарлар организмі мен өсімдікте 50% су болады. Оның адам организміндегі үлесі 65%. Мұның 10% артығы жоғалса, өлім қаупі пайда болады. Демек біздің планетамыздағы сумен өмір ұғымы біртұтас [1, 26 б].

Судың биологиялық ластануында судың эвтрофикациялануы маңызды роль атқарады. Судың эвтрофикациясы - судың биогенді элементтермен, әсіресе азотпен, фосформен немесе құрамында осы элементтер бар заттармен баюын айтамыз [2, 71 б].

Келіп түсетін су ағыстарынан қоректенетін шағын су қоймалары азот пен фосфордың қозғалғыш формаларымен қамтамасыз етілген және эвтрофикацияға ұшырауы бейім. Олар олиготрофты күйден, мезотрофты және эвтрофты күйге батпаққа, одан шымтезекті субстратты құрылыққа айналу арқылы өтеді.

Қазіргі ғылымда белгілі химиялық элементтерден сексенге жуығы тірі ағзалардың құрамына кіріп, табиғаттағы заттар айналымы процесіне қатысып отыратындықтан биогенді элементтер деп аталады.

Биогенді элементтердің режимі бірнеше факторлар қатарымен анықталады, соның нәтижесінде оның өзгеру динамикасы күрделі болып келеді. Ол сулы ортада болып жатқан биологиялық және биохимиялық процесстерге байланысты.

Табиғи судағы биогенді элементтерді анықтау жүйесіне (оргонолептикалық, физико-химиялық), ерімеген қоспаларды (жүзгіндердің болуы мен олардың күйелігі), еріген заттарды (органикалық және бейорганикалық заттардың, органикалық көміртектің ОБҚ және т.б.) сипаттайтын көрсеткіштер түрлерін жатқызуға болады [3, 52 б].

Бұл көрсеткіштер судың жалпы ластануы, оның органикалық және бейорганикалық заттармен ластану деңгейі туралы айтуға мүмкіншілік береді.

Оргонолептикалық (түс, дәм, иіс, мөлдірлігі, майлылығы) оптикалық тығыздық, түстілігі, рН, температурасы, электрөткізгіштігі, сілтілігі, қышқылдығы, қаттылығы, тұз мөлшері, жалпы азот, мөлшері жүзгіндер, еріген заттар сияқты жалпы көрсеткіштерді анықтау кезінде ешқандай қиыншылықтар тумайды.

Қаттылық Mg мен Ca тұздарының мг-экв/л ретінде және градуспен (1<sup>0</sup>-1л судағы 10 мг СаО сәйкес келетін Са және Mg тұздарының мөлшері) өлшенеді.

1<sup>0</sup> қаттылық=10мг- экв=2,8<sup>0</sup> қаттылыққа:

- еритін оттегі- температура мен барометрлік қысымға тәуелді, мг/л өлшенеді;

- оттегіге деген биологиялық қажеттілік-ақаба сулардағы микроорганизмдер жұтатын оттегі мөлшері, ОБҚ-ны бағалау критеріі ретінде 20<sup>0</sup>с температура кезінде 5 немесе 20 тәулік ішінде судағы еріген оттегінің мөлшерінің азаю мәні алынады [4, 87 б].

Органикалық азот пен жалпы күкірттің мөлшерін анықтау қиынырақ. Судағы органикалық заттардың жалпы мөлшерін сипаттайтын көрсеткіштердің маңызы зор.

Органикалық заттардың жалпы мөлшерін күйдіру кезіндегі шығындардың, тотығуды (пермонгонотты және бихромотты), органикалық заттардың көміртегісі, органикалық көміртегі анықтай отырып табуға болады.

Қазіргі кезде экологиялық жағдайдың күрделуіне байланысты Жайық-Каспий алабы өзендерінде судың сапалық көрсеткіштері төмендеп, гидросфераның тіршілігіне қажетті биогенді элементтер өзгеріске түсуде. Осы орайда орын алып жатқан экологиялық өзгерістердің салдарын анықтап, Жайық-Каспий алабы *өзендеріндегі биогенді элементтер мөлшерінің динамикасын бақылау өзекті мәселеге айналып барады.*

Зерттеу барысында Ақтөбе облысындағы Жайық-Каспий алабына кіретін Елек, Темір, Ембі өзендерінен сынама алынып, құрамындағы элементтерге талдау жасалынды. Өзендерден алынған сынамалардың нәтижелері кестеде келтірілген (кесте 1).

Жайық-Каспий алабы өзен суларын биологиялық, химиялық тұрғыда сипаттап, химиялық құрамын зерттеу барысында ауыз сумен салыстырмалы түрде қарастырып, оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтадық.

Зерттеу жұмысы Ақтөбе облысы бойынша экология Департаментінің лабораториясында жүргізілді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде өзен суының үлгілерін аламыз.

Су көзі жанындағы жүргізілген зерттеулер. Судың мөлдірлігін анықтау. Зерттелген суды сынамаға құйып, оның бүйірінен ақ қағазбен тұспалап қараймыз. Судың мөлдірлігін, аздап лайлануын байқаймыз.

Судың түстілігін анықтау. Сынаманы бүйірінен қарағанда судың түссіздігі, болар-болмас сарғыш түсін байқаймыз.

Өзен суының сапасына ластану көздерінің әсері. Ластандыратын негізгі көздері: қалдық сулар, тұрмыстық-шаруашылық қалдық сулары, жаңбыр сулары. Олардың ластануы көктемде қар еріген кезде жүреді (қар суы өзен маңындағы қоқысты жуып, өзенді ластайды).

Кесте 1. Жайық-Каспий алабына кіретін Елек, Темір, Ембі өзендерінен алынған сынамадардың нәтижелері

Өзен	Алынған уақыты	Сутектік көрсеткіш рН	Нитриттер мг/дм <sup>3</sup>	Хлоридтер мг/дм <sup>3</sup>	Хром мг/дм <sup>3</sup>	Мұнай өнімдері мг/дм <sup>3</sup>
Елек (Алға қ.)	IX.2018	6,5-8,5	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	X.2018	6,5-8,0	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	XI.2018	7,0-9,0	0,09 көп емес	355,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
Темір (Щұбарши е.м.)	IX.2018	6,5-8,5	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	X.2018	6,5-8,5	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	XI.2018	7,0-9,5	0,08 көп емес	360,0 көп емес	0,02 көп емес	0,06 көп емес
Ембі	IX.2018	6,5-8,5	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	X.2018	6,5-8,5	0,08 көп емес	350,0 көп емес	0,02 көп емес	0,05 көп емес
	XI.2018	7,0-8,5	0,09 көп емес	360,0 көп емес	0,02 көп емес	0,06 көп емес
Ескерту: зерттеу автормен жүргізілген						

1 кестеде берілген мәліметтерге қарағанда, Елек өзеніндегі элементтердің ШРК-сы мөлшері қыркүйек, қазан айларында өзгермегенімен қараша айында сутектік көрсеткіш рН-ы 7,0-9,0 болса, нитриттер 0,01 мг/дм<sup>3</sup>, ал хлоридтер мөлшері 5,0 мг/дм<sup>3</sup> артқан. Темір өзені бойынша байқалып отырған өзгеріс қараша айында алынған сынамада сутектік көрсеткіш рН-ы 7,0-9,5 болса, хлоридтер мөлшері 10,0 мг/дм<sup>3</sup>, ал мұнай өнімдерінің мөлшері 0,01 мг/дм<sup>3</sup> артып отыр. Ембі өзені бойынша алынған сынамада қыркүйек, қазан айларында өзгеріс болмағанымен, қараша айында сутектік көрсеткіш рН-ы 7,0-8,5 құраса, нитриттер мөлшері 0,01 мг/дм<sup>3</sup> артты, хлоридтер мөлшері 10,0 мг/дм<sup>3</sup> артты, мұнай өнімдерінің мөлшері 0,01 мг/дм<sup>3</sup> өскені байқалды.

Ең маңыздысы Жайық-Каспий алабына кіретін Елек, Темір, Ембі өзендерінен алынған сынамадардың мониторингтік қорытындылары: талдау қорытындылары бойынша су сынамаларындағы аммоний ионының, 6-валентті хромның және 3-валентті хромның, барийдің, қорғасынның, литийдің, сынаптың, мышьяқтың кездесуі анықталмаған.

Жоғарыда аталған заттардың судағы құрамының жоғары болуы алынған сынамада табиғи факторлармен де, антропогендік факторлармен де байланысты. Бұл өзгерістердің орын алуы қараша айында су ағынының баяулауымен байланыстыруға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Акбасова А.Ж. Экология. - Алматы: Бастау, 2003 ж. – 290 б.
2. Игнатова Л.В. Основы микробиологий. - Алматы: Қазақ университеті, 2008 ж. – 129 б.
3. Ботвинков В.М., Дегтярев В.В. Гидроэкология на внутренних водных путях. - Новосибирск: Сибирское соглашение, 2002 г.-356 с.
4. Самурзина А.Г. Экологическая химия. - Алматы.: Қазақ университеті, 2007 ж. – 198 б.

### МРНТИ 87.51

## СОСТОЯНИЕ ПРОМЫСЛОВЫХ ЗАПАСОВ И ВИДОВ ИХТИОФАУНЫ В ИРГИЗ - ТУРГАЙСКИХ ВОДНО БОЛОТНЫХ УГОДЬЯХ

**Ж.Ж. КУКЕНОВ**

*Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова, Актөбе,  
Казахстан*

**Аннотация.** Почти все озера Иргиз - Тургайской системы входят в водно-болотные угодья международную рамсарскую конвенцию. Иргиз-Тургайская озерно-речная система расположена в юго-западной части Тургайского плато, на территории Иргизского района Актюбинской области. Водно-болотные угодья располагаются в зоне северных пустынь и полупустынь с типичной растительностью. Дополнены и обновлены данные по видовому составу, биологии и экологии и промышленному статусу видов рыб Иргиз-Тургайского водно-болотного угодья. Дана актуальная характеристика состояния водоемов Иргиз-Тургайского водно-болотного угодья.

**Түйінді сөздер:** Ихтиофауна, Резерват, Заказник, рамсарская конвенция, виды рыб, водно-болотное угодья, зоопланктон, бентос.

**Аңдатпа.** Ырғыз-Торғай жүйесінің барлық көлдері сулы-батпақты алқаптарға халықаралық Рамсар конвенциясына кіреді. Ырғыз-Торғай көл-өзен жүйесі Торғай қыратының оңтүстік-батыс бөлігінде, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының аумағында орналасқан. Сулы-батпақты алқаптар Солтүстік шөл және шөлейт шөлейт аймақта орналасқан. Ырғыз-Торғай су-батпақты алқаптарының түрлік құрамы, биологиясы және экология және балық түрлерінің кәсіпшілік мәртебесі бойынша деректер толықтырылып, жаңартылды. Ырғыз-Торғай су-батпақты алқаптарының жай-күйіне өзекті сипаттама берілді.

**Түйінді сөздер:** Ихтиофауна, Резерват, Заказник, рамсар конвенциясы, балық түрлері, сулы батпақты алқап, зоопланктон, бентос.

**Abstract.** Almost all lakes of the Irgiz-Turgay system are included in the wetlands of the international Ramsar Convention. Irgiz-Turgay lake-river system is located in the South-Western part of the Turgay plateau, on the territory

of Irgiz district of Aktobe region. Wetlands are located in the area of Northern deserts and semi-deserts with typical vegetation. Data on species composition, biology and ecology and commercial status of fish species of Irgiz-Turgay wetland were supplemented and updated. Given the actual characteristics of the condition of water bodies Irgiz-Turgai wetlands.

**Key words:** Ichthyofauna, Reserve, Ramsar Convention, fish species, wetlands, zooplankton, benthos

*Цель исследования.* Исследовать состояния редких видов рыб, выявление учет и изучение особенностей ихтиофауны Иргиз - Тургайского государственного природного резервата.

*Материалы и методы исследования.* Полевая экспедиция, метод А.И. Кушнаренко и биостатистики.

*Результаты исследования.* Промысловая ихтиофауна водоемов, по данным научных ловов 2016-2018 гг. представлена 9 видами. Видовой состав отражен в табл. 1.

Таблица 1. Видовой состав промысловой ихтиофауны Иргиз-Тургайских озер

Название вида	Статус вида
Сазан – <i>Cyprinus carpio aralensis Spitchakov</i>	промысловый, акклиматизант
Карась серебряный – <i>Carassius auratus Linne</i>	промысловый, абориген
Карась золотой – <i>Carassius carassius (Linne)</i>	промысловый, абориген
Окунь обыкновенный – <i>Perca fluviatilis Linne</i>	промысловый, абориген
Язь – <i>Leuciscus idus Linne</i>	промысловый, абориген
Плотва – <i>Rutilus rutilus (Linne)</i>	промысловый, абориген
Лещ – <i>Abramis brama (Linne)</i>	промысловый, акклиматизант
Щука – <i>Esox lucius Linne</i>	промысловый, абориген
Линь – <i>Tinca tinca (Linne)</i>	промысловый, акклиматизант

Эти виды присутствуют в той или иной мере во всех водоемах. Исключением является язь, который ни разу не встречался в научном лове на озерах Жарколь и Бокенколь. На других озерах язь широко распространен и является одним из основных объектов промысла. Интересным представляется наличие здесь переходной формы между язём обыкновенным и язём туркестанским [1].

Наиболее многочисленным промысловым видом является карась серебряный, что обусловлено его высокой жизнестойкостью к неблагоприятным гидрологическим условиям. В тоже время его ближайшие биологические конкуренты - карась золотой и акклиматизированный линь малочисленны настолько, что не имеют промыслового значения. Еще один акклиматизированный вид – сазан, характеризуется стабильной численностью популяции и является ценным объектом промысла [5].

Кормовая база рыб в иргизских озерах характеризуется низкими и средними значениями биомассы. На озерах Тайпакколь, Малайдар, Асаубайколь видовой состав

зоопланктона включал 15-18 видов. Наиболее часто встречались *Brachionus calyciflorus*, *Brachionus angularis*, *Notholca acuminata*, *Trichocerca* sp., *Lecane luna*, *Alona rectangular*, *Leptodora kindtii*.

На оз. Тайпакколь по численности доминировали группы *Rotatoria* и *Cyclopoida*, основа биомассы складывалась группами *Calanoida* и *Cyclopoida*. Общая численность и биомасса достигали 387396 экз/м<sup>3</sup> и 2929,09 мг/м<sup>3</sup>. По уровню развития зоопланктона оз. Тайпакколь является средnekормным для рыб водоемом среднего класса биологических показателей [3].

В составе бентоса отмечены только личинки семейства мотылей (*Chironomidae*). Хирономиды представлены одним подсемейством – *Chironominae*, трибой *Chironomini*, двумя родами – *Parachironomus* Lenz (1923) и *Chironomus* Meigen (1803).

Общая численность личинок хирономид оз. Тайпакколь составила 320 экз/м<sup>2</sup>, общая биомасса – 6,56 г/м<sup>2</sup>. Уровень биомассы бентоса достаточно высок и в весенне-летний период позволяет отнести оз. Тайпакколь к средnekормным для рыб-бентофагов водоемам («средний» класс биологических показателей, β-мезотрофный тип).

На оз. Малайдар ведущая роль в формировании численности и биомассы зоопланктона принадлежала ветвистоусым ракообразным, по биомассе – веслоногим. Общая численность составила 580501 экз/м<sup>3</sup>, биомасса – 1996,34 мг/м<sup>3</sup>. Водоем средней кормности для рыб, умеренного класса биологических показателей [6].

Общая численность донных беспозвоночных оз. Малайдар составила 180 экз/м<sup>2</sup>, общая биомасса – 1,03 г/м<sup>2</sup>. Уровень развития биомассы бентоса соответствует низкой кормности для рыб («очень низкий» класс водоема).

На оз. Асаубайколь ведущая роль по численности и биомассе зоопланктона принадлежит группе *Cladocera* – 41,9 и 55,1 % соответственно. Общая численность планктонных беспозвоночных достигала 220126 экз/м<sup>3</sup>, биомасса – 2023,13 мг/м<sup>3</sup>. Значение показателей состояния зоопланктона соответствовало средней кормности для рыб и среднему классу биологических показателей водоема.

На биотопе черного ила обнаружены *Oligochaeta* и личинки *Chironomidae*. Значение численности бентоса составило 180 экз/м<sup>2</sup>, биомассы – 4,24 г/м<sup>2</sup>. Оз. Асаубайколь характеризовалось средней кормностью для рыб-бентофагов («умеренный» класс биологических показателей).

Засушливость резко-континентального климата в регионе, увеличение забора воды на хозяйственные нужды, вызывают сокращение водного стока рек Тургай, Ирғиз и Олькейек. В результате обводнение озер ухудшается из года в год. Так в 2016 г полностью пересохла озера Кармакколь и Большой и малый Жарколь, в критическом состоянии находится



гидрологический режим озер Кызылколь, Бокенколь. Только в 2017-2018 гг. было освоение рек (табл.2) Бокенколь, Жаныколь, Байтакколь ранее несколько лет находившееся в полувисохшем состоянии [4].

Таблица 2. Оснащенность рек Иргиз – Тургайского государственного природного резервата.

Название реки	Территория (га)	Состояние освоения водой + есть,- нет			Осво- ющая озеро
		2016г	2017г	2018г	
Байтакколь	531	+	+	+	Тургай
Тайпакколь	504	+	+	+	Тургай
Кармакколь	1184	-	-	+	Тургай
Малайдар	309	-	+	+	Тургай+
Большой Жарколь	1871	-	-	+	Тургай+
Малый Жарколь	250	-	-	+	Тургай+
Асаубайколь	80	-	-	+	Олкейик
Итого	5849	+2 -5	+3 -4	+7	

*Выводы.* Таким образом неблагоприятный гидрологический режим является основным фактором, влияющим на уровень рыбопродуктивности. Исследования озер Байтакколь

Тайпакколь, Кармакколь, Малайдар, Большой Жарколь, Малый Жарколь, Асаубайколь в 2017 году показали, что запасы рыбы в них невысоки. Так при общей площади данных водоемов 11853 га, допустимая квота вылова составила всего 59,3 тонн. То есть один гектар водной акватории дает всего 4,2 кг рыб. В хозяйственном плане обширные акватории Иргиз-Тургайской озерно-речной системы, представляют перспективу для увеличения объема промысла. Даже при такой низкой рыбопродуктивности, квота вылова всего на 11 озерах составляет 40,5 % от квоты на всех водоемах Актыбинской области. Улучшение гидрологических условий путем оптимизации водного режима, проведение зарыбления и мелиоративных противозаморных мероприятий может значительно увеличить объемы промысла. Также для повышения эффективности промысла необходимо создание перерабатывающей инфраструктуры непосредственно в Иргизском районе [2].

#### Список использованной литературы

1. Серов Н.П. Опыт разделения Балхашской ихтиологической провинции//Тр. конф. по рыбн. хоз-ву респ. Ср.Азии и Казахстана. – Фрунзе, 1961. – С. 201-211
2. Рыбохозяйственные исследования в Республике Казахстан: история и современное состояние. – Алматы: Бастау, 2005. – С.24-25.

3. Шарапова Л.И., Фаломеева А.П. Методическое пособие при гидробиологических рыбохозяйственных исследованиях водоемов Казахстана. – Алматы, 2006. – С. 10-23

4. Об утверждении Правил подготовки биологического обоснования на пользование рыбными ресурсами и другими видами водных животных: Утв. Предс. Ком. рыб. хоз. МСХ РК 08.11.2004 г. № 106-п – Астана, 2004. – 5 с.

5. Ермаханов З.К. Озера Западного Казахстана //Ихтиологические исследования водоемов Казахстана // Рыбохозяйственные исследования в Республике Казахстан: история и современное состояние. Алматы, 2005. С. 24-25.

6. Ким А.И. Оценка состояние запасов основных промысловых видов рыб и определение общих допустимых уловов (ОДУ) на 2012 год//Биологическое обоснование общих допустимых уловов рыбы на 2012 год, на водоемах Актюбинской области, закрепленных за природопользователями. Западно-Казахстанский филиал ТОО «КазНИИРХ». Г. Уральск, 2011. -145 с

#### ҒТАМР 34.29

### АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ФЛОРАСЫНДАҒЫ РЕЛИКТ, СИРЕК ТҮР *CRAMBE TATARIA SEBEOK* МОРФО-АНАТОМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ БИОРЕСУРСТЫҚ ТҮРҒЫДАН МАҢЫЗЫ

А.А. БАЗАРҒАЛИЕВА

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада Ақтөбе облысы флорасындағы сирек түр *Crambe tataria Sebeok*. морфо-анатомиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижесі және биоресурстық тұрғыдан маңызы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** флора, генофонд, *Crambe tataria Sebeok*, Татар катраны

**Аннотация.** В статье приведены результаты исследования морфо-анатомических особенностей и рассмотрены биоресурсные значения редкого вида *Crambe tataria Sebeok*. во флоре Актюбинской области.

**Ключевые слова:** флора, генофонд, *Crambe tataria Sebeok*, Татарский катран

**Annotation.** Morpho-anatomical features and bioresources value of rare species of *Crambe tataria Sebeok* .in the flora of the Aktobe region.

**Keywords:** flora, gene pool, *Crambe tataria Sebeok*, Tatar katran

Табиғи қорлар мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау жалпы мемлекеттік міндет. Осыған байланысты табиғи флораның нәсілдік қорын (генофондын) немесе алуан түрлілігін сақтап қалу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады [1].

Осы орайда табиғи флораның құрамындағы Қазақстанның Қызыл кітабына енген сирек түрлерін табиғи ортасынан тауып, биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, гендік қорын сақтау шараларын жүзеге асыру қажеттілігі өте жоғары. Ақтөбе облысы флорасындағы осындай сирек түрлердің бірі - *Crambe tataria* Sebeok.

Жалпы алғанда Ақтөбе облысының табиғи жағдайы мен флорасының зерттелу тарихын Қазақстанның батыс өңірінде жүргізілген табиғат және ботаникалық зерттеулер тарихымен бірге қарастырады. Кез келген флоралық аймақ секілді Ақтөбе облысы флорасының да өзіндік зерттелу тарихы бар. Биология ғылымдарының докторы, профессор Айпеисова С.А. соңғы жылдары аймақтық деңгейде табиғи өсімдік ресурстарын инвентаризациялап, нәтижесінде бірқатар өте құнды флористикалық еңбектерін жариялады [2,3].

Ақтөбе облысының флорасы биоалуантүрлілігімен және бай фиторесурстарымен сипатталады. Оның флорасын зерттеуге арналған жоғарыда аталып өткен өте құнды еңбектер бар болғанымен, қаншалықты өсімдік қоры бар екені әлі де болса толықтай зерттелмеген.

Облыс флорасы құрамында кездесетін Қызыл кітапқа енген түрлердің ана тілінде жарық көрген толық ботаникалық сипаттамасының, биологиялық ерекшеліктері туралы нақты зерттеулердің, түрді сақтап қалуға қажетті бүгінгі таңдағы ақпараттардың, *in-situ* және *ex-situ* толық мәліметтерінің болуы, бір орталыққа жинақталған гендік қорының, тұқымдық банкінің болуы кезек күттірмейтін мәселелер және іргелі ғылыми зерттеу жұмысын қажет ететіні ешбір талас тудырмайды.

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты - Ақтөбе облысындағы реликт, сирек түр *Crambe tataria* Sebeok. әр түрлі популяцияларындағы морфо-анатомиялық ерекшеліктерін зерттеп, қазіргі жайына баға беру.

Бұл мақалада зерттеу міндеттерінің бірі реликт, сирек түр татар қатыраны - *Crambe tataria* Sebeok. вегетативтік мүшелерінің морфо-анатомиялық белгілерінің биометриялық көрсеткіштері, биоресурс ретінде маңызы қарастырылады.

Арнайы әдебиеттерде көпжылдық, гемикриптофит, мезоксерофил, кальцефит өсімдік *Crambe tataria* далаларда, таулардың борлы беткейлерінде, тастақты-қиыршық тасты қырларда, Ақшатау мен Теректітау тауларында, Брусилровка және Ақрап елді мекендерінің тұсында өсетіні көрсетілген. Статусы: 3б (R) - реликт, сирек түр [4].

Ақтөбе облысы флорасындағы Қазақстанның Қызыл кітабына енген бірқатар сирек түрлерді тереңдете зерттеу мақсатында 2017 жылдың маусым, шілде айларында нақты нүктелер белгіленіп, түгел бағытты және нақты флоралар әдістерімен ынталы, іргелі ғылыми

зерттеу жұмысымыз басталды. Зерттеу нүктелерінің координаттары Garmin GPSMAP 62sGPS навигаторы көмегімен тіркеліп, Canon 7d Mark2 + Canon BG-E16 сандық фотоаппараттың көмегімен фотосуретке түсірілді.


Далалық зерттеу барысында *Crambe tataria* өсетін қауымдастыққа геоботаникалық сипаттама және флористикалық талдау жалпы қолданылып жүрген тәсілдермен жүргізілді (Полевая геоботаника 1976: 320). Фитоценоздың түрлік құрамы мен доминантты түрлері анықталды (Быков 1978: 288). Белгіленген уақыт аралығында зерттеу нысаны ретінде алынған сирек түр *Crambe tataria* тек 2 нүктеде ғана тіркелді: 1) Қобда ауданы Ақырап ауылының оңтүстік-батыс бөлігі, Құрсай елді мекенінің солтүстік батысындағы GPS координаттары: N:50031'07.0'' және E:054055'54.0'', теңіз деңгейінен биіктігі 741м. болатын тізбектелген Ишқарғантау (Ешкіқырған) борлы тау жотасында; 2) Ойыл ауданына қарасты Көктоғай ауылының оңтүстік-батысын ала орналасқан GPS координаттары: N:49022'08.7'' және E: 54031'23.4'', теңіз деңгейінен биіктігі 628 м. болатын Ақшатау борлы тау тізбегінде [5].

Флористикалық еңбектерде берілген *Crambe tataria* Sebeok. ботаникалық сипаттамасы далалық жұмыстарда жинақталған материалдарды анықтауда негізге алынды [4,6].

*Crambe tataria* Sebeok. – Татар қатраны – Катран татарский немесе крамбе бастапқы кезеңде гүлсағағына дейін қысқа түкті болғанымен, кейін түксізденетін, дара немесе бірнеше тік өсетін сабақтары негізінен бастап бұтақтана келе тік өсетін, биіктігі 30-80 аралығында болатын көпжылдық өсімдік. Тамыры ұзын, ұршықтәрізді, етжеңді (Сурет-1).

Жапырақтарының, яғни тамыр мойнындағы және жоғары ұшында өсетін жапырақтарының айтарлықтай ерекшеліктері болады. Жапырақ жиегі тісті немесе кертіктелген тілікті, екі мәрте қауырсынды бөлінген тамыр мойнындағы жапырақтарының ұзындығы 30 см., ені 20 см. жетеді. Өсімдіктің жоғары ұшындағы жапырақтары қандауыр тәрізді, бүтін жиекті.

Гүлдері шашақгүл шоғырында жиналады. Тостағанжапырақтары жұмыртқа тәрізді, ұзындығы 2-3 мм., жалаңаш. Гүл жапырақтары дөңгелекше, өз негізінде сиректеу жүректәрізді, тырнақшалы, ұзындығы 4-5 мм., ені 3-4 мм. Бұршаққыншасы шар тәрізді, тікесінен 4 қырлы, көлденеңі - кедір-бұдырлы, диаметрі 4-5 мм.; ұзындығы 6-10 мм болатын қысқа жеміс табанында орналасқан. Тұқымы дөңгеленген, көлдененеңінен 2,5-3 мм ұзындықта. Сәуір-шілде айлары аралығында гүлдейді және жемістенеді.




А - Ишқарғантау борлы тау жотасы, өсімліктің жалпы көрінісі; Б –тұқымдары бар, қаңбаққа ұқсас қураған гүлшоғыры; В - Ақырап ауылының оңтүстік-батыс бөлігінде далалық жерде өскен өсімдік және тамырының бөлігі; Г - Ақшатау борлы тау тізбегі, *Crambe tataria* өсімдігі.

1 сурет. Татар катраны (*Crambe tataria* Sebeók.)

Далалық зерттеу жұмыстары бұл өсімдіктің өте сирек кездесетін көрсетті. Ақырап ауылының территориясынан табылып, тіркелген және зертханалық жағдайда зерттеу үшін жиналған *Crambe tataria* өсімдігі дарактарының морфологиялық ерекшеліктері баршылық, атап айтқанда, өсіп тұрған борлы тау ортасына қарағанда шабындықты даладағы дарактың бой түзеп өсуі жоғары (34 см) және тамыры етженді, әрі өте тереңге (50 см асады) кетеді (Сурет - 1А,В) Ақырап ауылымен салыстырғанда Ақшатау борлы тау тізбегінде *Crambe tataria* өсімдігі іздестіру уақытында сиректеу кездесті (Сурет 1Г).

*Crambe tataria* анатомиялық құрылысын зерттеу үшін фиксацияға алынған өсімдік үлгісі Страсбургер-Флемминг әдісі бойынша 1:1:1 дистилденген су, глицерин, спирт қатынасында сақталды. Фиксацияланған өсімдіктің жер асты және жер үсті мүшелерінің анатомиялық кесінділері 10-15 мкм МЗП-01 «Техном» электрондық микротом арқылы жасалынып, жалпы қабылданған әдістеме М.Н.Прозина (1960), А.Я.Пермяков (1988), Р.П.Барыкина (2004) құрылымдық талдаулар әдістері бойынша уақытша және тұрақты препараттар даярланды, анатомиялық зерттеулер жүргізіліп, микрофотографиялар жасалынды[7-9]. Фотосуреттер және морфометриялық көрсеткіштер МСХ100 Trinocular MICROS (Австрия) видео микроскоп арқылы түсіріліп өлшенді (Сурет -2,3). Биометриялық көрсеткіштерді тіркеу және статистикалық өңдеу (Кесте 1,2) Г.Ф.Лакин (1990) әдістемесі бойынша MS Excel бағдарламасы көмегімен жүргізілді [10].

Зерттеу барысында *Crambe tataria* тамырының анатомиялық кесіндісінен қалыңдығы 201.38 мкм болатын эпиблема, қалыңдығы 205.02 мкм - эндодерма және диаметрі 3823.21мкм құрайтын орталық цилиндр анықталды (Сурет 2).




эп-эпидлема, эн-эндодерма, ц.ц. – орталық цилиндр;

2 сурет. *Crambe tataria* тамырының анатомиялық кесіндісі

Кесте 1. *Crambe tataria* тамырының морфометриялық көрсеткіштері

Эпидлеманың қалыңдығы, мкм	Эндодерма қалыңдығы, мкм	Орталық цилиндрдің диаметр, мкм
201.38	205.02	3823.21

*Crambe tataria* жапырағының анатомиялық құрылысы зерттелді. Алынған кесте мазмұнына жасалған талдау зерттеліп отырған *Crambe tataria* жапырағын қалыңдығы 96.29 мкм үстіңгі эпидермистің, қалыңдығы 66.80 мкм - астыңғы эпидермистің, 310.77 мкм - флоэманың, 555.05 мкм - ксилеманың, қалыңдығы 695.03 мкм мезофилдің бағаналы ұлпасы мен 564.72 мкм - борпылдақ ұлпасының құрайтынын көрсетті.



н.э. -астыңғы эпидермис, фл-флоэма, кс-ксилема, г.м.- мезофилдің борпылдақ ұлпасы, с.м.- бағаналы ұлпа, в.э.- үстіңгі эпидермис

3 сурет. *Crambe tataria* жапырағының анатомиялық кесіндісі

Кесте 2. *Crambe tataria* жапырағының морфометриялық көрсеткіштері

Төменгі эпидермистің қалыңдығы, мкм	Үстіңгі эпидермистің қалыңдығы, мкм	Флоэма қалыңдығы, мкм	Ксилема қалыңдығы, мкм	Бағаналы ұлпаның қалыңдығы, мкм	Борпылдақ ұлпаның қалыңдығы, мкм
66.80	96.29	310.77	555.05	695.03	564.72

*Crambe tataria* биоресурс ретіндегі маңызы бойынша дәрілік өсімдік деп танылады. Ресми медицинада дәрілік өсімдік ретінде тіркелмегенімен, халық медицинасында танымал. Фитонцидтік, антибиотикалық және құрқұлаққа қарсы тұратын маңызы анықталған. Ас қорыту жүйесінің жұмысын жақсартуда мәні зор, қайнатпасының ағзаға күш-қуат беретін қасиеті жоғары деп танылған. *Crambe tataria* өсімдігі тұтасымен жеуге жарамды, хош иісті-татымды өсімдік.

Сонымен, осынау жинақталған материалдың, алынған нәтижелердің алдағы уақытта Ақтөбе облысы флорасындағы реликт, сирек түрлердің бірі - *Crambe tataria* Sebeók. өсімдігімен жан-жақты, кең көлемде тереңдете жүргізілетін зерттеу жұмыстарына негіз болатыны сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Базарғалиева А.А., Аралбаев Н.К. Қобда өзені аңғарының табиғи флорасын талдау.- Ақтөбе,2005.- 150 б.
2. Айпеисова С.А. Флора Актыбинского флористического округа. -Ақтөбе, 2013. – 312 с.
3. Айпеисова С.А. Конспект флоры Актыбинского флористического округа. –Ақтөбе, 2012. - 175 с.
4. Айпеисова С.А. Редкие и исчезающие растения Актыбинской области. –Ақтөбе, 2011. – С.64.
5. Флора Казахстана. Т.4. – Алматы, 1961. - С.303-304.
6. Избастина К.С., Курманбаева М.С., Базарғалиева А.А., Ережепова Н.Ш., Алдибекова А.Р. Ақтөбе облысындағы сирек түр *Anthemis troztkiana* Claus популяциялары кездесетін өсімдіктер қауымдарының флоралық құрамы // Әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ Хабаршы. Биология сериясы. №1 (74). –Алматы: «Қазақ университеті», 2018. –Б. 3-20.
7. Прозина М.Н. Ботаническая микротехника. – М. – 1960. – 208 с.
8. Премаков А.Я. Микротехника. –М., Изд.МГУ,1988.-58 с.
9. Барыкина Р.П. и др. Справочник по ботанической микротехнике. Основы и методы. – М., Изд-во МГУ. – 2004. – 312 с.
10. Лакин Г.Ф. Биометрия. – М.: Высшая школа. – 1990. – 352 с.

**SRSTI 87.24.37**

## **LIFE SAFETY AND ENVIRONMENT**

**I. MOLDEKOVA**

*Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова, г. Актюбе,  
Казахстан*

**Annotation.** The urgency of the studied issue consists in the constant interaction of a person with nature, in the course of this interaction, there is a mutual influence of people and the environment, both negative and positive.

The purpose of writing this article is to study the safety of life activities, aspects of the noosphere, the processes of the influence of the environment on man. Safety is a state of activity in which the manifestation of hazards is excluded with certain probability, or the absence of an excessive danger. Safety of vital activity is a field of knowledge of knowledge that studies the dangers and ways to protect them from humans in any conditions of their habitat. Man and habitat in their interaction with a complex environment. In the course of these interactions, a negative and positive interaction appears. The negative influence of nature on man manifests itself in natural dangers.

**Key words:** human, technosphere, health, danger, working conditions, safe working conditions, environment.

**Аннотация.** Актуальность изучаемого вопроса заключается в постоянном взаимодействии человека с природой, в ходе которого происходит взаимное влияние людей и окружающей среды, как негативное, так и позитивное. Целью написания данной статьи является изучение безопасности жизнедеятельности, аспектов ноосферы, процессов воздействия окружающей среды на человека. Безопасность - это состояние деятельности, при котором проявление опасностей исключается с определенной вероятностью или отсутствует чрезмерная опасность. Безопасность жизнедеятельности - это область знаний, в которой изучаются опасности и способы защиты их от людей в любых условиях их обитания. Человек и среда обитания в их взаимодействии со сложной средой. В ходе этих взаимодействий возникает негативное и позитивное взаимодействие.

**Ключевые слова:** человек, техносфера, здоровье, опасность, условия труда, безопасные условия труда, окружающая среда.

**Аннотация.** Зерттелетін мәселенің өзектілігі адамның табиғатпен тұрақты қарым-қатынасы болып табылады, оның барысында адамдар мен қоршаған ортаға теріс және жағымды әсерлері бар. Осы мақаланы жазудың мақсаты - өмірдің қауіпсіздігін, нооқабақтың аспектілерін, қоршаған ортаға адамның әсер етуін зерттеу. Қауіпсіздік - қауіп-қатердің көрінісі белгілі бір ықтималдықпен алынып тасталған немесе шамадан тыс қауіп төндіретін қызмет жағдайы. Өмірдің қауіпсіздігі - бұл өздерінің барлық мекендейтін жерлеріндегі адамдардан қауіптену және оларды қорғау тәсілдері зерттелетін білім саласы. Адам және қоршаған орта оларды күрделі ортамен өзара әрекеттесуде. Осы өзара әрекеттесу барысында теріс және оң өзара байланыс пайда болады.

**Түйінді сөздер:** адам, техносфера, денсаулық, қауіп, еңбек жағдайлары, қауіпсіз еңбек жағдайлары, қоршаған орта.

Ensuring a favorable quality of the environment and the organization of environmental management is one of the most pressing problems. Awareness of the global environmental crisis



that has taken place by the authorities of most countries of the world in the middle of the last century led to the formation of international cooperation in the field of environmental protection and a dynamic change in the internal environmental legislation of most countries of the world.

The problem of protecting a person from hazards in various conditions of his habitation arose simultaneously with the appearance on Earth of our distant ancestors. At the dawn of humanity, people are threatened by dangerous natural phenomena, representatives of the biological world. Overtime, the danger began to appear, the creator of which was the man himself.

The high industrial development of modern society, dangerous natural phenomena and natural disasters and, as a result, the negative phenomena associated with the accident rate of production, the growth in the number of major industrial accidents with severe consequences, the environmental changes resulting from human economic activity, military conflicts of various scale continue to inflict a huge Damage to all countries of the planet, and events arising from the impact of such phenomena and their consequences [1].

The most destructive natural hazards. Earthquakes are seismic phenomena that occur as a result of sudden displacements and ruptures in the earth's crust or the upper part of the mantle, transmitted over long distances in the form of sharp oscillations, leading to the destruction of buildings, structures, fires and human victims. Destructive are earthquakes with an intensity of more than 7 points on a 12-point Richter scale, dangerous - more than 5 points. The earthquake is the most terrible natural disaster. Annually on Earth there are up to 1500 earthquakes, up to 300 of them are destructive [2].

**Аннотация.** В статье рассматривается семантическая структура лексем. Система языка представляет собой организованную сеть знаков и правил, а также речевую деятельность, целью которой является коммуникация. Сема являет собой минимальную единицу языка и компонент значения слова. Основу лексической системы составляют категориальные значения частей речи, характерные для конкретного языка. Ядро лексико-семантического поля составляют архисема и лексические единицы, наиболее тесно связанные семантически и ассоциативно. Сема определяется как минимальная предельная единица плана содержания. Семы – это элементарные отражения в языке различных сторон и свойств обозначаемых объектов и явлений действительности. Сема реализуется как компонент значения слова.

**Ключевые слова:** лексическая система, язык, поле, исследование

**Аңдатпа.** Мақала сөздің семантикалық құрылымын зерттеуге арналады. Мақалада семантикалық топтарының өрісін ұйымдастыру мәселелерін қарастырылады. Тіл жүйе ретінде талданады. Тіл жүйесі – бұл ұйымдастырылған белгілер жиынтығы және оларды пайдалану ережелері, ал сөйлеу қызметі – тілді тікелей білу, яғни тілді белгілі бір коммуникативтік мақсаттарда қолдану қабілетін іске асыру. Лексикалық жүйенің негізін нақты тілге тән сөйлеу бөліктерінің категориялық мәндері құрайды. Жұмыста етістіктің семантикалық топтары қарастырылады, ағылшын тілдеріндегі етістіктердің лексика-семантикалық өрістерінің құрамы мен мағыналық құрылымы салыстырыла отырып, етістіктің мағыналарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталады. Сема тілдің кіші бірлігі және сөз мағынасының компоненті болып табылады.

**Түйін сөздер:** лексикалық жүйе, тіл, өріс, зерттеу

**Abstract.** The article deals with the semantic classification of lexemes. The language system is an internally organized set of signs and rules of their use, and speech activity is a direct knowledge of the language, i.e. the realization of the ability to use the language for certain communicative purposes. The basis of the lexical system is formed by the categorical values of parts of speech that are typical for a particular language. The core of the lexical-semantic field consists of archiseme and lexical units, which are most closely related semantically and associatively. Seme is defined as the minimum limit unit of the content plan. Semes are elementary reflections in the language of different sides and properties of designated objects and phenomena of reality. Seme is implemented as a component of the word meaning.

**Key words:** lexical system, language, field, investigation

The lexical system of the language is reflected in the lexical – semantic field - a group of words characterized by some semantic community. Language units are part of the lexical-semantic field on the basis that they contain about them archiseme. All the vocabulary of the language can be represented in the form of a hierarchy of lexical-semantic fields.

The system is understood as an internal phenomenon, which is a system of relations and connections existing between its elements. The investigation of the language system as a whole or its separate sphere presupposes not only the analysis of the material units of the language, their

relations and connections, in which these latter are located, but also their synthesis, allowing to approach the essence of the language system with greater completeness and accuracy, to reveal the internal and external causes and patterns of its development.

**The main part.** The basis of the lexical system is formed by the categorical values of parts of speech that are typical for a particular language. Structural and semantic classification of lexemes by parts of speech is essential for the lexical system of the language, as the distribution of words by parts of speech is based on the structural and semantic features of lexical units, which represent these units as nouns, adjectives, verbs, etc., i.e. as words belonging to different structural and semantic types. The language system is an internally organized set of signs and rules of their use, and speech activity is a direct knowledge of the language, i.e. the realization of the ability to use the language for certain communicative purposes. Language as a global phenomenon includes three categories: the language system, speech activity and text.

The core of the lexical-semantic field consists of archiseme and lexical units, which are most closely related semantically and associatively. When moving from the core to the periphery we see that the meaning of the elements of the field become more complicated, they have differential seme, they get more specific. Language units, which are located on the periphery are often also characterized by expressiveness and limited in use. The semantic structure of a single word is a set of elementary meanings, "semes" that make up this meaning. Each seme is a reflection in the minds of native speakers of the various features objectively inherent in the denotate, or attributed to it by the language environment.

Seme is defined as the minimum limit unit of the content plan. Semes are elementary reflections in the language of different sides and properties of designated objects and phenomena of reality. Seme is implemented as a component of the word meaning. Semes as components of meaning differ from each other in their nature and hierarchical status, which is associated with the reflection of their objective properties of objects and phenomena of different importance for the systematization and distinction of non-linguistic objects.

For the totality of semes of words is characterized a hierarchy. The archiseme is a generic component. Common semes of two or more lexical units are called integral, individual – differential. A large amount of information is associated with language signs in the human mind. The strength of associative links of various pieces of knowledge varies greatly. Denotative semes occupy a leading place in the lexico-semantic hierarchy. In the interpretations of dictionaries, they act as components of the basic meaning [1].

E. Lendvai notes, that denotative semes have the strongest associative relations with linguistic signs, which are manifested in their high frequency in the words-reactions of subjects.

Denotata includes features, properties of objects, of objective reality, highlighted by human cognitive activity and received a lexical designation. Denotata is an individual representation of a real or imaginary object that has some linguistic correspondence in the form of a word - concept. Denotata – is "individual phenomenon", which individuality is limited by a number of circumstances[2].

The perception of the native speakers is the same, the presence of word - concepts helps the speaker to shape and design the idea of the items [3]. The lexical meaning of verbs can consist of two components of two kinds: denotative and not denotative semes. Intensional and extensional semes are allocated under a semantic kernel. The concept is characterized by quantitative and qualitative parameters, i.e. volume and content. Extensional semes express a class of objects related to this concept. The combination of extensional semes is extension. Any concept has a certain volume, consisting of objects, which have intensional semes of this concept. These concepts differ if one element of the first concept is missing in the volume of the other.

Connotation can be regarded as an additional content of a word. Connotation is a special component, an additional meaning accompanying the meaning of the language unit. Connotation characterizes words in the evaluative, emotional and stylistic parameters and displays knowledge of the properties [4].

V.A. Maslova considers connotations as an implicit component of meaning, which is realized by native speakers. Connotations do not exist separately from the meaning and are introduced simultaneously with it into the speech sequence[5]. Connotations connect the information about the world and information about the relation of the subject of speech to the designated. The semantic-pragmatic approach to the problem of language meaning allows to restore the acts of intentional consciousness, constituting specific meanings. The analysis of the pragmatic component is limited to the level of expression in the text. We study the intentional meanings of the speaker, which are reconstructed at the level of analysis of the meanings expressed in a particular statement and its immediate context. Each statement has the pragmatic component. The activity of the subject of speech leads to the creation of the pragmatic component in the statement, which is manifested in the choice of the speaker's lexical -semantic, morphological and syntactic means of language, the structure of which is influenced by the referential situation and the communicative needs of the speaker.

The functioning of the language is inseparably linked to the situational context. The statement carries not only an indication of a certain situation, but also the attitude of the participants of communication to this situation. The speaker not only reports a certain situation, but also expresses his attitude to this situation. Components of this kind are layered on semantic or significative components of meaning and form a pragmatic component.

Y.S.Stepanov notes that the category of subjects of speech should be at the center of pragmatic research, taking into account all the features of his consciousness, manifested in speech. In order to understand the sign, we need to interpret it. Interpretation of the sign – operation, achieved by replacing the original sign of another sign or set of signs. The meaning of any sign can not be determined without reference to the verbal code[6].

Connotations of lexemes are objectified in a number of phenomena belonging to language or speech. Language manifestations connotations are figurative meanings, habitual comparisons, idioms. The pragmatic function of the word can be analyzed only when it is considered as part of the statement used in speech. Pragmatics includes psychological, biological and sociological phenomena observed in the functioning of signs. The main interpreter of objects of the world and signs brings together pragmatics, semiotics and linguistic pragmatics. Semantic-pragmatic approach to the problem of language meaning allows to restore the acts of intentional consciousness, constituting specific meanings. The analysis of the pragmatic component is limited to the level of expression in the text. We study the intentional meanings of the speaker, which are reconstructed at the level of analysis of the meanings expressed in a particular statement and its context. The pragmatic component is present in each specific statement.

The activity of the subject of speech leads to the creation of the pragmatic component of the statement, which is manifested in the choice of lexical-semantic, morphological and syntactic means of language, the structure of which is influenced by the reference situation and the communicative needs of the speaker. Thus, semantics, syntactics and pragmatics are the moments of a speech. Hence it follows that in pragmatics should be studied multilevel units in specific communicative acts as signs of cognitive and linguistic activity of the subject of speech. The peculiarity of the communicative act forces the speaker to make the appropriate selection and organization of the means of language, which are subject to the requirement of adequate expression of the fact. When interpreting natural language, attention is drawn not only to the issues of its use in communicative acts, but also to the question of how it is possible to truly speak about the reality around us. The last question concerns the identification of the conditions for the reference of the expressions that make up the sentences. The intention can be expressed explicitly or implicitly. Explicitness is the formal expression of the language elements and the links between them. Implicitness is when the communicative purpose is deduced from the content of the statement, the general situation of speech, the general background knowledge of the participants in communication.

V. Ya. Shabes defines the "background knowledge" as a fragment of the cognitive component as follows: in contrast to nonverbal experience, background knowledge is determined in each case

relatively to this text according to the formal-semantic criterion of non-expression (non-verbalization) [92; 13]. Background knowledge is associated with the culture, traditions, life, religion of the nation, with the practice of using things, with the specifics of the social structure of society. These components, which are of the greatest interest for pragmalinguistics, are, as a rule, implicit, are not reflected in dictionaries and exist in the linguistic consciousness of native speakers. From the analyses of the following statement we can see the intention of a speaker:

"Can you tell us, Dave?" Naomi asked gently. "If you can't, say so. But if it will make it better for you... easier... tell us"

"Dear Sarah", Dave said. He took her hand and smiled. "I love you - have I ever told you so?"

She shook her head, smiling back. Tears glinted in her eyes, like tiny specks of mica. "No. But *I'm glad*, Dave" [7].

The intention of the speaker is gratitude. *To be glad* acquires a pragmatic component of gratitude.

**Conclusion.** Thus, the word is the property of the individual, and therefore the approach to the word is carried out from the standpoint of the specifics of the language/speech mechanism of man, which allows to explain what a person knows when he knows the meaning of the word, what is based on the experience of the meaning of the word as a familiar, understandable, what strategies and support elements are used when searching for words in memory, in the understanding of the perceived text. The pragmatic component in the meaning of the word must be analyzed in context. Variation of lexical meaning is known to occur as a result of the lexical compatibility of the word. The theory of speech acts studies speech act and explores how language is used to achieve this goal in the course of social interaction of people. Reference correlation of language expressions is carried out by specific people and therefore it is impossible to consider the context of use without taking into account the intentional state of the speaker. In the human mind the language signs are associated with a large amount of information. The strength of associative links of various pieces of knowledge is different. Denotative semes occupy a leading place in the lexical-semantic hierarchy. In the interpretation of dictionaries, they act as components of the main meaning[8].

### References

1. Апресян Ю.Д. Лексическая семантика. Синонимические средства языка. – М.: Наука, 1974. – 367 с.
2. Лендвай Э. Лексическая семантика русского языка. – Budapest, 1998. –260 с.
3. Васильев Л.М. Семантика русского глагола. – М.: Высшая школа, 1981. – 184 с.
4. Солодуб Ю.П. Структура лексического значения // Филологические науки. – М., 1997. –

№2.

5. Маслова В.А. К построению психолингвистической модели коннотации// Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1989. –№1. – С.108-120.
6. Степанов Ю.С. В поисках прагматики (проблемы субъекта) // Изв. АН СССР. Сер.литер. и яз. 1981. –Т.40. – №4. – С.325-332.
7. King S. Four Past Midnight. Words are his power.-New English Library. Hodder and Stoughton Early Export Edition, 1991. – 934 p.
8. Сулейменова З.Е. Значение слова и его описание// Вест. КазНПУ им. Абая. Сер. «Филологические науки»–2010. –№4 (34). – С. 13-16

**ГТАМР 17.09.91**

## **ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ**

**М.Р. БАЛТЫМОВА, У.Д. УТЕПОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ-башқұрт әдеби байланыстарының даму тарихы мен кезеңдері нақты деректер негізінде қарастырылып, қаламгерлердің шығармашылық байланыстары талданған. Бұл ретте түркі халықтарына ортақ әдеби мұрамыздың дамуына үлес қосқан зиялылардың еңбектерін талдау, қазақ және башқұрт әдебиеттерін салыстыра зерделеу мақсаты қойылған.

**Кілт сөздер:** әдеби байланыстар, қазақ әдебиеті, башқұрт әдебиеті, әдеби мұра.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются история и этапы развития казахско-башкирских литературных связей, проанализированы творческие связи писателей. При этом поставлена цель анализа трудов интеллигенции, внесших вклад в развитие общего литературного наследия тюркских народов, сравнительного изучения казахской и башкирской литератур.

**Ключевые слова:** литературные связи, казахская литература, башкирская литература, литературное наследие.

**Annotation.** This article discusses the history and stages of development of the Kazakh-Bashkir literary connections, analyzes the creative connections of writers. The goal was to analyze the works of the intellectuals, who contributed to the development of the common literary heritage of the Turkic peoples, a comparative study of the Kazakh and Bashkir literatures.

**Key words:** literary connections, Kazakh literature, Bashkir literature, literary heritage.

Әдебиеттің басқа да құбылыстары сияқты әдеби байланыстың да өзіндік пайда болу процесі, даму жолы және тарихи кезеңдері болады. Бұл құбылыстар әдебиетті жасаушы халықтардың тарихи байланысына, саяси-экономикалық және мәдени қарым-қатынасына

негізделеді. Әдеби байланыс – белгілі бір ұлт әдебиетінің әлем халықтары әдебиетімен қарым-қатынасы. Әдебиет әлеміндегі рухани алмасулар – көркемдік дамудың, әдеби процестің өзіндік заңдылығы. Бүтіндей алғанда, әдеби байланыстың әлем әдебиеті тарихында алатын орны зор. Ұлттық әдебиеттердің даму деңгейі сол кезеңдегі әдеби байланыстың да бағыты мен көркемдік рөлін анықтайды. Оның түрлері мен жолдары көп және бұл процесте аударманың алатын орны өзгеше. Әдеби байланыс жалпы ұлттық әдеби процеске, онда жаңа көркемдік ағымдардың пайда болуына ықпал етеді. Әдебиеттану ғылымында ұлттық әдебиеттердің өзара қарым-қатынасының негізгі түрі ретінде әдеби байланыстар мәселесі ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың басында зерттеле бастады.

Әдеби байланыс – тарихи категория, сол себепті де әр ұлттың әдебиеті басқа әдебиеттермен байланыста өмір сүреді. Қай әдебиет болса да, өзара байланыссыз, қарым-қатынасыз толық кемелдене алмайды. Әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани алмасулар әдеби байланыстарды құрайды. Ғалым Ш.Сәтбаеваның пікірінше: «Әдеби байланыстар халықтардың өзара білісуі, түсінісуі, ынтымақтасуы, жақындасуы, мақсаттасуы, бірлесуі, достасуы сияқты аса ізгі мұратқа да қызмет етеді» [1, 8]. Көркемдік дамудың, әдеби процестің маңызды бір заңдылығы ретінде әдеби байланыстар – әдебиет әлеміндегі тоғысулар, қарым-қатынастар, рухани байлықтардың алмасуы. Қоғамның прогресс жолымен дамуы қажеттілігінен туған мәдени, әдеби байланыстардың өзіндік мол тарихы, бай мазмұны бар.

Түркі халықтарының типологиялық үйлестігі, тарихи, әлеуметтік және қоғамдық-саяси жағдайлар ұқсастықтары, тектестік, жақындық сана-сезім бірлігі олардың үнемі қарым-қатынастар жасауына шынайы мүмкіншілік туғызды. Ал, бұл өз кезегінде типологиялық ұқсастықтардың қалыптасу мен дамуына жағдай жасаған факторларға әсері тиетіні мәлім. Бұл тұста ілгері-кейінді байланыстар ішкі әдеби алмасуларды арттырып, молайтты. Аталған заңдылық екі ғасыр аралығындағы түркі халықтарының әдеби байланыстарында өте айқын аңғарылғандықтан, олардың әдеби даму процесіне қатысты қарастырылатыны сөзсіз. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге орай қазақ халқының қоғамдық және рухани өмірінде өрістеу басталды. Бұл өрістеуде қазақ мәдениеті мен әдебиетіне жаңашылдық, құбылыстық сипат енгізген үш алыптың – Шоқан, Ыбырай, Абайдың орны ерекше. Әсіресе, Ш.Уәлиханов, Х.Фаизханов, Ә.Диваев секілді түркілік түркітанушы фольклоршылар өзінің және басқа түркі халықтарының фольклорлық үлгілері мен мәдени, тіл, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне қатысты жазбаларды қағазға түсіріп, келер ұрпақтың кәдесіне жаратты. Сондай-ақ олар түркі халықтарының өзара мәдени-әдеби байланыстарынан әрі қарай ілгерілеуіне жағдай туғызды. Мәселен, шығыстанушы ғалым, ағартушы Ш.Уәлиханов қырғыздың «Манас» эпосының нұсқасын қағазға түсіріп, еуропалық



ғылыми әлемге алғаш болып әйгіледі. Ал түркітанушы В.В.Радлов болса, 1885 жылы «Манас» жырының қырғызша тұңғыш ғылыми жазбасын неміс тіліндегі аудармасымен жарыққа шығарды. Татар зерттеушісі Х.Фаизханов Шоқан Уәлихановтың зерттеулеріне қызығушылық танытып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Әлбетте қазақ шығыстанушысы Ш.Уәлиханов пен татар ағартушысы Х.Фаизхановтың өзара пікірлестігі мен ғылыми қызығушылығына әсер еткен тектестік, жақындық сана, тарихи-мәдени тұрғыдағы үйлесімділік екені даусыз.

Сонымен, XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап түркі халықтарының әдеби әлемінде А.С.Пушкин, И.А.Крылов, Л.Н.Толстой, М.Е.Салтыков-Щедрин туындыларын өзбек Фуркат, Мунуми, қазақ Абай, Ыбырай, татар Каюм Насыри, Т.Яхин сынды таланттар өз тілдерінде сөйлетті. Бұдан басқа Түркістан өңірінде орыс классиктерінің шығармалары түрік тіліндегі көшірме Нияр ханумның аударуымен кеңінен тарады. Тоғолоқ Молдо сынды ақындар орыс қаламгерлерінің шығармашылығымен осындай түркі тілдес аудармалар арқылы танысты. Бұл жерде басты мәселе – көркем аударма түркі тілді ақындардың ой-сезіміне қай тіл арқылы әсер етуінде емес, керісінше шығарманың сюжет желісін пайдаланып, жалпы болмысын соншама өзгертуі түпнұсқаның таным-түсініктен өткізіп ұлттық салт-дәстүрге бейімдеуі еді. Ең маңыздысы – кейбір ұлттың рухани жетістігі ортақ құндылық болып табылған кезеңде диалектикалық байланысты әкелуін тарихи- мәдени процесс құбылысы ретінде қабылдау, бірақ ұлттық мәдени нақышты жоғалтпау.

Татар, өзбек, башқұрт, әзірбайжан және тағы басқа әдебиеттер ықпалымен қазақ қаламгерлері халықтың қанауға қарсы күресіне арқау болған өткір әлеуметтік мазмұнды жоғары идеялық деңгейдегі шығармалар жазды. Бұл әрі жауапты, әрі төл еңбекті қажет ететін үрдісте оларға сол кезеңдегі ірі түркі сөз зергерлері Батыс пен Шығыс әдебиеттерін байланыстыратын көпір қызметін атқарды. Сонымен, Шығыс Түркістан өнерінің Ресей мемлекетіне қосылуы түркі халықтарының ұлттық сана-сезімін оятып олардың назарын (зейінін) өз тарихи тіліне, әрі мәдениетіне аудартты. Сондай-ақ, олардың аймақтық, тектестік негіздегі шығармашылық қарым-қатынастарының дамуына қолайлы жағдай туғызды. «Түркі жұрты прогресшіл интеллигенцияның арқасында ұлттық рухани мұраларына ерекше көңіл бөліп, әлем мәдениетінің көшін өрге сүйреген құндылықтармен табысты, танысты. Кей жағдайда зиялы қауым өкілдері түрлі халықтар мен елдердің әдеби-мәдени жетістіктеріне сын көзімен қарап, баға беруге бейімделді. Мәселен, ғасыр басындағы башқұрт-татар әдебиеті туралы осыны айтуға болады. Өйткені сол кезеңде оның әдеби-тарихи процесс негізінде әлемдік өркениетпен тығыз қарым-қатынас жасап, дамығаны айна қатесіз шындық» [2, 132]. Бұған бірқатар ғалымдардың еңбектері дәйек болмақ. Әрине, бұл ілгері жылжудың

басты тірегі баспасөз болды. Осы тұста түркі халықтарының мәдениетке деген ұмтылысы ерекше еді. Әсіресе, башқұрт-татар халқының интеллигенция шоғыры өз елінің және басқа түркі ұлыстарының мұң-мұқтажын өтеу тұрғысында айтулы еңбек етті. Олар өз басылымдарын татарларға ғана емес, бүкіл Ресейдің түрік мұсылмандарына арнап шығарды. Олай дейтініміз, татар газет-журналдарында жариялаған материалдардың бірқатары түркі халықтарының тарихына, әдеби-мәдени өміріне арналды. Мысалы, «Шура» журналының библиографиялық көрсеткішіне көз жіберсек, «Төркі халықтар тарихы» бөлімінде башқұрт, қазақ, ноғайлар туралы арнайы материалдар жарияланғанын байқаймыз. Башқұрт, қазақ, өзбек ұлттары да «татар қандастарынан» қалыспай, баспасөз ісін жандандыруға кірісті. Зиялы қауым өкілдері өз жазғандарын (өлең, әңгіме, фельетон, хат-хабарлар) кітап етіп бастыруға, газет-журнал беттерінде жариялауға тырысты. Жоғарыда айтқанымыздай, әдеби байланыстар жүйесін айқындайтын халықтардың әлеуметтік жағдайының бірлігі, саяси-экономикалық қатынастары, рухани, тілдік, аймақтық жақындығы және т.б. сияқты түрлі объективтік алғышарттар қазақ-түркі алмасуларына да қатысты.

Сөйтіп, әдеби-тарихи процеске байланысты қаз тұра бастаған башқұрт, татар, қазақ, өзбек, түрікпен, қырғыз баспасөздері халық сұранысын өтеп, ұлттық мәселелер аясындағы рухани және әлеуметтік проблемаларды көтерді. Бірақ газет-журналдар саяси, әлеуметтік, экономикалық және рухани-діни құрылымына қарай әртүрлі бағыт ұстанғанымен, бір ғана мақсатты мұрат тұтты. Ол – халықты әлемдік өркениетке сүйреп, ұлттың интеллектуалды дәрежедегі ерекшеліктерін көрсету еді. Осы тұрғыда көлемді, көркем материалдар көптеп жарияланып, байсалды әрі берік баспасөз орнықты.

Башқұрт жазба әдебиеті Қазан революциясынан кейін қалыптасты. Одан бұрынғысы – негізгінен халық поэзиясы, фольклор. Ауыз әдебиетінде форма жағынан ерекше жетілген жанр – қобайыр. Ол қазақ поэзиясындағы толғауға жақын. Қобайырдың өзегі әлеуметтік сарын, яғни Орал тауын, Ақ Еділді, туған жерді, халқын мадақтау. Ал «Ақбозат», «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Күсәк бей» секілді эпикалық поэмалар – башқұрт тарихының түрлі кезеңдерін бейнелеген кесек туындылар. XVII-XIX ғасырларда әуезді, сырлы, шерлі, әнмен айтылатын «Салауат», «Азамат», «Орал» сияқты тарихи жырлар, «Зұлхиза», «Шаура» секілді аңыздар туды. Революцияға дейін Башқұрт поэзиясының кейбір нұсқалары қолжазба түрінде тараған. Башқұрт әдебиетінің тарихында Салауат Юлаевтың есімі әйгілі. Жауынгер ақынның ел аузында қалған, кезінде орыс тіліне аударылған жырларына тән сипат – ереуіл рухы, әлеуметтік идея, азаматтық пафос.

Діни уағызға арнап шығарма жазған Т.Ялсыгул (1787-1838), Ә.Қарғалы (1784-1825), Г.Салихов (1794-1867), Ш.Заки (1825-1865), Ғ.Сокрый (1826-1889) секілді ақындар мистика мен сопылық ілім шырмауында қалып қойды. XIX ғасырдың II жартысында башқұрт

әдебиетінде ағартушылық бағыт өрлей бастады. Бұл кездің көрнекті өкілі, талантты ақын, тілші, фольклорист, этнограф, тарихшы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері М.Үмітбаевтың (1841-1907) 1897 жылы шыққан «Жәдігер» жинағында ғылыми еңбектері, өлеңдері топталған.

Башқұрт совет әдебиетінің іргетасын қалауда М.Ғафуридің «Қызыл ту», «Ант», «Еңбекші», «Татар жігітіне», Д. Юлтыйдың «Октябрь», «Аттан, жігіт», «Майсара», Ш.Бабичтің «Халыққа арнау», С.Құдаштың «Қызыл әскер», «Айтшы» секілді революция жырлары аса зор рөл атқарды. XX ғасырдың 30-шы жылдары халық өмірінің әр түрлі кезеңін бейнелейтін реалистік әдебиет дүниеге келді, бұл ретте С.Құдаштың «Қос қайың», С.Агиштің «Жағдайға орай» повестері, Д.Юлтыйдың «Қан», А.Тагировтың «Солдаттар», «Қызыл гвардияшылар», «Қызыл әскерлер», И.Насыридың «Кедей» романдары, Х.Ибрагимовтың «Башмақшы», К.Даянның «Таңшолпан», Н.Кариптің «Алма» пьесалары, Б.Ишемғұлдың «Отан» (1936), Х.Каримнің «Салтанат», Р.Нигматидің «Ақ Еділдің әсем айдыны» (1940) өлең-жырларын айтуға болады. Отан соғысының қаһарлы шындығы А.Бекчентаевтің «Аққулар Оралда қаладысы» (1956), «Үлкен оркестрі», Х. Дәулетшинаның «Ырғызы» – прозадағы; Р. Нигматидің «Большевигі», Х. Каримнің «Алтын масағы», С. Құдаштың «Отаным менің» сынды поэзиядағы елеулі шығармалары арқылы әдебиетте жан-жақты бейнеленді.

Ежелден іргесі бір, тілінде, тұрмысында, салт-санасында ұқсастығы көп қазақ пен башқұрт – туысқан халықтар. Башқұрт жазуларының шығармалары қазақ тілінде көп аударылды. Белгілі ақын, әрі драматург Мұстай Кәрімнің «Ай тұтылған түн» пьесасы қазақ сахнасынан көп жыл бойы түскен жоқ. М.Әуезовтің «Абай» эпопеясы, т.б. көптеген қазақ шығармалары башқұрт тілінде жарық көрді. С.Құдаш пен Б.Майлиннің, С.Мұқановтың творчестволық достығы үзілген емес.

Башқұртстан мәдениеті дәстүрлі ұлттық мәдениет арнасында қалыптасты. Ежелден іргесі ажырамаған тұрмысында, тілінде, салт-санасында ұқсастықтар көп қазақ пен башқұрт туысқан халықтар болғандықтан, Алтын Орда, Ноғай ордасы кезеңдерінен қалған батырлар мен билер туралы көптеген жыр-дастандар екі халыққа да ортақ.

Қазақ, башқұрт поэзиясында елеулі із қалдырған Ақмолла ақын – башқұрт әдебиетіндегі ірі тұлға. Оның шығармаларын Сәкен Сейфуллин 1935 жылы құрастырып шығарса, 1986 жылы ақын өлеңдері «Күндер мен түндер» деген атпен екінші рет қазақ тілінде басылды. М.Ғафуридің «Ақынның алтын кенінде» (1931) атты өмірбаяндық шығармасында қазақ тұрмысын бейнелейді. Башқортостан жазушыларының шығармалары қазақ оқырмандарына да жақсы таныс. Р.Нигмати, Х.Карим, Бикчентаев, К.Мерген,

Р.Бикбаев, Р.Гарипов, Р.Сафин, Н.Мусин, тағы басқа қазіргі башқұрт әдебиетінің көрнекті өкілдері, М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы, тағы басқа көптеген қазақ шығармалары башқұрт тілінде жарық көрген.

Қазақ пен башқұрт халықтарының тарихына көз жіберсек, бұл туысқандық тамырларының тіпті тереңнен, сонау көне ғасырлардан басталатынын көреміз. Біріншіден, екі халықтың шыққан тегі бір – тарих сахнасынан біздің дәуіріміздің басында-ақ көріне бастаған сонау көне түркі тайпалары. Екіншіден, бұл екі халық көп уақыт бойы әуелі V-VIII ғасырларда Түрік қағанатының, кейін IX-XII ғасырларда Дешті Қыпшақ одағының, кейін XIII-XV ғасырларда Алтын Орда хандығының құрамына кіріп, бір мемлекеттің қол астында өмір сүрген. Осы әдебиеттердің көптеген көне ортақ үлгілері көбінесе осы кезде жасалған [3, 139]. Үшіншіден, бұл екі халық кейін сол көне түркі-монғол тайпалары құрған қоғамнан бөлініп шығып, бірі бұлғар-татар одағының, екіншісі үйсін-қыпшақ одағының негізінде өз алдына жеке халық болып қалыптасқан. Төртіншіден, бұл екі ел бірі – қазақ, екіншісі – башқұрт атанып, тарих сахнасына шыққанан бері негізінен бір өлкені (Еділ-Жайық өзендерінің бойлары мен Орал-Алтай тауларының арасын) мекендеп, көп ғасырлар көршілес қонып, іргелес тұрып өмір сүріп келеді.

Міне, осы түбі бір туыстық, көне көршілік, тарихи тағдырластық және эконмикалық қатынас екі елдің мәдени өміріне, соның ішінде әдебиетіне де елеулі әсерін тигізіп, олардың өзара жақындасуына себеп болды. Мұны, әсіресе екі халықтың ежелгі заманнан бері сақталып келе жатқан ауыз әдебиеті үлгілеріне көз жіберсек анық аңғарамыз. Бұл жөнінде белгілі татар ғалымы, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Усман былай деп жазады: «Қазақ-татар әдебиетінің қарым-қатынас, өзара байланыс тарихы өте ертеден басталады. Олардың түп тамыры, бастау бұлағы біздің халықтарымыздың ауыз әдебиетінде жатыр. Ескі Орхон-Енисей жазуы мен Махмұт Қашқари сөздігіне үңілсек, олардан біздің тілімізде күні бүгінге дейін ортақ мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Мұндай туыстас шығармалар кейігі замандарда да кем түспейді. Әсіресе эпос төңірегінде аса қызғылықты жәйттер бар...» [4, 26].

Башқұрт-татар мен қазақ халықтарының бір кезде бір хандықтың қол астында өмір сүріп, көптеген әдебиет нұсқаларын жасағанын ауыз әдебиетін көп зерттеген ақын С.Сейфуллин де растайды. Ол өзінің қазақ әдебиет тарихына байланысты еңбектерінде, тіпті «Ноғайлы дәуірінде туған әдебиет» деген арнаулы бөлім енгізеді. С.Сейфуллин ертедегі ноғайлы дәуірі (XV-XVII ғасырлар) кезінде жасалған әдебиет нұсқаларын қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қарақалпақ тағы басқа халықтардың бірігіп жасаған ортақ әдебиеті деп есептейді. Бұған ол көбіне батырлық жырларды және лиро-эпостық дастандарды жатқызады: «Қазіргі Қырым, Астрахань, Қазан, Еділ бойлары, Башқұртстан, Өзбекстан, Қарақалпақ және

басқа жерлердегі түркі, монғол руларының ол заманда ноғайлы елі атанғандары, ертедегі ноғайлы батырлары туралы айтылған жырларды, әңгімелерді «біздікі еді» десе айтуларына болады. Олай айтуға хақылары да бар. Ноғайлы заманындағы ноғайлының батырлар әңгімесіне бәрі де ортақ деуге болады. Оларға... қазіргі қазақтар да ортақ» [5, 299].

Әдебиеттер байланысы, әрине тек халықтардың байырғы қатынастарымен, атап айтқанда, олардың шыққан тегінің бірлігі, тіл туыстығы, мекен жақындығымен ғана шектелмесе керек. Бұл мәселеде шешуші қызмет атқаратын нәрсе – халықтар арасындағы саяси-экономикалық, әлеуметтік байланыс, осыған сай туатын тарихи тағдырлар мен мұраттардың ортақтығы, арман, тілектер мен ұлттық мүдделердің ұқсастығы болмақ. Халықтардың, оның ішінде, қазақ, татар халықтарының осы ортақ мақсаттары мен ұқсас мүдделері ХІХ ғасырдың ІІ жартысында айрықша көзге түсті.

Башқұртстан мен Қазақстанның рухани байланыстары орыс мемлекетінің түгелдей қол астына қосылып кетуіне байланысты жалғаса түсті. Өйткені осыған байланысты қазақ, башқұрт халықтарының арасындағы екі-үш ғасырға созылған үзіліс қайта жалғасты. Осыған байланысты олардың әдебиеттерінің арасындағы көне қатынас та қайта қалпына келіп, жаңа мазмұн, жаңа мағына тауып, жаңа бір арнамен дами бастады.

Міне, осыдан бастап, қазақ-башқұрт әдебиеттерінің арасындағы байланыстың жаңа дәуірі – екінші кезеңі басталды.

ХІХ ғасырдың ІІ жартысында қазақ, башқұрт-татар әдебиеттерінің арасын жақындастырған бір әдеби құбылыс пайда болды. Ол – өз шығармаларын екі тілде қатар жазып, екі әдебиеттің ортақ өкілдері болып кеткен қазақ-татар әдебиеттерінің ортақ өкілдері Ахмет Оразаев Құрмаши мен Ақмолла шығармашылығы еді. Бұлардың қайсысы болса да екі елдің ортақ ұлы болып, екі халықтың тілімен әдебиетін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын жақсы білген. Сондықтан да оларға екі халық тілінде де және екі халықтың тұрмысы, арман-тілегі жөнінде шығармалар жазу аса қиынға соқпаған.

XX ғасырдың басында башқұрт-татар әдебиеті барынша дамыды. Ол он ғасыр бойы жасай алмаған әдебиетін жасап, он ғасыр бойы тудыра алмаған әдебиет алыптарын тудырды. Башқұрт әдебиетінің классигі Мәжит Ғафури (1888-1934) көп жыл бойы Троицк қаласында тұрды. Жаз күндері қазақ ауылдарына барып, мұғалім болып, бала оқытты. Сонда жүріп қазақ халқының өлең-жырымен, ән-күйімен танысты. М.Ғафуридің шығармашылық дарынының қалыптасуына қазақтың халық өнерінің елеулі әсері болған. Оны ақынның өзі де мойындап, өзінің өмірбаянында былай деп жазады: «Қазақтардың сөзге шешендігі олардың өлеңге және өлең шығаруға деген табиғи қабілеті (таланты), поэзияға толы көшпелі өмірі, қазақ әйелдерінің басқа шығыс әйелдеріне қарағанда еркін өмірі және олардың жүздерін

жасырмай, ашық жүруі – міне, осының барлығы да маған үлкен әсер етті. Сондықтан да олармен бірге өткізген жеті жыл менің өмірімде өмір бойы өшпес із қалдырды... Мен ол күндерімді қазір де асқан сүйіспеншілікпен есіме аламын және ол жылдарға деген менің құрметім есімнен өмір бойы өшпек емес» [6, 24].

Башқұрт-татар мәдениеті мен әдебиетінің ықпалында болған қазақ ақын-жазушыларының бірі және ең көрнектісі «Гүлкәшима» (1903), «Топ жарған» (1907) поэмаларымен танымал болған Мұхаметжан Серәлин (1871-1929) еді.

Қазақ-башқұрт-татар әдеби байланыстары ешқашан жібі үзілмеген желі іспетті. Тақырыптық-идеялық байланыс ортақтығы, мақсат-мүдде ортақтығы оларды ұлттық мүдде, отаншылдық рух аясында да біріктірді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Сәтбаева Ш. Әдеби байланыстар. – Алматы: Жазушы, 1974. – 412 б.
2. Сүтжанов С. Рухани алмасу арналары. Монография. – Павлодар, 2003. – 186 бет.
3. Дәдебаев Ж. Жазушы еңбегі. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 340 бет.
4. Усман Х. Егіз жырлар // Қазақ әдебиеті. – 1962. – №4. – Б. 132-138
5. Сейфуллин С. Шығармалары. – Алматы, 1964. – 214 б.
6. Татар әдебиеті. XX ғасыр. II бөлім. – Қазан, 1954. – 320 б.

**ТАРИХ, ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ**  
**ИСТОРИЯ, ФИЛОСОФИЯ И СОЦИОЛОГИЯ**  
**HISTORY, PHILOSOPHY AND SOCIOLOGY**

**GTAMP 14.43.47**

**ТҮРКІЛІК РУХАНИ МҰРАЛАРДЫҢ ЖАСТАРДЫҢ**  
**ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ РОЛІ**

**Г.С. СИМУҚАНОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Мақалада түркілік рухани мұралардың қазіргі кездегі жас ұрпақтың тәрбиесіндегі, рухани жетілуіндегі маңызы мен мәні қарастырылған. Сонымен қатар, мақалада адамшылық, еркіндік, ұлттық тәрбие, рухани құндылық ұғымдары ғылыми көзқарас тұрғысынан анықталып, олардың жалпы тәрбиедегі, адамның өзін – өзі тәрбиелеуіндегі алатын орны көрсетілген. Отандық білім беру жүйесін дамытуға ұлттық идея, ұлттық діл, ұлттық болмыс, ұлттық тіл және ұлттық салт-дәстүрлердің тигізер жағымды әсері мен қазіргі қоғамдағы оқыту мен тәрбие мазмұнын ұлттық құндылықтарға бағыттаудың жолдары Әл – Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари секілді т.б. түркілік ойшыл – ғалымдардың еңбектері арқылы негізделген.

**Кілт сөздер:** Рухани мұра, жастар, ұлттық тәрбие, мәдениет, салт – дәстүр, түркі халықтары.

**Аннотация.** В статье рассматривается роль тюркского духовного наследия в контексте воспитания современного подрастающего поколения. Вместе с тем, с научной точки зрения анализируется ценностное содержание гуманизма, свободы, национального воспитания, и определяется их место в системе общего воспитания и самовоспитания человека. Положительное влияние национальной идеи, национального менталитета, национального бытия, национального языка и национальных традиций на развитие Отечественной системы образования и содержание обучения и воспитания в современном обществе на основе национальных ценностей заложены в трудах тюркских мыслителей-ученых как Аль-Фараби, Юсуф Баласагуни, Махмуд Кашкари и другие.

**Ключевые слова:** Духовное наследие, молодежь, национальное воспитание, культура, традиции, тюркские народы.

**Annotation.** The article discusses the role of the Turkic spiritual heritage in the context of the education of the modern younger generation. At the same time, from the scientific point of view, the axiological content of humanism, freedom, national education is analyzed and their place in the system of general education and self-education of a person is determined. The positive influence of the national idea, national mentality, national nature, national language and national traditions on the development of the national education system and methods of teaching and educating national values in modern society are justified by the works of Turkic scholars like Al-Farabi, Yusuf Balasaguni, Mahmud Kashkari, and others .

**Key words:** Spiritual heritage, youth, upbringing, culture, traditions, Turkic peoples.

Көне замандардан бері Евразияның кеңістігін мекен еткен, тек Ұлы Далаға тән өзінше бір өркениеттілік дәстүрдің іргесін қалаған түркі халықтары үшін адам баласының болмысы

тек материалдық ортамен ғана емес, оның осы болмысына мән-мағына беретін рухани құндылықтармен де өлшеніп келді. Шын мәнінде «малым - жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген ұғымның өзі ілкі түркі жұрты мен кейінгі қазақ халқының рухани кредосы болып табылады. Осыншалық тамыры терең таным, тарамы кең руханишылдық бола тұрып, мәдениеттің асқан үлгісі, өнердің өрелі үрдісі пайда болмауы мүмкін бе?! Әрине, мүмкін емес. Өйткені, Түркілік рухани мәдениеттің заңды мұрагері – қазақ халқының өзіндік ұлттық мәдениеті мен өнерін дамыту жолындағы ішкі қуаты орасан зор.

Еліміз Тәуелсіз даму жолына түскелі болашақ ұрпақты тәрбиелеуде түркілік рухани қайнарлар мәселесі ерекше маңызға ие. Бұл бірқатар факторлармен байланысты. Бәрінен бұрын, «Мәңгілік Ел» идеясымен өрнектелген Қазақстанда жаңа мемлекеттілікті құру үдерісі жүріп жатыр. Қазіргі таңда біздің саяси-әлеуметтік, қоғамдық-гуманитарлық саладағы ғалымдарымыз бен осы салада еңбек етіп жүргендер, америка ғалымы Д.Беллдің қоғамды мәдени құбылыс ретінде қарастыруының зор мәні бар екендігіне түсінген сыңайлы. Қоғам саналы түрде жүйеленген ілімдер негізінде өмір сүретін адамдардың топтасуы. Ендеше, қоғам да мәдени құбылыс, оны реттеуші мемлекет те, саясат та мәдени құбылысқа жатады. *Мәдениетсіз саясат жеке субстанция бола алмайды.* Өз кезегінде осы заңдылықтарсыз жүргізілген саясат белгілі бір этностың, немесе, этностардың (*ұлттардың*) рухани дамуын тежеуі, сол арқылы Атадан балаға дейін жалғасып жатқан тұтас руханиятының тарихын танытпай, кейінгі жас ұрпақты *маргинал* етіп, олардың бойында ұлттық құндылықтарға «*нигилистік*» көзқарас қалыптастыруы мүмкін. Бұны кешегі Кеңес заманында біздің ұлтымыз басынан өткерді, оның зардаптары мен жаңғырығы әлі де бар.

Қазіргі кездегі жастарға ұлттық тәрбие берудің негізгі идеялары «ҚАЗАҚСТАН-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған ұлттық тәрбие жастарға білім беру, денсаулығын сақтау, жұмыспен қамту сияқты олардың әл-ауқатын арттыратын міндеттермен қатар, заманға сай біліммен, саналы тәрбиемен, салауатты өмір салтын дамытумен ұштасады [1,7]. Демек, ұлттық идея, діл, ұлттық болмыс, ұлттық тіл және халқымыздың салт-дәстүрлеріне Отандық білім беру жүйесіндегі басымдықтарды бағыттасақ, ұлттық құндылықтарға оқыту мен тәрбие мазмұнын негіздеуіміз қажет. Олай болса, қазақ халқының мол рухани қазынасы ауыз *әдебиетінен* бастап, бүгінгі Тәуелсіз елдің *төл әдебиетіне* дейінгі көркем мәдени мұраларымыздың бастауы мен арқауы *түркі халықтарына ортақ рухани мұралардың* жастардың ұлттық тәрбиесінде алатын орны ерекше. Әсіресе, бүгінгі әлемнің жаһандануы барысында жастардың түркілік рухани мұралармен сусындауы сөз әлеміндегі көркемдік біртұтастықты, ерекшелікті ұғыну арқылы, еліміздің тарихи өткенін оқып-білуге, қоғамдағы қарама -



қайшылықтарды ажыратуға және әдебиеттің ұлттың ментальдық бірлігін сақтаушы, қорғаушы құрал екендігін түйсінуге, ұғынуына арқау болады. Сондықтан, «қазіргі жастарды ұлттық ұлағатты ұлықтайтын елжанды азамат ретінде тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық әдеби – көркем мұраларын аса маңызды» [2,13] - деп білгеніміз дұрыс.

Түркілік рухани мұраларда мемлекет құраушы ұлттың адамзаттың игілігі саналатын ұрпақтан-ұрпаққа аманат түрінде беріліп отырған, рухани байлық ретінде айқындалатын дүниетанымы, тілі мен ділі, төлтума болмыс-бітімі бейнеленген. Жастар түркі халықтарының рухани мұралары арқылы ұлттың санасын, ұлттың ділін (*менталитетін*), ұлттың болмысын, ұлттың мұраттын (*идеалын*) әлеуметтік дамудың мәдени өзегі тұрғысынан түйсініп, біліп, олардың баға жетпес өмірлік рухани байлық екенін пайымдайды. Бүгінгі жастарға ұлттық тәрбие беруде заманның, қоғамның өзгерісіне қарамастан өзінің құндылығы мен өзектілігін жоймай келе жатқан қазақ халқының сан ғасырлық тәжірибесінің, дала даналарының көзқарастарының орнының өзгеше болуының да астары осыдан. Көшпелі түркі халықтардың отырықшы елдерге қарағанда өзіндік ерекшелігімен дараланып көзге түсетін өзгеше мәдениеті болатынын бұрын-соңғы тарихшы-этнограф ғалымдардың көпшілігі атап өткен болатын. Мәселен, атақты орыс тарихшысы М.Вяткин: «Дұрысын айтсақ, қазақ халқының мәдениеті Қазақстанның тереңіне әкетеді. Оның тамыры Қазақстан даласында көшіп жүрген ежелгі тайпалардың творчествосымен астарласады. Ол қазақтың халық болып қалыптасу дәуірінен әлдеқайда алыста жатыр. Ол осы тайпалардың көшпелі тұрмысы негізінде пайда болған, өзіндік сипаты бар көне мәдениет және басқа халықтар мәдениеті сияқты оптимизмге толы» [3,19] - дейді. Жалпы, отандық мәдениеттанушы Т.Х. Ғабитовтың пікірінше, қазақтардың дәстүрлі мәдениеті түркі тайпасының этникалық топтасу кезеңінде жинақталған.

Түркі халықтарының өмірінде, ұрпақ тәрбиесінде еркіндік пен елдік басты орын алды. Себебі, еркіндік пен елдік сана болмаған жерде - оның өлшемі, жіктеушісі руханилық та, мәдените те дамымайды. Адам еркіндігі мен мәдениет бірге, алайда адам еркі, әсіресе, рухани жетілмеген адам еркі шектеусіз, ол тіпті өзін жаратқанға сенуге де, сенбеуге де ерікті. Еркіндіктің өлшемі бар, оның ең бастысы – *адамшылық*. Адамның еркі туғызған істің бәрін, басқаша айтқанда, табиғи жаратылмағанның бәрін мәденитке жатқызуға болады. Алайда, мәдениеттің екі жағы бар: адамға қызмет ететін (*гуманизм*) және адамға қарсы (*антигуманистік*). Қоғамдық-философиялық ой тарихында бұл дилемманы әрқилы шешті. Мысалы, кешегі Кеңес заманында таптық тұрғыдан. Адамзат тарихы көрсетіп отырғанындай оны шешудің ортақ жолы бар, ол – этноәлеуметтік сипаты басым аксиологиялық өлшем. Бұндай өлшем мәдениеттің тек қана ұлттық қасиеттер аясында

көрініс табатынын пайымдатады. Түркілік руханилықтың табиғаты да осындай құндылықтық бағдарға негізделіп, ұрпақтан – ұрпаққа беріліп, әлемдік мәдениет биігінен өз орнын тапты.

Бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық тәрбиесінде түркілердің ортасынан шыққан энциклопедист, ғалым-философ ӘЛ – ФАРАБИДІҢ еңбектерінің маңызы өте зор. Әл – Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде адам алдымен ойлы, парасатты болу қажеттігін айтып, адам деген құрметті атқа ие болуды үлкен бақыт деп санаған. Ойшыл – ғалымның еңбектерінде үлкендердің кішілерге, жас ұрпаққа беретін тәрбиесі, көрсететін үлгі - өнегесі «үлкендер ұлағаттылығы» деп аталған. Ғалым – философ жастарға тәрбиенің мәнін, оның қоғам дамуындағы алатын орнын түсіндіруде, ең алдымен адамгершілік тұрғыдағы тәрбие мен жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының байланыстылығын дәйектеген. Ол өзінің «Бақытқа жету жолында», «Мемлекет қайраткерлерінің накыл сөздері», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Әлеуметтік – этикалық трактаттар», «Философиялық трактаттар», «Ақылдың мәні туралы» секілді т.б. шығармаларында адам, тұлға, жас ұрпақ тәрбиесіне аса назар аударып, оны философиялық, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дәлелдеген.

XI ғасырдағы Мұсылмандық Шығыстың танымал ойшылы ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИДІҢ мұраларының түркі халықтарының тәлім-тағылымдық, тәрбелік ой-пікірлері тарихында алатын орны ерекше. Ойшылдың философия, табиғаттану, тарих, тіл, астрономия, математика, әдебиет сияқты білім салаларын толық қамтыған интеграциялық сипаттағы «Құтты білік» атты еңбегі қоғамдық – әлеуметтік мәні бар түрлі ережелер мен заңдарды, әдет – ғұрыптарды, мәдениет пен көркем ойды және т.б. мәселелерді өз дәуірінің талап – тілектері тұрғысынан көрсете білген рухани – мәдени мұра ғана емес, адамгершілік жолындағы ұстаным да болып табылады. Бүгінгі постиндустриалды, ақпарат пен технологияға сүйенген қоғамның да сұраныстарына сай келетін Ж. Баласағұнидің бұл мұрасында имандылық, рухани – адамгершілік қасиет пен бірге тектілік, мейірімділік, достық секілді категориялардың мәні мен мазмұнын айқындалып, ұлттық тәрбиенің, тұлғаның өзін – өзі тәрбиелеуінің әлеуеттік ортадағы ролі бейнеленген.

Көркем шығармалары тәлім – тағылымдылығымен кейінгі ұрпақтарына үлгі болған, Орта ғасырлық ғұламалардың бірі - МАХМҰТ ҚАШҚАРИ. Оның «Диуани лұғат ат-түрік» атты түсіндірме сөздігіндегі адамгершілік, ар-намыс, махаббат, т.б. рухани құндылықтардың сан ғасырлар өтсе де бүгінгі жастар тәрбиесіне берері мол еңбек. Әсіресе, оның ойды, ұлттық өрнектермен беруінің өнегелік мәні бар. Қазақ халқының төл көркем әдебиетінде ұрпақ тәрбиесінің айрықша айшықталғандығын ойшыл Ахмед Үйгенекидің замандастары «адамгершілікке тәрбиелеу кодексі» деп бағалаған «Ақиқат сыйы» атты еңбегінен көреміз.

Бұл шығармада автор индивдтің жеке тұлға болып қалыптасуын этикалық мәселелермен сабақтастырып, қай кезде де қоғамдағы ең басты құндылық – адамның өмірі болатындығын дәйектеген.

Түркілік рухани мұралардың тағы бір құнды бөлігі XII ғасырда өмір сүрген ірі тұлға-Қожа Ахмет Ясауидің еңбектері. Оның «Диуани хикмет» («*Даналық кітабы*») атты еңбегінде қоғамдық өмірдің дамуымен рухани құндылықтарды байланыстыру арқылы, адам тәрбиесі туралы ережелер қорытындыланған. Яссауи еңбектеріндегі басты нысан – өсіп келе жатқан жас ұрпақты, жастарды сөз бен істе шыдамды, төзімді болуға, жақсы мен жаманды айыра білуге, надандық, сараңдық, дүние құмарлық, жалған сөйлеу мен имансыздықтан қашық болуға шақыру болғандықтан, бұл рухани мұраны бүгінгі қоғамдағы *ұлттық – имани тәрбиенің арқауы* десек те болады.

Түркілік рухани мұралардың тәлім – тағылымдық, тәрбиелік мәні мен мазмұны қай заманда болмасын өзектілігін жоғалтпайды. XXI ғасырдағы тәуелсіз, егемен мемлекетіміздің әдебиеті еліміздің ертеңі болашақ ұрпақтың, жасампаз жастардың ұлттық тәрбиесіне бастау болатын түркілік рухани мұралардан нәр алған көркем туындыларды қалыптастыруда. Жаһандану кезеңіндегі еліміздің рухани қажеттіліктерін, сан ғасырлық тарихы бар барша түркі халықтарына ортақ мәдени мұралар мен құндылықтарды жастардың санасына сіңіріп, өнегелі, парасатты, тәрбиелі, қайырымды, білікті азамат, іскер құзыретті маман тәрбиелеп шығару еліміздің бәсекелестікке қабілеттілігін танытудың бірден – бір жолы.

Қорыта айтқанда, тамыры терең, тағылымы биік түркілік рухани мұралардың көркемдік қуаты қай заманда да ұрпақ тәрбиесіне негіз болып, ұлттық құндылықтардың мәнін айқындай түседі. Барша түркі дүниесіне ортақ рухани мұраларымыз қай уақытта болмасын ұлттың рухани құндылықтары ретінде қазіргі жастардың ұлттық тәрбиесінде аса маңызды болып қала бермек.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н.Ә. «ҚАЗАҚСТАН-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты». – Астана: Елорда, 2012. – 74 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. «ҚАЗАҚСТАН – 2020: Болашаққа жол» ҚР Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ. – Астана: Форма Плюс, 2013. – 53 бет.
3. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. – Москва: Огиз, 1941.-376

**SRSTI 03.20**

## **HISTORY OF K.ZHUBANOV'S LANGUAGE, HISTORICAL GRAMMAR OF THE KAZAKH LANGUAGE, VIEWS ON THE FIELD OF ONOMASTICS**

**A.KALYBAEVA, N.DZHUMAGALIYEVA**

*K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Aktobe, Kazakhstan*

**Annotation.** K.Zhubanov wrote fundamental and fundamental works in the field of Kazakh linguistics as a well-known phonetics of the Kazakh alphabet and alphabet, one of the most pressing problems in this area. The scientific work reflects the views of K.Zhubanov on the alphabet and the problem of writing. K.Zhubanov analyzes the problems of the Kazakh alphabet and has extensive experience in Greek, English, French, German, Russian, Armenian, Georgian, Arabic and Turkic languages, based on scientific knowledge at the level of general linguistics, works of famous scientists and some experimental studies of other languages . see and compare them with the Kazakh language.

**Key words:** Kazakh language, language problem, grammar, thought, research, sound structure.

**Аңдатпа.** Қ.Жұбанов қазақ тіл білімінің сан саласынан іргелі-іргелі зерттеулер жаза отырып, сол тұстағы көкейтесті мәселелердің бірі болған қазақ жазуы мен әліпбиі бойынша белгілі фонетист ғалым ретінде құнды-құнды пікір айтып, ғылыми маңызы зор еңбектер жазған. Ғылыми жұмыста Қ.Жұбановтың әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастары айтылады. Қ.Жұбанов қазақ әліпбиі мәселелерін талдау барысында жалпы тіл білімі деңгейіндегі ғылыми ізденістерге, белгілі ғалымдар еңбектеріне, басқа тілдің кейбір экспериментальды зерттеу деректеріне арқа сүйей отырып, грек, ағылшын, француз, неміс, орыс, армян, грузин, араб және туыс түркі тілдерінің ерекшеліктерін жетік біліп, оларды қазақ тілімен байланыстыра, салыстыра баяндағанын көреміз.

**Түйін сөздер:** қазақ тілі, тіл мәселесі, грамматика, ой, зерттеу, дыбыстық құрылым.

**Аннотация.** К.Жубанов написал фундаментальные и фундаментальные труды в области казахского языкознания как известный фонетик по казахскому алфавиту и алфавиту, одной из самых актуальных проблем в этой области. Научный труд отражает взгляды К.Жубанова на алфавит и проблему письма. К.Жубанов анализирует проблемы казахского алфавита и имеет большой опыт работы на греческом, английском, французском, немецком, русском, армянском, грузинском, арабском и тюркском языках, основанный на научных знаниях на уровне общего языкознания, работах известных ученых и некоторых экспериментальных исследованиях других языков. увидеть и сравнить их с казахским языком.

**Ключевые слова:** казахский язык, языковая проблема, грамматика, мысль, исследование, звуковая структура.

The language problem is one of the most important problems of the social policy of the country and education of interethnic relations. The biography and the name of K. Zhubanov are closely connected with the development of Kazakh Soviet linguistics [1, p.7].

K.Zhubanov also made valuable works in the field of grammar of the Kazakh language, in the field of morphology and syntax. In addition to his personal articles in this area, he was one of the main sections of Kazakh linguistics in the 1938 edition of the grammar of the Kazakh language. [1, p. 9]

The basic knowledge of K. Zhubanov gives us reason to believe that he became an outstanding linguist and became a great linguist. She has been working in these languages for almost ten years, and also speaks Arabic, Persian and Russian. He was free to speak these languages freely. [2, p. 12]

When analyzing the sound structure of the Kazakh language, speech words were also ignored by the sense of separation. There is no need for radical changes of all sounds to differ from other words, so that words differ from each other, the fact that the word in this word differs from other words in another word means that they can distinguish their semantics of K. Zhubanov. [2, p. 24]

Professor Kudaibergen Zhubanov is a scholar who conducted a fundamental study of Kazakh writing and spelling, as well as a great scholar in folklore and as a publicist. [1, p. 38]

The linguist has devoted his only hard work to the study of the generation of Kazakh words. The number of sounds involved in the generation is divided into four into the Kazakh language, and the number of sounds in the sequence of sounds is divided into three. Provides detailed information on the number of generations in the Kazakh word, which coincides with the number of votes in a word. Types of joints depend on the combination of sounds within it. [2, p. 25]

K.Zhubanov proposed to start the separation of words from the end of the word. In this case, each vocal sound that is set at the end of a word must be classified and sounded before it. Because it is a segment of the joints. The scientist noted that the number of sounds in one block can not exceed four. [1, p. 55]

In combination with the unification of the Kazakh people, he considers the following cases: 1) joint protection of animals and animals from the common enemy of the country, the common enemy; 2) nomadic animal husbandry and common ownership of land; 3) one tribe and another as a result of each encroachment that interferes with another, for settlement; 4) The internal attitude of each member. [3, p. 149]

It is hardly difficult to find words in a Kazakh sentence, an objection to a party, or an ominous approach to Kazakh grammar. Now everyone does not appreciate that the merit of the Kazakh musical culture, starting with the etymology of singing, dancing, singing, poetry, dombra, kudyz, kobyz, sybyzgy and canine, has become a victim of superficial patriotism. [3, p. 222]

The study of linguistic facts exclusively in a synchronous aspect does not completely clarify the state of a particular stage of their development and does not fully explain the historical development of its essence and structure. This is the principle that linguistic development does not require discussion at the modern level of Turkic studies. However, this principle went through many paths of development, and today it has become one of the main methods of language learning in its

comprehensive, full and historical development. We can say that the opinion of Engels is the main methodology. [4, p. 326]

And in the field of Kazakh linguistics, this principle is the first professor of our native language K. This begins with the study of Zhubanov. To analyze the linguistic features of modernity, based on history, the reconstruction of prof. K.Zhubanov wrote: “The historical principle is necessary to study the“ dialectical language ”. The reason is that there is not enough material to record the history of the language. Therefore, it is advisable to study the linguistic facts that have preserved the whole story until that time. [5, p. 15]

Creativity K.Zhubanova, born in the most difficult period of the formation of Kazakh linguistics, attracted the attention of its scientists and scientists with its historical value. And the paucity of his public opinion and the sharpness of scientific research are not only the result of a serious political, social, cultural and educational nature, but also recognition of the nature of the native linguist and the channels of independent development of the Kazakh national language. [1, p. 109]

K.Zhubanov: “Predictive appendices, made according to the classification inscription, should be considered as full-fledged phrases with the same names and verbs. For example, all clauses of a sentence were saved in the words “good” or “writeable”. In our modern language, there is a classification of words, that is, the original word that was used as a starting point” .[6, p. 29]

The scientist speaks about the difference between language and speech quality: “The total number of sounds in one language is infinite, but not all of them have the same quality. Different sounds may be just a few in size ”[7, 169 b]

The value of K.Zhubanov's research was that Abai’s knowledge of the East was at the same level as in the past, and he was able to come up with the right ideas for future research and development. [8, p. 35]

Professor Kudaibergen Zhubanov, who is a full-featured professor of the Kazakh language system, was one of the few who formed the phonetics of the Kazakh language as a discipline. The scientist, who understood that he spoke the syntactic part of the Kazakh language, said something new: "The Kazakh language is the main language." The famous scientist Alimkhan Zhunisbekov considers the sacrament as a source of the phonetics of the Kazakh language. [2, p. 178]

"The term that calls each category should be able to clarify the same category." For example, the definition of a suffix category is as follows: “The meaning of a suffix is that it does not allow mentioning a category. Journal in Kazakh language ... the oldest, the oldest of all, in the sense that it is a waste of time. Suffixes already have root words. [1, p. 216]

**Results and discussion.** Despite the enormous scale of development of modern science, despite the rich heritage of an outstanding scientist, you are amazed at the depth and depth of the precious treasure that has become the blessing of our people. There is no doubt that the name and work of an outstanding scientist will always be with the Kazakh people and their language.

### References

1. Е.Қ. Жұбанов., А.Т. Тайжанов. Жұбанов тағылымы.– Ақтөбе, 1998. – 145 б.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
3. Кенжебаев К., Оралбай Ә. «Құдайберген Жұбанов»: Деректі ғұмырнама. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2000. - 280 бет.
4. Энгельс Ф. Анти – Дюринг. М, 1977. – 178 с.
5. Жубанов Х. К постановке исследования истории фонетики казахского языка // Труды казахского института национальной культуры. – А.-М., 1935. – 147 с.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 72-бет
7. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 215 б.
8. Жұбанов Қ. Абай – қазақ әдебиетінің классигі // Құдайберген Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 120 б.

### ҒТАМР 03.20

## БЕКЕЖАН СҮЛЕЙМЕНОВ ЖӘНЕ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ТАРИХЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛІНУІ

С.А. ЕСҚАЛИЕВ

*Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің зерттелу әдіснамасы және тарихнамасы талданады. Мәселенің зерттелуіне Сталиндік жүйенің ықпалы зерттеледі.

**Кілт сөздер:** ғылым, тарих, ұлт-азаттық көтеріліс, идеология, зерттеу, саясат.

**Аннотация.** В статье исследуется влияние командно-административной системы государства 1930-1950 годов на исследование истории Казахстана. Рассматривается методология изучения освободительных движений на территории Казахстана.

**Ключевые слова:** наука, история, национально- освободительное восстание, идеология, исследования, политика.

**Annotation.** The article examines the influence of the command and administrative system of the state in the years 1930-1950 on the research of the History of Kazakhstan. The methodology of studying the liberation in the territory of Kazakhstan is considered.

**Key words:** Science, history, national liberation movement. Ideology, research, politics.

Кеңестік кезеңде өмір сүрген белгілі тарихшы ғалым Бекежан Сүлейменұлы Сүлейменовтің қалам тартып, зерттеу жүргізген мәселелерінің бірі – Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы еді. Әсіресе Б.Сүлейменовтың жүйелі түрде зерттеген тақырыбы–XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихының мәселелері. Көп жылдар бойы аталмыш мәселені зерттеу нәтижесінде ғалым 3 монография және 30-дан астам ғылыми мақалаларын жазып қалдырды. Сондай-ақ ол осы мәселе бойынша дерек базасын қалыптастыруға тікелей қатысып, қыруар жұмыстар атқарды. Ғалымның XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы азаттық күрес қозғалысы тарихы және 1916 жылғы қазақ еліндегі көтеріліс тақырыптарына жазған еңбектерінің маңыздылығын көрсетіп, оған қазіргі көзқараспен баға беру үшін қаралатын мәселенің, жалпы ұлт-азаттық қозғалыстарының зерттелуінің әдіснамалық бағыттар тарихына тоқталын өткен жөн болады.

1930-1950 жылдары тарих ғылымы күрделі жағдайда дамыды, ол жеке басқа табынумен, қоғамдық ғылымдарда саяси көсемдердің сөздерін келтіруімен және догматизммен байланысты еді. Зерттеу материалдары сұрыпталып, тарихи зерттеулер саяси мекемелердің «сүзгісінен» тексеріліп өтіп, негізгі құрамы, мәні және мағынасы әлеуметтік принциптерге негізделді. Сол уақыттағы идеологиялық жұмысқа кері әсерін тигізген әр саладағы ғылыми жұмыстармен шұғылданатын кейбір интеллигенция өкілдерінің өнімді де өтімді, жаңалықтарға толы шығармашылығын режимнің саясатына жағымпаздықпен әбден берілген ғалымдар асығыс дәреке бағалауға бой алдырды. [1, с. 316].

Кеңестер одағының басшылары Ұлы Отан соғысы басталған кезде халықтың рухын көтеру үшін ұлттық патриотизмге баса назар аударуға мәжбүр болған еді. Басқыншыларға қарсы соғыста халықты ұйымдастыра білген қолбасшылармен көсемдердің азаттық жолындағы күресін зерттеу ресми бақылау дәрежесінде болса да, кең насихаттау жұмысы біршама ілгері басты. Алайда, соғыс аяқталар кезде, тарих ғылымында шынайы зерттеулердің нәтижесінде енді ғана қалыптаса бастаған ұлт-азаттық соғыстар тарихына қатысты тұжырымдамалар кеңестік элитаның мүддесіне сай келмей, оларды қанағаттандырмады [2, с. 21-22]. Сталин өз диктатурасын тарихи жағынан нығайту түсу мақсатында Иван Грозныйды, бірінші Петрді дәріптегені аян. Олардың тұсында болған мемлекеттің күші мен құдіретін, тіпті патшалардың жүргізген агрессиялық саясаттарын мадақтау арқылы өз мансабын бүтіндеуі қажет болды [3, 6-б.]. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысының барысында саяси басшылықтың патриотизм туралы ұғымы өзгерді. Енді ол тек қана кеңестік тамырлармен ғана шектелген жоқ. Бұл ұғым бойынша патриоттық болып, «Ресей-халықтар абақтысы» түсінігіне сәйкес бағындырылған халықтардың азаттық үшін күресі емес, Ресейдің, яғни орыс халқының ұлттық аймақтардағы халықтармен достығы, қамқорлығығана кең дәріптеле бастады. Бұл



жағдай қазақтардың, немесе басқа орыс емес халықтардың тарихын тарихи материалдар жүйесімен бұрмалаусыз шынайы жазуда күрделіліктер тудырды. Кімде-кім өзгеріп жатқан ресми тұжырымдамаға сай ғылыми зерттеуін әдейі бұрмалап бейімдеп жазбаса және шығармаларында бұл талап толыққанды орындалғанына күмәндік байқалса, онда ол «халық жауы», «ұлтшыл» атанып, тиісті жазасын алған еді [4, с. 9].

1950-шы жылдың басында, Қазақстандағы, Кавказдағы т.б. жерлердегі түрлі кезеңдерде болған ұлт - азаттық қозғалыстар жоғарыда көрсетілген әдіснамалық бағытта «терең» де «зерделі» қарастырылып, тарихшылардың алдына жалпыұлттық қозғалыстарды ресми сарында талдау міндеті қойылды. Бір жағынан, Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде қоғам санасына орыс халқының соғыстағы шешуші ролін қалыптастыру арқылы ұлы ұлттың тарихын тереңнен насихаттау, зерделі зерттеу бірінші орынға қойылды. Оның есесіне, ұлттық аймақтардағы азаттық үшін күрес тарихын зерттеу қарқыны басылды, мәні көмескілене түсті. Өйткені, ол отарлық үстемдікке қарсы күрес емес, орыс халқына қарсы бағытталған деген тұрғыдан қарастырыла бастады [5, 41-б.].

Қазақ елінің Ресейге қосылуы, басқа көрші мемлекеттерге қосылғаннан көрі тиімді деген пікір қалыптасып, қазақ халқының отарлауға қарсы күресінің негізгі мазмұны да осы тұрғыдан қарастырылды. Бұл дегеніміз ұлт-азаттық қозғалыстар мәселесі ролінің төмендеуі, оның есесіне кейбір таптық сипаттағы элементтері басым халық көтерілістері хандық және патша үкіметінің билігіне қарсы, кедейлердің феодал-шонжарлар билігіне қарсы бағытталған сипатта қаралып, жан-жақты зерттеліп толықтырылды. Мұның өзі 50-жылдардың басында объективті зерттеу әдіснамасынан бас тарта алмаған Қазақстандық тарихшылар арасында қарама-қайшылықтар тудырып, ұзақ талас-тартыстың нәтижесінде жүзеге асты. Бұл талас-тартысқа алып келген саяси жүйенің, оның идеологиясының бағыты ұлт аймақтарындағы халықтардың ұлттық сана-сезімінің өсуінен, егемендікке ұмтылуынан үрейленген Мәскеудегі орталық биліктің саяси астарлары еді. Бастапқыда ұлт-азаттық көтерілістер жөнінде зерттеулер 1920-жылдары пайда болып, қалыптасқан тұжырымдама түрінде 1943 жылы А.М.Панкратованың басшылығымен шыққан «Қазақстан тарихы» тұңғыш ұжымдық еңбегінде сол кездегі уақыт талабына сай ресми бекітіліп, көрініс тапқаны белгілі [6]. Бұл еңбекте 50-жылдарда ғылыми айналымға енген зерттеулермен салыстырғанда қазақ халқының азаттық үшін күресінде отарлауға қарсы бағытқа ерекше назар аударылған болатын. Объективті түрде оның пайда болуы отандық тарих ғылымының, оның ішінде Қазақстан тарихнамасының жетістіктерімен байланысты еді. Бірақ, бұл жетістік ұзаққа созылмады. 1945 жылы 14 тамыз күні Қазақстан КПОК-нің «Қазақ ССР тарихының 2-ші басылымын дайындау туралы» қаулысында: «1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихы» Қазан

революциясына дейінгі Қазақстан тарихы «өндіргіш күштер», «өндірістік қатынастар» және сондай-ақ таптар және таптық күрес тарихы тұрғысынан емес, негізінен қазақ халқының өзінің тәуелсіздігі жолындағы жүргізген күресінің тарихы ретінде жазылған», - деген сын тағылып, ескертіледі [7, с. 12-16].

Сол уақытта ұлт-азаттық көтерілістер жөнінде зерттеушілердің көзқарастарында екі түрлі пікір қалыптасқан еді, біреулері патшалық Ресейге қарсы бағытталған бүкіл ұлт-азаттық көтерілістер прогрессивті десе, енді бірі керісінше барлығын керітартпа деп санады [8, с. 26]. Жоғарыда айтылғандай, соғыс аяқталар кезде патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы бағытталған көтерілістер туралы зерттеулер сынала басталып, сталиндік тоталитарлық режимінің саясатын ақтау үшін олар кертартпа мәнді болды деген тұжырым қалыптасты. Сталиннің уақытында патриотизмді жалған бағалаудың нәтижесінде Ресейдің патшалық кезеңдегі жүргізген сыртқы саясатын ақтау тенденциясы пайда болып, ол әрі қарай дамыды [9, с. 54-79]. Тарихшылардың тарапынан орыс тарихшысы, профессор Яковлевтің саяси билікке сүйеніп, 1943 жылы шыққан «Қазақ ССР тарихының» бірінші басылымына берген рецензиясы жаңа ұлы державалық концепцияны, осыған ұқсас, кезінде сыналып ұмыт қалған реакциялық-монархиялық тұжырымдамамен ұштастыру талпынысы еді. А.М.Панкратованың қарсылығына қарамастан тарихшылардың басым көпшілігі іле-шала осы концепцияны қолдай түсті. Соған орай, Қазақстанда белгілі тарихшы Е.Бекмахановтың «XIX ғасырдың 20-40 жылдардағы Қазақстан» монографиясы, оның ішінде Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тұжырымдамасы талқыға түсті. Ақыры, баспасөз бетінде қатты сыналып, ұлт-азаттық көтерілістерге қатысты тұжырымдаманы түбірімен қайта қарау керектігі жөніндегі бағыт бой алды [10, с. 11-15]. Осы тұста, «Патшалық Ресей–халықтар абақтысы» әдіснамасы теріске шығарылып, самодержавиенің саясаты толығымен кертартпа болған жоқ, қайта прогрессивті мәні болды деген бағыт өрістеді. Саяси басшылық 1951 жылы 10 сәуірде Қазақстан КОКП-нің «Правда» газетіндегі «Қазақстан тарихының мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан шешілсін» атты мақаланың ұсыныстарын, «Қазақ ССР тарихы екінші басылымын дайындау туралы» 1945 жылғы 14 тамыз күні Қазақстан КПОК-ның шешімдерін орындамады және халық қозғалыстарын бағалауда бірінші басылымдағыдай қателіктер жіберілді деп идеологиялық қысымды күшейте түсті. Сонымен қатар К/б/ КП ОК-ті өзінің 1951 ж. 10 сәуір күнгі қаулысында Қазақ ССР тарихының өткен басылымдардағы ұлтшылдық бұрмалаулар мен қателіктерді жойып, 1951 жылы жаңа басылымның бірінші томын шығаруды Қазақ ССР ҒА Президумына және оның Тарих, археология және этнография институтына жүктеп, талап етті [11, с. 86-88]. Осындай жағдайда, Қазақ ССР Ғылым Академиясы Қазан революциясына дейінгі Қазақстандағы ұлттық қозғалыстардың сипатын

анықтау мақсатында 1952 жылдың басында тарихшы-ғалымдардың жиынын шақырды. Зерттеушілердің бір бөлігі Қазақстанның Ресейге қосылуы прогрессивті шара деп атап көрсетіп, XVIII ғасыр мен 1916 жылғы көтеріліс аралығындағы бүкіл ұлттық қозғалыстарды жоққа шығаруға талпынды [12, 4-б.]. Осы аталған пікірталаста 1916 жылғы көтеріліс бойынша баяндаманы маман ретінде Б. Сүлейменов жасайды [13, с. 1-6]. Бұл мәселе бойынша ғылыми зерттеулерін ол Ұлы Отан соғысы аяқталар кезінде бастаған болатын. Осы көтерілістің тарихымен айналысқан авторлардың көпшілігі көтеріліс тек екі облыста болды, яғни көтерілістің ірі ошақтары Торғай және Жетісу облыстарында өрістеді деп санаса, Бекежан Сүлейменұлы көтеріліс бүкіл қазақ жерінде болғандығын, тек көтерілістің ішкі ерекшелігі Торғай және Жетісу облыстарындағы көтерілістермен салыстырғанда қалған облыстарда әлсіздеу өткенін атап көрсеткен. Мәселен, Т.Рысқұлов Түркістанның басқа облыстарымен Жетісу облысында көтеріліс кешірек, яғни салыстырмалы түрде тамыз айының басында басталды деп пайымдаған [14, с. 22-23]. Оның ізінше С.Асфендияров, Т.Елеуовтер де сол көзқарас шеңберінен аса қоймаған еді [15, 14-п.]. Ал Б.Сүлейменов іс жүзінде Жетісу облысында көтеріліс 1916 жылдың шілде айының басында басталғандығын дәлелдеп, жоғарыдағы авторларды толықтыра түсті.

Сол уақыттан бастап халқымыздың тарихындағы ұлт-азаттық көтерілістердің басым көпшілігінің сипаты теріске шығарылып, 40 жылдай уақыт зерттеуден тыс қалып, тарихымыздағы «ақтаңдақ» беттердің біріне айналғандығы белгілі. Бұл тұрғыдан көпшілік қауымға қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрестерінен идеологиялық «шеңберге» жақын тек үшеуі ғана – 1783-1797 жылдардағы Сырым Датұлы мен 1837-1838 жылдардағы Исатай Таймановпен Махамбет Өтемісұлы бастаған халық көтерілістері және 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы ғана кеңірек таныстырылған. Алайда, осы қозғалыстардың өзі де кеңестік дәуіріміздің белгілі бір кезеңдерінде тарих сахнасынан орынсыз ысырылып, ол жайында айтылған шындық сөз буржуазиялық-ұлтшылдықтың көрінісі ретінде айыпталды [16]. Ұлттық қозғалыстарды методологиялық тұрғыда қайта қарауға ең алғаш түрткі болған, көпшілікке мәлім, И. Сталиннің 1941 жылғы Ф. Энгельстің патшалық Ресейдің сыртқы саясаты жөніндегі еңбегін сынап, өз көзқарастарын білдірген мақаласы еді [17]. Бұл мақалада Сталин ашықтан-ашық патшалық Ресейдің жаулап алушылық ұлы державалық сыртқы саясатын ақтауға тырысуының өзі сол сұрапыл саясаттың ізін басқан кеңес үкіметін «сүттен ақ, судан таза» ететін саяси астарлармен байланысып жатты. Орыс халқы басқа халықтарға тек қана прогресс әкелуші, ал оған қарсы көтерілістер барынша көлеңкеленіп, кертартпа сипаттағы қозғалыстар деп қарала бастады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тарихын терең зерттеген ғалымдарының бірі

Х.Тұрсынов «Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане» атты қомақты еңбегінде көтерілістің сипатын анықтау мәселесі бойынша екі бағыт өріс алғандығын атап, олардың кемшіліктеріне тоқталады. Әсіресе, 1916 жылғы көтеріліс біржақты кертартпа, ұлтшылдық сипатта болды деген көзқарастарды сынайды. Сондай-ақ «Қазақ ССР тарихы» /1 - том/ екінші басылым авторларын сондағы қателіктерді, оның ішінде Жетісудағы оқиғаларды тиісті ашып көрсетпеген деп сынайды. Осы орайда екі қарама-қарсы көзқараста болған тарихшылар арасындағы талас-тартыстың шешілуіне 1952 жылы көршілес республика ғалымдарының қатысуымен Алматы қаласында өткен пікірталас отырысының мәні зор болды дейді. Бұл дискуссияның жоғары инстанциялар тарапынан ұйымдастырылуының өзі, ұлт-азаттық көтерілістерді прогрессивті және кертартпалық деп бөліп қарауға бағытталды. Х.Тұрсынов «1916 жылғы көтерілістің сипаты» атты негізгі баяндаманың төнірегінде талас-тартыс болды деп негізгі баяндамашы Б.Сүлейменовтың көзқарастарына мынадай баға береді: «Б.Сүлейменовтың баяндамасында ұлттық қозғалыстарды зерттеудің әдіснамалық мәселелері, көтерілістің алғышарттары, қозғаушы күштері және сипаты негізделіп көрсетіледі. Ол кейбір тарихшылардың Қазақстандағы 1916 жылғы көтерілістің прогрессивті ұлттық-азаттық сипатын жоққа шығаруға талпынған көзқарастарын орынды сынаған. Б. Сүлейменов қозғалыстың тарихи мәні мен сипатын азаттық, әрі революциялық деп бағалайды. Сонымен бірге, Б.Сүлейменов 1916 жылғы көтерілісте патриархалды-рулық құрылыстың қалдықтары салдарынан реакциялық көріністер орын тапқанымен, бұл жекелеген реакциялық көріністер 1916 жылғы Қазақстандағы қозғалыстың прогрессивті және ұлт-азаттық сипаттағы мәнін өзгертпейді» дейді [18, с. 23-24]. Осы жерде Х.Тұрсынов, 1954 жылы Ташкентте қабылданған ресми әдіснамаға сәйкес, Б.Сүлейменовті былай деп сынға алады: «Б.Сүлейменов көтерілістегі жау элементтерінің зиянды салдарлары және мәнін ашып көрсетпейді. Баяндамашы Жетісу көтерілісінің кертартпалық сипатына жеткілікті назар аудармаған». Сөйтіп, қарсы әрекеттердің болғанына қарамастан, Б.Сүлейменов және пікірлестері осы мәселені жоғарыда аталған айыптаулардан сақтап қала алды.

Алаш қозғалысының жетекшілері сол кезеңдегі қарама-қайшылықтарды күшпен шешуге наразылығын білдіріп, халықтың ымыраға келуіне күш салды. Алайда, отарлық езгіден әбден мезі болған халықты жүйелі іс-қимылға көндіру мүмкін емес еді, енді ұлттық интеллигенция халық көтерілісін «таптық» сипат алуына жол бермей, керісінше патшалық қанау аппаратына қарсы бағыттауға тырысты, басқаша айтқанда, көтерілісті ұлт-азаттық қозғалыспен ұштастыруға талпынды [19, с. 85].

1952 жылы Алматыда өткен тарихшылардың айтысында 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық сипатта өрістеді деп бағаланғанымен, Орта Азия мен Қазақстанды түгелге жуық

шарпыған бұл көтеріліс жөнінде талас-тартыс басыла қойған жоқ. Оның үстіне ұлттық қозғалыстарды объективті зерттеумен тікелей айналысқан тарихшылардың қамауға алынуының «арқасында» идеология ықпалындағы тарихшылар Оңтүстік Қазақстан және Орта Азияның кейбір аудандарында отарлау әкімшілігінің арандаушылық әрекетімен болған ұлтаралық қайшылықты бетке ұстап, бүкіл ұлт-азаттық қозғалыстарды кертартпа, бұқара халықтың мүддесіне қайшы деген көзқарастар белең алды. Ақыры 1953 жылы Фрунзеде, Ашхабатта болған үлкен Ғылыми Кеңестерде, 1954 жылы КСРО Ғылым Академиясының бастамасымен Москва, Ленинград, Азербайжан, Қазақстан және Орта Азия ғалымдарының қатысуымен ұйымдастырылған үлкен ғылыми кеңестерде талқылануына алып келді. Осы 1954 жылғы Ташкентте өткен үлкен ғылыми кеңесте Орта Азия мен Қазақстанды қамтыған 1916 жылғы көтерілістің жалпы ұлт - азаттық сипаты дұрыс көрсетіліп, Жетісудың оңтүстігіндегі үш уезінде, яғни Жизақ уезінің бір бөлігінде, Түргенде, Тежен маңы және т.б. жерлерде феодалды-діни өкілдерінің күш салуымен бұл көтеріліс орыстарға қарсы, ұлтшылдық, феодалдық-монархиялық қозғалысқа айналып, реакциялық сипатқа ие болды деген шешім қабылданды [20, с. 8-9].

Осы кеңесте Х.Т.Тұрсынов «1916 жылғы Орта Азия және Қазақстандағы көтерілістердің сипаты» атты баяндама жасады. Мәселенің тарихнамасына біршама көңіл бөлген ол, сол уақыттың сарынымен бұдан бұрын мәселеге шынайы баға берген Т.Рысқұлов, Ф.Қоджаев және т.б. зерттеушілердің 1916 жылғы көтеріліс орыстарға қарсы бағытталған деген көзқарастарын сынға алады. Баяндамашы: «50-жылдарда партия тарапынан талқандалған буржуазиялық-ұлтшылдықтың қалдықтары тарих ғылымын идеологиялық мақсатта бұрмалап, Орта Азия және Қазақстан Ғылым Академиясының Тарих институты мен жоғарғы оқу орындары тарих кафедраларының жұмыстарында істі қылмысқа жетелейтін бақылаусыздықтың салдарынан, олар белгілі уақытқа дейін өздерінің буржуазияшыл пиғылдарын ғылымға енгізіп, қозғалыстар тарихын, соның ішінде 1916 жылғы көтерілісті баяндауда кесірін тигізіп келеді», - деп ашына айтты. Одан әрі Т. Тұрсынов: «1916 жылғы көтеріліс жөнінде жазған көпшілік авторлар жалпы бұл қозғалысты прогрессивті, ұлт-азаттық қозғалыс деп дұрыс сипаттайды. Бірақ осы көтерілісті зерттеген тарихшылардың көбісі көтерілістің әртүрлі жерлердегі, яғни аудандардағы айырмашылық белгілері мен ерекшеліктерін көрсетпейді және көтерілістің жеке керітартпа ошақтары мәселесін айналып өтіп, тиісті бағасын бермеген. Осылай 1916 жылғы көтерілісті өздерінің халыққа қарсы мақсаттарында пайдалануға талпынған феодалды-діни, панисламистік, пантүріктік және басқа да ұлтшылдардың жасырын амалдары бүркемеленді», - деді. Сонымен бірге ол көтеріліс жалпы прогрессивтік сипатта болғанымен, Орта Азияның және Қазақстанның кейбір аудандарында феодалдық-діни өкілдердің

басшылықты өз қолдарына алғандығын көрсетеді. Ол тарихшыларды 1916 жылғы көтерілістің тарихын зерттегенде Орта Азияның және Қазақстанның әрбір аудандарындағы нақтылы тарихи жағдайлары мен ерекшеліктерді ескеріп жеке қарастыруға шақырды [21]. Бұл тұжырымдама олардың әрқайсысын терең ұғыну, қайталанбас ерекшеліктерін, өзіндік табиғатын ашуға тырысу тұрғысынан дұрыс та болар. Дегенмен шын мәнінде, қазақ тарихында болған Сырым Датовтың /1783 - 1797/, Қаратай Нұралиевтің басқарған көтерілісі 1806 жылдан бірде өршіп, бірде басылғандай болып 1820 жылға дейін барды. 1826 - 1836 ж.ж. қазақ даласында сұлтан Қайыпқали Есімов бастаған көтеріліс болды. Сонан соң Исатай мен Махамбеттің /1836 - 1838/, Кенесарының /1837 - 1847/, Жанқожаның /1856 - 1857/, Есеттің /1855 - 1858/ көтерілістері Атырауды, Арқаны, Сыр бойын, қазақ елін тұтас қамтып, бірі босаңсыса, екіншісі жалғап жатқандай болды. 1916 жылғы көтеріліс болса, шығыс халықтарының орталық саясатқа қарсы ұзақ дәуірге созылған күресінің жалғасы, әрі ең шырқау шегі болды және де аталған қозғалыстардың өзара байланысы, негізгі арқауы, шешуші сарыны бар қазақ елін толық қамтыған қозғалыс еді. Сондай-ақ, академик М. Қозыбаев атап көрсеткендей, империяның бүкіл шығысын қамтыған 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс сонау Орталық, Оңтүстік-Шығыс Азия, Африка, Оңтүстік Америкадағы ұлт-азаттық қозғалыстардың ешқайсысынан кем емес. Басқаша айтқанда, 1916 жылғы оқиға империялық отаршылық жүйенің дағдарысы, одан қалды әлемдік ұлт - азаттық қозғалыстың құрамды бөлігі[22, 128-129 бб.].

1954 жылы Ташкентте болған кеңесте жоғарыда айтылғандай Т. Елеуов те баяндама жасады. Оның баяндамасы негізінен 1952 ж. Алматыда өткен айтыстың қорытынды шешімімен сәйкес келді. Ол: «Сипаты жағынан Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс ұлт-азаттық, шаруалар көтерілісі болды және патшалыққа империализмге, бай-феодалдарға және империалистік соғысқа қарсы бағытталды. Сонымен қатар ол Жетісу облысында, яғни Жаркент уезінің оңтүстік бөлігінде, Сырдария облысында Әулие-Ата уезінің кейбір қоныстарында, Жетісу облысында Пішпек уезінің шығыс бөлігінде және Пржевальск уезінің бірқатар болыстарында феодалдық-діни өкілдері қозғалыстың сипатын өзгертіп орыстарға қарсы, ұлтшылдық қозғалысқа айналдырып ұлт аралық араздық туғыза алды. Сондықтан бұл көтеріліс ошақтары керітартпалық сипатта болды», - деп үзілді-кесілді тұжырымдайды. Бірақ, мұндай қорытындыға келіспей бүкіл Түркістанда тек толқу ғана болды, ал көтеріліс болған аудандарында негізінен халыққа қарсы сипат алып, пантүрікшілердің ықпалымен Түркістанды Ресейден бөліп алуға бағытталды деген бір топ тарихшылар да шықты. Олар прогрессившілдікті көтерілістерден іздемей, Түркістанның Ресейге қосылуынан іздеу керек деп бүкіл халықтық көтерілістің мәнін жоққа шығаруға талпынды [23, 367-370]. Бірақ,

тарихшылардың көпшілігі мұндай 1916 жылғы көтеріліс мәселесін үстірт қарауды қабылдаған жоқ. Сөйтіп осы ғылыми кеңесте Орта Азия және Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістердің тарихына ортақ баға беру қалыптастырылды. Алайда бұндай баға беру үдерісі ұлт-азаттық қозғалыстың прогрессивті және кереғар тұрғысынан «ошақтарға» /очаговость/ бөліп қаралуын, осы айбынды көтерілістің Орта Азия және Қазақстан халықтары тарихындағы алатын ролі /орны/ мен мәнінің тарих ғылымында кемітіп көрсетілуіне алып келді. Бекежан Сүлейменов айдаудан оралғаннан кейін қабылданған ортақ ресми көзқарасқа үзілді-кесілді қарсы шығып, бір қозғалысты жасанды түрде бөліп түрлі сипаттау және «ошақтық» принципі бойынша бағалау дұрыс емес деп өз көзқарасын ашық білдірді [24, с. 51]. Сөйтіп Б. Сүлейменов осы тақырыппен ең алғаш айналысып құнды еңбектерін қалдырған аға буын тарихшылар - Т.Рысқұлов, С.Аспендияровтардың дәстүрлерін коммунистік идеологияның кемеліне жетіп тұрған кезеңінде де жалғастырған ғалым болды.

Бұл XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстағы ұлттық интеллигенцияның ролін тек бір жақты жағымсыз көрсету кеңестік тарихнаманың жалпы әдіснамалық әлсіздігі болып табылады. Оның мәнісі: Шығыстағы /Қытай, Түркия, Иран/ шетелдердегі XX ғасырдың басындағы ұлттық интеллигенцияның ролі кеңестік тарихнамада жағымды бағаланса, патшалық Ресейдің отарлы аймақтарына келген уақытта осы жәй қарама-қарсы сипатталды [25]. Қалыптасқан тұжырымның бір қыры Қазан төңкерісі жүзеге асқаннан кейін ұлттық шынайы жанашырлары большевиктер жүргізген әккі саясатқа қарсылық білдіргендері үшін «ұлтшыл-буржуазия өкілдері», «халық жауы» деген айдар тағылып, қудаланғаны белгілі. Осы жылдары Қазақстанның оқулықтары мен ғылыми әдебиеттерінде Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатовтардың есімдері үнемі кеңес үкіметіне қастандық жасаушы зиянкестер ретінде берілді. Бұл есімдермен бірге «ұлтшыл-буржуазияшылдар элементтер» деген тіркес сөздер қатар жүретін еді. Бұл негізсіз тағылған айыптар бұл кезде «халық жауы» деген тезиспен байланыстырылды. Кеңес үкіметінен ашық күресте жеңілген олар идеологиялық майданда зиянкестікке көшті деген пікір таратылғаны белгілі. Сондықтан кеңестік кезінде жазылған еңбектерде жоғарыдан түсірілген нұсқау бойынша қазақ ұлттық интеллигенциясы өкілдерінің идеялары үзілді-кесілді, бірбеткей кертартпалық деп бағалануға тиіс еді.

Кезінде ең алғаш Т. Рысқұлов, С. Брайнин және Ш. Шафировның еңбектерінде көрініс тапқан XX ғасырдың басында Қазақстанда ұсақ буржуазиялық-демократиялық интеллигенциясы керітартпа алаш қозғалысынан бөлініп революциялық қозғалыс бағытына түсті деген көзқарастар айтқан болатын. Т. Рысқұлов былай деп жазды: «Төменнен шыққан

қазақ буржуазиялы интеллигенциясын байлардың мүдделерін білдіруші ретінде бәрін бір жерге үйіп-төуге болмайды; сол кезеңде халық бұқарасынан шыққан интеллигенцияның бір бөлігі революциялық бағытта болды және патшалыққа және қанаушыларға қарсы күрес жүргізді» [26]. Алайда, 30 жылдардың екінші жартысында ұлттық интеллигенцияның әшкерелеу науқанының дайындық кезеңінде аталған ғалымдардың әлі нақты дәлелденбеген көзқарастары сынға түсті. Артынша бұл жетекші тарихшылардың қуғын-сүргінге ұшырауы салдарынан зерттеу жұмыстары толығымен тоқтады. Егер С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, Г. Тоғжанов, И. Қабұлов, О. Жандосов т.б. құрбан болса, осы ұлт-азаттық мәселесімен айналысқан қалған тарихшылар біраз уақытқа дейін зерттеу жұмысымен айналысу мүмкіндігінен айырылды. Сөйтіп, 1941 ж. Ұлы Отан соғысына дейінгі төрт жылда жарық көрген тек Ленинградтық тарихшы-профессор М.П. Вяткиннің «Қазақ ССР тарихынан очерктер» атты жалғыз кітабы, мұнда автор Қазақстан тарихын тек XIX ғасырдың 60 жылдарына дейін алып келген. 1941-1945 жылдардағы Отан соғысының басталған кезеңінде Қазақстанға елдің бірқатар белгілі тарихшылардың көшіп келуі /эвакуациялауы/, атап айтсақ, академик А.М. Панкратова, Н.М. Дружинин, профессор М.П. Вяткин, А.П. Кучкин, А.Ф. Миллер және т.б. жас Қазақстан тарихшыларының ғылыми деңгейінің өсуіне үлкен ықпал жасады. Олардың тікелей қатысуымен алғаш рет 1943 жылы «Қазақ ССР тарихы» оқулығы жарық көрді. Бірнеше жыл өткен соң екінші басылым жарық көрді [27]. Бұл еңбектердің жарық көруі Қазақстан тарихының түрлі мәселелерін соның ішінде ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын зерттеуін тереңдетуге негіз болушы еді, бірақ аталған басылымдардың тоталитарлық жүйенің идеологтарына ұнамай қалуы, «өрескел қателіктер жіберілген» деп ғылыми айналымнан алынып тасталуына алып келді. Отан соғысынан кейін жасанды түрде пайда болған тосқауылдарды айналып өтіп, қиыншылықтармен күресе отыра, кейбір уақыттарда шегінуге мәжбүр болса да 1916 жылғы көтеріліс мәселесінің көпқырлы жақтарын деректермен толықтырып зерттеуге өз үлестерін қосқан Т. Елеуов, Б. Сүлейменов, С.Н. Покровский, А. Нұрқанов сияқты ғалымдарды айтуға болады [28].

1916 жылғы Орта Азия және Қазақстандағы көтеріліс тарихына тікелей немесе жанама қатысы бар еңбектерден Я.И.Ахатова, Д.М.Меджидов, И.К.Додонов, П.П.Миронов, С.Зияев, Я.Н.Серый, А.Г.Зимма, С.Брайнин, Н.А.Халкин, А.Нұрқанов, Т.Елеуов, А.Ф.Якунин, Г.Сапарғалиев, М.Қ.Қозыбаев, К.Н.Нұрпейісов, З.Ш.Раджапов, П.А.Ковалев және т.б. зерттеулерін жатқызуға болады. Орта Азия және Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс тарихын зерттеуде Х.Тұрсынов пен К.Үсенбаевтың алатын орыны ерекше [29]. К.Үсенбаев өзінің зерттеуін Қырғыз еліндегі көтеріліске арнаса, Х.Тұрсынов өзінің қомақты монографиясын жалпы Орта Азия және Қазақстандағы көтеріліс тарихына арнаған еді. Көп



жылдар бойы аталған мәселемен айналысудың нәтижесінде Б.Сүлейменов өзінің әріптесі В. Басинмен бірігіп «Қазақстандағы 1916 жылғы көтеріліс» атты арнайы монографиясын жарыққа шығарды [30]. Мәселенің маңыздылығы жөнінде Б. Сүлейменов қолда бар әдіснаманы тиімді пайдалана отырып былай пайымдайды: «Марксистік-лениндік әдіснама жүйесін дұрыс пайдалану арқылы ХХ ғасырдың басындағы ұлттық қозғалыстар тарихын жеке проблема ретінде зерттеу жөнді болады». Патша үкіметі тұрақты әскерлерін жіберіп, көтерілісті басу үшін шабуылға шығып жатқан уақытта басталған Ақпан революциясын әбден шаршап титыққан қазақ еңбекшілері жылы қарсы алды. Елден ауғандары 1917 жылдың көктемінде ата мекендеріне қайта орала бастады. Бұл жәйттер Қазақстандағы Кеңес үкіметінің орнауы мен нығаю тарихына арналған К.Н.Нұрпейісовтың еңбегінде атап көрсетілген. Монография авторлары өлкедегі социалистік революцияның салыстырмалы тез орнауына алғы шарт ретінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың маңызды роль ойнағандығын келтіреді. С.Тәнекеевтің пікірінше бұл тарихи құбылысты жоққа шығаруға болмайды. Шындығында, жалыны басылмаған ұлт-азаттық көтеріліс Ресейдегі саяси өзгерістерге ұласып, Ақпан революциясына келіп тіреліп, кейін Қазан революциясын жақтаған қазақтар азамат соғысы кезінде «ақтарды» патша үкіметінің қалдығындай көріп, олармен ашық күреске түсіп, табандылық көрсетті [31, 168-б.].

Кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектерде белгіленген проблеманы әлі де терең зерттеу үшін қызықты пікірлер және деректік мағлұматтар да аз емес. Авторлар қозғалыстың кең қанат жайғандығын, күрестің барысын және қозғаушы күштерін дұрыс сипаттап, қолданған әдістемесіне байланысты көтерілістің бірқатар күрделі белгілерін объективті талдай алмағандықтан, өз пікірлеріне өздері қарсы келетін тұстары да жоқ емес. Тек тәуелсіздік алғаннан кейін ұлт-азаттық қозғалыстардың зерттеу методологиясын М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, Ж.Касымбаев, Б.Аяған, А. Ауанасова, Е. Нурпеисов, Т.Омарбеков[32] т.б тереңдете түсті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Олкотт М.Б. Казахи. // Из истории казахов. Сост. С. Аккошкар. Алматы: Жалын, 1997.- 448с.
2. Козыбаев М.К, Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы: Фонд «XXI век», 1997.-28с.
3. Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы: Қазақ университеті, 1992.-272б.
4. Ахметова А. Патриотизм в ракурсе истории. – Алматы: Санат, 1996. - 224с.
5. Касымбаев Ж.К. Изучение проблем истории освободительных движения в Казахстане, как фактор консолидации национального единства. // Қалалық ғылыми-практикалық

- конференцияның материалдары. – Алматы: 21ақпан, 1998 ж. - С. 40-49.
6. История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. Алма-Ата: КазОГИЗ, 1943.- 671 с.
  7. За высокою партийность в общественной науке Казахстана. // Вестник АН Каз. ССР, №1-2., 1947. - С. 12-16.
  8. Козыбаев И.М. Историческая наука Казахстана (40-80 годы XXв). А-А.: Қазақ университеті, 1992. - 152 с.
  9. Письма Анны Михайловны Панкратовой //Вопросы истории. - №11. Москва: 1988, - С. 54-79.
  10. Шоинбаев Т., Айдарова Х., Якунин А. За марксистко-ленинское освещение вопросов истории Казахстана. // Правда., 1950, 26 декабря.; Большевик Казахстана, 1951. №1, 11-15бб.
  11. Работа над первым томом «Истории Казахской ССР». Изд. третье. //Вестник АН Каз ССР, 1951, №12 - С.86-88.
  12. Қорғасбеков Ж. Қазақ халқы тарихындағы көтерілістер. // Қазақ әдебиеті, 1990, 8ақпан. -4 б.
  13. Сталин И.В. О статье Энгельса «Внешняя политика Русского царизма». // Большевик, 1941, № 9. - С.1-6.
  14. Дахшлейгер Г.Ф. В.И.Ленин и проблемы Казахстанской историографии. Алма-Ата: Изд. Наука КазССР, 1973. -216 с.
  15. ҚР ҰҒА архиві ІІ-қор. І-тізбе. 92-іс. - 14 п.
  16. Рыскулов Т. Восстание туземцев Средней Азии в 1916 г. Собр. Соч. В 3-х томах. Том 2, Алматы: Казахстан, 1997.- 384 с; Соныкі, Кыргызстан. Москва: Госсозиздат. 1935. - 200 с.
  17. Асфендияров С. История Казахстана. Алма-Ата, Москва:Казкрайиздат, 1935.- 263с; Соныкі, Национально-освободительное движение 1916 года в Казахстане. Алма-Ата: Казкрайиздат, 1936-150б.; Елеуов Т. Народно-освободительное восстание 1916 года в Казахстане. Казгосиздат. 1955. -39с.
  18. Турсынов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Ташкент: Госиздат Уз ССР, 1962,-428 с.
  19. Сулейменов Ж.Б. О некоторых вопросах участия национальной интеллигенции восстании 1916 года. // Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году. Алматы: Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. Ма-АН РК, 1997.- 84-88 б.
  20. Решение объединенной научной сессии посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. Изд. АН Уз ССР, Ташкент: 1954. - 13с.

- 21.Турсунов Х.Т. О характере восстания 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Печатается для обсуждения. Материалы научной сессии по истории народов Средней Азии и Казахстана. 1954.– С.1-5; Әбдіжапар Әбдікәдімұлы. Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар. // Қазақстан тарихы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997.-Б. 123-135.
- 22.Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. –192 б.
- 23.Материалы объединенной научной сессии посвященной истории Средней Азии и Казахстана дооктябрьский период. Ташкент: Издат. АН Уз ССР, 1955, - 590 с.
24. Сулейменов Б. Проблемы истории дореволюционного Казахстана в советской историографии (к 50-летию республики). // Вестник АН Каз ССР, 1968, № 1. - 51 б.
25. Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. НАН РК, Алматы: 1993. - 122 с.
26. Рыскулов Т. Против извращения в истории Казахстана. // Казахстанская правда. 3 апреля 1936 г.
27. Қазақ ССР тарихы. Өңделіп, толықтырған екінші басылымы. Алматы: 1949.-528 б.
28. Асылбеков М., Ескалиев С. Бекежан Сүлейменов- тарихшы-ғалым. Алматы: Өркениет, 2001. - 182 б; Елеуов Т. Народно-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. - 40с; Нурканов А. Амангельды Иманов. Алма-Ата: Казгосиздат, 1957.- 101с; Нурканов А. Народный батыр (А.Иманов. 1873-1919 гг). Москва: Госполитиздат, 1962-64 с.
- 29.Усенбаев К.У. Восстание 1916 года в Киргизии. Фрунзе: Илим, 1967. - 327 с; Турсунов Х.Т. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Ташкент: Госиздат УзССР, 1962. - 428 с.
- 30.Сулейменов Б.С, Басин В.Я. Восстание 1916 года в Казахстане. Алма-Ата: Наука, 1977.- 166 с.
31. Тәнекеев С. 1916 жыл. Ереуілтөбе әсерлері. Алматы: Атамұра –Қазақстан, 1994. - 174 б.

**ҒТАМР 03.20**

**XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА «ҒАЛИЯ»  
МЕДРЕСЕСІНДЕ БІЛІМ АЛҒАН ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ  
ТАҒДЫРЫ**

**Р.У. БОЛИМБЕТОВ**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында «Ғалия» медресесінде білім алған қазақ зиялылары және олардың тағдыры» деп аталатын бұл мақалада Уфадағы «Ғалия» медресесінде білім алған қазақ балалары туралы, сонымен қатар олардың қазақ даласында мемлекеттіліктің, білім мен ғылымның, мәдениеттің дамуына қосқан үлестері жайында баяндалады. Медресе түлектері болып табылатын қазақ зиялылары арасынан М.Жұмабаев, Б.Майлин, С.Дөнентаев, Ж.Тілепбергенов, А.Рамазанов, Н.Манаев, М.Тұрғанбаев, М.Оразаев, М.Малдыбаев, Т.Жомартбаев, Ғ.Қайыров, Т.Темірбеков, Н.Күзембаев, С.Жантөриндер, сонымен қатар Бірінші Мемлекеттік думаның депутаты болып саналған А.Бірімжанов, А.Қалменов, Ә.Бөкейхан және Ш.Қосшығұловтың тағдырлары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** «Ғалия» медресесі, қазақ зиялылары, деректер, қосқан үлесі, жазушылар, Дума депутаттары.

**Аннотация.** В данной статье под названием «Казакская интеллигенция, обучавшиеся в конце XIX – начала XX века в медресе «Галия» и их судьбы» рассмотрена судьба казахских детей, обучавшихся в медресе «Галия» города Уфы, а также изучен их вклад в развитие государственности, образования и науки, культуры в казахской степи. Изучены судьбы представителей казахской интеллигенции, являющихся выпускниками медресе «Галия», таких как: М.Жумабаев, Б.Майлин, С.Донентаев, Ж.Тилепбергенов, А.Рамазанов, Н.Манаев, М.Турғанбаев, М.Оразаев, М.Малдыбаев, Т.Жомартбаев, Г.Кайыров, Т.Темірбеков, Н.Кузембаев, С.Жантурин, а также депутаты Первой Государственной думы А.Биримжанов, А.Калменов, А.Бокейханов и Ш.Косшыгулов.

**Ключевые слова:** Медресе «Галия», казахская интеллигенция, источники, вклад, писатели, депутаты Думы.

**Annotation.** In this article entitled "Kazakh intelligentsia, who studied in the late XIX – early XX century in the madrasah "Galia" and their fate "examines the fate of Kazakh children studying in the madrasah "Galia" of Ufa, as well as their contribution to the development of statehood, education and science, culture in the Kazakh steppe. Studied the fate of representatives of the Kazakh intelligentsia, who are graduates of the madrasah "Galia", such as: B. Maylin, S. Donentaev, G. Tulepbergenov A. Ul. Ramazanova, N. Manaev, M. Turganbaev, M. Orazayev, M. Maldibaev, T. - M.: Nauka, 1989.Kairov, T. Temirbekov, N. Kuzembaev, A. Zhanturin, as well as members of S. the First State Duma S.Beremzhanov, S. Kalenov, V. Vokeikhanov.

**Key words:** Madrasah "Galia", Kazakh intelligentsia, sources, contribution, writers, Duma deputies.

Тарихымыздың тереңіне үңіліп, біраз ақтандақтардың орнын толтыру үшін ғалымдарымыз барынша жұмыс жүргізуде. Соның ішінде, медреселерде білім алған қазақ зиялыларының қызметі жайлы мәселе қазіргі күнге дейін қызығушылықты туғызып отыр.

Уфадағы (Башқұртстан) «Ғалия» (арабша «Ұлық») медресесі қазақтың талай қаймағын қанаттандырып, ұлттық элита өкілдерін тәрбиелеп шығарды.. Медресені бітірген түлектер Қазақ жеріне оқу-білімнің дәнін септі. Міржақып Дулатовтың «Осы күні қазақ арасындағы тәуір мұғалімдердің көбі «Ғалия» медресесінің жемісі» дейтіні содан [1, 78 б]. Бұл пікірді тарих ғылымдарының докторы, профессор Хайыржан Бекхожин да қуаттаған болатын. Ол 1964 жылы шыққан «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» жинағында «Ғалияны» бітірген 154 қазақ шәкірттің Қазақ даласында төте оқу мектептерін ашып, бала оқытқаны жайлы дерек келтірді [2, 26 б]. Өкінішке қарай, 12 жыл ғана өмір сүрген «Ғалияның жемістері» де ерте солды. Медресе түлектерінің 70 пайызы 1938-1939 жылдардағы қанды қырғынның құрбаны болды. Мұнда тек діни білім ғана емес, араб, түрік, орыс, татар тілдері оқытылды. Алгебра, физика, тарих, география, психология, педагогика, гигиена, дидактика, әдебиет пәндері, тіпті денешынықтыру, музыка сабақтары да өтті.

Деректерде «Ғалияның» негізін қалаған башқұрт ағартушысы Зия Камали деп жазылып жүр. Рас, ол кісі ұзақ жыл бойы «Ғалияның» басшысы болды. Уфадағы «Ғұсмания» медресесін бітіріп, кейін Каирдағы (Мысыр) атақты әл-Азһар университетін тамамдаған. 1904-1906 жылдары өзі оқыған «Ғұсманияда» дәріс берген. 1906-1919 жылдары «Ғалия» медресесінің басшысы болып, ислам негіздері мен тарихынан сабақ берген. Алайда медресеге қаржы салған, аяғынан тік тұрғызған басқа адамдар еді. Деректерде «Ғалия» медресесі уфалық көпес Садрий Назиров пен уфалық жер иеленуші Суфия Жантөрина-Тевкелеваның қаржысына салынғаны айтылады. Суфия – татар зиялысы, ірі жер иеленуші, полковник, кезінде Дума депутаты болған Құтлы-Мұхаммед Тевкелевтің қызы. Суфияның жұбайы – қазақтың қайраткер ұлдарының бірі Сәлімгерей Жантөрин. Сәлімгерей Сейітханұлы – Есім ханның тікелей ұрпағы. Сәлімгерейдің атасы Ахмет Жантөрин Орынбор қазақтары Шығыс бөлігінің сұлтаны, полковник болған. Арғы атасы Жантөре Ішкі орда ханы Бөкей Нұралыұлының күйеу баласы-тұғын. Сейітхан да кейін сүйек жаңғыртып, Бөкей ордасының ханы Жәңгір Бөкейұлының қызы Хадишаны алған. Сонда Сәлімгерей Жәңгір ханның жиені болады. Сәлімгерей Жантөрин – «Иттифақ әл-муслимун» (Мұсылмандар одағы) партиясын құрғандардың бірі [3, 37 б].

1906 жылы Қазақ даласынан шыққан тұңғыш төрт депутат – Ахмет Бірімжанов (Торғай облысы), Алпысбай Қалменов (Орал облысы), Әлихан Бөкейхан (Семей облысы) және Шаймардан Қосшығұловпен (Ақмола облысы) бірге, Бірінші Мемлекеттік думаның депутаты болды. Сәлімгерей Думаға Уфа губерниясы атынан сайланды. Кейін, Уфадағы «Мұсылман қайырымдылық қоғамының» төрағасы болды. Руханиятты қаржыландырды. «Мұсылман әлемі», «Миллет» газеттері, «Ғалия» медресесі, Уфадағы жетімдер мен қарттар

үйіне ақша аударып отырды. Сәлімгерей мен Суфия Жантөриндер қайырымдылықтан қаржы аяған жоқ. Үш қабатты «Ғалия» медресесін тұрғызарда қажетті 42 мың рубльдің 18 мыңын Жантөриндер отбасы береді. Бұдан бөлек, жыл сайын медресенің басқа да қажеттіліктерін өтеп беріп отырған. Сәлімгерейдің өзі медресенің Қамқоршылар кеңесінің төрағасы болды. Жалпы алғанда, Жантөриндер отбасы медресеге 50 мың рубль ақша салды. Сәлімгерейден бөлек «Ғалияның» құрылысына Садрий Назиров – 10 мың, Жәңгір ханның жиені Гүлсім Тевкелева – 3 мың, орынборлық Рамеевтер отбасы 500 рубль қаржы салды. «...Сәлімгерей Жантөрин медресенің ішкі жұмыстарына басшылық жасады. Содан болар, көптеген қазақтар балаларын дәл осы «Ғалия» медресесіне беруге асықты. «Ғалия» медресесінен әр жылдары Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Жиенғали Тілепбергенов, Абылай Рамазанов, Нұғыман Манаев, Манан Тұрғанбаев, Мұхаметғали Оразаев, Мұстақым Малдыбаев, Тайыр Жомартбаев, Ғабдулхамит Қайыров, Түсіпбек Темірбеков, Нығметолла Күзембаев және тағы басқа қазақ қоғамына еңбегі сіңген танымал тұлғалар түлеп ұшты» дейді тарих ғылымының докторы, профессор Нұрбек Шаяхметов [4, 22 б].

Олар «Ғалиядан» тек ілім-білім жиып қана қойған жоқ. Оқу орнының қабырғасында жүріп, ағартушылықпен айналысты, газет-журнал шығарды, жинақтарын бастырды, саясатқа араласа бастады. Соның мысалы ретінде 1915 жылы апталық «Садақ» қолжазба журналы дүниеге келді. Журналдың мақсаты медреседе оқып жатқан қазақ жастарын әдебиетке баулу болатын. «Садақтың» алғашқы редакторы Бейімбет Майлин, кейін Жиенғали Тілепбергенов болды. Бұл жайлы Тұрсынбек Кәкішев: «Ғалия» шәкірттерінің өз заманында не тындырғандарын жүйелей сөз етсек, ең алдымен қолжазба «Садақ» журналының 40 шақты санын 1913-1918 жылдары шығару арқылы мәдениетімізге үлкен олжа сыйлағанын айрықша атау қажет, – деген еді. Рас, олардың басты олжасы да осы «Садақ» еді. Одан бөлек «Ғалияның» шәкірттері қазақ балаларына арнап «Әліппе, яки төте оқу» деген кітап шығарды. Бұл кітап жайлы «Айқап» журналының 1911 жылғы санында сүйінші хабар жарияланды. Деректерде «Ғалия» медресесінде 200-ге жуық қазақ оқығаны айтылады. Тұрсынбек Кәкішев: «...Ең аз дегенде екі жүздей қазақ жастары жоғары оқу деңгейіндегі медреседен білім алып, елге пайдалы еңбек етті деп шамалауға болады. Олардың қайсыбірінің аты-жөні белгілі, хабар да бар», – дейді. «Қазақ зиялылығын көрсету үшін жоғары білім алғандарды анықтап, мәдениетіміздің биік өресін жоғарғыларға білдірмей көп еңбек еткен азамат Ғалым Ахмедов болғанына ешкім дау айта алмас. Медресе «Ғалияны» бітіргендерден 76 кісінің аты-жөнін баспасөзге жариялады. Солардың ішінде Әбушахман Бөкеев, Ғабдрахман Сұлтанов, Сермұхамбет Қыпшақбайұлы, Ахмет Мәметов, Жұмағали Бейсенбаев, Балқожа Сүлейменов, Нұрахмет Ақылбеков, Сәдуақас Жандосұлы, Кенжеғали Ғабдуллин, Бекмұхамет Серкебаев,

Төреахмет Қожымов, Әшкей Жақаев, Айтмағамбет Жұманов, Жармұхамет Тіленшиннің аттары аталып, көрсетілген» деп жазды Тұрсынбек Кәкішев [5, 22 б].

«Ғалияның» шәкірттері қоғамның түрлі саласына кірпіш болып қаланды. Ел басына күн туғанда Алаштың ақ туының астына біріккен қазақ зиялыларының көпшілігі осы «Ғалияның» түлектері еді. Олар елдің қоғамдық-саяси өміріне араласып, ұйқыдағы жұртты оятты. «Ғалияның» түлектері ішіндегі елге танымалы – Мағжан Жұмабаев пен Бейімбет Майлин. Мағжан Қызылжардағы медресені бітірген соң, Абайша айтқанда, «білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен» деген оймен Уфаға барып, «Ғалияға» қабылданады. Мұнда 1910-1913 жылдары білім алды. Сол жерде ұстазы, татар жазушысы Ғалымжан Ибрагимовтың көзіне түсіп, сол кісінің бағыттауымен өлең жазуға ден қойды. Оның «Шолпан» атты алғашқы өлеңдер жинағы медреседе оқып жүргенде Қазаннан басылып шықты. Бейімбет Майлин де «Шұғаның белгісі» повесін осы «Ғалияда» оқып жүрген кезінде жазды. Өзі шығаратын «Садақ» журналының үш нөміріне бөліп жариялады. Бейімбет «Ғалияда» 1914-1916 жылдары оқыды. Бейімбеттен кейін «Садақтың» редакторы болған, жазушы-драматург Жиенғали Тілепбергенов те «Ғалиядан» түлеп ұшты. Ол мұнда 1915-1916 жылдары оқыды. Жиенғали бұл кезде «Қазақ» пен «Айқапқа» мақалалары жиі жарияланып тұрды. Медресені бітіргеннен кейін елге келіп мұғалім, одан соң журналист болды. «Ұран» газеті авторларының бірі, кейін «Кедей», «Бостандық туы» газеттерін басқарды. Оқу-ағарту бөлімінде, баспаларда басшылық қызмет істеді. 1933 жылы дүние салды. «Ізбасар» деген кітабы жарық көрді. «Садаққа» еңбегі сіңген тағы бір ғалиялық – бөкейордалық Нұғыман Манаев. Ол Уфада алдымен «Шарқ» (Шығыс) баспасында еңбек етті. Бес жылдан кейін, яғни 1912 жылы «Ғалияға» қабылданды. Медреседе оқи жүріп Нұғыманның шығармашылық қабілеті оянды. «Айқап» журналының тұрақты авторы атанды. Медресе шәкіртінің «Иман-Ислам» оқулығы шықты. Кейін «Садақ» журналын шығаруға мұрындық болды. Медресені бітірген 1916 жылы «Қазақ» газетіне мақалалары шығып тұрды. 1917 жылы Бөкей ордасында «Ұран» газеті ашылғанда, бас редактордың орынбасары болды. Бұдан кейін мұғалімдіктен мемлекет қайраткеріне дейін көтерілді. Қазақ Халық ағарту комиссариатының комиссары болды. Оны бұл қызметінен 1930 жылы Голощекин босатты. Бұдан кейінгі өмірін шығармашылыққа арнады. Аудармамен айналысты, оқулық жазды. 1937 жылы тұтқындалып, ату жазасына кесілді [6, 12 б].

Бөкей ордасынан шыққан тағы бір қазақ – Ахмет Мәметов (Ахметқали Мамытұлы). Қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың әкесі. Ол да – «Ғалия» медресесінің түлегі. Медреседе оқи жүріп, Қазаннан екі кітабын жарыққа шығарды. Медреседен кейін, Саратовтағы медицина университетін бітірді. Ахмет Мәметов – қазақ журналистикасының

нар тұлғаларының бірі. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан» басылымдарына қоғамдық-саяси тақырыптағы мақалалары жарияланды. «Ойыл уәләяты» үкіметі құрылғанда ол «Еркін қазақ» газетінің редакторы болды. Сәкен Сейфуллин «Тар жол, тайғақ кешу» романында бұл жайлы: «Күнбатыс Алашорда» (Батыс бөлімі) сөйтіп, өзінше істей берді. Айтқандайын, Ойыл қаласында газет шығарды. Газетінің аты жаңылмасам, «Жаңа қазақ» (Еркін қазақ) болса керек. Шығарушысы – Ахмет Мәметұлы деген дәрігер» , – деп жазады [7, 78 б]. Алашорда автономиясы құлағаннан кейін Ахмет білім берумен, халықты емдеумен айналысты. Соңында сталиндік репрессияның құрбаны болды. Қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың майданға аттанып, жауға қарсы соғысудағы басты мұраты әкесінің «халық жауы» еместігін дәлелдеу болатын. Өнші Ермек Серкебаевтың әкесі, Алаш қайраткерлерінің бірі Бекмұхамед Серкебаевта – «Ғалияның» шәкірті. Медреседе Мағжан Жұмабаевпен бірге оқыған. «Ғалияның» қабырғасында жүріп «Шытымыр» сатиралық журналын шығарды. «Қазақ» газеті шыға бастады. «Қазақ» газетіне өлендері жарияланып тұрды. Бекмұхамед Серкебаевтың «Кітапхана жұрнағы» деген өлең кітабы 1910 жылы Қазаннан жарық көрді. 1912 жылдан бастап пьеса жазуға ден қойды. «Кедей сөзі», «Бостандық туы» газеттерінде қызмет істеді. Басында әдеби шығармалар жазғанымен, 1927 жылдан бастап кейінгі өмірін білім беруге арнады [8, 87 б]. Жұмабай Шаяхметов, Иса Байзақов, Ісләм Жарылғапов, Қайнекей Жармағамбетов осы Бекмұхамедтен оқып, хат таныған. 1976 жылы өмірден озды. «Ғалияны» бітірген қазақтардың қатары мұнымен бітпейді.

Сонымен, біздің мақсатымыз Ғалия медресесінің қазақ зиялы қауымының қалыптасуына ықпал етуін көрсету, сол жақта алған білімін өздерінен кейінгі буынға дарытып, қазақтың болашағы, азаттығы үшін жан бергенін кейінгі ұрпаққа жеткізу болатын.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Иманбаева С.Міржақып Дулатов – Алаштың жарық жұлдызы. - Алматы, 2001.- 142 б.
2. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860–1930 жылдар). — Алматы, 1964. – 215 б.
3. Әбжанов Х.М., Әлпейісов Ә. Қазақ интеллигенциясы мен мәдениеті туралы.- Алматы: Респ. мәдениет қызметкерлерінің мамандығын арттыру. институты, 1992.-127 б.
4. Шаяхметов Н. Қазақстандағы 20-30 жылдардағы репрессиялау саясаты және қазақ зиялыларының тағдыры. //Ураз Джандосов - выдающийся государственный деятель и просветитель./Материалы научной конференции.- Алматы, 1999. – Б. 20-23.
5. Кәкішев Т. Толғам. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.- 254 б.



6. Асанова С.А. К вопросу о понятии "национальная интеллигенция" //Вопросы истории, историографии и источниковедения Казахстана / Сб. статей молодых ученых. Выпуск IV, Алматы, 1993. - С. 11-12.
7. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. - Алматы, 1977. – 387 б.
8. Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. - А. 2004. – 179 б.

**ҒТАМР 13.61.07.**

## **ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ**

**А.Ж. ӘБДЕНОВ, Н.К. АБДЕНОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация:** Мақалада ақпараттық технологиялардың тарихи-мәдени мұраларды сақтау мен есепке алудағы мүмкіндіктеріне шолу жасалынады.

**Аннотация:** В статье рассматриваются использования информационных технологии в учете и сохранении культурного наследия.

**Abstract:** The article discusses the use of information technology in the accounting and preservation of cultural heritage.

**Кілт сөздер:** ақпараттық технологиялар, жаңа ақпараттық технологиялар, цифрландыру, тарихи-мәдени мұра.

**Ключевые слова:** информационные технологии, новые информационные технологии, оцифровка, культурное наследие.

**Key words:** information technologies, new information technologies, digitization, cultural heritage.

Ақпараттандыру ақпараттың өсуіне, жергілікті және ғаламдық жүйелер мен желілерге, деректер мен білім базаларына, жаңа технологиялардың пайда болуына, жаңа мәдениетке, қоғамның жаңа түріне әкелді. Ақпараттандыру әлеуметтік трансформацияның жаһандық процесінің іргелі проекциясы деп айтуға болады [1, 66 б.]. Біз ақпараттандырудың нәтижелері ретінде зияткерлік және ақпараттық әлеуетті айтамыз, сондай-ақ, ол екеуінің дамуы қоғамды ақпараттандыру процесінің қарқындылығына байланысты. Бұл екі түсінікті бір затқа – ақпараттық-когнитивті шамаға біріктіруге болады, оны біз ақпараттандыру процесін сипаттау үшін пайдаланамыз. Ақпараттандыру субъектісі - тұлға болып табылады, сондықтан ақпараттандыру процесі білім құндылық болып табылатын сол индивидуумдардың когнитивті экраны арқылы өтуі тиіс. Осы құбылысты талдай отырып, объективті білім

әлемін ғана емес, сонымен қатар тұлғалық (субъективті) білім феноменін ескерген жөн. Ақпараттық-когнитивті әлеуеттің маңызды компоненті зияткерлік әлеует болып табылады, онда жинақталған білімді, дағдыларды, тәжірибені қолдана отырып, адамның мәселелерді шешуге қабілеті байқалады. Екінші компонент – бұл қоғам мүшелерінің ақпараттылығының қажетті деңгейін, яғни ақпаратты жинақтау, іздеу, сақтау және жіберу қабілетін қамтамасыз ететін ақпараттық әлеует. Ақпараттық-когнитивтік әлеует нақты қоғамның даму деңгейін, оның белсенді өзгеру қабілетін және максималды жасампаз болу қабілетінің деңгейін анықтайды. Зияткерлік әлеует сана феноменімен байланысты тұлғаның білімдері мен шығармашылық қабілеттерін қамтиды. Жеке бастан тыс, рухани бастаудан тыс, білім мүмкін емес, біз таңбалық жүйенің сырты – ақпаратпен ғана жұмыс жасайтын боламыз, оның мәдениетке ешқандай қатысы жоқ. Білімді жинақтау, пайдалану және тарату процесінде бірінші дәрежелік рөлді тұлғалық импульстар алады. Ақпараттандыру нәтижесінде ақпараттық және зияткерлік әлеуетті жинақтау-мәдени жинақтау, яғни мәдени мұраның білімі жайында айтуға болады.

Мәдени мұраны сақтау барлық уақытта ең өзекті және шешілмеген мәселелерге жатады: нені сақтау керек және қалай сақтау керек? Қоғамда өндірілетін ақпараттың барлығы әлеуметтік қажеттілік емес, және барлығы ақпараттық қордың белсенді қолданылатын бөлігіне кірмейтіндігін есте ұстау қажет. Кейбір ақпарат адамның тәжірибесінде мүлде қолданылмауы мүмкін. Бірақ ақпараттың бұл жерде және қазір пайдаланылмайтыны болашақта қажет болмайтындығын білдірмейді. Сондықтан мәдени қор жасау – ең маңызды тапсырма.

Мәдениет үлгілерін аудару - субъект пен объектінің әдіс-тәсілдерінен ерекшеленетін ақпараттық өзара әрекеттесуді анықтайтын процесс. Ақпараттандырудың әр түрлі аспектілерін болжау және модельдеу үшін бұл өте маңызды: модальділікті ескеру қажет, болмаса ол ақпараттық өзара әрекеттесудің барлық жағына тікелей әсер етеді. Модальділік өндірілетін және тұтынылатын ақпараттың санына және сапасына, ақпараттық процестердің сенімділігіне, белсенділігіне, тиімділігіне, кеңістік және уақыт координаталарындағы олардың бағдарына әсер етеді. Уақыт координаттарында ақпараттық байланыстың екі түрін көрсеткен жөн: синхрондық және диахрондық. Біріншісі бір уақыт аралығындағы субъект пен объект арасындағы кері байланыс орнату мүмкіндігін болжамдайды. Екінші жағдайда алдыңғы ұрпақтардан кейінгілерге ақпаратты жіберу болады. Біз үшін екінші мәселе өте маңызды, себебі диахрондық ақпараттық байланысты әлеуметтік тәжірибені жинақтау және таратудың нақты механизмі ретінде қарастыруға болады. Мұндай механизм болмаса, мәдениетті беру мүмкін емес, өйткені адам онтогенез кезінде барлық әлеуметтік және

зияткерлік филогенетикалық тәжірибені қайталауға мәжбүр. Диахронды ақпараттық байланыс мәдени білім берудің негізі болып табылады, әрбір ұрпақ жинақталған байлыққа жаңа білім қосады [2]. Ақпараттық ағындардың өзі мәдениеттің диахронды және синхронды дамуының негізіне айналады. Ақпаратпен алмасу (кері байланыспен) ақпараттың синхронды қозғалысын қамтамасыз етеді, диахронды қозғалыс ақпараттың ұрпақтан ұрпаққа жетуіне (трансляция) кепілдік береді. Информатология тұрғысынан мәдениетті синхронды өлшеу маңызды болып табылады, өйткені ол ақпараттық ағымдардың, ішкі және сыртқы қатынастардың арасындағы қатынастарды түсінуге мүмкіндік береді. Мәдениеттің әрбір фактісін хабарлама, ақпарат ретінде қарастыруға болады.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар коммуникацияны айтарлықтай өзгертті. Сандық материалдардың сақталуы, ең алдымен, болашақ жүйелерде ойнатылатын мазмұн мен қасиеттердің анықтамасы болып табылады. Қазіргі уақытта біз сандық мұраны сақтап қалу арқылы түсінгенімізді ғана емес, тұжырымдаманың мәні - сандық мұра туралы нашар білеміз. Біздің ойымызша, мәселенің мәні бұрынғыдай болып қалды: сақталатын материалдың көлемі мен толықтығын яғни нені сақтайын деп жатқанымызды анықтау; материал жинауды және сақтауды ұйымдастыру, яғни мұны біз қалай жасаймыз, және оған кім жауап береді, тек бұл материал – сандық [3, 251 б.]. Бұл жағдайда ақпараттың сандық мұра табылатындығы, немесе болмайтындығы туралы мәселе қағаздағы деректерді сақтау кезінде, яғни материалдарды дәстүрлі әдістермен жіктеу әдісімен шешуге болады. Бұл жағдайда өркениеттің құжаттық есте сақтау функциясын іске асыру тәжірибесіне назар аудару қажет.

Әлемдік мәдени кеңістік әртүрлі сегменттерден, оның ішінде белгілі бір аймақтың мәдени кеңістігінен тұрады. Ақпараттық саладағы заманауи жетістіктердің арқасында әлемдік қоғамдастық бірегей, қайталанбас, ерекше мәдениеттердің әшекейлерін көреді. Әрбір инвариантты мәдени ортаны қозғайтын ақпараттар мен жергілікті матрицалар әлем мәдениетінің жалпы құрылымына үнемі өзгерістер енгізеді, шағын халықтардың бір-біріне мәдениетінің бірлескен қозғалысын қамтамасыз ете алады. Мұндай жобалардың мақсаты ақпараттық ресурстарды жинау және құру арқылы мәдени мұра желілерінің аймақтық сегментін құру болып табылады. Топтама жасау келесіге мүмкіндік береді: ақпараттық қорларға қолжетімділікті кеңейту; өңірдің өмірін және тіршілігін, оның орнықты жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті және қорғалған ресурстарды дамытуды қамтамасыз ету; аймақтық мәдени құндылықтарды қорғау.

Мәдени-философиялық тұрғыда мәдени мұраны цифрландыру - ғылымды, технологияны, әлеуметтік менеджментті, құндылықтарды және т.б. сияқты факторларды

ескере отырып, аймақты дамытудың маңызды факторларының бірі болып табылады. Осылайша, қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тиімді пайдаланбай мәдени мұраны сақтау мүмкін емес. Осыған байланысты аймақта және елде мәдени-ақпараттық саясатты біріктіру, бірыңғай әдістемелік, технологиялық және ұйымдық тәсілдерді әзірлеу қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Марчук А. Г., Холюшкин Ю.П. «Информационные технологии и математические методы в археологии». –М., 2002. - 66 б.
- 2 Тоффлер Э. «Третья волна, США – экономика, политика, идеология». –М., 2000 жыл.-№ 7 шығарылым. -312 б.
- 3 Шлыкова О.В. «Феномен мультимедиа. Технологии эпохи электронной культуры». Монография. -М.: МГУКИ, 2003 жыл. – 251 б.

### **ҒТАМР 03.20**

### **МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВТІҢ ДІНИ-ЭТИКАЛЫҚ ОЙЛАРЫ**

#### **А.Ч. ЕШНИЯЗОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация:** М.Ж. Көпеев өзінің шығармашылығында этикалық және эстетикалық байланыс пен музыкалы-поэтикалық өнердің философиялық мәні туралы мәселені көтерді.

**Кілт сөздер:** этика, эстетика, бостандық, еркіндік, дін.

**Аннотация:** В своем творчестве М.Ж. Копеев поднял вопрос о философском значении музыкально-поэтического искусства и этической и эстетической связи.

**Ключевые слова:** этика, эстетика, свобода, религия.

**Annotation:** In his work, M. Zh. Kopeev raised the question of the philosophical significance of musical and poetic art and ethical and aesthetic connection.

**Key words:** ethics, aesthetics, freedom, religion.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығында исламдық рухани негіздер айқын басымдық танытады. Ондай көзқарас кеңестік дәуірде қудаланғаны белгілі. Діни-этикалық ұстанымдар қазақ жерінде әр түрлі сипатта көрініс берген еді. Мәселен, Көк аспан - Тәңірі қазақтардың дүниетанымында барлық жаралған дүниенің басы болған, Тәңірінің бойына - құдайшылық, табиғилық және әлеуметтік қасиеттердің бастамасы жинақталып, бүкіл әлемнің әр түрлілігінің, қазақтардың рухани құндылығының себепкері, әрі мәңгілік саналған.

Тәңірінің рухы бар ғарыштық жерге де тарағандықтан көнедегі көшпелі тайпалар табиғат құбылыстарына, аспандағы шырақтарға табынып, оларға құлшылық қылған.

Ал, М.Ж. Көпеевтің діни-этикалық поэзиясы "Сүлеймен мен Ібіліс", "Ықылас сүресі" атты өлеңдерінде айқын байқалады. Осылай жарық дүниедегі жақсы мен жаманның күресінің үнемі жалғасын тауып келе жатқандығын философиялық позициямен жеткізе білген ойшыл адами жетілудің рухани жолдарына қарай шақырады. Тұлғалық жетілу әлемді өзгертудің басы екендігіне өз еңбектерінде меңзейді.

М.Ж. Көпеевтің шығармашылығында этикалық және эстетикалық байланыстың онтологиялық негізін жауапкершілік түсінігі арқылы анықталады. М.Ж. Көпеевтегі жарық белгісі түсінігі жақсылықты сырттан, ғарыштан емес, адамның өмірмен белсенді әрекетінен күту керек деген идеяны енгізгенін айтуымыз керек. Әлем әуелден эстетикалы құрылған, ол әдемілікке толы, ал адам пайымдаумен табиғатқа деген рақымды-құрметті қатынас арқылы әлеммен қарым-қатынасқа эстетика енгізіп, онымен біртұтас болып кетеді. Дәл осы адамның табиғат пен жауапкершілікті қарым-қатынасы этика мен эстетиканы біріктіретін бастама болып саналады.

Үйлесімділікті сақтауға негізделген дәстүрлерді, жораларды сақтауды барлық қоғам этикалық өнеге және эстетикалық әдемілік ретінде қабылдаған. Сандық белгілер арқылы көшпелілер әлемдегі өз өмірі мен тұрмысын түзген. Түрлі құбылыстардың амалының, қайталануының, элементтерінің сандық құрамының терең қасиетті мағынасы болған. М.Ж.Көпеевтің ой-толғамдарындағы көрінбейтін этика-эстетикалық символикасы бар сандық үйлесімділік те жоралардың көптүрлілігімен байланысты екенін байқау қиын емес. Мысалы, оның ой толғамдарында көшпелілердің өмірін үйлесімділік, әдемілік пен тыныштық әкеле отырып реттейтін сиқырлы қырық және жүз сандарын пайдалану жиі кездеседі.

Қайғысы патшаның болды қатты,

Үйінде қырық күн тұрмай жылап жатты [1, 273 б. ].

Бұл белгінің қазақтың көптеген салттарында кездесетіні белгілі: баланы қырқынан шығарып, қырық қасық су қуып алғаш рет шомылдыру, қайтыс болған адамның қырқын беріп, қырық шырақ жағу [2, 79 б. ]. Біздің ойымызша қырық саны жандану, тұрақтылық, тыныштық пен татулықты, яғни, әлемнің үйлесімділігін білдіреді. Сондай-ақ үш саны да барлық жерде кездеседі: уақыт үштігі, әлемнің құрылымын рәміздейтін дүние бәйтерегі, адамның өзі. М.Ж. Көпеев өз ой-толғамдарында өмірдің көптеген құбылыстарының үштігін атап көрсеткен: *адамды кері кетіретін үш нәрсе:*

"Үш арсыздың бірі - ұйқы, бірі - тамақ, бірі күлкі"; адам өмірін анықтайтын, әрі қашып құтыла алмас үш нәрсе: "Үш дауасыздың бірі - мінез, бірі - кәрілік, бірі - ажал"; аз бағаланатын үш құндылық: "Үш қадірсіздің бірі- игі тілек, бірі-денсаулық, бірі- жақсы қатын" [3, 4]. Үш санының бұлайша әр жерден кездесуін немен түсіндіруге болады? Біздің жобалауымыз бойынша үштік идеясы жаратылыстың негізінде жатқан терең онтологиялық мағынаға ие. Барлық мифологиялық жүйелерде әлемді ежелгі адамдар үш деңгейлі модельмен қабылдаған (жоғарғы-орта-төменгі). Әлемнің осы үш деңгейінің өзіне тән кеңістігі, уақыты мен айрықша жан иелері болған. Көшпелілердің түсінігіндегі осы әлемдердің шекарасы үштік құрылымды адамның белгілі жағдайға енуіне мүмкіндік береді.

М.Ж. Көпеев қазақтың музыкалы-поэтикалық өнерінің философиялық мәні туралы бұрын шешілмеген мәселені көтерді.

Көпеевтің дәлелдеуінше, әр адамда жамандыққа да, жақсылыққа да бейімдік бар. Ойшылдың мұраларында назар аударуға тұрарлық тағы бір аспект бар. Оның ойынша Алла адамды жаратқан кезде оған бостандық пен еркіндік сыйлаған: "Жаратуын өзі жаратса да, билігін, ерік ықтиярын мақлұқтарына берді" [4, 511 б]. Бұл бір ойдың келесісін жоққа шығаруы емес. Мұнда әрекет пен қылықтардың мәні тек қана олардың себебіне байланысты пішілмейтіні, сондай-ақ олардың салдарының жауапкершілігі мен салмағына да байланысты екені айтылады, сондықтан акцент адамның еркін таңдауына қойылады. Яғни, М.Ж. Көпеев еркін ықтиярлықпен өзін-өзі дамыту фактісін айтып отыр. Алдын ала айқындалғандардың тек бірқатары ғана өзгеріске душар болған. Ал еркіндіктің болуы оған жауапкершілікпен қарауды қарастырады. Бұл дегеніміз адам ақыл мен белгілі мақсаттарға жетуге талабы бар шығармашыл тұлға ретінде өзінің жолын таңдауға ерікті. Ал адамда таңдау еркіндігі болса, ол таңдау жасай отырып, таңдау жасау жауапкершілігін өз мойнына ала отырып тағдырын өзгерте алады. Өмір адамға дәл осы өзін өзі жетілдіру үшін беріледі. Ал дін адамды Ақиқатқа - Құдайға бағыттауға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе М.Ж. Көпеевтің еркіндік пен тағдырды Құдайдың сыйы деп санағанын, бірақ ол бұл екі түсінікті теңдестірмегенін айтуға болады. *Бостандық* рухани ортада *тағдыр* ішінде *жақсылық пен жамандықты* таңдау кезінде пайда болады. М.Ж. Көпеевтің замандасы С.Торайғыров бостандық қалауының табиғилығы позициясын ұстанады, бірақ кей жағдайларда кейбір алдын - ала айқындалып қою фактісін де жоққа шығармайды. Бостандық тағдырдың қарама-қарсылығы ретінде анықталады және әуелгі табиғилыққа қарсылық шарасы ретінде жиі бағаланады. Қоғамды әділетсіз заңдардың күші билеп тұрса да тағдырды адам өзгерте алмайды. Бірақ адамның ішкі бостандығы бұл заңдарды өзгертпесе де, өзінің жеке тұлғалығын сақтап қалуға көмектеседі.

Ең алдымен бостандық адамның болмысын анықтайтын, жақсылық пен жамандықтың арасындағы саналы таңдаудан шығатын рухани құбылыс.

Жақсылық пен жамандықтың диалектикасын Көпеев түрлі рахаттылық пен ләззаттың арасынан ең парасаттысын таңдау проблемасын шешудің шешудің аясында қарасырады. Сезім ләззаттарындағы қанағатсыздық, Көпеевтің ойынша, тек тәнге ғана емес, жанға да у ретінде зиян әкеледі. У адамның ақыл-есін жанжып рухани дамуға орын қалдырмайды. "Көп ішіп, көп жеумен екі нәрсе көбейеді. Бірі - қарын, бірі - көңіл. Бұл екеуі бойында толық тұрғанда - басқан-тұрғанның бәрі - өз басына у болғаннан басқа пайдасы жоқ" [5, 273 б]. Кімде кім өмірде қанағатсыз болса жағымсыз ойлар сол адамның санасын біртін-біртін жаулап алады. Ал бұл этиканың маңыздылығын азайтады. Ал егер сезімділікті саналы түрде шектесе, дейді Көпеев, адамның үйлесімділігі мен рухани тұтастығын қалпына келтіруге болады. "Аз жеуді, аз ұйықтауды, аз сөйлеуді мұрат тұтты".

М.Ж. Көпеев мұраларында негізінен жақсылық пен жамандықтың айырмасын білетін, бірақ уақытты қызықты өткізу үшін жиі адамгершілікке жат қылықтар жасайтын адамдардың категориясы қарастырылды. М.Ж. Көпеевтің ойынша, олардың мінезі ізгіліктілікті түйсінгенде және мәдениетке бой ұрғанда жетілуі мүмкін.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Көпеев М.Ж Таңдамалы, екі томдық, 1 том. - Алматы, Ғылым, 1999 жыл. -273 бет.
2. Каракузова Ж.К, Хасанов М.Ш. Космос казахской культуры. - Алматы, 1993 ж. -79 с.
3. Көпеев М.Ж. Ай мен күндей //Ақиқат. -№ 4. -1994. – Б. 52
4. Степанянец М.Т. Природа человека. -Восточная философия. РАН, 2016. - 511 бет.
5. Көпеев М.Ж Таңдамалы, екі томдық, 1 том. –Алматы: Ғылым, 1999. – 147 б.

#### **ҒТАМР 03.20**

### **ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДА ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ЖАСАҚТАЛУЫ**

#### **А.Б. БИМУРЗАЕВА, Н.С. АЛИКУЛОВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстандағы әскери бөлімдерді қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Ұлы отан соғысы кезінде Кеңес Одағы адам ресурстарын, сондай-ақ басқа да кеңестік республикаларды жұмылдырды. Соғыстың басынан бастап еріктілер майданға барып, өтініштерін тапсырды. Соғыс басталу кезеңінде 14 атқыштар бөлімі мен әскери бөлімдер құрылды, майданға 6 бригада жіберілді. Біраз

уақыттан кейін 6 артиллерия мен авиациялық полкі, 12 ғимарат, 2 автокөлік батальоны және пулеметшілердің 7 батальоны құрылды.

**Кілт сөздер:** құрама, гвардия, командир, дивизия, әскер, бригада, полк.

**Аннотация.** Военные бригады и дивизии, созданные в Казахстане, прошли жестокое поле битвы от Москвы до Берлина, демонстрируя мужество в боевых действиях на всех этапах войны. Позже они приняли участие в финальных сражениях Второй мировой войны на Дальнем Востоке и обеспечили победу советского народа.

**Ключевые слова:** сборный, гвардия, командир, дивизия, армия, бригада, полк.

**Annotation.** In this article the problem of formation of military units in Kazakhstan in days of the Great Patriotic War is considered. In days of the Great Patriotic War the Soviet Union mobilized human resources, also as well as other federal republics. From the very beginning of war volunteers left on the front, submitting the applications.

At the initial stage of war 14 rifle, military divisions are created and 6 crews were sent to the front. A little later 6 artillery and aviation regiments, 12 construction, 2 autobattalions and the 7th battalion of submachine gunners were created.

The military crews and divisions created in Kazakhstan passed the cruel battlefield from Moscow to Berlin, showing courage in fighting at all stages of war. Later they were involved in final battles of World War II in the Far East and ensured a victory of the Soviet people.

**Keywords:** united, guards, commander, division, army, brigade, regiment.

Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен бері төл тарихымыздың бұрынғы бұрмаланып жазылып келген және ақиқаты ашылмаған мәселелерін қайта қарап, зерделеуге мүмкіндік туды.

Осындай күрмеуі шешілмеген мәселелердің бірі – ел тарихының ерекше беттеріне айналған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан. Тарихнамамызда Ұлы Отан соғысы төңірегінде көп ғылыми зерттеулер жүргізілгені белгілі. Соғыстың аяқталғанына жетпіс жылдан астам уақыт өтсе де, адамзат өзінің тарихындағы осынау қасіретті дәуірге қайта-қайта назар аударады. Соғыстың қарсаңындағы жағдайға, оның басталуы мен аяқталуына, халықаралық қатынастардың соғыстан кейінгі дамуына байланысты жәйттерге қайтадан талдау жасалуда. Академик Манаш Қозыбаев: «Кеңес тарихының ең сүбелі бөлігі - Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келді. Алайда, әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі [1], шынында да Ұлы Отан соғысына қатысты кейбір мәселелерді қайта бағалауды және жаңа көзқарастарды талап етеді. Сонымен қатар, соғыс тарихнамасында көмескі мәселелердің бірі – Қазақстанда әскери құрамалардың жасақталуы, олардың ұлттық құрамы мен жауынгерлік жолдарына байланысты мәліметтердің аз болуы, міне сондықтан мәселені нақтылау зерттеушілердің міндеті болмақ.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстанда жасақталған әскери құрамалар жөнінде тарихшы, академик М.Қозыбаев: “Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлттық республикаларда



құрамалар құрылғандығы белгілі. Алайда, олардың, басым көпшілігі соғыста дұрыс пайдаланылмады. Ал кейбір атты әскери құрамалар танкілерге қарсы шығып, жауған оқтың астында бірден жоқ боп кетті. Бұл бір жағынан халқымызға көрсетілген сенімсіздік болса, екінші жағынан тағдыр салған зобалаң еді. Өйткені, мұндай әскери құрамаларға жаңа ғана өндірілей өсіп жетіле бастаған зиялы қауымның өкілдері алынғанды. Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ сахарасынан 1 миллион 900 мың адам мобилизацияланды. Бұл халықтардың төрттен бірі еді”,-деп жазған [1, 117 б.].

Соғыс басталғанда құрылған құрамалардың кейбіреулері немістердің соққысынан талқандалса, ал И.В. Сталиннің басшылық саясатынан кейбір құрамалардың командирлері, қолбасшылары тұтқындалып, атылып, олар басқарған әскери дивизия, корпус, бригадалар таратылып, құрамындағылар басқа құрамаларға берілді.

Қазақстанда 12 атқыштар мен 4 кавалериялық дивизиялар, 7 атқыштар бригадалары мен 5 жеке полк және әртүрлі әскер түрлерінің батальондары құрылған. Оның ішінде 3 атты әскер дивизиясы мен 2 атқыштар бригадасы ұлттық құрамалар ретінде құрылды. Негізінде олар еріктілер қатарынан жасақталып, майданға кеткенше республика бюджеті мен халық жарнасынан қамтамасыз етілді [2]. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түрде әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілді.

Қазақстаннан майданға 1 миллион 200 мың адам жіберілді [3].

Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың “Сол кезде біздің республика елдің жұмылдыру орталығы болды десек, артық айтпаған боламыз” [4] деп атап өтуі нақты шындық екендігін дәлелдейді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қызыл армия қатары еріктілермен толығына түсті. Тек 1941 жылдың жазы мен күзінде майданға бару үшін 4 миллионнан астам адам арыз берді.

Еліміздің Қарулы Күштерін жедел толықтыру, жаңа құрамалар жасақтау сол кездегі басты міндеттердің бірі болды. Осыған сәйкес, Одақ көлемінде әскери құрамалар жасақталып, майданға аттана бастады.

1941 жылдың соңына қарай КСРО-да 124 дивизия жасақталды [5, 58 б.].

Ұлы Отан соғысы барысында Азербайжан, Армения, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Латвия, Эстония, Литва республика еңбекшілерінен 80-нен астам ұлттық дивизиялар құрылды.

Республика территориясында соғыстың алғашқы үш айы ішінде 316-дивизиямен қатар 238-ші, 310-шы, 312-ші, 314-ші, 387-ші және 391-ші атқыштар дивизиялары құрылды. 1941 жылдық аяғына дейін тағы бір дивизия және үш бригада құрылды. Қазақстанда барлығы 20-дан астам атқыштар және атты әскер дивизиясы мен бригадасы, бірнеше артиллерия және

авиация полкі, алуан әскер түрлерінің ондаған батальондары құрылды. Республика еңбекшілері Қазақстанда, сондай-ақ одан тыс жерлерде жасақталған бөлімдер мен құрамаларға шақырылып жатты [6, 68 б.].

Тарихшы Т.Балақаев пен Қ.Алдажұманов Қазақстан жерінде құрылған әскери құрамаларды 3 топқа бөліп қарастырды. Бірінші, 1941 жылдың июнь-август айларында жасақталған дивизиялар; екінші, 1941 жылдың аяғы мен 1942 жылдың басында құрылған құрамалар; үшінші, ұлттық құрамалар [7, 16 б.].

Соғыстың алғашқы кезеңінде Қазақстанда барлығы 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада жасақталып, майданға аттандырылды. Бұдан кейінірек 6 артиллериялық және авиация полкі, 12 құрылыс, 2 автобатальон, 7 автоматшылар батальоны құрылды.

Қазақстандық әскери құрамалардың жұмысшылардан - 40 %, колхозшылардан - 50% және интелегенциядан 10% жасақталды. Олардағы әрбір алтыншы жауынгер мен командир коммунист, 20 %-ке жуығы ВЛКСМ мүшелері болды [8, 5 б.].

Қазақстанда алғашқылардың бірі болып, 1941 жылы шілде айында Алматыда жасақталған 316 - атқыштар дивизиясы болды. 316 - атқыштар дивизиясы құрамы Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының, ішінара Қырғызстанның еңбекшілерінен тұрды. Дивизия командирі болып Азамат соғысына қатысушы, аты аңызға айналған 25 - Чапаев дивизиясының қатарында шайқасқан генерал - майор И.В.Панфилов тағайындалды. Негізінде бұл дивизия дивизия қазақ, орыс, украин, қырғыз және басқа ұлт өкілдерінен құралған еді. Дивизия штабының құрастырған қысқаша әскери мінездемесінде «Негізінен қазақтар мен қырғыздардан жасақталған. Орыстар құраманың 20-25 % - ын құрады. Әлеуметік жағдайына тоқталсақ: 27% - жұмысшылар, 58% - колхозшылар, 14% - қызметкерлер, 1% - басқалар болды» деп келтірілді. Дивизияның бөлімдері Алматы қаласы мен оның жанындағы жерлерде қысқа мерзімде әскери дайындықтан өткеннен кейін, 18 тамызда майданға аттанды. Дивизияны майданға шығарып салуға жиналған жауынгерлер мен офицерлердің туыстары мен достары оларға: «Жауға мейрімсіз болыңдар, жан аямай соғысып, жеңіспен оралыңдар!» деген аманат тапсырды [9, 215 б.].

Осы 316 - ші атқыштар дивизиясымен қатар алғашқы жасақталған құрамалардың бірі – 312 атқыштар дивизиясы болды. Оны 1941 жылдың шілде айында Қазақстан КП ОК-нің және Орта Азия әскери округінің директивалары бойынша Ақтөбе әскери комиссариаты 312 - ші атқыштар дивизиясын жасақтауға кірісті.

1941 жылғы шілде - тамыз айларында Ақтөбе облысында 312 - атқыштар дивизиясы құрылды. Дивизияның құрылуы жөніндегі комиссияны облыстық партия комитетінің бірінші

секретары Я.П. Иночкин, облыстық атқару комитетінің председателі М.С. Арменков, облыстық әскери комиссар С.Д. Алексеев басқарды. Дивизияны құру үшін оның командирі полковник Александр Федорович Наумов және әскери комиссар Яков Эммануилович Сировский күндіз-түні еңбек етті. Дивизияның құрамында партия және комсомол органдарының жауапты қызметкерлері жіберілді [8, 25 б.].

Дивизия командирі Александр Федорович Наумов туралы айтар болсақ, ол Ақмола станциясының казагының ұлы, Сарысу болысының, содан кейін Пішпек уезінің бұрынғы кеңес хатшысы болған ол, Ташкенттегі прапорщиктер мектебін бітіргеннен кейін Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, екі орден алды. 1918 жылы қаңтардан Қызыл Гвардияда, содан кейін Қызыл Армияда қызмет етті, герман және поляк әскерлеріне, басмашыларға қарсы соғысты. Орта Азияда әскери қызметте болды. Ол Шығыстану жоғары әскери мектебін бітірді және дивизия командиріне дейінгі бүкіл командалық сатылардан өткен [3, 454 б.].

312 - ші дивизияның құрамында 1079, 1081, 1083 - ші атқыштар полктері, 859 - ші артиллериялық полкі, танкіге қарсы және зенит артдивизиондары, барлау, сапер, байланыс және мед-санитарлық батальондар мен басқа да жауынгерлік жабдықтау және материалдық-техникалық қызмет бөлімшілері, жалпы саны 10 мыңнан астам солдаттар мен офицерлер кірді [10, 106 б.].

Соғыс басталғаннан кейін 1941 жылдың тамызында майданға аттанған қазақстандық әскери құрамдардың бірі – 310 атқыштар бригадасы. 310 - атқыштар бригадасы шілде - тамыз айларында Ақмола (қазіргі Астана) қаласында жасақталып, қысқа мерзімді әскери дайындықтан өтті. Оның қатарында Қостанай, Қарағанды облыстарының еңбекшілері болды. Дивизияның командирлігіне полковник Н.М. Замировский, комиссарлығына С.И. Шаманин, штаб бастықтығына полковник М.И. Кружков тағайындалды.

310 - атқыштар дивизиясымен бір мезгілде жасақталып, 1941 ж. күзіне таман Ленинград маңына жөнелтілген құрамалардың бірі - 314 атқыштар дивизиясы. Бұл құрама соғыстың қаһарлы күндері Петропавл қаласында жасақталды. Мұның құрамында Солтүстік Қазақстан облысының еңбекшілерінен басқа, Қос-танай, Көкшетау, Ақмола, Павлодар облыстарының тұрғындары болды. Дивизия командирі генерал - майор А.Д. Шеменков еді.

Дивизия штабын - полковник В.И. Кувшин, ал дивизия полктерін — А.А. Мироненко, В.П. Томашевич, Я.С. Скачков және П.Ф. Ивашко басқарды. Бұлар тәжірибелері мол, өз кезіне сай әскери дайындықтан өткен жандар еді.

Дивизияның әскери комиссары болып М.М. Мартыненко тағайындалды, ал оның саяси бөлімінің бастығы И.Куценко болды. Құрама штабының саяси болімінде және басқа да

әскери бөлімдерде саяси-тәрбие жұмысын жолға қоюға республиканың солтүстік облыстарындағы партия ұйымдары жіберген коммунистер мен комсомол мүшелері ерекше рөл атқарды. Жергілікті партия ұйымдары жаңадан жасақталып жатқан құрамаға 1800 коммунист пен комсомол мүшесін жіберді. Бұлар әскери тәртіпті нығайтып, жауынгерлерді патриоттық және интернационалдық рухта тәрбиелеу жолында орасан зор жұмыстар жүргізді. Кеңестік Отанды қорғаудағы өр жауынгер мен командирдің міндеттерін терең түсіндіріп, оларды ауыр сынға төтеп беруге баулыды.

1941 ж. 4 тамызда дивизия жасақталып болды. Ендігі жерде жауынгерлерді әскери өнерге үйрету, соғыс жағдайына жедел жаттықтыру жұмысы қызу қолға алынды [9, 285-286 бб.]. Құрама әскери даярлықтан өткеннен кейін майдан даласына аттанып, өзінің жауынгерлік жолдарын бастады.

Қаһарлы 1941 жылдың күзінде Қазақстанда құрылған құрамалардың бірі – 387 - атқыштар дивизиясы. Бұл құрама Ақмола қаласында құрылды. Оның құрамына Ақмола облысының және оған көршілес Қарағанды, Қостанай облыстарының тұрғындарынан жасақталды. Дивизияның тұңғыш командирі полковник М.С. Сущенко болды. Дивизия 1941 жылдың қараша айында Батыс майданға жөнелтілді [9, 230 б.].

Қазақстан жерінде құрылған атқыштар бригадалардың бірі – 152 атқыштар бригадасы болды. Атқыштар бригадасы 1941 жылдың соңында Орал қаласында жасақталды. Бригада құрамына Батыс Қазақстан және Ақтөбе облысының тұрғындарымен қатар, Алматы, Шымент, Арыс қалаларының өкілдері мен госпиталдардан емделіп, сауыққан жауынгерлер енді. Бригаданы қажетті жабдықтармен негізінен Батыс Қазақстан облысының халқы қамтамасыз етті. Бригада құрамы жасақталып, болған соң, жауынгерлер Орал өзенінің бойында әскери жаттығу мен дайындықтан өтті.

Түнде болған қатты су тасқын кезінде бригада жауынгерлері дабыл қағып, қала тұрғындарын, әйелдер мен балаларды құтқарып көмектесті. Бұзылған көпірді қалпына келтіріп, оралдықтарға көмек берді. Жауынгерлердің қайырымдылық әрекеттері тұрғындарды өздеріне жақындатып, бригада мен қала тұрғындарының арасындағы берік байланыс орнады. Бригада командирі полковник Рогаткин, комиссары С.Мартынов болды.

1942 жылдың 22 ақпанында бригада жауынгерлері салтанатты түрде, әскери ант қабылдады. Ал, 1942 жылы 9 мамырда Орал қаласында митинг болып, 152 атқыштар бригадасы майданға аттанды [11, 47 б.].

Соғыстың алғашқы жылдарында Қазақстан жерінен екі теңіздік атқыштар дивизиясы жасақталып, Москва түбіндегі шайқастарға қатысқан болатын. Оның бірі – 74 теңіз атқыштар дивизиясы. Ол 1941 жылы Ақтөбеде жасақталды. Оның командирі полковник

С.В. Лишенков болды. Дивизия құрамына негізінен Ақтөбе облысы тұрғындарымен қатар Батыс Қазақстан, Гурьев, Қызылорда және Жамбыл облысының тұрғындары енді [37, 471 б]. Екіншісі, 1941 жылы желтоқсанда Қызылордада жасақталған 75 -дербес теңіздік атқыштар бригадасы болды. Бригаданың командирі - I рангалы капитан К.Д. Сухиашвали, комиссары – А.А. Муравьев болды [9, 235 б.].

Сонымен қатар, Семей мен Аягөзде полковник Г.А.Зверев басқарған 8 - ші атқыштар дивизиясы, Ақмолада полковник Ф.Н.Жабрєв басқарған 29 – шы, Алматыда генерал-майор В.И. Найденов басқарған 38 - ші және генерал майор П.Е. Ловягин басқарған 102 – ші, Шымкентте генерал - майор М.Я. Доданов басқарған 45 - ші, Қостанайда полковник Л.В. Яковлев басқарған 151 - ші атқыштар бригадалары құрылды [13, 59-60 б].

Осылайша, соғыстың алғашқы жылдарында -ақ республика территориясынан бірнеше әскери құрамалар құрылды.

Жаңадан құрылған бөлімдер мен бөлімшелерді әскери іс- әрекеттерге үйрету жұмыстары қызу жүргізілді. Қалалардың шет аймақтарында жауынгерлерді мылтық атуға үйрету үшін полигондар мен оқ ату тирлері салынды.

Қызыл Армия қатарына алынғандарға оқу-жаттығу үйрету үшін арнайы сағаттар бөлінді. Мәселен, 1925 жылы туылғандар 110 сағат даярлықтан өту керек тиіс болды [14, 49 п.].

Соғыстың алғашқы кезінде республикада барлығы 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада жасақталып аттандырылды. Сәл кейінірек 6 артиллерия мен авиация полкі, 12 құрылыс, 2 автобатаьон, 7 автомашинашылар батальоны құрылды [8, 5 б.].

Қазақстан территориясында 316, 312, 310, 387, 391, 74, 75, 151, 152-ші сияқты т.б. әскери құрамалар жасақталып, майданға жіберілді.

Бұлар құрамалар – соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел түде әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілген қазақстандық дивизиялардың алғашқы тобына жатады.

Қазақстан ресубликаларында құрылған әскери құрамалар Ресей территориясында құрылған құрамалардан өзіндік ерекшеліктері болды. Біріншіден, бұл әскери құрамалар өз жерінде құрылды; екіншіден, бұл әскери құрамаларды басқаратын арнайы әскери маман жетіспеді; үшіншіден, бұл құрама жауынгерлерінің көбісі орыс тілін жетік білмеді және әскер қызметін атқарып көрмегендіктен әскери тәжірибелері болмады; төртіншіден, құрамаларды киім-кешек, азық-түлік, қару-жарақ, ат-көлігін өздері қамтамасыз етті. Бесіншіден, оларды құруға жұмсалған шығынды бюджеттен, сондай-ақ халықтың, колхоз – совхоздың, кәсіподақтың қаражаттары есебінен толықтырылды.

Қазақстанда құрылған әскери бригадалар мен дивизиялар жауынгерлік операцияларға қатысып, Ұлы Отан соғысының ең ауыр кезеңінде Мәскеуден, Еділ жағалауынан Штетинге, Берлинге дейін жауынгерлік даңқты жолды жүріп өтті. Кеңес Армиясының басқа да бөлімдерімен бірге 1941-1945 жылдардағы Отан соғысына Кеңес халқының жеңісін қамтамасыз етті.

Неміс-фашист басқыншыларымен болған қиян кескі ұрыста Қазақстан территориясында жасақталған дивизиялар, бригадалар, полктер Ұлы Отан соғысының алғашқы қиын кезеңінде ерлікпен шайқасып, Кеңес Қарулы Күштерінің мақтанышына айналды. Олардың ерлікке толы жауынгерлік жолы ҰОС-ы тарихынан тарихи орын алды. Қазақстан жасақталған әскер құрамалар Отанымыздың азаттығын кеудесімен қорғап, ұлтымыздың даңқын арттырды.

Осылайша, Қазақстан майданды негізгі күшпен қамтамасыз еткен - әскери ошақ аймағына айналды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі (Заман асуы). 1-кітап. - Алматы: «Ғылым», - 1998.-344 б.
2. Токпакбаев С.Б. Вклад Казахстана в победу над фашистской Германией //Казахстан в Великой Отечественной войне 1941-1945 годов: Сборник докладов и выступлений на Международной научной конференции, посвященной 55-летию Победы над фашистской Германией. - Алматы, 2000. -160 с.
3. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4- том. - Алматы: «Атамұра», 2010.- 752 б.
4. Назарбаев Н. Пять лет независимости: Из докладов, выступлений и статей Президента Республики Казахстан. -Алматы, 1996. - С.285.
5. История Второй мировой войны. 1939-1945 гг. Т.4. – М., 1975. – 58 с.
6. Қозыбаев М.Қ. Майдангер студенттер. - Алматы. Мектеп. 1985. 113 б.
7. Балақаев Т., Алдажұманов Қ. Қазақстан еңбекшілері майдан қызметінде (1941-1945 жж.) .- Алматы: «Ғылым». 1985. - 320 б.
8. Аманжолов К. Ерліктің жарқын беттері (Ұлы Отан соғысында қазақстандық құрамалардың жеңіспен өткен жолдары 1941-1945). - Алматы: Қазақстан, 1987.; Жауынгерлік ту астында. - Алматы: «Қазақстан» 1991. - 176 б.; Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы (б.э.д. YІ ғасырдан бүгінге дейін). -Алматы: «Білім».-1999. - 345 б.

9. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақстанның әскери тарихы (б.э.д. YI ғасырдан бүгінге дейін). - Алматы: «Білім». 1999. -215 б.
10. Боздақтар. Жинақтама том (Қураст.: П.С. Белан, Н.Едігенов). - Алматы: «Қазақстан», 1995.- 480 б.
11. Букаткин П.Р. Западноказахстанцы в годы суровых испытаний (1941-1945). - Уральск, 2005.-199 с.
12. История Актыбинской области.-Актобе: «Акжар- АБК». 2006.- 698 с.
13. Белан П.С. На всех фронтах: Казахстанцы в сражениях Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.. - Алматы: «Ғылым», 1995. -336 с.
14. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 13- қор, 12- тізбе, 191 - іс, 49- п.

## **ҒТАМР 03.20**

### **РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (XX ҒАС.БАСЫ)**

**Ж.А. ҒАНИБАЕВА**

*Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті*

*Ақтөбе, Қазақстан*

**Андағна.** XIX ғ. аяғына қарай патша үкіметі қоныс аударушыларды Далалық өлкеде орналасуына және алымдардың өз уақытында мемлекет қазынасына түсуіне күшті бақылау орнату үшін оларды басқарудың жаңа формаларын ыждағатты түрде іздестіре бастады. Дала генерал-губернаторы барон Таубе Дала генерал-губернаторының 1897 жылға арналған есебінде және 1898 жылы 31 желтоқсанда Ішкі Істер Министрлігіне жазған хатында қоныс аударушы шаруалармен қазақтарды басқаруды түбегейлі қайта құру туралы мәселе қояды. Ол шенеунікке әкімшілік істерді шаруаларға ғана қатысты емес, сонымен бірге қазақтарға да қатысты атқаруды жүктеуді ұсынды немесе бұл екеуін бөлу «әкімшілік биліктің бірлігін» бұзады деп есептеді.

**Түйін сөздер:** Ресей империясының аграрлық саясаты, басқарудың жаңа формалары, жергілікті билік өкілдерінің пікірлері, аумақтық-әкімшілік реформалар, Дала генерал-губернаторы барон Таубе, «Шаруалар бастықтары туралы Уақытша Ереженің» енгізілуі.

**Аннотация.** В конце XIX века царское правительство усиленно искало новые формы управления переселенцами, которое контролировало бы расселение их на территории Степи, усилило бы контроль по своевременному поступлению повинностей в государственную казну. В 1897г. Степной генерал-губернатор, барон М. Таубе поставил вопрос перед Министром внутренних дел о необходимости реорганизации управления крестьянами –переселенцами и казахами. Он предлагал возложить на чиновников по крестьянским делам выполнение административных функций не только по отношению к крестьянам, но и казахскому населению, ибо разделение этого нарушает «принцип единства административной власти».

**Ключевые слова** Аграрная политика Российской империй, новые формы управления, мнений представителей региональной власти, территориально-административная реформа, Степной генерал-губернатор барон М. Таубе, о введении «Временное положение о крестьянских начальниках».

**Annotation.** At the end of 19 century tsar's government had been looking for new form of governing settlers, which would control their settling on the territory of Steppes, would increase the control on the well-timed receipt of obligations into state treasure. In 1897 Steppe's governor-general, baron M. Taube put the question before the minister of the Interior about the necessity of reorganization of governing peasant-settlers and Kazakhs. He suggested to lay on the officials of peasants' affairs the fulfillment of administrative function not only on towards the peasants, but to the kazakh settlement, otherwise this divisions destroys "The principle of administrative power unity".

**Key words:** Agrarian policy of Russian Empire, new forms of governing, opinions of representative of regional power, territorial-administrative reform, steppe's governor-general baron M. Taube, about the introduction "Temporary position about peasant chiefs"

XIX ғ. аяғымен XX ғ.басы патша үкіметі шаруаларды басқарудың жаңа формаларын іздеді, өйткені Ресейдің орталық аудандарынан орыс шаруаларының қоныс аударуына байланысты қоныс аударушыларды орналастыру, тұрғындар санының өсуіне байланысты алымдарды жолға қою қажеттілігі, егіншілікпен айналысатын аудандарда жер тапшылығына байланысты жергілікті халықтың наразылығының күшеюі және т.б. мәселелер басқару істерін жолға қоюды қажет етті. Сонымен бірге осы кезде отарлық билікке оған тіреу болатын көптеген құққа және түрлі жеңілдіктерге ие шенеуніктер де қажет еді.

1897 жылы 10 наурызда Ақмола облысында шаруа істері жөніндегі Уақытша Ереже қабылданады. Кейіннен осы Уақытша Ереже Дала генерал губернаторлығының барлық облыстарында таралатын болды. Ақмола облысына 1891 жылы 13 маусымда «Сібір темір жол бойына қоныстандыру учаскелерін ұйымдастыру жөніндегі Уақытша Ережеге» және 1897 жылы Ресейде астықтың шықпай қалуына байланысты қоныс аударушылар осы облысқа ағылып келе бастады. Дала генерал-губернаторы барон Таубенің 1897 жылға арналған есебінде және 1898 жылы 31 желтоқсанда Ішкі Істер Министрлігіне жазған хатында қоныс аударушы шаруалармен жергілікті қазақтарды басқаруды түбегейлі қайта құру туралы мәселе қояды.

Қоныстандыру саясаты Ресей империясының әлеуметтік –экономикалық дамуының, аграрлық саясатының ажырамас бір бөлігі болып табылды. XIX ғас. соңымен XX ғас. басы Ресей империясының қазақ жерлеріне келімсектерді қоныстандыру, артық жер учаскілерін анықтау үшін жүргізілген зерттеу жұмыстары, яғни отарлау және сол кезеңнің саяси ахуалымен байланысты. 1893 жылға дейін артық жерлерді генерал-губернаторлар мен уезд басқарушылары тауып, арнайы қаулы бойынша беріп отырған.



На сегодняшний день имеются официальные данные по этому показателю за девять месяцев 2018 года, где ВВП страны составил 39,77 трлн. тенге, что на 4,1% выше показателя к соответствующему периоду предыдущего года.

Как известно, человеческий капитал считается непростой социально-экономической категорией, характеризующейся определенными количественными и качественными показателями, к измерению которых всегда было приковано внимание ученых, предлагавших различные способы и методы. Так, с помощью показателя ИЧР более или менее точно могут быть определены и учтены отдельные области человеческого развития, такие как образованность и культура, здоровье и продолжительность жизни, уровень доходов населения, экология и безопасность, международная интеграция. Следует отметить, что все эти параметры человеческого развития достаточно формализованы и целесообразны при проведении межстрановых сопоставлений.

С 1990 г. публикуются ежегодные глобальные Доклады о человеческом развитии, выпускаемые в рамках Программы развития Организации Объединенных Наций (ПРООН) в качестве интеллектуально независимого и эмпирически обоснованного анализа основных вопросов, тенденций и политики в области развития.

Место Республики Казахстан среди остальных стран СНГ в рейтинге по ИЧР в числе всех стран, участвовавших в исследовании, показано в таблице 1.

Таблица 1. Место Казахстана и стран СНГ в рейтинге по ИЧР среди всех стран, которые были исследованы, по годам выборочно за период с 2006 по 2018 г.

Страна	Годы				
	2006	2009	2012	2015	2018
Российская Федерация	60	67	55	49	49
Беларусь	56	64	50	52	53
<b>Казахстан</b>	<b>79</b>	<b>73</b>	<b>69</b>	<b>56</b>	<b>58</b>
Грузия	81	96	72	70	70
Азербайджан	88	98	82	78	80
Армения	76	83	87	84	83
Украина	80	76	78	84	88
Узбекистан	95	113	114	105	105
Туркменистан	87	109	102	111	108
Молдова	105	111	113	107	112
Кыргызстан	102	116	125	120	122
Таджикистан	112	122	125	129	127
<b>Общее количество стран</b>	<b>117</b>	<b>177</b>	<b>186</b>	<b>188</b>	<b>189</b>
Примечание: составлено на основе Докладов ПРООН [7-10]					

Из данных таблицы видно, что Казахстан показывает стабильную ситуацию и на протяжении многих лет занимает 3 место в общем рейтинге ИЧР среди иных стран СНГ.

В указанном рейтинге страны группируются по четырем категориям:

- страны, имеющие очень высокий уровень ИЧР;
- страны, имеющие высокий уровень ИЧР;
- страны, имеющие средний уровень ИЧР;
- страны, имеющие низкий уровень ИЧР.

Заметим, что Казахстан в течение проанализированного периода показал поступательное движение вверх, перейдя из группы стран со средним уровнем ИЧР в группу стран, имеющих высокий уровень ИЧР. А в 2018 году согласно Докладу ПРООН Казахстан, заняв 58 место из 189 стран, поднялся в число стран, имеющих очень высокий уровень ИЧР. При этом заметим, что РФ – на 49 месте, Беларусь – на 53 месте. Всего в группе - 59 стран.

Следовательно, реализация стратегических госпрограмм в области образования, сохранения здоровья, экономики и социальной сфере, дает положительный результат в формировании и развитии человеческого капитала государства.

Как показывает практика, собственно человеческий капитал представляет собой решающий ресурс социально-экономического развития и основу модернизации. Одной из главных задач Казахстана является обновление человеческого капитала.




Рисунок 2. Ключевые элементы человеческого капитала как основы модернизации

Примечание: Составлено на основе источника [11]

Одной из значимых составляющих человеческого капитала считается образование, и в настоящее время приоритетной особенностью образовательных программ признается формирование и развитие у обучающихся всех уровней современных компетенций, позволяющих свободно адаптироваться к трансформациям и нововведениям.

Модернизация образования как стимул развития человеческого капитала осуществляется на следующих уровнях (Рисунок 3).

Подход к формулировке содержания человеческого капитала с позиции экономики был недостаточен, т.к. не отражался один из самых важных аспектов как причастность индивида к труду, его духовное и нравственное здоровье, креативный потенциал и т. д.

Различают следующие виды человеческого капитала:

1) Капитал здоровья – это физическое состояние, выдержанность, трудоспособность, иммунитет к болезням, продолжительный период трудовой деятельности;

2) Трудовой капитал – это знания, интеллект, профессиональные компетентности работника выполнять функциональные обязанности. Следовательно, чем трудоемче работа, тем выше требования, предъявляемые к опыту сотрудника, к его квалификации, навыкам;




Рисунок 3. Модернизация образования в РК по уровням

Примечание: Составлено на основе источника [11]

3) Интеллектуальный капитал – это результаты творческой работы, рационализаторство, изобретения, востребованные модели, применяемые в течение продолжительного времени, которые могут стать средством получения дохода;

4) Организационно-предпринимательский капитал – это навыки к разработке эффективных бизнес-идей, предприимчивость, способность принимать решения, талант организатора, владение коммерческими тайнами;

5) Культурно-нравственный капитал – это тип человеческого капитала, имеющий важное значение как для самого человека, так и для любой компании и общества в целом.

Все имеют интерес в развитии человеческого капитала; несут издержки для профилактики и сохранения здоровья, на совершенствование культурной составляющей, а также на поддержку предпринимательского сектора.

Критерием уровня развития общества может выступать общественный культурный человеческий капитал, который считается общественным человеческим фактором развития. Этот показатель отражает интеграцию и объединение культурных характеристик и компетенций работников материальной и нематериальной сфер деятельности, наличие стабильных информационных, научно-образовательных, технико-технологических потоков в системах общественного воспроизводства. [12]

Исключительно при определенных условиях эффективного применения культурные ценности, претворенные в человеке, трансформируют его профессиональный статус, преобразуясь в культурный капитал. Так, профессиональная деятельность воплощает

имеющийся человеческий капитал и предрекает соответствующее социальное положение человека. Следовательно, образовательный человеческий капитал выражает процессы изменения образовательного и профессионального пространства сотрудника.

Развитие человеческого капитала напрямую зависит с качественным уровнем системы образования, превосходнейшим здравоохранением и здоровой нацией, последующего совершенствования нашей идеологии и культуры. В этом как раз и заключается ключевой смысл принятой в 2017 г. госпрограммы «*Рухани Жаңғыру*». Возникновение идеи обновления общественного сознания, отраженной в этой программе, является логически обоснованной и необходимой.

*Елбасы подчеркнул, что идеалом* нашего общества должен стать казахстанец, знающий свои историю, язык и культуру. При этом, современные люди должны владеть иностранными языками, иметь передовые и глобальные взгляды. [13].

На современном этапе понятие казахстанского патриотизма приобретает обновленное значение. Казахский патриотизм сегодня представляется интегральной базой общественного сознания полиэтнического народа Казахстана. Основными характеристиками такого патриотизма выступают:

- опора на свои силы и отказ от иждивенчества,
- обязательное получение образования и квалификации,
- расширение и углубление знаний, кругозора,
- приобретение компетенций и их совершенствование,
- использование всех возможностей, предоставляемых государством.

Следует отметить, что продолжается модернизация сознания людей, трансформация мышления в решении социальных вопросов, гармонизация собственных интересов населения с интересами страны. С течением временем в прошлое постепенно уходят патерналистские настроения общества, прагматичный эгоистичный настрой людей, технократизм экономических и социальных программ развития. Напротив, в процессе обучения молодого поколения вместе с образовательным компонентом усиливается присутствие воспитательного компонента. В целом в обществе происходит возвращение к высшим нравственным основам и морали, духовным и культурным ценностям, что является крайне актуальным и важным. Сегодня как никогда ранее необходимо уделять особое внимание воспитанию и развитию личности. [14]

В обращении сессии Ассамблеи народа Казахстана отмечается, что наше многонациональное сообщество находится на этапе формирования политической нации. Для того, чтобы быть на авангардных позициях в мире, каждому человеку, и обществу в целом

*следует трансформировать свое мировоззрение, мышление, сознание, освободиться от устарелых стереотипов.* Следовательно, обновление общественного сознания даст возможность в изменяющемся мире, в условиях возникновения все новых и новых угроз и вызовов по укреплению стабильности, единства, согласия, которые всегда были и будут опорой для развития РК.

Таким образом, полноценная реализация принятых в стране госпрограмм, сосредоточенных на содействие и развитие сферы образования, системы здравоохранения и социальной политики, а также модернизацию общественного сознания, укрепление патриотизма, нравственности и духовности, творческого потенциала трудового населения, неукоснительно обеспечат качество человеческого капитала, что окажет позитивное влияние на устойчивый рост экономики страны.

### **Список использованной литературы**

1. Becker G.S. Economic Analysis and Human Behaviour // Advances in Behavioral Economics: Ablex Publishers Corporation, Pt. 1. Ch. 1., - 1987. – P. 3-17.
2. Сэй Ж.-Б. Трактат по политической экономии.– М.: Дело, 2000. – 232 с.
3. Саломахина Ю.А. Экономические отношения воспроизводства человеческого капитала и механизм их регулирования: Автореф. Дис. Канд. Экон. наук. – Воронеж: ВГУ, 2015. – 20 с.
4. Фишер С. Экономика. Пер. с англ. Со 2-го изд. – М.: Дело, 1998. – 864 с.
5. Марцинкевич В.И., Соболева И.В. Экономика человека: учебное пособие для вузов. - М.: Аспект Пресс, 1995. – 286 с.
6. Ильинский И.В. Инвестиции в будущее: образование в инвестиционном воспроизводстве. - СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та экономики и финансов, 1996. - 163 с.
7. Доклад о человеческом развитии ПРООН [Электронный ресурс]. – 2009. - URL: [http://www.un.org/ru/development/hdr/2009/hdr\\_2009\\_complete.pdf](http://www.un.org/ru/development/hdr/2009/hdr_2009_complete.pdf) (дата обращения: 22.01.2019)
8. Доклад о человеческом развитии ПРООН [Электронный ресурс] – 2013. - URL: [http://hdr.undp.org/sites/default/files/hdr\\_2013\\_ru.pdf](http://hdr.undp.org/sites/default/files/hdr_2013_ru.pdf) (дата обращения: 22.01.2019)
9. Доклад о человеческом развитии ПРООН [Электронный ресурс]. – 2015. - URL: [http://hdr.undp.org/sites/default/files/hdr15\\_standalone\\_overview\\_ru.pdf](http://hdr.undp.org/sites/default/files/hdr15_standalone_overview_ru.pdf) (дата обращения: 22.01.2019)
10. Доклад о человеческом развитии ПРООН 2018 г. [Электронный ресурс]. – 2018. - URL: <http://www.hdr.undp.org/en/2018-update> (дата обращения: 22.01.2019)
11. Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции» [Электронный



ресурc]. – 2018. – [http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses\\_of\\_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvary-a-2018-g](http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-n-nazarbaeva-narodu-kazahstana-10-yanvary-a-2018-g) (дата обращения: 24.01.2019)

12. Бондаренко Г.И. Человеческий капитал как показатель уровня общественного развития // Вестник РУДН, серия Социология – 2003. - №4-5. - С. 159-165

13. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру [Электронный ресурс]. – 2017. – URL: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru> (дата обращения: 25.01.2019)

14. Изотов М. Казахстанская социальная модель и человеческий капитал. [Электронный ресурс]. – 2013. – URL: <http://www.exclusive.kz/expertiza/politika/11429/>. (дата обращения: 26.01.2019)

#### **МРНТИ 10.79.37**

### **ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

**Л.А. МУРСАЛОВА, А.А. БЕКБАУОВА**

*Қ.Жубанов атындағы Ақтобе өңірлік мемлекеттік университеті, Қазақстан, Ақтобе*

**Аңдатпа.** Мақалада құқық қорғау органдарының бұрынғы сотталғандарға бейімделуіне байланысты әлеуметтік көмек мәселелері қарастырылады. Пенитенциарлық жүйеде жазасын өтеген адамдарды бейімдеу үрдісі күрделі және көп қырлы қызмет болып табылады. Мақалада бұрынғы сотталғандармен құқық қорғау органдарының жұмысында криминологиялық және психологиялық тұлғалық ерекшеліктерді ескеру мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, авторлар қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін түзеу мекемелерінен босатылған адамдарға әртүрлі әлеуметтік көмек көрсетудің маңыздылығына назар аударады. Авторлар бұрынғы сотталғандарды мемлекеттік органдар мен жұртшылық тарапынан әлеуметтік бейімдеу туралы ішкі заңнаманы зерттеді.

**Түйінді сөздер:** пенитенциарлық жүйе, бұрын сотталған, сотталғандарды бейімдеу, қылмыстық жазалау, құқық қорғау органдары, криминологиялық ерекшеліктері, психологиялық сипаттамасы, адамның жеке басы, әлеуметтік көмек

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы оказания социальной помощи со стороны правоохранительных органов бывшим осужденным для адаптации. Процесс адаптации лиц, отбывших наказания в учреждениях уголовно-исполнительной системы представляет собой сложную и многогранную деятельность. В статье рассматриваются вопросы учета криминологических и психологических особенностей личности в работе правоохранительных органов с бывшими осужденными. Также авторы обращают внимание на значимость оказания различных видов социальной помощи лицам, освободившихся из исправительных учреждений для профилактики уголовных правонарушений. Авторы изучили отечественное законодательство

по вопросам социальной адаптации бывших осужденных со стороны государственных органов и общественности.

**Ключевые слова:** уголовно-исполнительная система, бывший осужденный, адаптация осужденных, уголовное наказание, правоохранительные органы, криминологические особенности, психологические особенности, личность, социальная помощь

**Annotation.** The article deals with the provision of social assistance by law enforcement agencies to former convicts for adaptation. The process of adaptation of persons who have served sentences in the institutions of the penitentiary system is a complex and multifaceted activity. The article deals with the issues of taking into account criminological and psychological personality traits in the work of law enforcement agencies with former convicts. The authors also draw attention to the significance of providing various types of social assistance to persons released from correctional institutions for the prevention of criminal offenses. The authors studied the domestic legislation on the social adaptation of ex-convicts by government agencies and the public.

**Key words:** the penitentiary system, the former convict, the adaptation of convicts, criminal punishment, law enforcement agencies, criminological features, psychological characteristics, personality, social assistance

Мемлекеттің және оның органдарының қызметі қоғам өмірінің әртүрлі өрісін қамтитындығы белгілі. Тұтастай алғандағы экономиканың, оның салаларының және нақты шаруашылық ұйымдарының қалыпты қызмет атқаруы, сыртқы саясаттың жүзеге асырылуының, мәдениеттің, ғылым мен білімнің дамуы үшін жағдай жасау, елдің қорғаныс қабілетін арттыру және мемлекеттің қауіпсіздігін қорғаумен байланысты мәселелерді шешу сондай-ақ, басқа да маңызды функцияларды орындау осынау әртарапты қызметтің мазмұнын құрайды.

Мемлекеттік қызметтің қатарында заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, еңбек ұжымдарының құқықтары мен заңды мүдделерін күзету және қылмыс пен өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы күрес жүргізу басты орынға ие болады. Сонымен бірге зерттеушілердің пікірінше «құқық қорғау өрісі қылмыстылықпен немесе қоғамдық тәртіпті бұзушылықпен күрес өрісіне қарағанда әлдеқайда кең»[1].

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі болып, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, тұтастай алғандағы қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау болып табылатындығын тағы да атап көрсете отырып, аталған міндеттің жүзеге асырылуы негізінен алғанда, қылмыстылықпен күрес жүргізудің және оның алдын алудың негізгі субъектісі болып табылатын құқық қорғау органдарына жүктелетіндігін айтқан орынды.

Заңдылықты және құқық тәртібін қамтамасыз етумен негізінен алғанда осындай тек міндеттерді атқару үшін құрылған арнайы органдар айналысуы тиіс. Оларды бастан-ақ, құқық тәртібін қорғау органдары, (қоғамдық тәртіпті қорғау органдары-деп те атау сирек

кездеспейді) яғни экономикалық және әлеуметтік, өнегелік, мәдени, тарихи факторлармен, ҚР Конституциясымен, өзге де заңнамалық және құқықтық ережелермен шартталатын мемлекет пен қоғамның, азаматтардың өмірі мен қызметі тәртібін қорғауға тиісті органдар деп атау қалыптасқан.

Құқық тәртібін қорғау органдары ұғымына өзінің ішкі мазмұны жағынан құқық қорғау органдары ұғымы барынша жақын келеді. Осы атаулар өте ұқсас болғанымен, бірақ олар бірдей емес. Олар арқылы білдірілетін органдар шеңбері әрдайым сәйкес келе бермейді. Құқық тәртібін қорғау органдарының барлығын бірдей құқық қорғау органдары деп санауға болмайды. Сонымен бірге, құқық қорғау органдарының қатарында кең мағынасында алғандағы қоғамдық тәртіпті немесе құқық тәртібін қорғаумен айналыспайтын және айналысуға тиісті болып табылмайтын органдар да баршылық «берілген мәселе сондай-ақ, құқық қорғаушылық қызметі ұғымының мәселесі де заңнамалық негізде тікелей және түпкілікті реттелмеген [2].

Отандық зерттеушілердің пікірі бойынша да «қазақстандық заңнамада «құқық қорғау органдары» деген ұғымға берілген түпкілікті тұжырымдама жоқ. Бұл түсінік әртүрлі құжаттарда жалпылама түрде құқық қорғаушылық қызметті жүзеге асыру міндеті жүктелген мемлекеттік органдарды білдіру үшін қолданылады».

Қазіргі таңда өздерінің кәсіби қызметтерінің белгілері бойынша, өздерінің айқын міндеттеріне ие болатын мемлекеттік органдардың ерекше жүйесіне (құқық қорғау органдары) кіретін органдардың қатары, бұрынғы уақыттармен салыстырғанда кең. Заң ғылымдарының докторы, профессор С. Молдабаев қазіргі уақытта құқық қорғау органдарының көп жүйелік құрылымының пайда болғандығын атап көрсете келіп, оның өз кезегінде «көрсетілген органдардың өзара ықпалдастығының бүкіл жүйесін күрделендіріп жібергендігін және де мұның көрсетілген органдардың өздерінің маңыздылығы мен мәртебелілігі үшін жасырын «бәсекелестігімен», «күресімен» ұштасып отырғандығын» айтады.

Әлдеқандай мемлекеттік органдарды құқық қорғау органдары қатарына жатқызу барысында басшылыққа алынатын негіздерді барынша анық айқындау үшін, қазіргі таңда барлығымен бірдей таныла бермейтін, белгілі бір шамада алғанда шартты болып табылса да, көпшілік үшін дағдылы болған «құқық қорғау қызметі» атауына ие болған қызметтің басты белгілерін анықтаудың маңызы зор [3].

Егер адамның және азаматтың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру немесе дау туғызушы құқықтарын анықтау мәселесін негізінен шешу, сот арқылы жүзеге асырылатындығын ескерер болсақ, онда сот органдарын құқық қорғау органдарының

жүйесіне кірістірмеу түсініксіз әсер қалдыратын сияқты. Біздің ойымызша, аталған мәселе өз алдына бөлек зерттеу жұмысының тақырыбы болып табылады сол себепті, оны талдауды біз жұмысымыздың міндеттерінің қатарына кірістірген жоқпыз [4].

Жоғарыда аталып көрсетілгендерді негізге ала отырып, құқық қорғау қызметі ретінде нені қарастыруға болатындығын анықтауға мүмкіндік пайда болады. Құқықты қорғау мақсатында арнайы өкілетті органдармен ықпал етудің заңи шараларын заңға қатаң сәйкестікте және онымен бекітілген тәртіпті бұлжытпай сақтау жолымен жүзеге асырылатын мемлекеттік қызмет түрін құқық қорғау қызметі деп санау қажет.

Өзінің мазмұны бойынша құқық қорғау қызметі біртекті болып табылмайды. Жүзеге асырылатын әлеуметтік функциялардың салыстырмалы түрде алғанда әрқилы болып табылуы, олардың мазмұнының мемлекеттік қызметтің берілген түрінің негізгі бағыттарымен айқындалуынан біз оның көп жоспарлы бағытын айқын аңғарамыз.

Мемлекет пен құқықтың жалпы теориясы бойынша мемлекет механизмі аталған механизмнің жалпы құрылымындағы өзінің сипаты және құзіретінің көлемі, қызмет атқаруының нысандары мен тәсілдері бойынша ерекшеліктерге ие болатын органдардың күрделі жүйесі ретінде сипатталады. Берілген жүйеде ерекше орын, оның құрамдас бөлігі болып табылатын, заңмен бекітілген құзіретке ие және аталған құзіреттің шеңберінде мемлекет атынан әрекет етуге құқылы ішкі істер органдарына беріледі.

Қылмыстық жүріс-тұрыс бірнеше құқықтық пәндер арқылы зерттеледі, олардың арасында соңғы жылдары криминология және құқық социологиясы үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл түсінікті де, себебі қылмыстылықпен күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру тек қылмыстылықтың әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәнісін терең ашу, оның себептерін талдау, сонымен бірге қылмыстылықтың алдын алу шараларын жасақтау негізінде ғана мүмкін болады дейді В. Н. Кудрявцев [5].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуі криминологияның, құқық қорғау қызметін ұйымдастырудың маңызды мәселелерінің бірі саналады, себебі тұлғалардың аталған санатының тарапынан жасалуы мүмкін жаңа қылмыстардан сақтандыру қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарының және де рецидив мәселесінің орталық буындарының бірі болып табылады[6].

Адамның көзқарастарының, оның дағдылары мен тәлімдерінің белгілі бір дәрежедегі кертартпалығына байланысты жаңа ортаға бейімделу көп реттерде ішкі күйзеліс, психологиялық кедергі жағдайында өтеді. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдар үшін жаңа ортадағы әлеуметтік бейімделу процесі бостандыққа шыққан адамдардың жеке бастарының ерекшеліктерінен, қоршаған әлеуметтік ортаның сипатымен және де олардың әртүрлі шағын топтармен өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерімен

шартталатын бірқатар объективтік және субъективтік себептерге байланысты көптеген қиындықтарды пайда қылады.

Жазадан босатылғандарды бейімдеу - көп қырлы процесс. Ол сотталған адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына дайындаудың өнегелік, психологиялық және практикалық мәселелерінің, жазаны өтегеннен кейінгі олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруінің, қоғамдық тұрғыдан пайдалы болып табылатын байланыстарын қалпына келтірудің, бейімделу үрдісінің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан белсенді түрде басқарылуының, бостандыққа шыққан адамдардың пайдалы қызметке қайтып оралуына кедергі келтіретін жағымсыз факторларды жоюдың кешенін қамтиды. Осы айтылғандар өз кезегінде жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесін тек әлеуметтік психология тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ педагогикалық, криминологиялық және құқықтық тұрғыдан да кешенді түрде зерттеуді талап ететіндігінің айқын дәлелі деп санаймыз.

Осыған байланысты, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп бостандыққа шыққан тұлғаларға қатысты белгілі бір әлеуметтендіруді жүзеге асыру міндеті пайда болады, ол өзіне қоғамнан оқшаулаудың әлеуметтік-психологиялық салдарын жоюды, қоғамдық тұрғыдан алғандағы пайдалы қатынастарын қалпына келтіруді, қоғамдық пікір тарапынан қуатталатын қатынастар өрісіне тартуды кірістіруі тиіс, себебі осындай байланыстардың жоғалуы әдетте қылмыс рецидивінің негізгі себепшісі болады. Сонымен бірге, «қоғамның тарихи нысандарының дамуына байланысты әлеуметтік бейімделудің, яғни тұлғаның берілген қоғамда үстемдік құратын нормалар, әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесіне кірігу тәсілдері де өзгереді»

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің барынша тез және табысты түрде жүзеге асырылуының, аталған адамдар тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын алудағы аса маңызды фактор екендігін ескерсек, берілген үрдісті басқару барысында және бұрын сотталған адамдарға қойылатын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру арқылы ішкі істер органдары аталған өрісте негізгі маңызға ие болады.

Жоғарыда аталып көрсетілген жағдайлар бізге зерттеу жұмысымызды негізінен алғанда, осы аталған органдардың қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудегі рөліне қатысты зерттеу жүргізуге толықтай негіз береді деп санаймыз.

Алайда қазіргі қалыптасқан жағдайда қылмыстық жазасын өтеуден босатылғандарды еңбекке орналастыру мәселесінің ұйыдастырылған түрде жоспарланып, жүзеге асырылуы,

жұмысқа орналасуға жолдама берілгендердің бірыңғай есебін жүргізу жолға қойылмаған. Аталған міндеттерді жүзеге асыруға міндетті болып табылатын тиісті органдардың нақты жүйесі айқындалмаған.

Қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің табысты түрде жүзеге асуы, рецидивтік қылмыстылықтың алдын алуда ерекше маңызға ие болатындығын ескере отырып, біз ішкі істер органдарының құрамында қылмыстық жазаны өтеуден босатылғандармен жұмыс жүргізу негізгі функционалдық міндеті болып табылатын арнайы бөлімнің ұйымдастырылуы тиіс деп есептейміз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Уголовно-исполнительный кодекс РК от 5 июля 2014 года №234-V (с изменениями и дополнениями на 21.01.2019 г.).
2. Никифоров Б.С. К вопросу об изучении эффективности уголовно-правовых мер борьбы с преступностью. Эффективность уголовно-правовых мер борьбы с преступностью. - М., 2008. - 10-14 бб.
3. Общая теория права /Под ред. А.С. Пиголкина - М.: МГТК им. Н.Э. Баумана, 2005. – 384 б.
4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексіне тусіндірме: Жалпы және ерекше бөлімдер. - Алматы: Жеті жарғы, 2010. - 278 б.
5. Эбенов С.М. Қылмысты квалификациялаудың ғылыми негіздері: Электрондық кітап. Оқулық - Алматы: Нур-пресс, 2006. - 240 б.
6. Шаргородский М.Д. Наказание, его цели и эффективность. Избранные труды / Сост. и предисловие докт. юрид. наук, проф. Б.В. Волженкина. - СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2014. - 657 б.

**ҒТАМР 311.6**

### **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**М.Ә. ТҮРҒАНБАЕВ**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының инновациялық қызметін дамыту мәселелері қарастырылған. Мемлекеттік қолдау шаралары негізінде кейбір өзекті проблемалар қарастырылып, инновациялық қызметті дамыту жолдары ұсынылған.

**Түйін сөздер:** инновация, кәсіпорын, тиімділік, өнімділік, бәсекеге қабілеттілік, шағын және орта бизнес.

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы развития инновационной деятельности предприятий Республики Казахстан. На основе мер государственной поддержки были рассмотрены некоторые актуальные проблемы, предложены пути развития инновационной деятельности.

**Ключевые слова:** инновация, предприятие, эффективность, производительность, конкурентоспособность, малый и средний бизнес.

**Annotation.** The article deals with the development of innovative activity of enterprises of the Republic of Kazakhstan. On the basis of measures of state support, some topical problems were considered, ways of development of innovative activity were proposed.

**Key words:** innovation, enterprises, efficiency, productivity, competitiveness, small and medium business.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның технологиялық және өнеркәсіптік дамуын жеделдетуге бағытталған он міндетті ұсынды. Жолдауда Президент табиғи ресурстарды тиімді пайдалану үшін ақпараттық-технологиялық платформаларды енгізуге аса назар аударады. Тиімділік деп Елбасы кәсіпорындардың энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуін арттыра алатын «ақылды» технологияларды әзірлеуді, баламалы энергия көздерін дамытуды түсінеді. Ол сондай-ақ сандық инновацияны ауыл шаруашылығында, құрылыста, банк саласында және адами капиталды дамытуда белсенді пайдалану маңызды екенін атап өтті [1].

Жаңа енгізілімдерді, инновацияларды, сондай-ақ алынған жаңа немесе жетіспейтін тауарларды, технологиялар мен қызметтерді жүзеге асыру Қазақстан экономикасын дамыту үшін өте маңызды болып табылады, өйткені кәсіпорындардың инновациялық қызметі еңбек өнімділігін арттыруға, өнеркәсіптің жаңа салаларын, қызмет көрсету сферасы мен жұмыс орындарын құруға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және әлемдік нарықта отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сауда және тауар тапшылығын қысқартуға, отандық валюта мен отандық өндірушілер шығаратын тауарлар және көрсетілетін қызметтердің бағаларын тұрақтандыруға ықпал етеді.

Әлемдік тәжірибе инновациялық қызметті дамытуда шағын және орта бизнес кәсіпорындары ерекше рөл атқаратынын көрсетті.


Қазақстанның шағын және орта бизнес кәсіпорындарының алдында тұрған негізгі проблема кез келген инновациялық жобаны іске асыру процесінің күрделілігі, жоғары құны және ұзақтығы болып табылады. Қазақстандық экономиканың қазіргі жағдайында инновациялық жобаны іске асыру процесінің күрделілігі, әсіресе осы процестің бастапқы сатыларында тәуекел жағдайларының болуына байланысты. Мұндай жағдайлар инновациялық қызметті одан әрі жүзеге асырудан бас тартуға әкеп соғуы мүмкін.

Қазақстанның қазіргі экономикасының әлемдік экономикалық жүйеге кіруі әлемдік қаржы дағдарыстарының елдегі экономикалық ахуалға елеулі әсер етуіне ықпал етті. Өз иелігінде зияткерлік ресурстары, үлкен өндірістік қуаттары мен аз емес айналым қаражаты бар ірі өндірістік алпауыттар мен өнеркәсіптік топтар қаржылық дағдарыстардың әсерін өз күшімен шеше алады, бірақ бұлай деп орта және шағын бизнес кәсіпорындары туралы, әсіресе инновациялық жобаларды іске асыру кезінде, айта алмаймыз. Демек, осындай кәсіпорындардың әрқайсысы бірқатар көрсеткіштер бойынша жобаның тиімділігін бастапқы бағалауды ғана емес, сонымен қатар басқару шешімдерін қабылдау процесінде тәуекелдерді қазіргі заманғы және дұрыс бағалауды да қажет етеді.

Қазақстан экономикасының инновациялық дамуын мемлекеттік қолдауға қарамастан, бүгінгі күні инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыруда, елдің ғылыми – техникалық және экономикалық дамуын қамтамасыз ететін негізгі фактор ретінде шағын және орта бизнесті дамыту мен ынталандыруда кешенді проблемалар бар.

Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде инновациялық жобаларды басқарудың және оларды экономикалық бағалаудың негізгі әдістерін талдау, қазақстандық кәсіпорындар арасында инновациялық қызметті ұйымдастыру мен басқаруға қызығушылық туғызу қажет.

Айта кету керек, инновациялық технологияларды енгізу кезінде кәсіпкерлікті дамытудың негізгі проблемасы қаржы ресурстарының жеткіліксіздігі болып табылады. Өз кәсіпорнын инновациялық дамыту үшін шағын және орта бизнестің бірқатар субъектілерінің қымбат болғандықтан жаңа жабдықты сатып алуға мүмкіндіктері бола бермейді. Банк заемына келетін болсақ, жоғары пайыздық мөлшерлемелерге және жаңалығына қатысты қызметтің тәуекелділігіне байланысты банктердің барлығы бірдей осы кәсіпкерлік субъектісін қаржыландыруға келісім береді деп айта алмаймыз.




1 сурет. Кәсіпкерлердің инновациялық дамуын қаржыландыру көздері

Дерек көзі: ҚР статистика комитеті, [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)



Ұсынылған диаграммадан қаржының негізгі үлесі республикалық бюджеттен – 51 %, ең аз үлесі - жергілікті бюджеттен - 1% бағытталатынын көреміз, бұл осы мәселенің жергілікті деңгейде жеткіліксіз жүзеге асырылатынын көрсетеді.



2 сурет. Инновациялық қызметпен айналысатын кәсіпорындар саны (2017ж.)

Дерек көзі: ҚР статистика комитеті, [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

2 Диаграммадан көрініп тұрғандай, инновациялары бар кәсіпорындардың басым бөлігі Алматы қаласында – 7124, Астана қаласында – 4039, Оңтүстік Қазақстанда – 2499, Қарағанды облысында – 2309, Шығыс Қазақстан облысында – 2010. Ең азы – Қызылорда облысында – 784, Жамбыл облысында – 845, Батыс Қазақстан облысында - 932.

Кәсіпорындардың инновациялық қызметін дамыту бастапқы кезеңде елеулі мемлекеттік қолдауды қажет ететінін атап өту қажет. Мемлекет елдегі инновацияларды дамытуға мүдделі, өйткені Қазақстан өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажет, бірақ оның барлық күш-жігері жеке сектордың инновациялық процеске қатысуынсыз жеткілікті түрде тиімді болмайды. Қазіргі уақытта кәсіпкерлердің отандық ғылыми әзірлемелерді іздестіруге және ілгерілетуге қызығушылығының төмендігін байқаймыз. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның ЖІӨ-дегі инновациялық өнім үлесінің төмен болуына себепін тигізеді.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 5 президенттік реформаны жүзеге асыру үшін 100 нақты қадам белгіледі [2]. Республиканың экономикалық өміріндегі маңызды қадамдардың бірі - индустрияландыру және экономикалық өсу болып табылады.

Президент атап өткендей, «инновациялар өнімділік пен еңбек тиімділігін күрт ұлғайтуға алып келуі тиіс. Мемлекет инновацияның өсуін қолдайды. Соңғы 5 жылда бұл саланы қолдау

көлемі үш есе өсіп, 50 миллиард теңгеге жетті. Бәлкім, абсолюттік өлшем жөнінен бұл соншалық көп емес болар, бірақ өсім қарқыны біраз нәрсені аңғартады. Ғылыми зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) арналған жиынтық шығыстар 49 миллиардтан 74 миллиард теңгеге дейін өсті, соның 30 миллиарды жеке сектор есебінен қаржыландырылды. Патент алу белсенділігі жағынан Қазақстан 141 елдің ішінде 42-орында. Елімізде инновациялық кластерлер қалыптасуда» [3].

Сонымен қатар жүйенің тиімді жұмыс істеуі үшін технологияларды іздеу және сатып алу, білікті персоналды іздеу және жалдау, әзірлеуге тапсырыс беру шеңберінде кәсіпорындардың ҒЗИ, жоғары оқу орындарымен, технологиялар трансферті орталықтарымен тығыз ынтымақтастығы қажет.

Табысты инновациялық жүйені құру үшін қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуді көздеу маңызды. Мысалы, пайдадан құралатын қор құрылуы мүмкін, оның қаражаты кәсіпорында қабылданған нормаларға сәйкес жұмсалады.

Кәсіпорынның инновациялық жүйесінің табысты жұмыс істеуі үшін инновациялық бөлімнің жаңа өнімдерді әзірлейтін бөліммен (маркетингтік бөлім, даму бөлімі және т. б.) тығыз өзара іс-қимылы қажет. Сондай-ақ инновациялардың пайда болуын ынталандыру қажет. Бұл ретте материалдық ынталандыру жүйесі сыйлықақыларды нақ белсенді инновациялық қызмет үшін төлейтіндей етіп құрылуы тиіс.

Жақын перспективада инновациялық қызметті дамытудың маңызды бағыты инновациялық кәсіпкерлік саласында кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру болып табылады. Ол жоғары оқу орнын, жоғары оқу орнынан кейінгі оқуды, оның ішінде шетелде де оқытуды, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған менеджерлердің біліктілігін арттыру үшін қысқа мерзімді курстарды, семинарларды, дөңгелек үстелдерді қамтитын болады. Ал осындай бағдарламаларды қаржыландыру мемлекеттің қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

Кәсіпорынның инновациялық қызметі әртүрлі элементтер мен деңгейлердегі инновациялық қызметтен құралады және топтың инновациялық қызметі мен әрбір қызметкердің инновациялық қызметін қамтиды. Компанияда инновациялық тұлғалар көп жұмыс істеген сайын оның инновациялық әлеуеті де соғұрлым жоғары болады. Инновациялық белсенділік туралы келесі параметрлер бойынша пайымдауға болады: қызметкерлердің кеңестердегі, жиналыстардағы, тренингтердегі, жұмыс процесіндегі белсенділігі; рационализаторлық ұсыныстар саны; инновациялық идеялар; шығармашылық бастама және тағы басқалар [5].

Кәсіпорынның инновациялық қызметін мемлекеттік қаржылық қолдаудың нақты құралдары мыналар бола алады: инвестициялық жобалар үшін Қазақстанда берілетін салықтық преференциялар - ҚҚС-дан, мүлік салығынан және кәсіпорын жобалық қуатқа

шыққанға дейін жер салығынан босату; инновациялық қызмет субъектілері үшін салықтық шегерімдер мен преференцияларды енгізу; жаңа отандық технологияларды игеретін кәсіпорындар үшін салықтық каникулдарды немесе басқа да жеңілдіктерді енгізу (бұл жеке, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тартуға және тиімділігі жоғары әзірлемелерді өнеркәсіптік игеру мен пайдалануды жеделдетуге және олардың негізінде ғылымды қажетсінетін өндірістерді дамытуға мүмкіндік береді); лизинг бойынша жабдықтар мен технологияларды сатып алу; зияткерлік меншік құнын бағалау әдістерін және оны шаруашылық айналымға енгізу шарттарын нақтылау; ноу-хау авторларының жарғылық капиталға және тиісінше пайдаға қатысу нысандарын анықтау; кедергілерді азайту және өндірісте инновациялық технологияларды дамытуды ынталандыру мақсатында шет елдердің патенттеу тетігін үйлестіру; микроқаржыландыруды ұлғайту және әлеуетті мүмкіндіктер мен кәсіпкерлік бастаманы, оның ішінде университеттер мен зерттеу ұйымдарында пайдалану әрекеттерін көтермелеу үшін шағын гранттар беру [6].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар // «Егемен Қазақстан», 10.01.18ж.
2. Назарбаев Н.Ә. Ұлт жоспары – “100 нақты қадам”. – Астана, 2015 ж., kazgazeta.kz
3. Назарбаев Н.Ә.: Инновациялар қазақстандық өнімдердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады // Инновациялық даму мәселелеріне арналған кеңес. - Алматы, 8.12.2015 ж., strategy 2050.kz
4. Сулейменов Е. З., Васильева Н. В. Государственное регулирование инновационной деятельности в Казахстане: аналитический обзор. – Алматы: НЦ НТИ РК, 2008. – 58 с.
5. Токсанбаева М.С. Доклад «Социально – экономические факторы трудового потенциала», Материалы конференции. – Алматы, 2007. – 13 с.
6. Хамитов Н.Н. Инновационная стратегия и конкурентоспособность экономики // Вестник КазНУ. – 2012.-№1.- С.4-5

МРНТИ 14.15.01

## АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ ӨСУІНЕ ИНВЕСТИЦИЯ САЛУДЫҢ БАҒЫТТАРЫ

К.Т. ДҮЙСЕМБАЕВА<sup>1</sup>, Д.А. ДҮЙСЕМБАЕВА<sup>2</sup>

*Қазақ гуманитарлық заң университетінің колледжі, Ақтөбе, Қазақстан*

*М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институты, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** В статье рассматривается сущность человеческого капитала как один из основных составляющих новой инновационной экономики и основные направления инвестиции в обеспечении роста человеческого капитала.

**Ключевые слова:** человеческий капитал, инновационная экономика, экономика знаний, мобильность рабочей силы, показатель «глобального бремени болезней».

**Annotation.** This article is about meaning of human capital as one of the main components in the new innovative economics and basic directions of investment in providing of height of human capital.

**Key words:** human capital, innovative economy, economy of knowledge, mobility of labour force, index of "global burden of illnesses".

Мақалада жаңа инновациялық экономиканың негізгі құрамдасының бірі ретінде интеллектуалды капиталдың мәні және адами капиталдың өсуін қамтамасыз етуге инвестиция салудың негізгі бағыттары қаралады.

**Түйінді сөздер:** адами капитал, инновациялық экономика, білімділік экономикасы, жұмыс күшінің жұмылдырылғыштығы, (DALY) «арудың глобалды ауыртпалықтары» көрсеткіші.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында Қазақстан экономикасын нығайтудың, халықтың әл-ауқатын арттырудың жаңа міндеттерінің бірі және де жаңғырудың негізі елімізде *адами капиталдың* сапалы өсуі болып табылатындығын атап көрсетті.

Біріншіден, адами капиталдың серпінді өсуі қазіргі уақытта әлемнің жетекші елдерінің экономикалық дамуындағы өзгерістермен, яғни дәстүрлі өнеркәсіп салаларынан ақпараттық-инновациялық технологияларды шығаратын және оларды өндіретін жаңа компаниялардың пайда болуымен және кәсіпкерлік белсенділіктің бұрын-соңды болмаған өсуін тудырып отырған жоғары технологиялардың агломерациясына ауысуымен байланысты болып отыр. Бүгінгі заманның басты даму факторы жаңа технологиялар болса, оларды жасайтын және одан әрі дамытатын адам.

Екіншіден, әлемнің дамыған елдер үшін шаруашылық дамуының ерекше сатысы – тауарлар мен қызметтер өндірісінде интеллектуалды ресурстардың шешуші

маңыздылығымен сипатталатын «индустриалдық экономикадан» «инновациялық экономикаға» немесе «білімділік экономикасына» (немесе «білімге негізделген экономика») өту байқалады.

Сонымен қатар *білімділік экономикасы* бүгінгі маманның құзыреттілігін, өз саласы бойынша өзіндік ой пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдегі өзгермелі жағдайларға бейімділігін, өз білімін пайдалана алуы мен оны одан әрі толықтыруын, коммуниктивтік, бірлесе жұмыс жасау қабілеттері мен өз әрекеттерін басқару дағдыларын дамытуын қажет етеді. Осы тұрғыда қазіргі біліктілікке негізделген экономика жағдайында жұмыс күшіне қойылатын талаптардың жоғарылауынан еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, білімді, шығармашылық түрде креативті ойлай алатын, интеллектуальдық әлеуеті жоғары, алған білімін кез келген салада құзыреттілікпен қолдана алуға қабілетті, сонымен қатар демократия, гуманизм, мәдениет сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды, өз еліне, отанына деген отаншылдық қасиеттерді бойына сіңірген, адамгершілігі жоғары мамандардың әлеуетін даярлау маңызды болып табылады.

Дүниежүзілік Банк қызметкерлерінің берген анықтамасы бойынша «*Білімге негізделген экономика* - бәсекеге қабілеттілікті арттыру мен өзін-өзі дамытуды жеделдету үшін білімді құрайтын, оны тарататын және пайдаланатын экономика» болып табылады. [1]

Білімге негізделген экономика – бұл білімге және инновацияларға, сонымен бірге жаңа идеяларды, жаңа машиналарды, жаңа жүйелер мен технологияларды қабылдауға, оларды практикада адам қызметінің барлық сфераларында ендіруге әзірлікке негізделген экономика.

Білімге негізделген экономиканың негізгі белгілері:

- білімнің және ақпараттың өндіргіш күш түрінде барынша қарқынды дамуы;
- ғылыми сыйымдылығы жоғары салалардың үдемелі ролі, ғылыми сыйымдылығы жоғары технологияларды өндіру мен өткізу көлемінің ұлғаюы;
- ғылым мен техниканың ең жаңа салаларында озық зерттеулер мен зерттемелерді іс жүзіне асыратын компаниялардың өсуі;
- қызмет көрсету инфрақұрылымында және материалдық өндірістің маңызды салаларында негізгі капиталды жаңартудың жоғары қарқыны;
- елдің әрбір азаматы үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету (табыс табу, тұрғын үй, жұмыс, ақпараттық және транспорттық қызметтерге мүмкіндік және т.б.);
- білім беру және мамандарды даярлау жүйесінде адами капитал мен инвестицияның маңыздылығының артуы;

- ғылым мен техниканың дамуында мемлекеттік басымдықтар жүйесінің бағыттарының бірі ретінде адамның даму шығындарын капиталдандыру.

«Адами капитал» түсінігі ХХ ғасырдың 50-ші жылдарында неміс ғалымы

Т. Шульцтің және американдық экономист Г. Беккердің еңбектерінде пайда болды.

Т. Шульц нашар дамыған елдердің экономикалық жағдайын зерттей келе, кедей адамдардың әл-ауқатын жақсарту жерге, техника немесе олардың күш-жігер жұмсауына емес, бәрінен де білімге байланысты деген қорытындыға келеді. Ол экономиканың мұндай сапалық қырын «адами капитал» деп атаған.

Г. Беккерлердің пікірінше экономикада таза технологиялық фактор ұлттық өнімнің жартысын ғана қамтамасыз етеді, ал қалған бөлігін адамның өндіруші күші жасайды.

Ресейлік ғалым Е.Е. Иродованың пайымдауынша адами капитал - қызметкерлердің білімділігі, біліктілігі, творчестволық және ойшыл қабілеттері, құзыреттілігі, кәсібилігі, олардың адамгершілік құндылықтары мен еңбек ету мәдениеті. [1]

*Адами капитал* жұмыс күшінің шеберлігі мен дағдыларын, кәсіптік білімі мен тәжірибесін қамтиды.

Ғалымдардың пікірінше, адами капиталдың өсуін қамтамасыз етудің жолы адамның дамуына, яғни адамға білім беруге, денсаулығын саласын дамытуға және қолдауға, ақпарат алу мен *жұмыс күшінің жұмылдырылғыштығын (мобильділігін)* қамтамасыз етуге инвестиция салу болып табылады.

Білім беру - адами капиталдың басты да негізгі құрамдас бөлігі. Білім әр түрлі күрделі жұмыстарды атқаруға қабілетті де білікті жұмыс күшін қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады. «Біліктілік» түсінігіне әр түрлі деңгейде білім алу кіреді: бастауыш, орта, кәсіби-техникалық, арнайы орта және жоғары білім алу. Білім берудің әрбір сатысы адамның біліктілігінің нақты өсуін, адамның күрделі де жауапты жұмысты атқаруға мүмкіндіктерін нақтылайды.

Әлі күнге дейін жұмыс күшінің біліктілігін анықтайтын нақты критерийлер жоқ. Көп жағдайда біліктілік жұмыскердің білімі және жұмыс өтілі тұрғысынан анықталады.

Американдық экономист Э. Денисон әр түрлі өндіріс факторларының экономикалық өсуге тигізетін әсерлерін зерттеуде материалдық өндірістегі білімнің маңыздылығын айқын көрсетеді. Оның зерттеулерінің мәліметтері бойынша АҚШ-ның ұлттық табысының өсімінде білімнің үлес салмағы 14%-ды құрайды. Егер АҚШ-да білімге ұлттық табыстың 6-7%-ы жұмсалатыны ескерілсе, білім саласына салынатын инвестиция ең жоғары тиімділікте болып табылады. [2]

Адами капиталға инвестиция салудың екінші бағыты - денсаулық сақтау саласы. Денсаулық сақтау саласына жұмсалатын шығындар өндірісте жұмыс күшінің айналымын

ұзартады. Денсаулық сақтау саласы және оны қаржыландырудың адами капиталдың дамуындағы нақты үлестеріне қатысты жақтары зерттелмеген. Денсаулық сақтау саласының осыған қатысты маңыздылығы туралы жанама көрсеткіштер қолданылады.

Денсаулық сипаттамасының жүйесіне (*DALY*) «*аурудың глобалды ауыртпалықтары*» көрсеткішіне еңбекке жарамсыздық, ауруға шалдығу және мүгедектіктік түсініктері кіреді. *DALY* жүйесі адам өмірінің мезгілсіз қазаның, жұмысқа жарамсыздықтың немесе мүгедектіктің нәтижесінде жоғалтқан жылдарын көрсетеді. *DALY* көрсеткіші төмен болса, ауру ауыртпалықтары аз, соғұрлым тұрғындардың денсаулықтарының деңгейлері жоғары, денсаулық сақтау салаларына кететін шығындардың қайтарымдылығы жоғары болады.

Адами капиталға инвестиция салудың келесі бағыты *жұмыс күшінің жұмылдырылғыштығы* болып табылады. Жұмыс күшінің жұмылдырылғыштығы адамдардың жұмыспен қамтылуы үшін, қажет болған жағдайда, өзінің мекен жайын ауыстыруымен, тұрғын үй нарығының дамуымен байланысты болады. Жұмыс күшінің жұмылдырылғыштығы – экономикадағы құрылымдық өзгерістерге, әр түрлі факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отыратын нарық ахуалына бейімделу процесі. Жұмыс күші осы бейімделу процестерінде басты екі мақсатты көздейді: ең жоғары еңбек ақы алу және еңбек нарығында әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке қол жеткізу.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында білім беру жүйесін тұтастай инновацияландыру, жастардың білімге қол жетімділігін кеңейту, денсаулық сақтау саласының, тұрғын үйдің сапасы мен қолжетімділігі мәселелеріне арнайы көңіл бөлініп, адами капиталға инвестиция салу және оның әлеуметтік бағдарлануы, яғни адами капиталдың өсуіне жағдай жасау ерекше орын алады.

Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығымен әлеуметтік дағдысын да дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет.

Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл - мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту қажет. Бұл жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты.

Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Жастардың репродуктивті денсаулығын қорғауға және нығайтуға ерекше назар аудару керек. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің жаңа моделін әзірлеу қажет.

Ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру қажет. Медицинада ауруларды диагностикалау мен емдеудің тиімділігін айтарлықтай арттыратын генетикалық талдау мен жасанды интеллект технологияларын енгізуге кірісуіміз керек» - деп атап өтті.[3]

**Аннотация.** Мақалада білім беру жүйесі ел экономикасы мен Қазақстан қоғамының тұрақты ілгерілеп дамуын қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Мемлекетіміздің білім беруді реформалаудағы мақсаттарының бірі әлемдік білім кеңістігінде жинақталған жетістіктерді меңгере отырып, сапалы өзгерістерді қамтамасыз етуге үлес қоса алатын, рухани мәдениетті, кәсіби құзыретті және өмірлік маңызды құндылықтарды терең түсіне білетін жеке тұлға тәрбиелеу. Бұл мәселенің өзектілігі еліміздегі білім беру жүйесін дамыту жөніндегі ресми құжаттар, заңдар мен тұжырымдамаларда айқын көрсетілген. Сондықтан жалпы білім беру жүйесінде оқушылардың кәсіби бағдарын құндылық ретінде тануын, оның өмірлік мәні мен қоғамдық маңыздылығын түсіндіре отырып, жеке тұлғасын қалыптастыру маңыздылығы туралы қарастырылады.

**Түйін сөздер:** тұлға тәрбиесі, кәсіби құндылық бағдар, кәсіби құндылық.

Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан реформалардың басты мақсаты – жастардың кәсіби біліктілігін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту тұрғысынан алғанда, болашақ мамандарға сапалы білім, саналы тәрбие берудің маңыздылығында. Жаңарған еліміздегі жаңаша өзгерістерге сәйкес, кәсіби бағыттылықты оңтайлы ұйымдастырудың ғылыми педагогикалық негіздерін жаңаша зерделеу қажеттілігі күн тәртібіндегі көкейкесті мәселе [1].

Егер біз қазір әлемдік деңгейде дамыған елдердің өсу, өркендеу жолына зерделей қарайтын болсақ, олардың қай кезеңде де, қандай жағдайда да жастар тәрбиесін алдыңғы қатарға қойып, әсіресе білім беру жүйесін жыл өткен сайын жетілдіріп отырғандығына айқын көз жеткіземіз. Өйткені болашақта сол елдің экономикасын дамытудың шешуші салаларының тізгінін ұстайтын жастар арасынан шығатыны мәлім. Сондықтан кәсіби құндылық бағдар жеке тұлғаны жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін оқу-тәрбие үдерісінің ақыл-ой, рухани-адамгершілік, эстетикалық, экономикалық, дене тәрбиелерінің өзара сабақтастықта, қоғамдық мақсаттарды есепке ала отырып, кәсіпті еркін және құндылық тұрғысынан таңдау жүйесін қамтиды. Кәсіпті дұрыс таңдау негізінен адамның сапалық қасиеттерін дамытып, өмірлік жоспарларының дұрыс бағытта болуын, өзгермелі өмір жағдайында білімі мен біліктерін шығармашылықпен жүзеге асыра білуін қамтамасыз етеді.

Жаңарған еліміздегі жаңаша өзгерістерге сәйкес, кәсіби бағыттылықты құндылық сипатта оңтайлы ұйымдастырудың ғылыми педагогикалық негіздерін жаңаша зерделеу қажеттілігі күн тәртібіндегі көкейкесті мәселе. Қазіргі экономикалық және рухани жаңарулар жеке тұлғаның кәсіби бағдар аясын кеңейтіп, әлеуметтік жағынан өмірге батыл араласуын тездетуде. Оқушылардың кәсіби құндылық бағдарының дұрыс қалыптасуы азаматтық борышы мен жауапкершілігін арттырып, қоғамдағы өз орнын табуға мүмкіндік береді.

Еліміздің экономикалық жағдайы, оның нарық жағдайына қаншалықты бейімделуі білікті мамандарға деген сұранысты қанағаттандыру мәселесіне байланысты болып отырғаны мәлім. Саяси-әлеуметтік және экономикалық реформаларды жүзеге асыруда бәсекелестікке қабілетті, кәсіби құзыретті маман даярлауда қоғамда болып жатқан экономикалық өзгерістер талабы жаңаша көзқарасты талап етіп отыр. Осыған байланысты жеке адамның кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі қазіргі кезеңдегі психология, педагогика ғылымның алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезеңде оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыру мәселесі өте күрделі және оны түбегейлі зерделеуді қажет етеді.

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған мектеп мұғалімдерінің, технологтардың, дәрігерлердің, инженер-педагогтердың, жанұяның, еңбек ұжымдарының бірлескен іс-әрекеті.

Кәсіпке бағдарлау жүйесі дамуының қазіргі кезеңі мемлекеттік органның, мектептің, отбасының, базалық кәсіпорынның, кәсіптік-техникалық білім беру орындарының, арнаулы орта және жоғары білім берудің, сондай-ақ кәсіптік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысатын басқа да әлеуметтік институттардың еңбекке баулудың мәселелерін жан-жақты ойластырып, оларды дер кезінде шешуін және үйлесімділігін қамтамасыз етуін қажет етеді [2].

Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Мамандық таңдауда жіберілген қателік жеке адамның ғана сәтсіздігі емес, оның зор әлеуметтік салдары бар. Жеке адамның таңдаған еңбек әрекеті оның бүкіл өміріне, сондай-ақ қоғамдық жұмысына да ықпал жасайды. Адам өндірістік қызмет аясында дүниеге қатынасын бейнелейді, бұл қызмет көп жағдайда оның қоғамдық әлеуметтік құрылымындағы орнын белгілейді. Кәсіпті дұрыс таңдау, негізінен, адамның аса қажетті қасиеттерінің жан-жақты әрі жарасымды қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Нарықтық қарым-қатынас негізінде маманға қажетті маңызды сапаның бірі – іскерлік, адамдармен қарым-қатынас жасай білу қабілеті. Қазіргі кезеңде өзгермелі қоғамға икемделе алатын іскер адам тәрбиелеу – жоғары сынып оқушыларының кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырудың маңызды шарты. Мұндай талаптарға икемделуі үшін тұлға бойында төмендегідей психологиялық ерекшеліктердің қалыптасуы керек:

1. Өз мүмкіндіктері мен қабілетіне сай өз бетінше еңбектену, жұмысты құлшыныспен атқару; 2. Өзінің әлсіз және күшті жақтарын сезіне білуі; 3. Өз күші мен мүмкіндігіне деген сенімділіктің пайда болуы; 4. Енжарлықтан арылу, ептілік пен икемділікке бейімделу; 5. Өз табысын оңтайлы пайдалануға дағдылану.

Қоғамдық-экономикалық құрылымдағы күрт өзгерістер жастардың бойында нарықтық қатынасқа сай, материалдық құндылықтарға оңай қол жеткізуге болады деген көзқарас қалыптастырды. Бірақ кез келген мемлекеттің экономикасының негізін сол елдің азаматтарының еңбекке деген қабілеті құрайды. Сондықтан мектеп оқушыларының еңбекке даярлығын дамытудың өзектілігі артуда. Оқушылардың еңбекке даярлығы оның тұлғалық сапа деңгейінің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Оқушылардың еңбекке даярлығы дегеніміз – оқу үдерісінде меңгерілген білім, білік, дағдыны қоғамдық-еңбек қызметінде қолдана білуі және өзектен-діруі, қоғам мүддесіне сай тұрақты шығармашылық еңбекке деген ынтасын қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі кезеңде ақпараттық технологиялардың, қоғамдық қатынастардың жедел дамуына байланысты оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалып-тастырудың негізгі мақсаты – оқушыларды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс-терге, өмірге бейімдеу және олардың тұлғалық ерекшеліктерін айқындау, еңбекке бағыттау, кәсіби қызығушылығы мен қабілетін дамыту, саналы түрде мамандық таңдауға даярлау.

Мектеп оқушыларының бітіруші түлектер арасында жүргізілген зерттеулер нәтижелері бойынша мына топтар анықталған:

1) Мамандық таңдағандар; 2) Мамандық туралы ақпараттардың жеткіліксіз болуы; 3) Таңдауы тұрақсыз, өзгермелі оқушылар; 4) Таңдауға енjarлық көрсеткен оқушылар.

Көп жағдайда оқушылардың кәсіби таңдауын кездейсоқ факторлар анықтайды және осының салдарынан мамандар өз кәсібі бойынша қызмет атқармайды. Бұл орайда мамандық таңдауға бағыт бағдар беруде мұғалім оқушының кәсіби құндылық бағдарын дамытуы қажет.

Бұл жөнінде А.П.Сейтешев кәсіби ақпарат пен кәсіби кеңес беру мәселелерін зерделеп, ата-аналармен және тұлғаны зерттеу жұмысының ролін қарастырады. Ол кәсіби бағдарды қалыптастырудағы мұғалім қызметінің жалпы міндеттерін белгілейді (еңбекке жағымды қатынасты тәрбиелеу; оқушылардың қызығушылығы мен қабілетін дамыту; болашақ кәсіби іс-әрекет бағытын анықтауға көмек беру)

Е.А.Климов кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қажет деп санайды және мамандықтар классификациясын негіздейді. Ол кәсіби жарамдылықтың төрт деңгейін атап көрсетеді: 1) берілген мамандыққа жарамсыздық; 2) берілген мамандыққа жарамдылық; 3) аталған мамандықты меңгеруге болады; 4) аталған мамандық үшін жаралған (жоғары деңгейдегі сәйкестік) [3].

Осы бағытта кәсіби құндылық бағдар беру туралы зерттеулерді төмендегідей кестеге түсіруді жөн көрдік.

Кесте 1. Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыру теориясының дамуы

Жылы	Автор	Зерттеудің негізгі идеялары
1	2	3
1927	Ленинградтағы кәсіби кеңес беру бөлімінің қызметкерлері	Кәсіби кеңес берудің негізгі ұстанымдары: тәжірибелік маңызы, жасөспірімдерді зерт-теу мен жүйелілік, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмыспен байланыс, бұқаралық жұмыстардың тиімді ұйымдастырылуы

1927	А.А.Смирнов	Мамандық таңдау себептері: отбасылық дәстүр, мекен-жайына жақындығы, мате-риалдық көтермелеу, үлкендердің үлгісі
XX ғасырдың 30-жылдары	Н.К.Крупская	Мамандық таңдау, кәсіби іріктеу мен кәсіби жарамдылық мәселелері, жеке адамның тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу, шетелдік тәжірибені қолдану, кәсіби бағдарды қалыптастыру әдістерін жетілдіру
XX ғасырдың 30-жылдары	П.П.Блонский	Нақты өндіріс жағдайында мамандықпен танысу, мамандық таңдау себептерін айқындау, оқушылардың қызығушылықта-рын есепке алу
XX ғасырдың 30-жылдары	С.Т.Шацкий	Оқушыны қабілеті мен сұранысына сай дамыту, кәсіби құндылық бағдар мәселелері бойынша жеке және ұжымдық жұмыстар жүргізу
XX ғасырдың 30-жылдары	А.С.Макаренко	Оқушының мүмкіндігі мен қалауын зерт-теу, ата-аналар мен тәрбиелеушілердің рөлі, кәсіби бағдарды қалыптастыруда жеке жұмыстың маңыздылығы, маман-дықты саналы таңдауға баулу
1963	Н.А.Левитов	Мамандықты психологиялық зерттеу мәселелерімен айналысу, әр мамандыққа қойылатын талаптар негізінде профес-сиограммалар жасақтау
1971	В.В.Чебышева	Кәсіби ақпарат беру және кәсіби кеңес беру мәселелері, оқушының жеке психо-логиялық ерекшеліктерін зерттеу
1972, 1978	К.К.Платонов	Кәсіби бағдар жұмысының кезеңдерін белгілеу, кәсіби құндылық бағдар жұмыстарын ұйымдастыру барысында тұлға қабілетін есепке алу
1974	Е.А.Климов	Оқушылардың жас ерекшеліктерін есеп-ке алу, мамандықтар классификациясы, кәсіби жарамдылық деңгейлері, кәсіби бағдар жұмысында оқушылардың белсен-ділік деңгейін көтеру
1976	Б.А.Федоришин	Оқушыларды саналы түрде өзін-өзі анықтау жүйесінде кәсіби бағдарды қалыптастырудың үш құрамдас бөлігі
1976	И.Н.Назимов	Кәсіби бағдар ұстанымдары, оқушыларға жүргізілетін психофизиологиялық зерт-теулер нәтижесінде шешілетін міндеттер
1978	С.С.Гриншпун	Таңдау кезеңінде оқушылардың қалып-тасу көрсеткіштері
1978	Ю.К.Васильев	Еңбекке оқыту тәжірибесінің төрт кезеңіне сай кәсіби бағдарды қалыптастыру
1979	Н.А.Томин	Кәсіби бағдардың политехникалық біліммен байланысы
1980	Е.М.Павлотенков	Мамандық таңдау мотивтері, мамандық алу тәсілдері мен әдістері
1982	А.П.Качнев	Тұлғаның еңбекке даярлығын қалып-тастырудың негізгі шарттары, қажетті тұлғалық сапалар
1984	Т.П.Соловьева	Мамандыққа қызығушылықты қалыптастыру және оның өлшемдері
1988	Ф.И.Иващенко	Тұлғаның еңбекке бейімділігі және оның негізгі белгілері
1988	А.Д.Сазанов, В.Д.Симоненко, В.С.Аванесов, Б.Н.Бухалов	Кәсіби бағдар жұмысының мақсаты мен көлемі, мамандық таңдаудың негізгі ұстанымдары
1988	В.Ф.Витиных	Кәсіби ақпарат және кәсіби кеңес беру жолдары, кәсіби құндылық бағдарды қалыптастырудағы мұғалімнің қызметі
1988	Н.Н.Захаров	Кәсіби бағдар мен тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау арасындағы сабақтастық, кәсіби құндылық бағдарды қалыптастырудағы мұғалімнің қызметі
1990	Н.Бериков	Кәсіби бағдарды жетілдіру мақсатында оқытудың политехникалық, ғылыми және тәжірибелік бағыттарын күшейту
1990	С.Я.Батышев	Қазіргі жағдайда өмір бойы бір мамандықпен шектелу мүмкін еместігі дәлелденіп, кәсіби-техникалық жүйедегі кәсіби бағдарды қалыптастыру мәселелері
1994	Н.Б.Ишмухамедова	Өсімдіктану саласы бойынша мамандықтарға бағдарлауда қойылатын талаптар, кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыруда оқу пәндерінің мазмұнын жетілдіру
90-жылдар	С.В.Кравченко, А.П.Сейтешев, Г.К.Нургалиев, О.З.Имангожина	Кәсіби бағдарды қалыптастырудың психоло-гиялық мәселелері, тұлғаның кәсіби бағыты мен құндылық бағдарын анықтау әдістері

2003-2004	Е.Н.Рогов И.С.Артюхова Ж.Түрікпенұлы	Тұлға қабілетінің белгілі бір мамандық талаптарына сәйкестігі, кәсіби бейімдеу жолдары
2005-2009	А.П.Тряпицина О.Б.Даутова С.А.Писарева И.В.Гладкая Б.К.Момынбаев К.Өстемиров т.б.	Кәсіби өзін-өзі анықтау, оқушылардың өзін-өзі анықтаудағы рефлексиялық жұмысының пси-хологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес бейіндік оқыту мәселесі

Зерттеуші педагогтар мен психологтар кәсіби құндылық бағдар мәселелеріне талдаулар жүргізіп, ерекшеліктері мен бағыттарын анықтады.

Оқушылардың кәсіби құндылық бағдары қалыптастыруда, зерттеу жұмыстарының негізінде мынадай **ұсыныстар** жасаймыз:

- оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыруда электрондық оқулықтар, арнайы бағдарламалар, интерактивтік технологиялар кешендерін жасақтау;
- оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастыруда оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың мазмұндық сипатын өзгерту және мамандықтар бойынша болашақ мамандарды даярлауды жетілдірудің жанашылдық бағытта-рын дамыту;
- жаңа ғасырдағы ұлттық мектебіміздің басты философиялық тұғырнамасы тарихи-ұлттық, рухани-мәдени құндылықтарымызға негізделіп, кәсіби бағдар жаңаша мазмұндық тұрғыда қарастырылып, ұлтымыздың рухани жандануына бағдарлау;
- кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыруда мұғалімдерге, оқушыларға, студентерге, ата-аналарға арналған оқу құралдары мен әдістемелік әдебиеттер шығару;

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Омарова Р.С.Әділшинова З.У. Кәсіби құндылық бағдар. - Ақтөбе: 2009, - 71б
- 2.Түрікпен-Ұлы Жолмұхан Кәсіптік бағдар – әлеуметтік-экономикалық проблема. - Алматы: Эверо,2016.-141 Эверо Алматы, 2016.- 141 бет
3. Адильшинова З.У. Қазіргі мектепте оқушылардың кәсіби құндылық бағдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары. Атырау: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. -2009. – 124 б.



ГТАМР 14.35.07

## БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ МҰҒАЛІМ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ

Э.А. КАПИНА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Қазіргі таңда еліміздің білім беру саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне енуді мақсат кылып, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеуді көздеп отыр. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту мәселесі назарға алынуда. Осы орайда мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне ерекше талаптар қойылуда. Мақалада бастауыш мектеп мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне анықтама беріле отырып, мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің бес көрсеткіші сипатталады. Сонымен қатар, мұғалімнің кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптар баяндалады.

**Түйінді сөздер:** кәсіби құзыреттілік, жаңартылған бағдарлама, жалпы мәдени көрсеткіш, жалпыкәсібилік көрсеткіш, коммуникативтік көрсеткіш, тұлғалық көрсеткіш, өзіндік даму және өзіндік білім алу көрсеткіші.

**Аннотация.** В настоящее время образовательная политика страны направлена на интеграцию в мировое образовательное пространство, ориентированную, с одной стороны, на конкретные результаты, на активные методы обучения, с другой, на личность обучающихся и межличностные отношения. В связи с этим основной целью системы образования является развитие активности обучающихся, навыков самообразования, применения полученных знаний на практике, развитие творческих способностей, компетентности и конкурентоспособности. В связи с этим, предъявляются особые требования к профессиональной компетентности учителя. В статье представлены пять показателей профессиональной компетентности учителя начальных классов. По мнению автора, на их основе формулируются требования к профессиональной квалификации учителя.

**Ключевые слова:** профессиональная компетентность, обновленная учебная программа, общекультурный показатель, общепрофессиональный показатель, коммуникативный показатель, личностный показатель, показатель саморазвития и самообразования.

**Annotation.** At present, the country's educational policy is aimed at integrating into the world educational space, focused, on the one hand, on concrete results, on active teaching methods, on the other, on the personality of students and interpersonal relations. In this regard, the main goal of the education system is the development of students' activity, self-education skills, the application of the knowledge gained in practice, the development of creative abilities, competence and competitiveness. In this regard, there are special requirements for professional competence of the teacher. The article presents five indicators of professional competence of a primary school teacher. According to the author, on their basis the requirements for the professional qualifications of the teacher are formulated.

**Key words:** professional competence, updated curriculum, general cultural indicator, general professional indicator, communicative indicator, personal indicator, indicator of self-development and self-education.

*«Біз қазір «Білім-Ғылым-Инновация» атты үштік  
үстемдік құратын жоғары индустриялық әлемге  
қарай бағыт алып барамыз»*

*Н.Назарбаев*

Қазақ халқында "Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген аталы сөз бар. Олай болса, жас буынның білімді, саналы болып шығуы үшін мектеп пен мұғалімдер ұжымына үлкен міндет жүктелері анық.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне енуді мақсат қылып, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеуді көздеп отыр. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды [2].

Осыған орай қазіргі уақыттағы жаңартылған білім беру мазмұны оқушыларға мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, алған мәліметтері пайдалы болатындай ойлануына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алады. Мұғалім, ең алдымен, оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысуы керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлестіруге апаратын сара жол. Бүгінде рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Әлемдегі құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау

міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Оқытудың жаңа білім беру парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруды көздейді.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етеді. Оқушылардың сабақтағы іс-әрекеті мұғалімнің іс-әрекетінен басым болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Оқу процесін жандандыру мақсатында инновациялық стратегиялар арқылы белсенділендіргіш тапсырмалар ұсынып, оқушылардың анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізуі үшін өз бетінше әрекет етуге бағыттау керек. Олай болса, бүгінгі күні білім беру саласындағы жаңа өзгерістер мұғалімдердің жеке басының үлгі өнегесіне, болмысы мен білім өресінің биіктігіне, кәсіби сапаларына жаңаша талаптар қойып отыр. Білім беруді жаңа сатыға көтерген сайын, мұғалімдерге қойылатын кәсіби құзыреттілікте жоғары болуда.

Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнының мақсатын іске асыруда түйінді рөлді құзыретті мұғалім тұлғасы атқарады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – кәсіби педагогикалық қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде тұлғаның теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Қазіргі уақытта бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі бес көрсеткішіне бөлінеді : жалпы мәдени, жалпыкәсібилік, коммуникативтік, тұлғалық, өзіндік даму және өзіндік білім алу.

#### *Жалпымәдени көрсеткіш*

Білім беру қызметі саласында маманға жақсы жалпы білім қажет, оның әртүрлі саладан кең және терең дүниетанымы болуы қажет. Жалпымәдени критерийі бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үш көрсеткішке бөлінеді:

-жалпы білімділігі және дүниетанымының кеңдігі; -мәдени жаңалықтар саласынан хабардарлығы -сөйлеу мәдениеті.

#### *Жалпы кәсібилік көрсеткіш*

Мұғалімнің теориялық және тәжірибелік білімі, ұйымдастырушылық, басқарушылық қасиеті, кәсіби жинақылығы басым болуы керек. *Коммуникативтік критерий*

-балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениеті; -тілдік қарым-қатынаста кері байланысқа түсу; -сындарлы тілдік қарым-қатынас.

#### *Тұлғалық көрсеткіш*

Табысты қызмет ету үшін мұғалім көптеген тұлғалық қасиеттер мен қабілеттерге ие болуы керек. Тұлғалық критерий бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің үш көрсеткіші:

-тұлғаның кәсіби бағыттылығы: тұлғалық өсу және жауапкершілік, кәсібилік үлгі тұтушылық, таңдаған мамандыққа деген сүйіспеншілігі;

-арнайы кәсіби қасиеттерінің болуы: алға ұмтылушылық, талап қоюшылық, әділдік, икемділік, зияткерлік белсенділік, креативтілік;

-арнайы психофизиологиялық қасиеттердің болуы: жүйке жүйесінің шыдамдылығы, ішкі сезім, жігерді реттей алуы, жұмыс жасау қабілетінің жақсы болуы және психо-эмоциялық жүктемеге төзімділігі.

*Өзіндік даму және өзіндік білім алу көрсеткіші*

Мұғалімнің кәсіби педагогикалық мүмкіндігі бір күнге және мәңгіге қалыптаспаған.

Іс-тәжірибе қызметін жинақтау үдерісінде кәсіби жетілу мұғалімнің өзіне және өз жұмысына жауапкершілік пен сыни қатынастар негізінде іске асырылуы керек. Үнемі тұлғалық және кәсібилілік өсу мұғалімнің кәсібилілігінің ажырамас бөлігі ретінде алға шығады.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Жаңартылған білім беру парадигмасының қалыптасуы, құзыреттілік қатынастарға негізделген жаңа білім стандарты жаңа формация мұғалімін талап етеді. Жаңа формация мұғалімі әдіснамалық, зерттеушілік, шығармашылық, сыни ойлай алатын, рефлексияға қабілетті маман болуы шарт.

Ата-ана үшін де бұл бағдарламаның бір ерекшелігі-әр оқушының қалыптастырушы бағалау нәтижесін есеп беру бетшесі арқылы таныстырудың өзі ата-ана мен мұғалімдердің арасында ынтымақтаса жұмыс жасауға ықпал ететіндігін көрсетеді. Кері байланыс арқылы алған мәліметтерін, жазған ұсыныстарына қарай отырып ата-ананың бағдарлама мақсатын түсінгендігін байқауға болады.

Жаңартылған бағдарламаның төмендегідей ерекше тұстарын атауға болады:

- мұғалім оқушыларды өздігінен білім алуға итермелейді, яғни іс-әрекетке белсене қатысқан оқушының қызығушылығы жоғары болады;

- өзара белсенді әрекет оқушыларды топ ішінде сөйлеуге, өздерін ұстау, ойын жүйелі жеткізу дағдыларын дамытуға жетелейді,

- бағалау жүйесінің жариялылығы мен нақтылығы, қалыптастырушы бағалаудың болуы оқушыларға өздерінің оқудағы жетістіктерін салыстыра отырып, әрі қарай қадам жасауға мүмкіндік береді;

- әр сабаққа кері байланыс жүргізе отырып, мұғалім оқу мақсаттарына сәйкес келесі сабақтың мақсатын өзі қоя алады;

- мұғалімнің жүргізген кері байланыс нәтижесінде ата-аналар балаларының оқу үлгерімін бақылай алады.

Бағдарлама аясында мұғалімнің кәсіби біліктілігіне де бірқатар қажетті негізгі талаптарды атауға болады: қоғамның алдыңғы қатарлы идеяларын игеру; жан-жақты білімдарлық өмірдің әртүрлі саласынан хабардар болу; педагогикамен байланысты пәндерді - психологияны, анатомия, мектеп гигиенасын, мектептану пәндерін жақсы білу; оқытатын пәнін, соған байланысты ғылымдарды, олардың жетістіктерін, ағымын жақсы білу; жұмысына шығармашылық көзқарас; баланы жете білу, олардың жан дүниесін түсіну, педагогикалық сенім, оптимизм; педагогтік техниканы меңгеру, қисынды, мәнерлі сөйлеу; педагогтік әдептілік тактіні меңгеру; сабаққа тың ойлар мен ынталандырушы материалдарды енгізу; оқушылар өзінің ойлауы мен оқуы туралы ойлана алуына жағдай жасау үшін логикалық ойлау мен зерттеу дағдыларын енгізу; оқушыларға өздеріне қызықты салаларда сұрақ құрастыруға көмектесу; топтық жұмыс жүргізуді көздейтін жаттығуларды енгізу; оқушыларды бір-бірімен қарым-қатынас жасап, диалог құруға ынталандыру; балаға деген сүйіспеншілік пен әділдік.

Сонымен қатар, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі "Өмірмен байланыс" ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеледі. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдерден тынымсыз еңбектенуді талап етеді [3].

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы — заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Білім мазмұнын жаңғырту – сапалы білім, жарқын болашаққа негізделген.

Білім мен тәрбие беру - қиын да қастерлі еңбек. Бұл жолда мұғалімдер талмай, тынымсыз еңбектеніп, шығармашылық ізденуді, үйренуді асыл мұратына, биік парызына айналдырғанда ғана жете алатыны сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.- Астана: Ақорда.- 12 сәуір 2017 ж.8б.;

2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.- 2015ж. -37 б.

3) Бисембаева Б.С. Жаңартылған білім беру бағдарламасының маңыздылығы. – А., 2017. – 315 б.

## ГТАМР 14.91

### ҰЛЫ ДАЛА ХАЛҚЫНЫҢ ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ ДӘСТҮРІ

Г.Б. БАХТИЯРОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа:** Мақалада қазақ халқының көнеден қалыптасқан дәстүрлі отбасы тәрбиесінің мәні, өзіндік жүйесі мен мазмұндық ерекшелігі қарастырылады. Этникалық дүниетанымдағы ұлттық тәрбиенің алғашқы мектебі саналатын отбасының рөлі анықталып, баяндалады. Бүгінгі қоғамдағы жастарға жан-жақты тәрбие берудегі отбасылық, қоғамдық-тарихи өмір жолымен қалыптасып келе жатқан дәстүрлердің маңызы мен рөлі сөз етіледі. Отбасы – қазақ дүниетанымындағы басты құндылықтардың бірі. Қазіргі отбасылық тәрбие қағидаларының ерте замандардан ата-бабаларымыздың тұрмыстық өмір дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыста дамып келе жатқандығы баяндалады. Мақалада қазақ отбасы өміріндегі «әке мен ана мектебінің» жетекші мәнге ие екендігі халықтық даналық тұжырымдар арқылы талданып, танымдық-тәрбиелік мәні жан-жақты қаралады.

**Түйін сөздер:** халық педагогикасы, этнопедагогика, дәстүрлі педагогикалық мәдениет, қазақ халқының дәстүрлі педагогикалық мәдениеті, отбасы, қазақ отбасы тәрбиесі.

**Аннотация.** В статье рассматривается сущность, своеобразной системы и особенности содержания сформировавшихся с древнейших времен традиционного семейного воспитания казахского народа. Определяется роль семьи как начальной школы национального воспитания в этническом мировоззрении народа. Раскрывается роль и значение семейных традиции развивающихся вместе с историко-общественной жизнью в всестороннем воспитании молодежи в современном обществе. Семья – это основная ценность в мировоззрении казахов. Так же характеризуется взаимосвязь развития принципов современного семейного воспитания с древнейшей жизненно бытовыми традициями, обычаями предков. В статье анализируется и рассматривается познавательное-воспитательное сущность «школы отца и матери » в жизни казахской семьи с применением народных мудростей.

**Ключевые слова:** народная педагогика, этнопедагогика, традиционная педагогическая культура, традиционная педагогическая культура казахского народа, семья, воспитания казахской семьи.

**Annotation.** The Author comprehensive considered the essence, self-system and content peculiarity of traditional family education of Kazakh people previously formed in the Turkic world. The author reported and appears that the role of family considered the first national school education in ethnic worldview. Also considered the role and importance of traditions of comprehensive education of youth with family and social historical way of life in today's society. Family is one of the main values in Kazakh worldview. Author reported the development of educational principles of Kazakh family closely related with life traditions. In this article the author analyzed through the conclusion

of folk wisdom “school of father and mother” in life of Kazakh family and comprehensive gives its cognitive educational meaning.

**Key words:** folk pedagogy, ethnopedagogic, traditional pedagogical culture, traditional pedagogical culture of Kazakh people, family, education of Kazakh family.

Бүгінгі отандық білім беру саласында бірқатар өзгерістердің орын алуымен қоғамдық санамызға айрықша серпін берген мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласы мен осы жалпыұлттық бағдарламаның жалғасы іспеттес 2018 жылдың 21 қарашасында баспасөз бетінде жарық көрген «Ұлы даланың жеті қыры» атты тұжырымдамалық мақаласының маңыздылығын ерекше айтуға болады [1; 2].

Рухани жаңғырудың жалғасына айналып, қоғам дамуының тұжырымдамалық негізін айқындап берген мақалада ұлт тарихындағы кеңістік пен тарихи уақыт өлшемдерінің аражігі ажырытылып, көне ұлт тарихының бастаулары, Ұлы Дала өркениеті, ұлттық дүниетаным мен құндылықтар жүйесі, түркі әлемінің генезисі, түркілердің адамзат тарихына қосқан өзіндік үлесі сияқты маңызды тақырыптармен бірге тарихи сананы жаңғыртуды жүзеге асырудың нақты жолдары айқындалып берілді. Терең тамырлы ел тарихын тануға жол ашып, жаңа мүмкіндік берген осы мақала, әсіресе ұрпақ тәрбиесімен айналысатын отандық «Педагогика» ғылымы мен білім беру жүйесінің алдына нақты жаңа міндеттер қойып, оларды бүгінгі күн талабына сай қайта қарап, жүзеге асырудың қажеттілігін айқындап берді.

Мемлекет басшысы өз мақаласында: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі», - деп өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастырып, рухани-адамгершілік рухта тәрбиелеу үшін нақты қадамдар жасау керектігін баса айтты [2].

Қойылған жаңа талаптар білім беру жүйесінің қызметкерлерімен қатар барша әлеуметтік институттардан бүгінгі қоғам дамуы жағдайындағы саяси-мәдени өзгерістер мен жаңа халықаралық қатынастардың орнауы, көп ұлтты еліміздің әлемдік білім беру кеңістігіне енуге талпынысы жолындағы жасап жатқан батыл қадамдарын жүзеге асыруда жалпы адамзаттық және *ұлттық құндылықтарға* жаңаша қарау қажеттілігін талап етіп отыр. Ол әсіресе бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне жауапты басты буын, әр отбасының қоғамдық, әлеуметтік-педагогикалық маңызы мен рөлін арттырып, үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені әр халықтың ұлттық болмысын, тәрбиесін, ұрпағының тектілігін өзгелерге танытатын да, тарихи бабалар дәстүрін сақтап, болашаққа жеткізетін де осы – *отбасылық* тәрбие дәстүрлері. Олай болса түркілер әлемінен бастау алған ұлы даланы мекен еткен бүгінгі

қазақтардың ата-баба дәстүрін сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу отандық педагогика ғылымы үшін көкейкесті мәселенің бірі.

Халықтың ұрпақ тәрбиесі жөніндегі даналығы, дәстүрлі тәрбие мәдениеті адамзат қызметі мен білімінің, мәдениетінің берік іргетасын құрайды. Кез келген мәдениеттің деңгейін анықтаушы басты өлшем – тәрбие нақтырақ айтқанда, білім беру мен тәрбие мәдениетінің бастауы – отбасы тәрбиесі.

Қазақтар өзінің тарихи даму жолында небір күрделі түрлі қоғамдық жағдайларды басынан өткерген халық. Әлбетте, өзге халықтар секілді материалдық және саяси-мәдени өмір жағдайының ықпалымен бүгінгі қазақ халқының тарихи қоғамдық өмірі, тәрбиедегі дәстүрлі мәдениеті, оның дүниетанымдық, эстетикалық, философиялық көзқарастары бірқатар өзгеріске түсті. Әйтседе, тамырын тереңге бойлаған тәрбие мәдениетінің көне дәстүрлері мұндай өзгерістердің біріне қарамастан өзінің іргелі бастауының, табиғи мәндік сипатын сақтап қалды деуге болады. Оны қазақ халқының күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа тарихи сабақтастықпен беріліп отырған *отбасының дәстүрлі тәрбие мәдениеті* дәлелдейді.

Дана халқымыз бүгінгі әлеуметтану ғылымының «...адам адам болып тумайды, қалыптасады. Адамның адам (тұлға – Б.Г.Р.) болып қалыптасуы оның физиологиялық және психикалық дамуына сәйкес табиғи нышандардың негізінде жүзеге асады: мұнда әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени құндылықтарды меңгеру, мектеп пен семьяда тәрбиелеу, замандастарының ықпалы сияқты факторлар шешуші әсерін тигізеді» деген пәтуалы байламын ғылым, білім дамымай тұрған уақыттың өзінде терең түсініп, ұрпақ тәрбиесінде негізге алып отырған [3, 76 б.].

Ұлттық сипатты жасап оны сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші де – халықтың өзі. Халық – рухани құндылықтардың бірден-бір сарқылмас дерек көзі.

Түрлі халықтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетімен танысу бізге әлемдегі көптеген халықтардың тәрбие қағидаларындағы табиғи үндестікті аңғартады. Қазақстан және Орта Азия халықтарының жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастырудағы тәрбиедегі ұстанымдары мен көзқарастары өте жақын. Қай халық та ең алдымен өзінің ұрпағының уақыт талабына сай жан-жақты, жетілген тұлға болып қалыптасуын басты мақсат еткен. Бұл орайда қазақтың дәстүрлі отбасы педагогикасы жас ұрпақтың санасына ең алдымен «*Атаның баласы болма, адамның баласы бол*» деп, «*Адам бол!*» деген қатаң қағиданы сіңірсе, тау халқы карачайлар ұрпағына «Алғға атанғы баласы болма да, халкьны баласы бол» (Алдымен атаңның баласы болма, халқыңның баласы бол) деп үйретсе, ал башқұрт, татар, өзге кавказ халықтары ерте жастан «*нағыз жігіт болуды*» баладан қатаң талап еткен.



Бұдан көретініміз барша халық педагогикасына тән тәрбиені жүзеге асыруда отбасыдағы ортақ ұстаным – бұл адамның адамгершілік қасиеттерінің болуы, жоғары ақыл-ойдың дамуы, еңбекті құрметтеу мен оған деген сүйіспеншілік, ұлтжандылық, Отанға, туған жерге, елге деген сүйіспеншілік және батылдық, ержүректілік, мейірімділік, қарапайымдылық және т.б. тұлғалық сапалар қалыптасуының көзделуі.

*Отбасы* – тәрбиенің алтын бесігі деп бағалаған қазақ халқының отбасындағы ұрпағына берілетін тәлім-тәрбиесінің мазмұны мен құрылымы бай, сан қилы. Ол жас ұрпаққа жүйелі, жан-жақты тәрбие берудің барлық қырларын қамтыған десек те болады. Өз тіршілігінің сан ғасырлық тарихында қазақтар тәрбиенің ұлттық болмысына тән эмпиризмдік (сезімдік қабылдау) тәжірибесін, отбасы жағдайында ұрпағына кешенді тәрбие берудің мол әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін жинақтады. Қазақ халық педагогикасындағы отбасы ішіндегі қатынастардың ерекшелігі ретінде, *біріншіден*; балаларға деген шексіз мейірімділіктің болуын, *екіншіден*; белгілі бір дәрежеде қаталдықтың орын алғандығын баса айтуға болады. Қазақ отбасындағы күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан ата-ананы, үлкендерді, туыстық қатынастарды терең құрметтейтін ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер үлкендердің беделін толық қамтамасыз етті. Қазақ отбасы тәрбиесіндегі осы қаталдық пен талапшылдық – дәстүрлі халықтық педагогикалық мәдениеттің негізі, басты қағидасы болды.

Отбасындағы, әсіресе, туыстық сыйластыққа құрылған үлкен мен кіші арасында орнаған үй-іші қатынастарының үлгілерін ерекше сөз етуге болады. Бұл туралы өз зерттеулерінде ғалым С.А.Ұзақбаева: «Туыстық байланыстардың беріктігі: ата-аналарды сыйлау, құрметпен қарау, үлкендерді құрметтеу, олардың балаларымен бірге тұруы, кенже немесе жалғыз ұлдың ата-ана алдындағы жауапкершілігі, ересек балалардың іні-қарындастарының тәрбиесіне жауапкершілігі, қамқорлығы, туыс отбасыларының өзара көмегі және жесірлердің балаларын туыстары өз қамқорлығына алуы сияқты әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер қазақ отбасыларының жазылмаған заңдары бола отырып, балалар мен жастарды тәрбиелеуге жағымды ықпал жасады», - деп тұжырым жасайды [4, 37-38 б].

Шығу тегі түркілер мәдениетінен бастау алатын қазақтар – ғасырлар бойы қалыптасқан бай рухани қазынасы бар, соның ішінде терең тамырлы педагогикалық мәдениетке ие халық. Бұл рухани құндылықтарымыз бүгінгі ұлттық салт-дәстүрлерімізде, халық шығармашылығында (ауызекі поэтикалық, сәндік қолданбалы өнер, музыкалық), балалар мен жастар ойындарында, ұлттық әдеп пен мораль нормаларына құрылған отбасы өмірінде, үлкен мен кіші арасындағы және туыстық қарым-қатынастар жүйесінде кеңінен көрініс тапқан. Халық педагогикасы халық өмірінің бөлінбес бір бөлшегі, адамзаттың өмір сүру

қажеттілігінен туған күрделі табиғи құбылыс. Тіпті ол өзінің даму барысында түрлі халықтардың тәрбие дәстүрлеріне тән жалпыға ортақ белгілерін де сақтай білген.

Белгілі чуваш ғалымы Г.Н.Волковтың «Халықтар әртүрлі тілде сөйлейді, дегенмен олар рухани тұрғыдан бір-біріне өте жақын» деген тұжырымы осы айтылған пікірлердің айғағы іспеттес [5,154 б.].

Осындай баршахалықтарға ортақ адам тәрбиесінің кеңістігі ретінде кез келген ұлтын дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің дамып, қалыптасу жолы өзінің бастауын күні бүгінге дейін жас ұрпаққа тәрбие берудің негізі болып келген, ұлттық тәрбиенің алғашқы мектебі – *Отбасынан* алады. Халықтық педагогикадағы адам тұлғасына «*тал бесіктен, жер бесікке дейін*» үздіксіз, кешенді түрде, мақсатты ықпал ететін ең басты әлеуметтік ортада осы – отбасы. Сондықтан бабалардан мұра болып қалған халықтық дәстүрлі педагогикалық мәдениетіміздің озық үлгілерін, өзіне тән ерекшелігін айқын көру үшін ұлттық белгімізді сақтап, халық тағдырын шешетін нағыз қазақ отбасы тәрбиесінің мазмұнын жан-жақты зерделеп, зерттеп қарағанымыз жөн. Қазақ *отбасында* және халық ұғымындағы *адамтегінде* ұлттық тәрбие жүйесінің негізгі байлығы, тәрбие мазмұны, қағидалары мен заңдылықтары, әдістері, құралдары, формалары шоғырланып, сақталған. Адам алғаш дүниеге келген күннен бастап отбасы мен өзінің шыққан тегінің ықпал ету күші арқылы өз туған халқының дүниетанымын, философиясын, әдебін, өмір сүру талаптарын бойына сіңіріп, қабылдай бастайды. «*Отан – отбасынан басталады*», - деп ой түйген қазақтар балаға ерте жастан өзінің шыққан *тегін, жеті атасын* білуді талап ету қағидасын қатаң ұстанған. Бұл дәстүр бүгінгі қазақ отбасындағы тәрбие жүйесінде берік сақталған. Өйткені осы жеті аталық үрдіс қай кезеңде де қазақ халық педагогикасының, басты, негізгі тірегі болды. Ата-бабаларымыз «*Жеті атасын білген ұл, жеті рулы елдің қамын жер*», - деп тұжырым айтып қалдырған. Тек тазалығын сақтап, қаны таза, дені сау ұрпақ өсіруді көздеген бабаларымыздан қалған жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрінің күні бүгінге дейін қатаң сақталуы осының дәлелі.

Халқымыздың ұл-қызына ата тегін, шежіресін білуді міндет етіп:

«Көріп алған көріктіден,  
Көрмей алған текті артық», -

деген аталы сөзі адамның түп тегінде үлкен мән жатқандығын аңғартады [6, 87 б.].

Осындай керемет өз *тегі мен жеті атасын* білуді міндет еткен бұл дәстүр үш жүздік құрылымға ие бүгінгі барша қазақ даласына тән ортақ тәрбие талабы.

Шыр етіп дүниеге келген періште сәбиге адамдық асыл қасиеттер ең алдымен отбасында ана сүтімен, бесіктегі тәрбиемен даритыны сөзсіз. Кез келген халықтың өсіп, өркендеуі мен жас ұрпағының дүниеге келуі – шаңырақ көтеріп, отбасын құрудан

басталатындығы да табиғи шындық. Демек, ұлттық тәрбиеміздің алғашқы мектебі, яки, халықтық дәстүрлі педагогикалық мәдениеттің бастауы – отбасы.

Ғалым К.Оразбекованың ғылыми тұжырымына сүйенсек: «Отбасы – некеге немесе кандас туысқандыққа негізделген қоғамдық шағын топ, адам тұрмысын ұйымдастырудың бастапқы формасы», - деп түсіндіріледі [7, 8 б.].

*Ал, біздің пайымымызша қазақ отбасы – ата-баба заңдылығы негізінде қоғам өмірімен байланысты тыныс-тіршілігі реттеліп отыратын, жеті атаға дейін тығыз туысқандық байланыста болатын (күйеуі, әйелі, балалары, ата-анасы, ата-әжесі, т.б.), ұрпақ тәрбиелеу жолында (рулас, аталас жақындық) өзара туыстық көмек пен өзара моральдық жауапкершілік тұрғысынан тәуелді қарым-қатынастағы, әлеуметтік-тұрмыстық міндеттерді шешуде бірлесіп өмір сүретін, кіші әлеуметтік адамдар тобы [8, 40 б.].*

Отбасы өмірінде, әсіресе, неке тазалығының сақталуына қатаң талап қойған қазақтар отбасының ар-намысын, абыройын сақтауда «*Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю, қала берсе қара күннен тыю*» деп, жастардың тәрбиесін ата-ана мен ағайын-туыстары үнемі бақылауда ұстаған. Бүгінгі өмірімізде осы бабалардан қалған басты тәрбие қағидасының ұмыт болып бара жатқандығы баршамызға аян. Қазіргі жастардың тәрбиесіндегі бақылаудың жеткіліксіздігі, қоғамдық тәртіп пен заң шеңберінен шығу, әсіресе, жасөспірімдердің түрлі қылмыстарға баруы осының айқын дәлелі. Ауылдың дана қарттары әрдайым «*Қызыңды құтты орынға қондырғанша күт, Ұлыңды отау иесі болғанша күт*» деп қатаң ескертіп отырған. Тәрбиенің мұндай дәстүрлі жағдайда қалыптасқан заңдылықтары мен қағидалары қатаң сақталса, бүгінгі моральдық тұрғыдан алғанда әрбір қазақ отбасының тәрбиелік маңызы мен беделі арта түсері сөзсіз.

Өзіндік күрделі құрылымы бар отбасының негізгі атқаратын *функциялары*: некелік қатынастағы әйел мен еркектің өзара қажеттілігінің қамтамасыз етілуі, балалар тәрбиесінің және әкелік, аналық, тұрмыстық-шаруашылық міндеттердің жүзеге асырылуы арқылы көрінетіндігі белгілі. Бұл орайда «қазақ отбасында әйел ерге бағынды, әке билігі тежеусіз болды. Балалардың әкенің бетінен алуына, ата-анаға құрмет етпеуіне қатал тыйым салынды. Әке өзі билеп-төстеп қыздарын ұзататын, ұлдарын үйлендіретін. Үйленген ұлдарын өзі бөліп, енші беріп шығарып отыратын», - деп жазылған тарихи деректерден әке беделінің қашан да қазақ отбасында жоғары, үлкен орынға иелігін, үстемдігінің айрықша болғандығына көз жеткізе аламыз [9, 384 б.].

Қазақтар отбасында ер жетіп үйленген балалары енші алып, бөлек тұрғанымен бір әкеден тараған ұрпақ үшін әке шаңырағы қашанда «*үлкен шаңырақ*», «*қара шаңырақ*»

ретінде қадірлі, қасиетті болып есептелді. Еншісі бөлек бала да түрлі шаруашылық жағдайларға байланысты ата-анаға қамқорлық жасап, көмек көрсетуді ешқашан ұмытпаған. Ал, бүгінде кейбір ата-ананың қартайған шақта өз ұрпағының қамқорлығына зәру болып, қарттар үйінің қабырғасында өмірлерінің соңғы сәттерін өткеріп жатырғандығын жасыруға болмайды. Ол бүгінгі қоғам мен отбасы өмірінің ақиқаты.

Халықтық педагогикамыздың талабы негізінде күні бүгінге дейін отбасындағы жалғыз ұл немесе бірнеше баланың ішіндегі ең кенже ұл өз ата-анасын бағып қамқорлайтын, әке шаңырағын шайқалтпай ұстап қалатын «*қара шаңырақтың*» иесі болып табылады. Бұл бүгінгі қазақ елінің ата заңының ешқандай бабында жазылмаса да, қазақ отбасы өміріндегі бабалардан қалған заңдылық, халықтық жоғары мораль көрінісі. Осындай терең мазмұнды, өзіндік дәстүрлі мәнге ие қазақ отбасындағы тәлім-тәрбие міндеттеріне қарай, оның нақты жүйесін: *Ата-әже тәрбиесі, әке-ана тәрбиесі, ата-ене тәрбиесі, аға-ана тәрбиесі, аға-жеңге тәрбиесі, ана-жезде тәрбиесі, өнер иелерінің тәрбиесі* деп ажыратуға болады. Бұл жүйеден біз қазақ отбасы өмірінде әке мен шешенің атқаратын міндеттеріне қарай жас ұрпақ тәрбиесі оның барлық мүшелерін қамтып, ұжымдық түрде атқарылатынын байқай аламыз.

Халық болмысы мен тұрмысына тән неке, отбасы тәртібін реттеудегі күні бүгінге дейін сақталып, болашақта да өз жалғасын табуы тиіс туыстық, бауырластық, өзара сыйластыққа құрылған ата-ана алдындағы ұрпақ парызының өтеуі сынды талаптарға негізделген бүгінгі әсіресе, жас отбасыларға үлгі болатын тәрбиенің озық дәстүрлерлерін таратып, жаңғыртуымыз қажет.

Көне дәуірлерден бастау алған қазақ отбасындағы әкеге, атаға, тіпті ауыл ақсақалына деген құрмет тәрбиенің басты талабы болды. Әке алдында отбасының ешбір мүшесі дауыс көтеріп сөйлемеген, әдепсіз қимыл, әрекет көрсетпеген. Бұл орайдағы халық талабы «*Әке тұрып ұл сөйлегеннен без, шеше тұрып қыз сөйлегеннен без*» деген ата-бабаларымыздың даналық ойларынан орын алған. Қазақ отауындағы құрметті де, сыйлы орын да әкеге тиесілі болған. Дастарханға қойылған үлкен асты да бірінші әке бастап алған. Ал, кей сәттерде өзіміз куә болып жүрген қазақ отбасындағы дастархан батасын қайырудың жолы үлкен әйел адамдар отырған жерде де, жас та болса ер адамға ұсынылатындығы халқымыздың қанына сіңген ер адамға деген құрметі деп білеміз.

Әке – отбасының тірегі, басты қорғаны, қамқоршысы, асыраушысы. Демек, әкенің өз ұрпағы алдындағы беделінің жоғары болуымен қатар, атқаратын міндеттері де салмақты. Халқымыз «*әке асқар тау*» деп әкені биік, асқар шыңға теңеген. Сондықтан мінезіне сабырлық пен ұстамдылық, қажыр-қайраттылық, қатандық тән, отбасындағы тұрмыс-тіршілікті ұйымдастырып, басқарудағы атқаратын жауапкершілігі зор игілікті істерімен әке тұлғасы, әсіресе, ұл бала үшін үлгі-өнеге мектебі. «*Әкеге қарап ұл өсер*» деген халықтық

қағидамыздың барша Түркілер әлеміне тән Ислам мәдениетіндегі өмірге ұрпақ әкеліп, иманды, ізгі ұрпақ тәрбиелеу қағидасының көрінісі қасиетті Хадистегі «Балаға әкенің берер ең жақсы сыйы – ол тәрбие» деген талабымен үндестік тауып жатқаны аңғарылады.

Қазақ отбасында ата мен әке беделі кейінгі ұрпақ алдында әрдайым жоғары болуы тиіс. Отбасындағы әке беделін өз ұрпағы алдында арттыру үшін бар күш-жігерін арнайтын адам ол – балалардың анасы, ақылды әйел. *Қазақ әйелі* қашанда жасына қарамастан ер адамның жолын кесіп өтпеген. Міне, осындай халықтық әдеп талаптарынан қоғамдағы, обасындағы ер адамның беделінің қаншалықты жоғары дәрежеге ие екендігін көруге болады.

Халқымыздың ұғымындағы «*жеті қазынаның*» бірі де осы ақылына көркі сай әйел-ана емес пе? Қазақ отбасындағы қалыптасқан дәстүр бойынша әйел затына қатысты шаруашылық пен тіршілікті жасы үлкен әйел-ана басқарған. Өз балаларының алдындағы жоғары беделінің арқасында әйел адам халықтық педагогиканың қағидаларын негізге ала отырып, «ана мектебі» тәрбиесін жүргізген. Отбасындағы ауызбіршіліктің, сыйластықтың сақталуы әйелге байланысты болған. Ол әулеттегі қалыптасқан дәстүрлердің қатаң сақтаушысы, отбасы ұйытқысы. Әйел-ана әкемен қатар үй ішінің тұрмысын, шаруашылығын басқарып қана қоймай, ерінің тапқан табысын үнемдеп жұмсай білетін, ысырапшылдыққа жол бермейтін, балалары үшін қамқоршы, мейірімді жан, ағайын-туыс арасындағы береке-бірліктің, татулықтың иесі.

Белгілі ғалым А.Сейдімбековтің «Күңгір-күңгір күмбездер» атты зерттеу еңбегінде көшпенділер өміріндегі қазақ әйелдерінің бейнесі туралы сөз ете келіп: «Бәлкім, байтақ Шығыстағы Мұсылман дініндегі халықтардың ішіндегі қазақ сияқты санаулы ғана халықтар әйелдерінің беттеріне паранжы салмауы, дидарын қымсынбай ашып жүруі өзін өзгемен тең санағандықтан да болар...

Әйел-анаға деген осыншама дарқан этиканың қалыптасуына не себеп?! Себеп біреу-ақ, ол – көшпелі өмір салтынан туындайтын әлеуметтік қажеттілік. Талдаңқырап айтсақ, көшпелі өмір салтында әйел-ана еш уақытта еңбектен ажыратылған жоқ. Яғни, семья бақыты, ру амандығы, ел тағдырына қатысты қазақ әйелдерінің қоғамдық жауапкершілігі ерлерден еш кем болмаған», - деп жазғандары, автордың қазақ қоғамындағы ұрпақ тәрбиесіндегі әйел-ананың алатын орнын дөп басып, жан-жақты ашып айта білгендігімен құнды [10, 113-114 б.].

Отбасындағы қыз бала мен келіп түскен жас келін тәрбиесін басқарып, жүргізу де алдымен әйел-анаға жүктеледі. «*Қызым саған айтам, келінім сен тыңда*» деген халықтық қағиданы негіз еткен *ана, ене мектебінің* қазақ отбасы өміріндегі алатын орны да ерекше.

«Шешеге қарап қыз өсер» дегендей қыз баланың тәрбиесі ана үшін қатаң сын болған. Әжесі мен шешесі жас келіндерін, қыздарын отбасылық өмірге жан-жақты тәрбиелеп, тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, үлкен-кішіні сыйлауға, жүріп-тұру әдебіне, ұстамдылыққа, ер адамды құрметтеуге, келген қонақты күтіп, қарсы алуға, дастархан әзірлеуге және т.б. іскерлік, дағдыларға дәстүрлі отбасы мектебі негізінде тәрбиелеуге талпынған. Ана қыз бала тәрбиесінде оның болашақ жар, ана екендігін де ескеріп, тән сұлулығымен табиғи үндесіп жатқан жаны сұлу бойжеткенді тәрбиелеуді бір сәт те естен шығармаған. Халық арасында жиі айтылатын *«анасын көріп қызын ал»* деген пікір де осындай керемет ана тағылымын алып өскен бойжеткенді сүйікті жар ретінде таңдау талабынан туған.

Осындай отбасы өміріндегі *әке мен шешенің* атқаратын міндеттеріне қарай алғаш еңбек тәрбиесін де бала өз ата-анасы арқылы алған. Тіпті отбасындағы балалардың жас және жеке дара, жыныстық ерекшеліктерін ескере отырып, олар атқаратын еңбек, шаруашылық түрлері өзара көмекке негізделіп бөлініп жүргізілген. Бұл орайда халық даналығы *«Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»* деп ата-ананың үлгі-өнегесінің ұл мен қыз бала тәрбиесіндегі алатын орнын айрықша бағалаған. Бабаларымыз өз ұрпағына еңбектің қадір-қасиетін ұғындырып, *«Қайратты ерде мал тұрар, өнерлі ерде бақ тұрар»*, *«Мал бітпес деп ерден түңілме, Шөп бітпес деп жерден түңілме»*, *«Бейнетсіз рахат жоқ»* деп еңбекке қатысты даналық ойларын ұрпақ санасына ерте жастан отбасында сіңірген.

Міне, осындай біз сөз еткен атадан балаға жалғасып келе жатқан, тектілікті танытатын, туыстық қатынастықты, сыйластықты нығайтатын тәрбиелік мәні зор салт-дәстүрлеріміз халқымыздың өмірден түйген мол парасат-пайымын, ұстаздық даналығын, кемеңгерлігі мен мәрттігін, жайдары мінез-құлқын аңғартады. Қазақ отбасы өмірінде ежелден өз сабақтастығын тауып келе жатқан ұлттық тәрбиеміздің осындай озық дәстүрлірінен туыстық сыйластық пен құрметке, өзара келісімге құрылған жоғары ұлттық педагогикалық мәдениетті, халқымыздың рухани бейнесін айқын көреміз. Ұлы даланы мекен еткен қазақтардың отбасылық тәрбиедегі озық дәстүрлерін бүгінгі өміріміздің мәніне айналдыра алсақ, онда біз туған халқы мен ата-ана сүйіспеншілігіне бөленген ұрпақ тәрбиелеп, өз ұлтына тән қасиеттерді меңгерген, ұлтжанды тұлға қалыптасуын қамтамасыз етеріміз сөзсіз.

Қорыта айтқанда, осындай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан, тектілікті танытатын, қазақтардың дәстүрлі педагогикалық мәдениетінің жоғарылығын, ұлттық тәрбие кеңістігінің ауқымдылығын, халқымыздың өмірден түйген мол парасат-пайымын, ұстаздық даналығын, кемеңгерлігін барша қоғам болып насихаттап, жастардың бойына оқу-тәрбие процесінде дарытып, санасына сіңірудің жана жолдары мен амалдары арқылы жүзеге асыруымыз қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». //Егемен Қазақстан. – Астана, №70, 12 сәуір. 2017.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. «Ұлы даланың жеті қыры» Мақаласы. 2018. 21.11. <http://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyru>.
3. Социология. /Жалпы ред. басқ. Ә.Х.Тұрғынбаев. – Алматы: Білім, 2001. – 160 б.
4. Ұзақбаева С.А. Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995. – 232 б.
5. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Москва: Академия, 1999. – 168 с.
6. Бахтиярова Г.Р. Халық тағылымы – тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002. – 177 б.
7. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 152 б.
8. Бахтиярова Г.Р. Қазақ халқының дәтүрлі педагогикалық мәдениеті: тарихы, теория және практика. Монография. – Ақтөбе, 2012. – 372 б.
9. Қани М. Қазақтың көне тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
10. Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: Сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 240 б.

**ҒТАМР 14.35.07**

### САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**А.К. ТОҒАЙБАЕВА, Д.Б. БОРАНБАЕВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі таңдағы егеменді еліміздің болашағы дарынды, білімді, ізденімпаз жастарға байланысты. Осыған орай бүгінгі күні оқу орындарының алдында тұрған басты міндет – өзіндік айтар ой-пікірі бар, жоғары сапалы, белсенді мамандар тәрбиелеп шығару. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты, білікті әрі бәсекеге қабілетті маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сондықтан дифференциациялап (саралап) оқыту қазіргі кезде өзекті мәселе болып табылады.

**Түйін сөздер:** саралап оқыту, технология, білім алушылар, тәсіл, әрекет, қалыптастыру, тиімді ұйым, өзін-өзі дамыту, бәсекеге қабілетті маман, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, бәсекеге қабілетті маман

**Аннотация.** В статье рассмотрены вопросы будущее нашей страны зависит от талантливой, знающей, талантливой молодежи. В этой связи сегодня главной задачей, стоящей перед учебными заведениями, является привлечение высококвалифицированных, активных профессионалов, у которых есть свои идеи. Не может быть

грамотным, разносторонним, квалифицированным и конкурентоспособным специалистом без овладения передовыми технологиями обучения в современной области образования. Освоение новых технологий способствует формированию интеллектуального, профессионального, нравственного, духовного, гражданского и иного человеческого лица преподавателя, саморазвитию и эффективному организации учебно-воспитательного процесса. Поэтому дифференциальное (дифференцированное) обучение является актуальной проблемой.

**Ключевые слова:** дифференциальное обучение, технология, обучающиеся, образование, способ, действие, формирование, эффективная организация, учебно-воспитательного процесса.самосовершенствование, конкурентоспособный специалист

**Annotation.** The article deals with the future of our country depends on talented, knowledgeable, talented youth. You can't be competent, versatile, qualified and competitive specialist without mastering advanced technologies of training in the modern field of education. The development of new technologies contributes to the formation of intellectual, professional, moral, spiritual, civil and other human face of the teacher, self-development and effective organization of the educational process. In this regard, today the main task facing educational institutions is to attract highly qualified, active professionals who have their own ideas. Therefore, differentiated (differentiated) learning is an urgent problem.

**Keywords:** differentiated learning, technology, learner, education, method, action, formation, effective organization, self-development, competitive specialist

Қазіргі жағдайда қоғамның білім деңгейімен интеллектуалдық әлеуеті ұлттық байлықтың маңызды бөлігі, ал адамның білімділігі, шығармашылыққа талпынысы және қажетті жағдайларда әрекет ете білуі еліміздің дамуына, тұрақтылығына және қауіпсіздігіне негіз бола алады.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік-экономикалық жаңғыртулардың серпінділігі, сонымен бірге тұлғаның жас ерекшелік рөлдері, қоғамды үдерістерді ізгілендіру - осының бәрі білім беру саласының сапалы жаңа деңгейіне өтуіне апарды. Жастарды өмірге және еңбекке дайындау мәселелерінде өзгертулер пайда болды. Қоғамда жалпы білім беру жүйесінің мәртебесі өзгеруде.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауында«Жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын»-деп болашақ жастарға үмітпен қарап, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда нәтижесі жоғары оқушылар мен студенттерді алға тарту мүмкіндіктерін жеткізді

Қазіргі жоғары білім берудің негізгі міндеті – үздіксіз өзін дамытып және өздігінен білім алуға дайын, бәсекеге қабілетті маманды даярлау, белгілі бір даму жолына бағыттау арқылы кәсіптік білімді өз бетімен игеруге дағдыландыру. Ал, білім беру мақсаты білім



алушыларға барынша көп ақпарат беруде ғана емес, сонымен қатар, оларға өз бетінше пәндік ақпараттарды өзі тауып қолдануға үйрету.

Қазіргі кезеңде ЖОО-ның оқытушыларының алдында тұрған маңызды, жауапты міндеттің бірі - білім алушыға тиянақты білім беру. Ол үшін, оқытушылар оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін өз тәжірибесінде қолдануды таңдап алады, үнемі ізденісте болады. Жаңа технологияларды күнделікті дәріс және машықтану сабақтарының үдерісінде пайдалану, оқыту мақсатына жетудің тиімді жолдарын көрсетеді. Оқытудың жаңа әдістерін пайдалану арқылы, оқытушы білім алушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттырады, пәнге деген қызығушылығын оятады. Технологияның басты принциптерінің бірі – әр білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, оның барлық танымдық қасиеттерін дамыту. Қажетті базалық білімде ерекше орынды жоспарлау мәселесі алады, себебі, бүгінгі білім алушы ертеңгі маман. Бүгінде оқытудың барлық түрін кешенді қарастыру, оларды бір – бірімен байланыстыру мақсаты басым болып тұр. Бүгінгі күн талабы – маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. [1,15].

Университеттерде білім беру – қоғам дамуының негізгі жолы. Білім беруде жаңа технологиялардың пайда болуы, оқытушыдан әдістемелік – технологиялық біліктілікті талап етеді. Себебі, мұғалім өз қызметінің негізгі субъектісі білім алушыға жеке басымен жұмыс істейді. Білім алушылардың мүмкіншілігіне, қажеттілігіне, білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделмеген оқыту, нәтиже бермейді. Дүние жүзі педагог – ғалымдарының пікірінше, нәтижені оқытудың педагогикалық технологиясы береді. «Қазіргі кезде білім жүйелерін технологиялық негізде құру – педагогикалық ғылым мен практиканың жаңа болашағы мол бағыты болып отыр», - дейді педагогика ғылымдарының докторы Ж. Қараев. Жаңа технологиялар қазіргі заман талабына сай жүйелі тұрғыдан оқытудың барлық кезеңін қамти отырып, мұғалімнің әрекетіне логикалық бірізділік, қисындылық, саналалық, болжамдық, мақсаттылық сипаттары оқытуда мұғалімнің рөлін өзгертті .

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты, білікті әрі бәсекеге қабілетті маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогикалық технология ұғымы сөздікте – қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деп, ал педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті – деп түсінік береді.

Педагогикалық технологияның негізі – саралап оқыту. Саралау дегеніміз – қандай да бір ерекшеліктер негізінде топтастырып оқыту.

Саралап оқыту бағытын зерттеген педагогтар: Ю.К. Бабанский, А.А. Кирсанова, И.Я. Лернер, Е.С. Рабунский, Н.М. Скаткина, И.Э. Унт, А.А. Бударный, И.Д. Бутузова, В.Н. Даванова, М.И. Зайкина, А.М. Левашова, Л.Д. Мунчинова, Т.М. Николаева, В.И. Семенова, және басқалар; психологтар: С.Л. Выгодский, П.Я. Гальперина, В.В. Давыдова, В.А. Крутецкий, Н.А. Менчинский, Н.Ф. Талызина, Л.М. Фридмана және басқалар; әдістемешілер: В.А. Гусеева, А.Н. Капенесова, В.В. Куприянович, Н.В. Метельский, З.И. Слепкань, И.М. Смирнов, А.А. Столяр және т.б. Саралап оқыту туралы В.В. Краевский: «Білімді саралау – мамандандырылған оқу орындарындағы факультатив сабақтарда жүзеге асырылатындай орта мектепте жоғары сыныптардың оқу жоспары мен бағдарламасын жасау.

Саралау амалы–топты мысалы, қызығушылығы, үлгерімі бойынша топқа бөлінуін анықтайтын дидактикалық ереже» - деп айтса, В.В. Фирсов «Саралап оқыту – топ алдына қойған танымдық тапсырмаларды немесе оқу-тәжірибелік жұмыста пайда болған мәселелерді өз жолымен, өз тәсілімен, өз деңгейімен және екпінімен шешу мүмкіндігін беру»- деп түсіндірген. И.Э. Унт өз еңбектерінде «Саралау – білім алушылардың кейбір ерекшеліктеріне байланысты жеке оқыту үшін топтарға бірігу формасында, мәселен, бірнеше әр түрлі оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша оқыту кезінде, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу екендігін» айтқан. Саралаудың білім алушылардың жеке қабілеттерін қолдану мен ескерудегі орындылығы жайында жазған. Оның ойынша, мұндай саралау көптеген дарынды тұлғаны табуға көмектеседі және олардың дамуына жақсы жағдай жасайды. Ал, М.Вольтер Оқытуды саралау – ерекшеленетін белгілері бойынша (мазмұны, оқу талаптарының деңгейі, қызығушылықтары, оқыту үлгісі және т.б.) тұрақты немесе уақытша топтар құру» екендігін дәлелдеген. Саралап оқытуды жалпы білімді кеңейту және тереңдету мақсатында қолдануды ұсына отырып, мұндай оқыту арнайы пәндердің ғана емес, сонымен қатар басқа да пәндердің де оқу мазмұны мен әдістемесін өзгертуге әкелтеді деп санаған.

Жалпы, саралау сөзі латын тілінен алынған және «айырмашылық», «бөлу» мағыналарын білдіреді. Осы тұрғыдан, «саралау» - бұл оқыту әр түрлі жағдайда құрылатын білім білім алушылардың жеке топтарын бөлу. Шынымен де, саралау сөзінің мағынасы терең және кең. Саралау жағдайында білім алушылардың топтарын құру және білім алушылардың тиісті белгілі бір ерекшеліктеріне қарай оқу үдерісін құру жүреді. Тұлғалық ерекшеліктер оқытуды тиімді және білім алушының даралығын барынша ашуға үшін ескерілуі мүмкін [2. 20].

Саралауға қажеттілік адамдардағы ерекшеліктерге: жалпы интеллектуалдық қабілеттіліктерге, оқуды меңгеру деңгейіне, жұмысқа жарамдылық, жүйке жүйесінің типіне, ойлау, қабылдау және т.б. қасиеттерінен туындайды. Оқытуды саралау барлық білім алушылардың түрлі білім алушылар үшін әр түрлі болуы мүмкін оқу мазмұнын меңгеруге, бірақ, барлығы үшін инварианттық бөлікті міндетті түрде бөлу арқылы мүмкіндік береді. Оқытудағы саралаудың негізгі мағынасы білім алушылардың оқудағы жеке ерекшеліктерін біле және ескере отырып, олардың әрқайсысы үшін рационалды сипаттағы жұмыстарды анықтаудан тұрады. Осылай, саралау жағдайында оқыту үдерісі білім алушылардың танымдық қажеттіліктеріне, олардың тұлғалық ерекшеліктеріне барынша жақын болады.

Саралау ұғымын анықтау кезінде «саралау» және «дараландыру» сияқты екі ұғымды араластыру жағдайы көп қиындық тудырады. Педагогикадағы екі сөздің айырмашылығы – бұл дәстүр немесе келісімділік мәселесі.

Жалпы энциклопедияда дараландыру «білім алушылардың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, әр білім алушының әлеуетті мүмкіндіктерін дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауға мүмкіндік беретін оқу үдерісін ұйымдастыру» ретінде анықталады.

Саралау ұғымы келесіні түсіндіреді: «тұлғаның жеке-типологиялық қабілеттері ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі. Саралау дидактикалық жүйе элементтері ерекше оқушылардың топтарын құрумен сипатталады»

Дараландыру – мақсат, ал саралау – оған қол жеткізу құралы. Дараландыру саралаусыз мүмкін емес, себебі олар өзара байланысты және өзара шарттасқан.

Саралап оқыту – 1.Бұл жалпы дидактикалық жүйенің бір бөлігі. Ол әр түрлі деңгейлі оқу тобына арналады. 2. Оқу үрдісін ұйымдастыру нысаны (формасы). Оқытушы мінез-құлқы, білімі ортақ деңгейлі білім алушылармен жұмыс істейді [3,41].

Педагогикалық әдебиеттерде саралау деп төмендегідей оқу жүйесі түсіндіріледі: жалпы білім деңгейі бар әр оқушы әрқашан өзгеріп отыратын өмірлік жағдайларға бейімдеп, өз қабілетінің жоғарғы дәрежесіне сай бағытта дамуын қамтамасыз ететін оқу жүйесі.

Оқуды дараландыруды зерттеушілер (А.А. Бударный, Е.С.Рабунский, А.А. Кирсанов) дараландыру ұғымын оқыту тәсілдерін, әдістерін, қарқының таңдауда білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, оқуға деген олардың қабілеттерін дамыту деңгейін ескеретін оқу үдерісін ұйымдастыру ретінде пайдаланады. Дараландыру бұл жерде әрбір білім алушының ерекшеліктерін міндетті түрде ескеруді ұсынбайды. Көбінесе зерттеушілер (А.А. Бударный, Е.С.Рубанский. И.Э.Унт) қандай да бір қасиеттер жинағынан шығатын топтарды есепке алумен шектеледі.

Алайда, «дараландыру» және «саралау» ұғымдарын синонимдер ретінде пайдалану жиі кездеседі. Екі ұғымда да сабақта білім алушыға жеке және саралау тәсілдемесі айтылады. Е.Я. Голант тіпті, «оқытуды саралаумен» шектеледі.

И.М. Осмоловская оқытуды даралауды айта отырып, оны саралаудың шекті бір бөлігі ретінде қарастырады, онда оқу үдерісі топтардың емес, жеке алынған білім алушының ерекшеліктерін ескерумен құрылады

Сараланған оқытудың ерекшелігі – білім алушылар тобына тән жеке ерекшеліктерді есепке алу және осы топтарда вариациялық оқу үдерісін ұйымдастыру.

Топтарды ұйымдастыру жеке ерекшеліктері әлі байқалмаған белгілі бір топтардың ерекшеліктерін есепке алуға арналған. Білім алушыларды топтар, көзқарастары бойынша олардың меңгерген біртекті негізгі білімі бойынша ұйымдастыруолардың зердесінің құрылымы бойынша жеке (топішілік)ерекшеліктерді жоққа шығармайды.

Әрбір нақты жағдайда «саралау» ұғымының нақтырақ мағынасы саралау туралы айтқанда қандай мақсаттар мен құралдар жайында айтылуына байланысты. Бұл ұғымды пайдалану кезінде түрлі авторлардағы сияқты, күнделікті оқу үдерісінде айырмашылықтар кездеседі.

Е.С. Рабунский саралауды «дараландыру» ұғымының синонимі деп санайды. Сонымен бірге, ол «саралауды» тар мағынада қарастырады, яғни мектепті топтарға бөлу ретінде, кейде тіпті арнайы мектептер мен сыныптар құру ретінде қарастырады.

И.Д. Бутузов саралауды білім алушылар білімінің сапасын қамтамасыз етеін оқытуды ұйымдастыру үлгісі ретінде қарастырады. Оны пайдалану екі жыл бір сыныпта қалу мәселесін шешуге мүмкіндік береді. И.Д.Бутузовтың түсінігінде саралап оқыту білім алушы лардың оқуындағы жеке ерекшеліктерді есепке алуды және түрлі деңгейде топтармен оқу жұмысын іске асыру үшін оқи алу деңгейі бойынша бірдей топтарға білім алушы ларды сыныпішілік бөлуді білдіреді. [4, 25].

А.А. Кирсанов зерттеуде белгілі бір белгісі бойынша білім алушылардың тобын ғана есепке алумен шектелмейді, бірақ, жеке білім алушы ның ерекшеліктерін есепке алу мүмкіндіктері туралы айтады. Ол оқу жұмысын дараландыруды «әрекет ету мақсаттарына және сыныптың танымдық ұжымдық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін тәрбиелеушілік және дидактикалық құралдар, оқыту мақсатын есепке ала отырып білім алушының әлеуетті мүмкіндіктерінің деңгейінде оның оқу әрекетін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеке білім алушылар мен олардың тобының жүйесі» ретінде қарастырады.

Дараландыру мақсатын А.А. Кирсанов оқушылардың оқудағы ақауларын жоюдан, ақыл-ой әрекетінің қажетті тәсілдерін жасаудан көреді, осылай білім алушы ның даралығын

дамыту, оның бейімділігі мен қабілеттері туралы әңгіме қозғалмайды. Дараландыру құралы ретінде автор оқытушының оқушыға көмек көрсету деңгейінің түрленуін қарастырады.

И.Унт саралауды оқушылардың жеке ерекшеліктерін жеке оқыту үшін қандайда бір ерекшеліктерінің негізінде оларды топтастыру үлгісінде есепке алу ретінде түсінеді. Оның ойынша, оқытуда балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу қажет және дараландыру мүмкіндігіне қарай осы қабілеттерді есепке алудың барлық үлгілері мен тәсілдері қамтылуы тиіс. Бұл ретте, «дараландыру» тар мағынада сыныпшілік дараландыру мағынасында ол оқу тапсырмаларын мақсатқа сай деп санайды, себебі ол оның бүкіл аумағында жеке ерекшеліктерді есеп алуды қамтуға қабілетсіз.

И.М. Осмоловская саралаудың астарынан «тұлғаның жеке-типологиялық қабілеттері ескерілетін оқу үдерісін ұйымдастыру тәсілі» ретінде түсінеді.

И.М. Осмоловская «дараландыру» және «саралау» ұғымдарын ажырата алады, оның түсінігі бойынша саралау кеңірек ұғым және ол дараландырудан тұрады. Саралау мақсаты – әрбір оқушыға оның қабілеттерін, бейімділігін барынша дамыту, олардың жалпы білімді меңгеру үдерісіндегі танымдық қабілеттері мен қызығушылықтарын қанағаттандыруға жағдай жасау. Осылай, саралауды анықтауға түрлі амалдарды қарастырдық. Бұл келесідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- 1) саралау ұғымы дараландырумен тығыз байланысты және оларды бір-бірімен байланыста қарастыру қажет;
- 2) саралау жеке ерекшеліктерді барынша толық есепке алу тәсілі ретінде оқу үдерісіндегі үлгіге алмауды ескерту үшін және оқудағы тұлғалық функцияларды өзектілеу үшін пайдалануға болады;
- 3) оқу мақсатына қарай саралау дараландыру нәтижесі, үлгісі, құралы болуы мүмкін.

Дидактикалық тұрғыда саралау мақсаты – принциптік тұрғыда басқа ынталандыру негізіне негізделген білім алушыларды саралап оқытудың жаңа әдістемелік жүйесін дамыту жолымен оқу орнының мерзімі жеткен мәселелерін шешу.

Психологиялық-педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік әдебиеттерде оқу мазмұнын саралаудың екі негізгі типін көрсетеді: деңгейлік; бағдарлы.

Деңгейлік саралау – бұл білім алушылардың оқу мазмұнын түрлі күрделілік және тереңдік деңгейінде меңгеру мүмкіндігі мен құқығын ала алатын оқытуды ұйымдастыру. Көптеген жағдайларда, деңгейлік саралап оқыту жеке пәндерді терең оқыту болып табылады. Саралаудың аталған түрі оқу ұжымын түрлі көрсеткіштер негізінде топтарға бөлу кезінде іске асырылады, көрсеткіштер мыналар болуы мүмкін: білім, білік, дағдысының деңгейі;

интеллектуалдық даму деңгейі; эмоциялық және еріктік (оның ішінде оқуға деген қарым-қатынасы) қасиеттері.

Бағдарлы саралау білім алушылардың қызығушылықтары, қабілеттері, олардың өмірлік жоспарлары мен мақсаттары негізінде оқу мазмұнын мақсатты түрде мамандандырумен байланысты. Заманауи әлемде ақпарат көлемінің қарқынды өсуі, адамзаттың қызмет ету саласының тұрақты түрде кеңеюі әр адамның оны толық көлемде меңгеруі мүмкін емес. Бұл оның белгілі бір салада мамандандырылуы қажеттілігіне әкеледі, сондықтан, оның дайындығын мамандандыру енді жалпы білім деңгейінде. Оқу мазмұнын бағдарлы саралау осы мәселені іске асыруға бағытталған. Білім алушылардың білімінде зерттеу қабілетін дамытуда оқытушының тікелей әрекеті әсер етеді. Жоғарыда білім сапасы оқытушының шеберлігіне де байланысты екенін айтылды. Көп жылғы тәжірибеден оқыту технологиясының оқытушы қолындағы нәтижеге жеткізетін құрал екендігін, оны әр оқытушы өз қабілетіне сәйкес мазмұнмен толықтырып, шығармашылық жұмыс жасайтынын, сөйтіп өзінің әдістемелік жүйесін жасап шығаратынын дәлелдеді. [5,102]

Оқыту технологиясын пайдалану оқу үрдісінің «субъект–субъект» қатынас жағдайында өтуіне ықпал етеді, өйткені білім алушы да, оқытушы да белсенді, шығармашылықпен қызмет жасайды. Технологияны пайдалану кезінде оқытушы шығармашылығынан туған әдістемелік құрал – болашақ жаңа тұрпаттағы оқулықтардың негізі бола алады. Ендеше оқытудың педагогикалық технологиясын оқу үрдісіне пайдалану – білім жүйесін реформалаудың басты механизмдерінің бірі, көп материалдық шығынды талап етпейтін дидактикалық құрал болып табылады.

Сонымен қатар, оқыту технологиясының қалайша білім алушылардың оқу материалын қажетті минимум деңгейде толық меңгеруіне кепілдеме беретіндігі, білім сапасын көтеруге жағдай жасайтынын қарастырайық.

Біріншіден, оқыту технологиясының дидактикалық, психологиялық негіздемесі дамыта оқытушылық, жеке тұлғаны тәрбиелеу, қызметтік (деятельностная) педагогика (С. Рубинштейн, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, Ю.К.Бабанский, т.б.) теорияларына сүйеніп құрылған. Әлемдік тәжірибеде келесі саралау үлгілері көрсетіледі:  
1.Топтар үлгісі.

Үлгінің негізгі сипаттамасы: түрлі топтарға бөлінген бірнеше сыныптар бір оқу мекемесінде жұмыс істейді. Сыныптар пәнді беру күрделілігінің деңгейі бойынша бөлінеді – дамыған, орташа, төмен. Барлық пәндер бұл сыныпта бір деңгейде беріледі. Білім алушыларды бөлу тесттер мен бақылау негізінде анықталатын олардың зияткерлік қабілеттерінің деңгейіне сәйкес жүргізіледі.

Бұл үлгіде білім алушыларды іріктеу нормасы қатаң түрде бекітілген, бір деңгейден басқасына көшу мүмкіндігі шектелген. Әсіресе, білім алушыларға ең жоғары деңгейге көшу қиын. Топтар оқу жылында, кейде тіпті оқу мекемесіндегі барлық оқу мерзімінде топталады.  
[ 6]

#### 2.Топтардың ыңғайлы құрамы үлгісі.

Мұндай үлгіде пәндермен қатар білім алушылар бірдеңгейлі топтарда (дамыған, орташа, төмен), ал басқалар бойынша – әртекті топтарда оқиды. Әртекті топтарға іріктеу ерікті түрде жүргізілуі мүмкін. Белгілі бір деңгейге білім алушыны қосу бірінші үлгідегі сияқты жүргізіледі. Пәндер бойынша талаптар мен нормалар бекітілген және білім алушы үлгерім бағасының негізінде бір деңгейден екіншісіне көше алады.

#### 3.Әртекті топтар үлгісі.

Бұл үлгіде білім алушы барлық пәндер бойынша әртекті топтарда оқиды. Оқу материалы бұл ретте, шамамен бес апта ұзақтығындағы модульге топтастырылған. Модульді оқуды бітіруіне қарай білім алушылардың білімі мен білігін бағалау жүргізіледі, оның негізінде білім алушыларға тереңдетіп оқыту үшін материалдар, басқаларына – түзету тапсырмалары беріледі.

#### 4.Интегративті үлгі.

Түрлі қабілеттері бар білім алушылар әртүрлі деңгейдегі сыныптарға орналастырылады. Оқытушының міндеті – топпен жұмыс істеу кезінде барлық білім алушылардың қабілеттерін ескеру және әрқайсысына өз оқу бағдарламасын және материалды оқу жылдамдығын таңдау.

#### Саралау тәсілдері

Сабақта ұйымдастырылған саралау әрекеттердің түрлері:

- репродуктивті әрекет (білім алушы жұмысты үлгі бойынша орындайды);
- конструктивті әрекет (жартылай-іздеу сипатындағы операцияларды орындау);
- шығармашылық әрекет (абстрацияға негізделген әрекеттер мен операцияларды орындау, сабақты белгісіз жағдайға көшіру).

Ұғымды қалыптастыруды мақсатқа қою, білуге үйрену және жіктелімді білу, түрін анықтай алу, келесі сызба бойынша ұсынысты құрылымдастыруды үйрену.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ж.Ж.Қожамқұлова. Жаңа ақпараттық педагогикалық технологиялар». - Алматы, 2013 ж.- 291 б.
2. К.Ж. Бұзаубақова. Инновациялық педагогика негіздері. -Алматы, 2011 ж.-305 б.

3. Елеусинова Г.Е. Өзіндік тану философиясы // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2017. - №1. – Б. 164-175
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация Пер. с англ. – М., «Когито-Центр», 2002. – 396 с.
5. Сорокина Т.М. Развитие профессиональной компетенции будущего учителя средствами интегрированного учебного содержания // Начальная школа. – 2004. – №2. – С. 110-114.

## **ҒТАМР 14.01.11**

### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМА – БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МАЗМҰН**

**А.С. АБИЛ**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аңдатпа.** Мақалада еліміздің білім саласындағы жаңартылған бағдарлама бойынша мәліметтер айтылған. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері мен оның маңызды критерийлері келтірілген. Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясындағы сабақ жоспары қандай болу керек және қолданылатын әдіс-тәсілдер айтылған. Жаңартылған білім мазмұнына көптеген өзгерістердің енгізілудің бірден бір себебі халықаралық стандартқа сай болу. Яғни, жас ұрпақ жаңаша бағытта білім алуы қажет. Білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткішінің де және білім беру жүйесінің де маңызы зор. Осы орайда, жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты – білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.

**Түйін сөздер:** жаңартылған білім беру бағдарламасы, мақсат, сабақ жоспары, оқыту әдіс-тәсілдері.

**Аннотация.** В статье представлена информация об обновленной программе образования в стране. Приведены особенности обновленной образовательной программы и ее критические критерии. В рамках обновленной образовательной программы какие уроки следует включить в обновленный учебный план и используемые методы. Одной из причин многих изменений в содержании обновленного образования является соответствие международным стандартам. То есть молодое поколение должно учиться в новом направлении. В системе образования качество образования молодых людей, их сплоченное развитие и формирование личности отражаются в профессионализме учителя и системе образования. В связи с этим основной целью обновленной образовательной программы является улучшение результатов обучения учащихся.

**Ключевые слова:** обновленные образовательные программы, цели, планы уроков, методика обучения.

**Annotation.** The article provides information about the updated education program in the country. The features of the updated educational program and its critical criteria are given. Within the framework of the updated educational program, what lessons should be included in the updated curriculum and the methods used. One of the reasons for the many changes in the content of the updated education is compliance with international standards. That is, the younger generation should learn in a new direction. In the education system, the quality of education of young people, their cohesive development and the formation of personality are reflected in the professionalism of the teacher and the education system. In this regard, the main purpose of the updated educational program is to improve student learning outcomes.

**Key words:** updated educational programs, goals, lesson plans, teaching methods.



Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандық жол – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында (17 қаңтар, 2014 жыл ) еліміздің дамуының барлық стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойылды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар» - деген[1].

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы. Осыған байланысты оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі - құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

#### Кесте 1. Жаңартылған білім бағдарламасының ерекшелігі

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері	
Пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі	Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының рухани-адамгершілік қасиеттерін арттыру
Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы	Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою
Білім беру аясында және пәнралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі	Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аудару
Оқу үдерісін ұзақ, орта, қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру	Оқытудағы жүйелілік пен әрекеттік ұстаным

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы төмендегідей:

• оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлауында; зерттеу жұмыстарын жүргізуінде; тәжірибе жасауында; АКТ –ны қолдану; коммуникативті қарым-қатынасқа түсе білуінде; жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуінде; өз білімін шығармашылықта қолдана білуінде және т.б.

Ал, осы жоғарыда аталған маңыздылықтарды жүзеге асыруда жаңартылған білім беру мазмұны аясында заманауи сабақ жоспарының алар орны ерек. Сабақ жоспарының сапалы болып шығуы үшін сынып профилі (оқушылар саны, тілді білу деңгейі, ұлты, жынысы, ерекшелігі), ресурстар (оқулықтар, интернет ресурстары, газет-журнал мақалалары т.б.), қажетті құралдар (ноутбук, тақта, интерактивті тақта, флипчарт, бояу т.б.), жұмыс түрлері (жеке, топтық, жұптық, бүкіл сынып, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау т.б.) құрылымдық негіздерінің болуына мән берген абзал.

Сабақ барысында әр кез сабақ мақсаттары есте болуы және әрбір тапсырма мен активити осы мақсаттарға қол жеткізуге септігін тигізетіндей болуы қажет. Сонымен қатар жұмыс түрлері төменгі сынып оқушылары үшін түрлендіріліп отырғаны жөн.

Сабақ мақсаттары төмендегідей шартты белгілермен белгіленеді және де кейбір компоненттердің барлық сабақ жоспарында көрсетілуі міндетті емес:

S – specific – нақты M – measurable – өлшеуге жарамды A – achievable – қол жетімді R – realistic – шынайы T – timing – уақытқа сыйымды

Қазіргі білім беру үдерісінде сабақ жоспарын жобалауда кері дизайн (Backward Design) идеологиясын пайдалануға болады. Бұл дегеніміз – жобалау алгоритмін қолдану деген сөз. Яғни, мақсаттан оны қамтамасыз ететін мазмұнға жылжу. Бұл алгоритмнің 3 қадамы бар: [2]

1) пән бойынша оқу нәтижелерін анықтау; 2) нәтижеге қол жеткізгендігін анықтайтын бағалау жаттығуларын белгілеу; 3) нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқыту мазмұны мен педагогикалық әдіс-тәсілдерді жоспарлау;

*Педагогикалық әдіс-тәсілдер* құндылықты- бағдарланған, әрекетті, тұлғалық- бағдарланған, кіріктірмелі, коммуникативті әдіс-тәсілдер пән бойынша оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын құрудағы негізгі бағдарлар болып табылады.

### **Оқыту әдіс-тәсілдері:**

*Құндылықты-бағдарланған тәсіл* – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу- тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: Қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу.

*Тұлғалық-бағдарланған тәсіл* – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалды, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани даму туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

*Жүйелік – әрекетті тәсіл* – оқу-тәрбие үдерісінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

*Коммуникативтік тәсіл* – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

*Интегративтік тәсіл* – оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

*Зерттеу тәсілі* – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптасады.

*Интербелсенді әдіс*- үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқудың негізі деп танитын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Өзара әрекеттестік әдетте, белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі. Біз оқытуды және білім беруді, егер сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында өзара әрекеттестіктің жоғары деңгейіне қол жеткізсе, «интерактивті» деп атаймыз [3,4].

Қорыта келе, заман өзгерісіне қарай мектептерге қойылатын талап та, ондағы оқыту мен тәрбиелеу әдіс-тәсілдері де өзгеріс үстінде. Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, сонымен қатар шынайы өмірге белсене араласатын, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, ой-өрісі кең, сауатты, танымдық әрекетке қызығушылығы мол оқушыны тәрбиелеу. Сондықтан қазіргі заман мұғалімі оқушы алдында терең білімімен, білікті тұлғасымен дараланып тұруы тиіс. Бүгінгі білімімен шектеліп қана қалмай, оны одан әрі жетілдіре беруі қажет. Ұстаз тек шығармашылық жұмыспен шұғылданып, үнемі ізденіс үстінде болса оқу жүйесіндегі жаңа технологияны, тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланса, шәкірттерінің нәтижесін көруіне болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050. Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014ж.

2. Ешниязова А.Ч: Білім берудегі инновациялық әдіс-тәсілдер // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы. - №4. -55. – Б. 260-265
3. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. – А., 2016. – 137 б.
4. Тоқсанбаева А.О. Білім алушылардың кәсіби дайындығының тиімділігін арттыру мүмкіндігі ретінде дуалды білім беру тәжірибесі // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – 2017. - №4. – Б. 252-256

**SRSTI 14.35.07**

## **EFFICIENCY METHODS AND TECHNOLOGIES CRITICAL THINKING FOR DEVELOPMENT CREATIVE ABILITY OF STUDENTS**

**A. ABDULLAEV, G.B. BOTAGARINA**

*Astana International University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Annotation.** The main task of the education system in our country today is to bring the level of education of the younger generation to the international level by moving to the national educational module. Therefore, using new learning technologies, it is necessary to create favorable conditions for personal development. The purpose of training, the content has changed. That is why a new learning technology was introduced. To improve learning, I use critical thinking technology in my lessons. Critical thinking technology is a program that focuses on a child's self-realization program, a cognitive thinking program is a program designed to help a student speak, think, listen to his friends, and solve problems freely. Critical thinking is to explore and formulate your thoughts and emotions, increasing students' interest in the lesson.

**Key words:** module, interpretation, thinking, comment, technology, control, taxonomy, intellectual, decision.

**Аңдатпа.** Қазіргі таңдағы еліміздегі білім беру жүйесінің басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Олай болса, оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр. Заман талабына сай қажетті жаңартылған өзгерістер мен ізденістер қарастырылуда. Білім берудің мақсаты, мазмұны өзгерді. Соған сәйкес оқытудың жаңа технологиясы енгізілді. Білім берудің сапасын жақсарту мақсатында Сын тұрғысынан ойлау технологиясын өз сабақтарымда қолданып жүрмін. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы оқушының еркін сөйлеуіне, пікір таластыруына, достарының ойын тыңдауға, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз- сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойыңды еркін және зерттей талпындырып, тұжырым жасау.

**Түйін сөздер:** модул, интерпретация, ойлау, пікір, технология, бақылау, таксономия, интеллектуалды, шешім.

**Аннотация.** Основная задача системы образования в нашей стране сегодня - вывести уровень образования молодого поколения на международный уровень путем перехода к национальному образовательному модулю. Поэтому, используя новые технологии обучения, необходимо создавать

благоприятные условия для развития личности. Цель обучения, содержание изменилось. Вот почему была введена новая технология обучения. Чтобы улучшить качество обучения, я использую технологию критического мышления на своих уроках. Технология критического мышления - это программа, которая фокусируется на программе самореализации ребенка, Программа когнитивного мышления - это программа, направленная на то, чтобы помочь учащемуся свободно говорить, думать, слушать своих друзей и решать проблемы. Критическое мышление состоит в том, чтобы исследовать и формулировать свои мысли и эмоции, повышая интерес учащихся к уроку.

**Ключевые слова:** модуль, интерпретация, мышление, комментарий, технология, контроль, таксономия, интеллектуальный, решение.

**Introduction.** The aim of the modernization of Kazakhstan education is to achieve a new quality that would meet the urgent needs of modern life.

And this means that one of the main requirements for the implementation of general education programs is the design by the teacher of a person-centered lesson. The main conditions for the construction of such a lesson are considered the priority of individuality, variability, openness.

Thus, it became necessary to use in my teaching activities new methods and modern general education technologies. Today, life dictates us new, more strict requirements to the organization of the educational process at school, to the ability to work with information. It is necessary for the student to form analytical thinking, not automatic memorization and reproduction of the material. Therefore, learning to work with the text should be in the seventh grades.

Every modern teacher would like an atmosphere of creativity to reign in the lesson. The most important task of education at the present stage is the formation of objective and universal modes of action. And the activity approach is the main way to get knowledge [1]. That is why it is necessary to constantly think about how to build a learning process, so that students show a vivid imagination, imagination, can compare and associate, rely on intuition and subconsciousness.

The development of the critical allows to solve the following problems

- educational motivation: increasing interest in the learning process and active perception of educational material; stimulation of self-searching creative activity, launching mechanisms of self-education and self-organization

- writing culture: the formation of skills in writing texts of various genres;

- information literacy: development of the ability for independent analytical and evaluation work with information of any complexity; forming a reading culture that includes the ability to navigate sources of information, use different reading strategies, adequately understand what is read, sort information in terms of its importance, screen out the secondary, critically evaluate new knowledge, make conclusions and generalizations.

Children are naturally inquisitive, they want to explore the world, are able to consider serious issues and put forward original ideas. The role of the teacher is to be a thoughtful helper, stimulating students to tirelessly learning and helping them develop productive thinking skills. Critical thinking is formed, first of all, in discussion, written work and active work with texts. Students are familiar with these forms of work, they need only a few changes.

Critical Thinking- is an open, reflexive thinking, it is the ability to develop arguments, make independent, well-thought-out decisions, the ability to take one's position, and the ability to substantiate it, the ability to listen to the interlocutor. Criticality of the mind is a person's ability to objectively evaluate his and others' thoughts, to thoroughly and thoroughly check all assumptions and conclusions.

The peculiarity of this technology is that it allows you to conduct lessons in an optimal manner, the level of efficiency increases in children, and the learning in the lesson takes place in the process of continuous search.

**Research method.** As President Nursultan Nazarbayev noted, for the dynamic development of the economy there are creative people who can meet the critical demands of the market. In this regard, based on my own experience, I tried to assimilate all the knowledge gained during the experiment, in shaping students' ability to self-development in accordance with the program of the University of Cambridge. Although we have used these modules so far, we have not even seen them. And according to the program of the University of Cambridge, we study these modules. Of these modules, I often use the critical thinking module in my class. "Every idea is followed sooner or later. When a person accepts a problem, he begins to act as soon as he recognizes the ability to understand and solve it. The description of this action corresponds to the description of the concept. Criticism leads to critical behavior ..."

Freer (2005), thus, seeks to teach students to think critically, to make alternative decisions, to collect evidence through observation and listening. Increase the interpretation of the subject. Awakening intrinsic motivation. Expand student memory. And for this, I created a scheme for the development of critical thinking (Figure 1.)

Some techniques of the "Challenge" stage:

"Cluster", "Basket of ideas", "Tree of predictions", "True and incorrect statements" and others.

Let's play the game "Do you believe that ...". Everyone has a table on the desk, like on a blackboard. I will read the questions, and you put in the first line, plus, if you agree with the statement, and minus, if you do not agree. The second line you have left empty.

Reception "Basket of ideas"

Group work. Each group after a preliminary discussion makes its assumptions. Summing up the work of groups. All assumptions are fixed on the board.

Reception: Cluster. Objective: to develop the ability to highlight the most important, analyze, synthesize, translate information from one plan to another (from textual to graphical), determine the maximum number of signs of the concept being studied.

Method: Sincvein

Objectives: to develop the ability to highlight the most important, generalize, synthesize; activate the vocabulary. Reception is advisable to apply at the stage of reflection. It helps to reveal the general impression of a literary hero, a phenomenon, an event, a quality, etc .; summarize. This technique is appropriate when checking homework.

"Technique of posing questions"

Great importance in the development of critical thinking technology is given to techniques that form the ability to work with questions. Questions are the main driving force of thinking. Students need to turn to their own intellectual energy. Only students who ask questions or ask them really think and strive for knowledge. The level of questions determines the level of our thinking. At the stage of reflection - a demonstration of understanding of the past.

"Thin questions"	"Fat Questions"
Who...	Give an explanation of why ...
What...	Why do you think...
When...	Why do you think ...
Can...	What is the difference...
Will be...	Suggest what happens if ...
Was it ...	Is it possible to change roles to make them opposite ...
Do you agree That's right ...	What else can be used instead of this object?

Simple questions - questions, answering which you need to name some facts, to remember and reproduce certain information.

Interpretative (clarifying) questions - usually begin with the word "why?". They are aimed at establishing cause-effect relationships.

Evaluation questions - these questions to clarify the criteria for evaluating certain events, phenomena, facts.

Creative questions - if in the question there is a particle "would", elements of conditionality, assumptions, forecast.

Figure 1 shows that different strategies were used as «brain storm», «sort», «jigsaw» in 4 lessons to develop critical thinking. Also the technology of critical thinking, which is of 3 phases:

I. Awakening Interest

II. Recognition of value and understanding to distinguish it

### III. Thinking

During the awakening of interest, students will experience the influence of previous knowledge and emotions, helping them to acquire new knowledge and future research, as well as forming individual and group skills in working with the public [3]. Awakening interest - the first step to visiting lessons. They decide that they voluntarily promote or participate in this topic, as well as in the first stage, when students can learn new ideas and data, integrate them into their knowledge base, or they are active or absent.




Figure 1

### Research results

1. Enhance informative literacy in learning activities; 2. Applying the skills of purposeful and consistent activities; 3. Technology "thoughtful reading" and "reflective writing" 4. New style of thinking, which is characterized by openness, flexibility, reflexivity; 5. The use of basic personality traits: critical thinking, communication, creativity, mobility, autonomy, tolerance, responsibility for their own choices and the result of their activities; 6. Improving the culture of reading, including the ability to navigate the sources of information, to adequately understand what has been read, evaluate new knowledge, draw conclusions and generalize; 7. Stimulation of self-activity.

Possession of various strategies for solving problem situations is one of the important qualities of a person who is able to think critically. Educational technology develops critical thinking and offers a number of educational strategies that allow not only teaching through problem solving, but also learning a variety of ways to solve life difficulties.

**Findings.** Ultimately, working with this technology, the teacher will guide the student to search for himself and his thoughts. And an increase in student activity leads to creativity. Until today, it is impossible to be literate and versatile, to master advanced learning technologies. That is why our teacher's duty is to carry a significant contribution to the development of a person who is active in the educational process, and not only affects the development of the personality. Ybyrai Altynsarin says: "When evaluating a teacher, they do not need to look at their affiliation to their work, but because of the fruits of their harvest, that is, they should be assessed when looking at



their students,” said Altynsarin. Each teacher would be happy to hear the news of modern pedagogy, using the skills of each teacher to make the student more productive.

### References

1. A teacher's guide. The third (basic) level. - Astana: Center for Advanced Studies of «Nazarbayev Intellectual Schools» - 2012. - P.40-45
2. S. Mirseitova. Formation and development of teacher philosophy: a humanistic paradigm. - Karaganda, 2012. - P.10-14
3. Psychological and pedagogical technologies of actualizing practical orientation of educational environment in a university / Abdulaeva R.M., Bikbulatova V.P., Rabadanova R.S., Yulina G.N., Gereeva M.Sh. // E-SdPTCONICIT – Espacios (ISSN07981015-Venezuela-Scopus), 2 education (09), 419554 Vol. 38 (№ 40) Ano 2017. Pag. 1. URL:<http://www.revistaespacios.com/a17v38n40/17384001.html> (data obrashcheniya 23.09.2018).

**МРНТИ 37.013.2**

## САМОАКТУАЛИЗАЦИЯ ЛИЧНОСТИ ПЕДАГОГА В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**А.В. КИРЬЯКОВА<sup>1</sup>, А.А. АГИШЕВА<sup>2,1</sup>**

<sup>1</sup>*Оренбургский государственный университет, Оренбург, Россия*

<sup>2</sup>*Актыбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан*

**Аннотация.** Результаты проведенного исследования указывают на противоречивый характер процесса самоактуализации современного учителя, сопровождающегося неправильной ориентацией во времени, намерении любыми способами соответствовать высокому уровню ожиданий окружающих, неоправданно высокой самооценкой, эмоциональным выгоранием, низкой творческой направленностью личности.

**Ключевые слова:** процесс самоактуализации, ценности, чувства, самовосприятие, концепции человека, межличностной чувствительности, отношение к познанию.

**Аңдатпа.** Зерттеудің нәтижелері заманауи мұғалімнің өзін-өзі ашылу үрдісінің қайшылықтарын көрсетеді, сонымен бірге уақытта өзін дұрыс бағыттамау, басқа адамдардың үміттерін қалай болса да қанағаттандыру, себепсіз өзін-өзі жоғары бағалау, эмоционалды күйзеліс, жеке тұлғаның төмен шығармашылық бейімділігі байқалады.

**Түйін сөздер:** өзін-өзі ашылу үрдісі, құндылықтар, сезімдер, өзін-өзі қабылдау, адами түсініктер, тұлғааралық сезімталдық, танымға көзқарас.

**Annotation.** The results of the study indicate the controversial nature of the modern teacher self-actualization process, accompanied by an incorrect orientation in time, the intention to meet the high level of expectations of others, unreasonably high self-esteem, emotional burnout, low creative orientation of the individual.

**Key words:** self-actualization process, values, feelings, self-perception, human concepts, interpersonal sensitivity, attitude to cognition.

Основные тенденции развития современной педагогики направлены на гуманизацию сферы образования, всестороннее развитие творческого потенциала обучающихся, формирование равноправных, партнерских отношений и сотрудничества между педагогами и обучающимися. В этой связи концепция самоактуализирующейся личности А. Маслоу [1] наиболее подходит для описания эталонной модели личности педагога при построении системы взаимоотношений педагога и ученика, подчеркивающей положительные проявления человеческой природы, такие, как творчество, альтруизм, любовь, дружба и т.д.

Понятие самоактуализации включает в себя всестороннее и непрерывное развитие творческого и духовного потенциала человека, максимальную реализацию всех его возможностей, адекватное восприятие окружающих, мира и своего места в нем, богатство эмоциональной сферы и духовной жизни, высокий уровень психического здоровья и нравственности. А. Маслоу определяет самоактуализацию как «...стремление к самоосуществлению, точнее, тенденцию актуализировать то, что содержится в качестве потенций. Эту тенденцию можно назвать стремлением человека стать все более и более тем, кем он способен стать» [2].

Таблица 1. Результаты обработки ответов опросника САТ

№	Шкалы	Оптимальный балл	Среднее по выборке	20-30 лет	31-40 лет	41-50 лет
1	Компетентности во времени	7,65-9,35	6,77	7,25	6,40	6,75
2	Поддержки	40,95-50,05	46,54	46,88	44,00	49,38
3	Ценностных ориентаций	9,00-11,00	12,54	11,88	13,00	12,63
4	Гибкости поведения	10,8-13,2	11,50	11,50	10,40	12,88
5	Сензитивности к себе	5,85-7,15	6,69	6,00	6,20	8,00
6	Спонтанности	6,30-7,70	6,50	5,88	5,70	8,00
7	Самоуважения	6,75-8,25	9,69	10,00	10,30	8,63
8	Самопринятия	9,45-11,55	10,31	11,00	9,50	10,63
9	Представлений о природе человека	4,50-5,50	6,04	5,13	7,00	5,75
10	Синергии	3,15-3,85	3,92	3,50	4,30	3,88
11	Принятия агрессии	7,20-8,80	8,11	8,88	7,40	8,25
12	Контактности	9,00-11,00	9,92	10,38	9,30	10,25
13	Познавательных потребностей	4,95-6,05	5,15	5,00	5,80	4,38
14	Креативности	6,30-7,70	5,88	6,25	5,30	6,25

Специфика феномена самоактуализации и сложность составляющих тест суждений позволяют рекомендовать его для характеристики преимущественно лиц с высшим образованием. В данной работе ответить на вопросы теста было предложено 52 учителям

химии Актюбинской области – слушателям курсов повышения квалификации Актюбинского областного научно-практического центра. Для анализа результатов САТ (таблица 1) респонденты были разбиты на три возрастные группы: учителя до 30 лет, 16 человек (30,77% опрошенных); учителя от 31 до 40 лет, 20 человек (38,46% опрошенных); учителя старше 41 года, 16 человек (30,77% опрошенных).

Шкала Компетентности во времени свидетельствует о способности субъекта жить настоящим, а также ощущать неразрывность прошлого, настоящего и будущего, то есть видеть свою жизнь целостной. Можно видеть, что для представленной выборки респондентов характерна неправильная ориентация во времени. Наиболее близки к оптимальным значениям баллов ответы учителей до 30 лет. Более старшие, возможно, живут прошлым, их мучает раскаяние за совершенные проступки, воспоминания о нанесенных им обидах, они испытывают постоянные угрызания совести, либо живут будущим, строят недостижимые планы, надежды, ставят перед собой нереальные цели. Это задерживает естественное развитие личности и способствует возникновению в человеке чувства неполноценности. Такой результат может быть связан с происходящими в республике в сфере образования внешне прогрессивными изменениями, которые имеют ряд недостатков и перекосов. Учитель данной выборки не соотносит прошлое и будущее с настоящим, он ориентирован только на будущее («еще немного, и получу категорию / выйду на пенсию») или на настоящее («надо сдать отчет»), то есть его цели не связаны с текущей деятельностью, а прошлый опыт мало влияет на поведение.

Шкала поддержки измеряет степень независимости ценностей и поведения субъекта от воздействия извне. Баллы по этой шкале свидетельствуют, что опрошенные учителя - «изнутри направляемые личности», они мало подвержены внешнему влиянию, свободны в выборе. Современный учитель в своих поступках опирается на собственные чувства и мысли, критически воспринимает воздействие внешних сил и творчески расширяет немногочисленные первоначальные принципы, которые являются для него руководящими.

В блок ценностей по САТ входят Шкала Ценностных ориентаций и Шкала Гибкости поведения. Шкала Ценностных ориентаций измеряет, в какой степени человек разделяет ценности, присущие самоактуализирующейся личности. Шкала Гибкости поведения диагностирует степень гибкости субъекта в реализации своих ценностей в поведении. Первая шкала характеризует сами ценности, вторая – особенности их реализации в поведении. Баллы по блоку ценностей для опрошенных педагогов демонстрируют завышенные показатели по шкале ценностной ориентации. Общетеоретические соображения позволяют с уверенностью утверждать, что показатели САТ у самоактуализирующейся личности ни в

көем случае не должны “зашкаливать”. Предельное значение параметров [3] (“псевдосомаактуализация” по Э. Шостром) свидетельствует о слишком сильном влиянии на результат обследования фактора социальной желательности или о намерении испытуемых выглядеть в наиболее благоприятном свете.

В работе [4] было показано, что практически все принявшие в исследовании учителя стремятся к социальному одобрению. Результаты свидетельствовали о высокой степени желания сельского учителя быть всегда на высоте в среде своих односельчан. «Учитель на селе не просто обучающий и воспитывающий детей специалист, но имеющий более высокий статус всеми уважаемый человек, сеятель доброго, вечного, высококомпетентный специалист, островок цивилизации, науки и техники. Поэтому сельский учитель стремится любыми возможными способами соответствовать более высокому уровню ожиданий окружающих» [4, стр. 2724]. Указанная тенденция была выявлена и в данном исследовании.

Гибкостью поведения в разумных пределах характеризуются молодые учителя до 30 лет и старшее поколение после 41 года. Учителя 31-40 лет данной выборки показали чуть меньшее значение среднего балла (10,4) по сравнению с оптимальным (10,8-13,2). Это может свидетельствовать о большей жесткости в соблюдении общих принципов поведения со стороны 31-40-летних учителей.

В блок чувств входят шкалы Сензитивности к себе и Спонтанности. Первая шкала определяет, в какой степени человек отдает себе отчет в своих потребностях и чувствах, насколько хорошо ощущает и рефлексит их. Вторая - измеряет способность индивида спонтанно и непосредственно выражать свои чувства. Учителя 20-30 лет и 31-40 лет, принявшие участие в опросе, вполне осознают собственные чувства, однако не проявляют их в поведении, то есть ведут себя недостаточно естественно и раскованно. При этом учителя старше 41 года данной выборки излишне акцентируют свое внимание на своих потребностях и чувствах, а также излишне раскованно демонстрируют их в своем поведении. Возможно, такую ситуацию можно отнести и к проблемам со здоровьем, когда «пошаливают нервишки», особенно, если принять во внимание более жесткое соблюдение принципов и недостаточную естественность поведения предыдущего десятилетия жизни.

Шкала Самоуважения диагностирует способность субъекта ценить свои достоинства, положительные свойства характера, уважать себя за них. Шкала Самопринятия регистрирует степень принятия человеком себя таким, как есть, вне зависимости от оценки своих достоинств и недостатков, возможно, вопреки последним. Эти шкалы составляют блок самовосприятия. Прошедшие опрос учителя показывают высокую степень самопринятия, что соответствует самоактуализирующейся личности, однако степень положительной самооценки и самоуважения снова превышает оптимальный уровень, аналогично баллам

шкалы ценностной ориентации. Наибольший переко́с этого параметра наблюдается в выборке 31-40 летних педагогов. Слишком сильное влияние на результат обследования фактора социальной желательности или намерение испытуемых учителей выглядеть в наиболее благоприятном свете заставляет их переоценивать свои достоинства и положительные черты характера. Желание соответствовать высоким ожиданиям окружения также приводит к неоправданно высокой самооценке.

Блок концепций человека состоит из близких по содержанию шкал Представлений о природе человека и Синергии. Шкала Представлений о природе человека свидетельствует о склонности субъекта воспринимать природу человека в целом как положительную. Шкала Синергии определяет способность человека к целостному восприятию мира и людей, к пониманию связанности противоположностей, таких как игра и работа, телесное и духовное и др. Значения усредненных по различным возрастным группам параметров блока концепций человека показывают оптимальные результаты только среди 20-30 летних учителей. Обследованные учителя более старшего возраста получили оценки, выходящие за верхний оптимальный уровень, что наводит на мысль о достоверности ответов представителей более старших возрастных групп педагогов.

Шкалы Принятия агрессии и Контактности составляют блок межличностной чувствительности. Шкала Принятия агрессии свидетельствует о способности индивида принимать свое раздражение, гнев и агрессивность как естественное проявление человеческой природы. Шкала Контактности характеризует способность человека к быстрому установлению глубоких и тесных эмоционально-насыщенных контактов с людьми. Сама работа педагога требует высоких показателей указанных параметров, что свидетельствует о выраженной самоактуализации в сфере указанных качеств личности учителя.

Шкала Познавательных потребностей определяет степень выраженности у субъекта стремления к приобретению знаний об окружающем мире. Шкала Креативности характеризует выраженность творческой направленности личности. Это блок отношения к познанию. Можно видеть снижение познавательных потребностей у 41-50 летних учителей, что может служить доказательством эмоционального выгорания в этом возрасте. По шкале креативности средний балл данной выборки респондентов ниже оптимального уровня, что не согласуется с самим творческим характером деятельности педагога. Здесь следует видеть влияние современных тенденций в практической педагогике, когда многочисленные обязанности, требования, различные виды отчетности не оставляют шанса для актуализации творческого начала.

Таким образом, результаты проведенного исследования указывают на противоречивый характер процесса самоактуализации современного учителя, сопровождающегося неправильной ориентацией во времени, намерении любыми способами соответствовать высокому уровню ожиданий окружающих, неоправданно высокой самооценкой, эмоциональным выгоранием, низкой творческой направленностью личности.

#### **Список использованной литературы**

1. Маслоу А.Г. Мотивация и личность / Перевод. с англ. Татлыбаевой А. М. — СПб.: Евразия, 1999. — 478 с.
2. Вахромов, Е. Е. Психологические концепции развития человека: теория самоактуализации / Е. Е. Вахромов. - М. : Международная педагогическая академия, 2001. - 160 с.
3. Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. - М., 2002. С. 426-433.
4. Агишева А.А. Ценностные ориентации как основа развития профессионального потенциала // Университетский комплекс как региональный центр образования, науки и культуры: Матер. науч.-метод. конф., Оренбург, РФ, 2017. – С. 2719-2726.

**ГТАМР 14.35.01**

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ИМИДЖІ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ РЕТІНДЕ**

**М.Қ. ЖАЗЫҚОВА**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Мақалада «имидж» ұғымының пайда болу тарихы мен аталмыш ұғымға әртүрлі ғалымдар тарапынан берілген анықтамалар талданған. Сондай-ақ автор имидж саласындағы отандық және шетелдік зерттеулерді талдай отырып, жоғары оқу орындары арасында бәсекелестіктің шиеленісуі білім беру нарығында «жоғары оқу орнының позитивті имиджі» деген түсінік қалыптастырғанын атап көрсетеді. Жоғары оқу орнының позитивті имиджін қалыптастыру арқылы қазақстандық білімді адамның имиджі қалыптасса, өз кезегінде жоғары оқу орнының позитивті имиджі Қазақстандағы жоғары білімнің жайы туралы оң пікірлердің қалыптасуына мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** имидж, жоғары оқу орны, жоғары оқу орнының позитивті имиджі, имидж компоненттері, білім беру органдары, бәсекелестік, Қазақстан Республикасы, ғаламтор мүмкіндіктері, белсенді топ, тұтынушылар.

**Аннотация.** В статье автор дает краткое сведение об истории появления термина «имидж» и анализирует определения, данные различными учеными этому понятию. Анализируя исследования зарубежных и отечественных ученых в области имиджологии, автор отмечает, что с развитием конкурентных отношений на образовательном рынке появился термин «положительный имидж высшего учебного заведения». Далее автор пишет, что развитие позитивного имиджа высших учебных заведений помогает формированию имиджа образованного казахстанца, а это в свою очередь дает позитивное представление о состоянии высшего образования в Казахстане.

**Ключевые слова:** имидж, высшее учебное заведение, позитивный имидж высшего учебного заведения, компоненты имиджа, органы образования, конкурентоспособность, Республика Казахстан, возможности интернета, активная группа, потребители.

**Annotation.** In the article author gives brief information about the history of the term Image and analyzes definitions given by various scientists to this concept. Analyzing research of foreign and domestic scientists in the field of image studies, the author notes that with the development of competitive relations in the market of education, the term Positive Image of Higher Education Institution appeared. Further, the author states that the development of the positive image of higher education institutions helps to form the image of an educated Kazakhstani citizen, and this in turn gives a positive idea of the state of higher education in Kazakhstan.

**Key words:** image, higher education institution, positive image of higher education institution, image components, education authorities, competitive ability, Republic of Kazakhstan, opportunities of the Internet, active group, consumers.

Ең алғаш «имидж» ұғымы Америка Құрама Штаттарында өткен ғасырдың 50-ші жылдары пайда болды. Ғылыми айналымға бұл ұғымды ХХ ғасырдың 50-ші жылдары К.Болдинг енгізді [1, 34]. Бұрынғы кеңес Одағы мемлекеттерінде «имидж» ұғымы ғылыми зерттеу саласында ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында әлеуметтік-перцептивті, әлеуметтік таным психологиясы, қарым-қатынас психологиясы салаларына қатысты орындалған алғашқы теориялық жұмыстардың пайда болуына байланысты қалыптасты.

Қазіргі таңдағы әртүрлі ғалымдардың «имидж» ұғымына берген анықтамаларын саралай отырып, олардың көпшілігі имиджді белгілі бір функцияларды атқаратын образ деп түсіндіретінін анықтауға болады. Мысалы, Г.Г.Почепцов имиджді «күрделі әлеуметтік шындықты туғызу мен танудың ең тиімді тәсілі: ақпаратты өңдеу нәтижесі; қысқартылған мәтін, бұқара санасымен жұмыс істеуге болатын коммуникативті бірлік», - деп есептейді [2, 25] (ауд. автор – Ж.М.). Е.А.Блажнов бойынша, «Имидж – адамдарға эмоционалды әсер ететін объектінің визуалды бейнесі» [3, 15] (ауд. автор – Ж.М.), ал О.В.Данчеева, Ю.М.Швалб: «Имидж – бұл мағыналар жиынтығы, соған сай белгілі бір объект танымал бола алады, соның көмегімен адамдар оны сипаттай алады, есте сақтайды және т.б.», - дейді [4, 14] (ауд. автор – Ж.М.), яғни авторлар имиджді қандай да бір объект туралы көзқарастар жүйесі ретінде қарайды.

Жалпы, имидж саласындағы зерттеулер арасында Ф.А.Кузиннің (іскерлік имиджі), Е.И. Манякинаның (саяси имидж), Б.Г. Ушаковтың (имидж әлеуметтік-психологиялық проблема ретінде), И.А. Федоровтің (имидж адам мінез-құлқын бағдарлау тәсілі ретінде), В.М. Шепелдің (имидж ерекшеліктері), т.б. еңбектері бар. Бұл еңбектер бүгінгі таңда жаңа ғылым – имиджелогия ғылымының белсенді дамып келе жатқанын көрсетеді. Оның шеңберінде имидж түрлерінің болмысы мен мазмұны, заңдылықтары, қағидалары, оның пайда болуы және қалыптасуы туралы мәселелер жан-жақты зерттелген. «Имидж» категориясын тікелей қолдану арқылы орындалған ғылыми жұмыстар көшбасшылық проблемасымен тікелей байланысты және көбінесе саясаткерлердің (Е.В.Егорова-Гантман, Е.И.Манякина және т.б.), қоғам қайраткерлерінің (Р.Ф.Фурс), партиялар мен ұйымдардың (А.В. Гармонова, О.А.Подгорнова) жетекшілерінің, жоғары мектеп педагогтарының (Г.А. Бусыгина, Л.Ю. Донская), оқыту және білім беру мекемелері мұғалімдерінің (Н.А. Кадочников, Е.Б. Карпов, А.А.Калюжный) имиджін зерттеуге арналған еңбектерден тұрады. Сондай-ақ ғылымда жеке тұлға имиджі, белгілі бір кәсіп иесінің имиджі туралы түсініктермен қатар, кәсіпорын имиджі, мекеме имиджі, ұжым имиджі туралы да жан-жақты зерттеулер жүргізіліп келеді. Басқа сөзбен айтқанда, «имидж» ұғымын тек жеке адамға қатысты емес, әртүрлі ұйымға, мекемеге, жеке қалаға, тіпті мемлекетке қатысты да айтуға болады. Осы ретте Е.В.



Гришунинаның еңбектерінде ұйым имиджі мәселесінің кең қарастырылғанын атап айтқан жөн. Ғалымның пікірінше, «Имидж нарықтық экономика жағдайында қоғаммен үйлесімді қарым-қатынас орнату үшін жағымды образ қалыптастыруға өз әрекетін бағыттаушы кез келген мекеменің бөлінбес бөлшегі болып табылады» [5, 41] (ауд. автор – М.Ж.).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының отыз басым бағыты айқындалған. Солардың бірі халықаралық стандарттарға сәйкес білім беру екендігі төмендегі жолдардан байқалады: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі тиісті білім мен білік алған еліміздің әрбір азаматын әлемнің кез-келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтеру. Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін жолға қоюға тиістіміз» [6,4].

Қазақстан заңдары білім беруді қоғамның және мемлекеттің рухани,әлеуметтік, экономикалық, мәдени дамуының негізі деп жариялайды. Бұл туралы ҚР «Білім туралы» заңында былай атап көрсетілген: «Білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі: еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта дайындау және біліктіліктерін арттыру» [7,3].

Шынында да, соңғы жылдарда еліміздің білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан жаңартулар қоғамдық санада даралық, ерекшелік, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас субъектілерінің имиджі сияқты ұғымдардың кең таралуына жағдай жасады. Оның негізінде бәсекелестікті түсіну жатыр. Бұл нарық кеңістігінде ең табысты субъектілерді тануға мүмкіндік беріп, жоғары оқу орындарының білім беру үдерісінде жаңа технологияларды пайдалана білетін, оқу-тәрбие барысында шығармашылықпен жұмыс істейтін, шебер, өз ісіне адал мамандардың қажеттілігін анықтап отыр. Болашақ мамандардың кәсіби біліктіліктері мен қабілеттерін, тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мәселесін отандық ғалымдар Н.Д.Хмель, К.С.Успанов, С.С.Құнанбаева, Д.М.Жүсіпәлиева, Г.Қ.Нұрғалиева, А.А.Калюжный, С.Т.Каргин, Ш.Т.Таубаева және тағы басқа ғалымдар зерттеген. Ғалымдардың еңбектерінде педагогикалық жоғары оқу орындарының тәжірибесі сарапталған, кәсіби бағдарлау жұмысы жүйеленіп берілген. Атап айтқанда, К.С.Успанов өз еңбегінде болашақ мұғалімдерді адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуді кәсіби даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастырып, теориялық және практикалық тұрғыдан негіздеп, сипаттама берсе [8], А.А.Калюжный мұғалімдердің кәсіби келбеті мен имиджіне қойылатын талаптарға сипаттама беріп, ғылыми тұрғыда негіздеді [9].

Қазіргі кезде нақты жоғары оқу орны туралы қоғамдық көзқарас, оның беделі, жағымды образын қалыптастыру мен басқару проблемасы бұқаралық ақпарат құралдарында, жоғары оқу орындары қызметкерлері, студенттер мен олардың ата-аналары арасында тұлғааралық қарым-қатынас деңгейінде әртүрлі қоғамдық пікір туғызып отыр. Бүгін жоғары оқу орындары қоғаммен тікелей байланысты ғана емес, олар қоғамның дамуы мен қазіргі жағдайына тікелей ықпал ете алады. С.А. Тангян: «Білім беру мекемелері қызметіндегі педагогикалық және экономикалық аспектілер қазіргі жағдайда бірін бірі жоққа шығармайды, керісінше, бірін-бірі толықтырады», - деп атап көрсетеді [10, 23] (ауд. автор - Ж.М.).

Бәсекелестік білім беру мекемелерін белсенді нарықтық көзқарас ұстанып, білім беру қызметінің сапасын арттыруға, оқыту өнімдері мен еңбек нарығы қажеттіліктерін өтеуге итермелейді. Кәсіби білім беру мекемелері бәсекелестік күрестің қаталдығын жақсы түсінеді, ал білім беру қызметін тұтынушылардың жоо-на қойып отырған талаптары оның жетекшілерін тұтынушылардың жаңа топтарын тарту мүмкіндіктерін табудың жаңа құралдарын қолдануға ұмтылдырады. Жоғары оқу орындарының бәсекелестік артықшылықтарының тұрақты түрлері қатарына жоо имиджі, корпоративті мәдениет, басқаруды ұйымдастыру құрылымы сияқты көрінбейтін белсенді активтер жататын атап айту маңызды.

Бәсекелестікке қабілетті деп аты «жиі естілетін», басқа оқу орындары арасында ерекшеленетін және танымал оқу орнын айтамыз. Әдетте, мамандар мұндай оқу орындарына жұмысқа тұруға талпынып, конкурстан өтеді, талапкерлер осында оқуға түсуге тырысады, бәсекеге қабілетті оқу орнының басшысын барлығы үлгі етеді, себебі бұл оқу орны білім беру қызметінде тұрақты сапалық деңгейді қамтамасыз етеді. Бұдан жоғары оқу орнының танымалдығын, ашықтығын (паблисити) қалыптастыру қажеттілігі туындайды. Паблисити (танымалдық, ашықтық) бұқаралық ақпарат құралдарының (радио, теледидар, баспа өнімдері) білім беру мекемесі туралы ақпарат таратуы негізінде қалыптасады. Осы ретте ғалымдар білім беру мекемесінің танымалдығын қалыптастыру процесі басқарылып отыруы керек екенін атап айтады, ал жоғары оқу орнының сыртқа шығаратын ақпараты белгілі бір деңгейде имиджге бағытталуы керек.

Сөйтіп, соңғы жылдардағы жоғары оқу орындары арасында бәсекелестіктің шиеленісуі білім беру нарығында «жоғары оқу орны имиджі» деген түсінік қалыптастырды. Жоғары оқу орны имиджін қалыптастыру арқылы білім беру имиджі қалыптасады, соның нәтижесінде өз кезегінде қазақстандық білімді адамның имиджі қалыптасады. Білім беру мекемесінің

имиджі пайда табу үшін емес, жалпы қоғам мен білім берудің дамуын түсіну үшін қалыптасады.

Қазақстанда «жоғары оқу орны имиджі» түсінігі ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының аяғында оқытудың қызметтің бір түрі екенін және оның басқа қызметтермен қатар қоғамның қажеттілігін өтеу қажеттілігін түсінгеннен кейін пайда болды. Сол жылдары мемлекеттік мекемелермен бірге білім беру қызметін коммерциялық оқу орындары да көрсете бастады. 1990-2000-жылдары жоғары оқу орындары имиджі ұғымының теориялық негіздемесі пайда болды, «жоғары оқу орнының позитивті имиджі» ұғымы енгізілді. Бүгінгі күні бір-бірімен бәсекелестікте оқу орындары өздерінің имиджін көтерудің әртүрлі формаларына жүгінеді.

Жоғары оқу орнының позитивті имиджі – бұл университет туралы жағымды сипаттама жиынтығынан тұратын, университеттің негізгі мақсатын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және біртұтас образ бен PR – объект арасында тұрақты ассоциативті байланыс құрайтын символдық және паблициттік капитал. Жоғары оқу орнының позитивті имиджі білім беру қызметін тұтынушыларды өзіне тартып қана қоймай, сонымен бірге маман дайындауда жоғары оқу орны басшылыққа алатын құндылықтарды, білім беру мекемесінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысудағы ашықтығын көрсетеді. Ол абитуриенттер мен профессор-оқытушылар құрамын, оқыту деңгейін, яғни түлектер деңгейін арттырады. Бұл мекемелердің әртүрлі ресурстарға: қаржылық, ақпараттық, адами, материалдық, т.б. қол жеткізуін жеңілдетеді. Имидж мақсатты және қызметті тұтынушылардың күтетін нәтижесіне сай болуы керек. Позитивті имиджді қалыптастыруда алдымен жұмысты қай бағытта ұйымдастыру керектігін, яғни имидждің қай типін әзірлеу керектігін нақты анықтап алу керек. Бұл жағдайда жоғары оқу орны имиджі қандай компоненттерден тұратынын білген жөн. Н.К.Моисеева жоғары оқу орны имиджінің 8 компонентін атайды:

1. Білім беру қызметінің имиджі – қызмет көрсету ерекшеліктерін сипаттау. Университеттің білім берудегі ерекшеліктері, мұндағы басқа қосымша қызметтер оны өзге жоғары оқу орындарынан ерекшелендіріп көрсетеді.

2. Білім беру қызметін тұтынушылардың имиджі олардың өмір сүру стилі, қоғамдық дәрежесі, кейбір тұлғалық (психологиялық) сипаттамасы туралы мәліметтерден тұрады.

3. Ұйымның ішкі имиджі – студенттер мен оқытушылардың жоғары оқу орны туралы көзқарастары. Ішкі имидждің негізі – ұйымның мәдениеті мен әлеуметтік-психологиялық климаты.

4. ЖОО ректорының және ғылыми кеңесінің имиджі басшы мен кеңес мүшелерінің қабілеттері, талаптары, құндылық бағыттары, психологиялық сипаттамалары, сыртқы бет-бейнесі туралы көзқарастардан тұрады.

5. Персонал имиджі – бұл профессор-оқытушылық құрамның жиынтық образы.

6. Әлеуметтік имидж – қоғамның жоғары оқу орнының экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдегі ролі мен әлеуметтік мақсаты туралы көзқарасы.

7. Визуалды имидж – корпустардың, лектік дәрісханалардың интерьерлерін, фирмалық символикасын көру арқылы оқу орны туралы пікір қалыптастыру.

8. Бизнес-имидж – ұйымды іскерлік белсенділік субъектісі ретінде тану [11, 77].

М.А.Фиминова ЖОО имиджінің төрт компонентін атап айтады:

1) Қызмет көрсету имиджі – оқу орнының қаншалықты сапалы және қажетті қызмет көрсететін анықтайды;

2) Басқару және қаржылық имидж – оқу орнын басқарудың тиімділігі, бөлінетін бюджеттік қаржылар мен қосымша ақылы білім беру қызметі мен басқа да қызмет түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде табылған бюджеттен тыс қаржылардың бөліну оңтайлылығын анықтайды;

3) Қоғамдық имидж – ЖОО-ның «қоғамның мүшесі» ретіндегі, аймақтың субъектісі ретіндегі белсенділігі, оқу орнының маңызды әлеуметтік (көбінесе мәдени) мәселелерді шешуге қатысымын көрсетеді;

4) ЖОО-ның жұмыс беруші ретіндегі имиджі – оқу орнының өз қызметкерлерімен, оқытушылармен қарым-қатынасын, белсенділікті қолдау деңгейін (шығармашылық және ғылыми), кәсіби өсудің түрлері, еңбекақы деңгейі және т.б. көрсетеді [12, 69].

Сөйтіп, білім беру мекемесінің имиджі – тек басқару құралы ғана емес, ол сонымен бірге мақсатты ақпараттық қызметтермен қамтамасыз етілген, жұртшылықтың белгілі бір топтарына бағытталған басқару объектісі. Жұртшылық деп оқу орнымен белгілі бір деңгейде байланысы бар, оның ішіндегі немесе сыртындағы адамдар тобын түсінеміз. Жұртшылықпен байланыс тек университет – тұтынушы деңгейінде ғана өмір сүрмейді, ол біршама кең: университет – оқытушылар және студенттер; университет – үкімет; университет – коммерциялық және коммерциялық емес қорлар; университет – түлектер. Бүгін жұртшылық ішіндегі топтарды саралау, яғни негізгі мақсатты топтарды анықтау туралы мәселе туып отыр, басқа сөзбен айтқанда, жұртшылықтың бағасы мен назары жоғары оқу орны үшін маңызды. Мақсатты топ – аудиторияның әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы, қызығушылығы, сатып алушылық қабілеті бойынша жақын арнаулы өкілдерінің жиынтығы. Білім беру мекемелерінің мақсатты аудиториясының өзіндік ерекшелігі бар, алайда мамандар

оларды ішкі және сыртқы деп екіге бөледі. Абитуриенттер – жоғары сынып оқушылары, болашақ студенттер, мектеп немесе арнаулы училище, колледж, басқа да оқу орындарын тәмамдаған 17-28 жас аралығындағы жастар, екінші жоғары білім алуға тілек білдірген адамдар. Мақсатты аудиторияның бұл категориясы сыртқыға жатады. Тағы бір маңызды мақсатты аудитория студенттер мен профессор-оқытушылар құрамы болып табылады. Мақсатты аудиторияның бұл түрі ішкіге жатады.

Қазақстанда көптеген жоғары оқу орындарының ішкі және сыртқы имиджі «Жұртшылыққа қызмет ету керек!» деген лозунгті басшылыққа алады. Көптеген оқу орындарының мақсатты аудиториясы ерекше - бұл 11-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары ғана емес, сонымен бірге жоғары білім, кейде тіпті екінші жоғары білім алғысы келетін адамдар. Білім беру мекемелері арасында алға жылжу каналы ретінде көбінесе басымдылық event-шараларға беріледі: студенттермен және жұмыс берушілермен тұрақты жұмыс істеу, осы саланың танымал мамандарының қатысуымен дөңгелек үстелдер, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар ұйымдастыру, түлектермен кездесу өткізу. Мұның барлығы екі жақты әсер етеді, біріншіден, тағы да қандай мәселеге назар аудару қажет, қандай қосымша мамандықтар ашу керектігі туралы мәлімет болса, екіншіден, білім беру мекемесінің имиджі үшін үлкен жетістік болып табылатын студенттерді еңбекке орналастыруға көмектесу. Университеттерде тек бір реттік акциялар ғана емес, нақты шаралар да кең қолданысқа ие, атап айтқанда, «Білім және мансап» сияқты көрмелерге қатысу. Бұл тұтынушыға соңғы ақпаратты жеткізудің, клиенттерді қызықтырудың қосымша мүмкіндігі. Болашақ студенттерді қызықтырудың тағы бір тәсілі – оларға оқуға түсу шарттары туралы қажетті ақпарат алуға, оқу орны студенттерінің шығармаларын «көзбен көріп, қолмен ұстауға» мүмкіндік беретін ашық есік күндерін өткізу. Осы ретте ҚР-дағы жоғары оқу орындарында оқу үдерісі халықаралық стандартқа бағытталғанын атап айту керек: білім беру мекемесінде дәріс, семинар, практикалық сабақтарға қатысудың маңыздылығын әр студент терең түсінеді, студенттермен байланыстың тиімділігі оларға деген көзқарасқа ғана емес, берілетін ақпаратқа да байланысты.

Әлем ақпаратты қоғамда өмір сүріп отыр. Инновациялар мен ақпараттық технологияларды қолдайтын жоғары оқу орны осы ресурсты пайдалана білуі керек. Ғаламтор мүмкіндігін пайдаланып, ЖОО өз ішіндегі және сырттағы серіктестерімен өзара берік қарым-қатынас құру үшін бірегей құрал дайындауға мүмкіндік алып отыр. Ғаламтор мүмкіндіктері тұтынушылардың жеке қызығушылықтарын немесе қоғамның белсенді топтарының қызығушылықтарын шынайы уақыт кезеңінде ескеруге мүмкіндік береді.

Университеттер әлемдік ақпараттық жүйенің көлемді спектрлі қызметін кең пайдаланады. Соның ішінде оқу орнының ғаламтор сайты бірнеше мәселені шешеді. Біріншіден, сайттың көмегімен имидждің визуалды жағын көруге болады. Оқу орнына, біріншіден, жайлы имиджді көрсетуге мүмкіндік берілсе, екіншіден, сайт жұртшылықпен қарым-қатынас каналы болып табылады және оқу орны туралы қосымша ақпарат береді. Үшіншіден, сайт интерактивті жағдайда жұмыс жасайды, яғни мақсатты топтардың кері байланысының мүмкіндігі жоғары болғандықтан, жоғары оқу орнының сайтына кірушілердің көзқарасын талдауға, әлеуметтік зерттеулер жасауға болады. ЖОО өзін сайттың көмегімен жақсы жағынан көрсетеді. Сайтта жұртшылықтың қалың көпшілігіне қажетті барлық ақпарат орналастырылады (студенттер, ата-аналар, жұмысберушілер, абитуриенттер, оқытушылар). Білім беру мекемесі сайтының мазмұны әртүрлі және келесідей ақпараттарды қамтуы мүмкін: ЖОО құрылымы блогы – оқу орнының визит карточкасы. ЖОО басшылығы, бөлімдері, кафедралар, орталықтар, оқу-әдістемелік бөлім, кітапхана туралы ақпарат беріледі. Ақпараттық блок келесідей қосымшалардан тұрады: жоо тарихы, бүгіні, символика, реквизиттер. Бағыттаушы блок жоо жұмысының негізгі бағыттарын көрсетеді: оқу-тәрбие жұмысы, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, зияткерлік меншікті қорғау. Жаңалықтар: оқиғалар, анонстар, хабарландырулар, Күнбе күн жаңартылып тұратын оқиғалар оқу орнының өмірі мен шығармашылығын көрсетеді, динамикалықтың, заманауилықтың, мобильділіктің сипатын қалыптастырады. Абитуриенттерге, студенттерге арналған блоктар осы бағыттағы ақпараттарды қамтиды, абитуриенттер үшін – оқуға түсу шарты, емтихан сынақтарының кестесі, студенттер үшін – бұл оқу үдерісі (сабақ кестесі, қоңырау кестесі, сессия кестесі және сессияаралық жұмыстар, оқытушылардың жеке кеңес беру кестесі, пәндер бойынша қарыздар студенттер туралы мәлімет), ғылыми жұмыс (студенттік ғылыми қоғамның тарихы мен жұмысы, конкурстар), түлектер мен студенттерді еңбекке орналасуға көмектесу. Сайттағы форум – кәсіби қарым-қатынас үшін қызықты, ең бастысы, сұранысы бар алаң. Бұл өзара пікірлесу, пайдаланушының сұрақтарына жауап беру, студенттер мен ЖОО түлектерінің ой бөлісу тұғырнамасы.

Сөйтіп, әлеуметтік жүйенің бір элементін, соның ішінде білім беруді реформалау осы саланың мұнан әрі даму перспективасына ғана емес, жоғары оқу орнының білім беру қызметін жүзеге асыруда жаңа стратегияларды қолдануға, оның позитивті имиджіне тиімді ықпал етеді. Өз кезегінде жоғары оқу орнының позитивті имиджі және оны қолдау білім беру қызметінің локалды нарықтағы орнын қолдауға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен

бірге ол сол аймақтағы білім саласының деңгейін анықтауға, жалпы мемлекеттегі білім беру саласының өркендеуіне ықпал етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Аликперов И.Д. Формирование имиджа образовательного учреждения: западный и российский варианты [Электронный ресурс] // Международные отношения в развитии социально-экономических процессов в странах СНГ: материалы междунар. науч.-практ. конф. 14-15 июня 2001 г. Омск. – Омск, 2001. –С. 74-85
- 2 Почепцов Г.Г. Имиджелогия. – Киев: «Ваклер», 2002. -145 с.
- 3 Блажнов Е.А. Public Relations. Приглашение в мир цивилизованных рыночных и общественных отношений. - М., изд-во «ЭКСМО», 1994. -478 с.
- 4 Данчеева О.В., Швалб Ю.М. Одиночество: Социально-психологические проблемы. Киев. - 1991.-248 с.
- 5 Гришунина Е.В. Психологические технологии как средство формирования имиджа организации. М. – 1995. – 214 с.
- 6 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан.
- 7 ҚР «Білім туралы» заңы
- 8 Успанов К.С. Теория и практика формирования профессионально значимых качеств у будущих учителей. Алматы: Ғылым. – 1998. -228 с.
- 9 Калюжный А. А. Формирование имиджа учителя. - М: Владос, 2005. -177 с.
- 10 Тангян С.А. Высшее образование и мир труда / С.А. Тангян // Педагогика. - 2004. - №9. - С. 3-12.
- 11 Моисеева Н.К. Маркетинг/ Н.К. Моисеева // Маркетинг и конкурентоспособность образовательного учреждения // №5, 1999. - С.77.
- 12 Фими́на М. А. Имидж вуза как составляющая системы образования // Актуальные задачи педагогики: материалы Междунар. науч. конф. (г. Чита, декабрь 2011 г.). — Чита: Издательство Молодой ученый, 2011. — С. 68-72.

**ӨНЕР, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ**  
**ИСКУССТВО, КУЛЬТУРА И СПОРТ**  
**ART, CULTURE AND SPORT**

**FTAMP 75:05:05**

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА**  
**СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛЬДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІҢ ЖЕТІЛДІРУ**

**Г.Ж. КУРПИШЕВА**

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан*

**Аннотация.** Здоровье молодежи является важнейшей составляющей благополучия общества. При этом именно молодые люди наиболее чувствительны к изменениям социальной и экономической обстановки, остро реагируя на неблагоприятные воздействия повышением заболеваемости. В данном возрасте формируется большая часть хронической патологии взрослого населения, что определяет будущую медико-демографическую ситуацию. В статье проведена оценка уровня здоровья, определены особенности функционального состояния студентов вуза. Установлено, что около половины юношей – спортсменов и не спортсменов имели низкий уровень физического здоровья. У девушек доминировал критический уровень физического здоровья. Уровень физических резервов организма у юношей – спортсменов и не спортсменов характеризовался преобладанием средних и высоких показателей. Третья часть девушек имела низкий уровень физических резервов организма.

**Ключевые слова:** функциональный уровень, психоэмоциональное состояние, студенческая молодежь, здоровье, спорт, факторы, система.

**Аңдатпа.** Жастар денсаулығы қоғамның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, аурушандықтың жоғарылауымен қолайсыз әсерлерге жіті назар аударып, дәл осы жастар әлеуметтік және экономикалық жағдайдың өзгеруіне аса сезімтал болып келеді. Осы жаста ересек тұрғындардың созылмалы патологиясының көп бөлігі қалыптасады, бұл болашақ медициналық-демографиялық жағдайды анықтайды. Бұл мақалада ЖОО студенттерінің функциональдық жағдайының ерекшеліктері анықталып, денсаулық деңгейін бағалау жүргізілді. Жасөспірімдер – спортшылар мен спортшылардың жартысына жуығы дене денсаулығының төмен деңгейі болмағандығы анықталды. Қыздарда физикалық денсаулықтың сыни деңгейі басым болды. Жасөспірімдер – спортшылар мен спортшыларда ағзаның физикалық резервтерінің деңгейі орташа және жоғары көрсеткіштердің басым болуымен сипатталады. Қыздардың үшінші бөлігі ағзаның физикалық резервтері төмен деңгейде болды.

**Кілт сөздер:** функциональдық деңгейі, психоэмоционалды күйге, студент жастар, денсаулық, спорт, факторлар, жүйе.

**Abstract.** The health of young people is an essential component of the well-being of society. At the same time, it is young people who are most sensitive to changes in the social and economic situation, reacting sharply to the adverse effects of increased morbidity. At this age, most of the chronic pathology of the adult population is formed, which determines the future medical and demographic situation. The article assesses the level of health, the features of the functional state of University students. It is established that about a half of young men-athletes and not athletes had low level of physical health. The girls were dominated by a critical level of physical health. The level of physical



reserves of the organism in young athletes and non-athletes was characterized by a predominance of medium and high performance. The third part of girls had low level of physical reserves of an organism.

**Key words:** functional level, psycho-emotional state, student youth, health, sports, factors, system.

**Кіріспе.** Жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби сапалы дайындығы оқу-еңбектік, танымал саласыз мүмкін емес. Оқу мерзімін көбейтпейтін әлеуметтік және экономикалық себептер студенттерден психофизикалық, рухани және физикалық ерік-жігерді жұптастыруды талап етеді.

Студенттердің оқу мерзімі аптасына орташа 52-58 сағатты құрайды. Сондықтан күнделікті оқу жүктемесі 8-9 сағатқа тең, яғни студенттердің жұмыс уақыты – созылмалы жұмыстардың бірі. Студенттердің көбісі өздерінің уақытын жоспарлай алмайтын өзіндік дайындықпен және демалыс күндерді де босқа өткізеді. 17-25 жас аралығында толық интеллекттің оның жеке қызметтері қалыптасады. Оқу факторы, үнемі ойлану жұмысы студенттердің интеллектісінің жоғары тонусын анықтайды. Алайда қалпына келу процесі көп студенттерде ұйқының жеткіліксіздігінен, ұтымсыз тамақтанудан, таза ауада аз жүргеннен және дене тәрбиесі мен спортпен аз шұғылданғаннан жеткіліксіз өтеді. Осының барлығы студент организмнің әлсіздеуіне соқтырады.

Организмді шынықтыру және организмнің ауруларға қарсы тұру қабілетін арттыру үшін дене шынықтыру сабағы, спортпен шұғылдану денсаулықты сақтауға қажетті жағдайлардың бірі. Организмнің функциональды деңгейінің реттелуі және оның бейімделу мүмкіншілігін анықтайтын физикалық жаттығулар негізгі фактор болып табылады.

Ауру мен дені сау адамдар арасындағы функциональдық жағдайды бағалау әдістемесінің дамуы – бейімделу, гомеостаз, биологиялық кибернетика ережелерін, функциональдық жүйелердің теориясы жайында физиологияны заманауи тұрғыда негізделген маңызды ғылыми бағыт. Бұл бағыттағы зерттеуде негізгі орынды организмнің бейімделу мүмкіншілігін бағалау әдістемесі, критеріі және тәсілдерді даярлау жатады. Организмнің бейімделу реакциялары дені сау және ауруға қарсы «физиологиялық өлшем» ретінде дәрігерлік ойлауда мағынасында толық енеді.

Организм өзінің өмірінің әрбір кезеңінде тепе-теңдікті бұзатын үзіліссіз факторлардың әсерін бастан кешеді. Адам ағзасы сыртқы ортамен үнемі тығыз байланыста болғандықтан зат алмасу процесі де үзіліссіз жүріп жатады. Дененің оттегін сіңіріп және көмірқышқыл газын бөліп отыруы – тынысалудың негізі.

